

ЖЕТЕКШІЛІКТІҢ СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗДЕГІ ҚҰДІРЕТІ



ЖАҢАРТЫЛЫП,
КЕҢЕЙТІЛГЕН
НҰСҚАСЫ

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ



ДЖОН БИВЕР

«Криптонитті жою» кітабының авторы

Қымбатты дос,

Әлемнің түкпір-түкпірінде адамдар Құдайдың билікке қатысты жоспары мен мақсатын түсінбегендіктен қиналуда. Билік жақсы болуы мүмкін, нашар болуы мүмкін. Қалай болса да, Құдай басшыларды біздің рухымызды күшейтіп, жан-дүниемізді Өз еркіне сай қалыптастырып, жаттықтыру үшін қолданады. Сонда біздің Жаратқан Иеге деген қызметіміз қуатты әрі тиімді болады. Құдай билікпен қалай қарым-қатынас жасауды бұйырғанын білгенде, ризық-несібе, тыныштық, қорғаныс бар өмірге жететін боламыз. Ол игілікті өмір басшыларымыздың істегенінен де, істемегенінен де тәуелсіз.

Құдайдағы өміріңіз өзіңізге байланысты. Үстіңіздегі билікке мойынсұнуды таңдасаңыз, Құдайдың сізге берген бағытын біліп, тапсырғанын орындай алатын боласыз.

Бұл кітап — сізге сыйлық. Осы хабарды дәл осындай жігерге мұқтаж басқа сенушілермен еркін бөлісіңіз. Сондай-ақ, **MessengerX.com** сайтына кіріп, өз тіліңіздегі көптеген ресурстарды жүктеп алып, зерттеңіз. Олар өміріңізді өзгерте алады.

Құдіреті шексіз Құдайымыздың ұлылығын әлемге паш ететіндердің қатарында біз де болайық. Сол үшін мінәжат етемін.

Мәсіхші бауырласыңыз,



Джон
JohnBevere@ymail.com



ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

ЖЕТЕКШІЛІКТІҢ СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗДЕГІ ҚҰДІРЕТІ

ДЖОН БИВЕР

Under Cover by John Bevere, Kazakh
© 2023 Messenger International
MessengerInternational.org
Originally published in English as Under Cover

Additional resources in Kazakh by John and Lisa Bevere are available
for free download and video streaming at
MessengerX.com and on the **MessengerX** App
To contact the Author: JohnBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is
NOT FOR SALE

«Құдайдың панасы», Джон Бивер, қазақ тілінде
© 2023 Messenger International
MessengerInternational.org
Бастапқыда ағылшын тілінде, «Under Cover» атауымен шыққан.

Джон мен Лиза Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын
MessengerX.com сайтында және **MessengerX** қосымшасында,
көруіңізге әрі тегін жүктеп алуыңызға болады.
Автордың электронды пошта жәшігі: JohnBevere@ymail.com

Бұл кітап – «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің сыйлығы,
CATUFA APHALMAFAN.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Бұл кітапты тұңғыш ұлым Аддисон Дэвид
Биверге арнаймын.

«Ақылды бала – әкесінің сүйініші».

– Нақыл сөздер 10:1

Сенің атың «сүйікті, сенімге лайық» дегенді
білдіреді. Атына заты сай азамат болып өстің. Осы
кітапта жазылған қағидаларды ұстанып келесің.
Жаратқан Ие сені жарылқап аман сақтай көрсін,
Жаратқан Ие саған бет-жүзін бұрып тыныштық
сыйлай көрсін.

Ғұмырың берекелі де ұзақ болсын.

Анаң екеуіміз саған ризамыз.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ: «ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫНА» КІРІСПЕ

1. Құдайдың қорғанысы 1
2. Өкше-темірге қарсы теуіп азапқа қаласың! 9

ЕКІНШІ БӨЛІМ: ҚҰДАЙДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ҚОРҒАНЫСЫ

3. Күнәнің анықтамасы 29
4. Заңсыздықтың жасырын күші 43
5. Бағынбаудың салдары I 61
6. Бағынбаудың салдары II 73
7. Сәуегейлік 93

ЕКІНШІ БӨЛІМ: ҚҰДАЙДЫҢ ТАҒАЙЫНДАҒАН ҚОРҒАНЫСЫ

8. Құдай тізгінді кім ұстағанын біледі ме? 113
9. Патшаны қадірлеу 131
10. Екі еселік ізет 149
11. Бағыну және мойынсұну 173
12. Билік былай десе ше? 189

13. Әділетсіздік	211
14. Жазаға ұрыну	235
15. Бірлік	257
16. Ұсақ-түйектер	275
17. Үлкен сенім	297
18. Қорытынды	317
<i>Талқылау сұрақтары</i>	321

БІРІНШІ БӨЛІМ



«ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫНА»

КІРІСПЕ

БІРІНШІ ТАРАУ

ҚҰДАЙДЫҢ ҚОРҒАНЫСЫ

*Көбінесе жылы емес, ауыр сөз үлкен
еркіндік пен қорғаныс әкеледі.*

Панада немесе саяда болу дегеніміз әр түрлі жағдайларға қатысты болуы мүмкін. Қарапайым түрде ол күннің көзінен тығылып, ағаштың, бұтаның, үйдің көлеңкесіне кіруді білдіреді. Қауіптен қашып, тыныш жерде бас сауғалаумен де мағыналас. Адам бір жерден қорғаныс тапқанда, сол жерді паналайды. Немесе, арқа сүйер, тірек тұтар біреуді де паналауға болады. Аптап ыстықта көлеңкені паналап, салқын жерде демалғаныңыз бар ма? Сыртта қатты жел тұрып, жауын нәсерлеп құйғанда жылы үйде отырғаныңыз есіңізде ме?

Мен дауыл жиі тұратын жерде өстім. Терезеден қарап отырып, алыстан қараңғы бұлттардың жиналғанын көріп, күннің күркірегенін естіп отыратын едік. Бір-екі минутта дауыл бізге де жетіп келетін. Найзағай жарқ-жұрқ етіп, дыбысы құлақты жаратындай күн күркірейтін. Үйдің төбесін мыңдаған балталар соққандай жаңбыр тамшыларын еститінбіз. Ағаштар иіліп, көше суға толып жатқанда біз үйде отырып, дауыл болса да өзімізді қауіпсіз сезіндік. Сырттағы дауылдың жанында

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

үйдің іші әдеттегіден жайлы, тыныш, қауіпсіз көрінетін. Далада су тасып, суық жел соғып, әр жерде найзағай ойнайтын. Тыста қалып қойса, қауіп зор. Ал үйдің іші жылы, құрғақ. Дауылдан қорықпаймыз. Себебі, үйді паналап отырмыз.

Ойды әрі қарай жалғастырсақ, панадағы, саядағы жер кейде көзден таса болады. Тасалау жер жасырын, сырттан көрінбейтін болғандықтан қауіпсіз болуы мүмкін. Қалтарысқа тығылса, жаудан қашып құтылуға немесе білдіртпей аяқ астынан шабуыл жасауға болады. Тыңшылар туралы фильмдер есіңізде болса, оларды үкіметтен таса қылатын лақап аттары мен құжаттары болады. Солайша олар жауға ұсталмай, емін-еркін қозғала алады. Қысқасы, қалай алса да, пана немесе сая сөзінде қорғаныс пен еркіндікті білдіретін мағына бар.

Бірақ бұл сөздің сенушілерге қандай қатысты бар? Дәуіт былай жазған:

«Алла Тағаланың *панасында* тұрған адам
Құдіреттінің *саясынан* табады тыным.
Мен Жаратқан Иеге былай дейтін болам:
Бас сауғалайтын панам әрі қорғаным,
Сенімімді Саған артам, уа, Құдайым!» (Заб. 90:1-2).

Құдайдың панасындағы адам қорғаныс табады. Ол адам кім? Қолыңыздағы кітап – осы аса маңызды сұраққа жауап іздеудің нәтижесі. Қысқаша айтқанда, Құдайды паналайтын адам – Құдайдың билігіндегі адам.

Адам мен Хауа Эдем бағында Құдайдың панасында болды. Олар еркіндік пен қауіпсіздіктің рахатын көрді. Алайда, мойынсұнбаған сәтте, олар өздеріне өте қажет панадан айырылып қалғандарын түсінді. Құдайдың даңқынан құр қол қалған олар жалаңаш екендерін көріп, денелерін әлденемен «жауып» қойғылары келді (Жар. 3:7 ағылшынша NLT аудармасы). Адам ата мен Хауа ананың Құдайдың билігіне бағынбауы

адамзатты тәтті бостандығы мен қорғанысынан айырды.

Меніңше, «билік» деген көпшіліктің жақсы көретін сөзі емес. Дегенмен, одан бас тартса, одан қорықса, біз биліктің беретін үлкен қорғанысы мен басқа артықшылықтарын көре алмай қаламыз. Биліктен теріс қараймыз немесе биліктің алдында жүрексінеміз, өйткені оны Құдай көргендей көрмейміз. Біздің билікке деген көзқарасымыз менің үшінші ұлыммен болған жағдайға ұқсас.

Ұлым Алек бірінші сыныпқа барғанда мұғалімімен тіл табыса алмай қойды. Мұғалім сыныптың бәрімен ұрысып шықты. Ашуланшақ, эмоцияның жетегінде оңай кететін кісі екен. Сыныптың тізгінін қолына ала алмай, сабақ барысында оқушыларға жиі айқайлайтын. Алек мұғалімнің қаһарына жиі ілігетін, себебі тыныш отырғаннан гөрі балам сөйлескенді жақсы көреді. Оның үстіне, Алек – мектепке енді барған жас бала, көп қозғалғысы келеді. Ол үшін мектеп – достарымен ойнайтын тамаша жер болды. Ұлымның мектепке деген көзқарасы мұғалімнің мінезімен және шыдамсыздығымен қайшы келгенін айтып керегі жоқ.

Мұғалім жұбайым екеумізді мектепке жиі шақыратын. Сабақтан кейін сыныпта отырып, баламның үлгерімі, тәртібі туралы көп сөйлестік. Біз мұғаліммен бірге жұмыс жасап, Алекті ережеге бағынуға және мұғалімнің айтқанын орындауға шақырдық. Бірақ бұл стресстің бәрі ұлымның сабақ оқуға деген ынтасын жойып жіберді.

Осыдан кейін біз жаңа штатқа көштік, ал Алек екінші сыныпқа барды. Осы жолы мүлде басқа мұғалім болды. Ол балалардың көңілін аулап, бәрімен жақсы қарым-қатынас орнатты. Балалар мектепте мәз болсын деп барын салды. Жаңа мұғалім Алекті бұзық емес, сүйкімді бала деп ойлады. Ұлымның мінезін білемін, балам мұғаліміне ғашық болып қалған шығар сонда. Мұғалім ешкімге ешқашан ұрысқан емес,

бірақ Алек аса білім меңгере қойған жоқ. Ұлымның оқудан қалып бара жатқанын көріп, біз оны тереңдетілген білім беретін басқа тамаша мектепке көшірдік.

Ұлым ә дегеннен оқуды алып кете алмады. Еңсесі түсіп, жаңа мектепте өзінің орнын таба алмай біраз жүрді. Сыныптағылардың бәрі – екі жыл кілең беске оқыған үздік балалар. Оларға ілесіп отыру қиынға түсті. Ұлымның оқу үлгерімі нашар болды. Жаңа мектепте Алектің мұғалімі мейірімді, бірақ қатаң талап қоятын кісі болатын. Тағы да, Лиза екеуіміз мұғаліммен жиі кездесіп отырдық. Осы жолы кішігірім жиналыстарымыздың пайдасы тиді. Лиза екеуіміз Алектің оқуына көбірек араластық.

Күні бойы мектепте жүріп, кешке үйге келгенде ата-анаңның да оқуды мұқият қадағалағаны оңай емес. Көп рет Алек жаңа тәртіпті көтере алмай, қатты абыржыды. Баламның жылаған кездері де болды. Ол шын мәнінде оқуда ілгерілеп бара жатса да, өзін сұға батып жатқандай сезінді.

Бір күні оның баламның эмоциялары оны басып кетті. Алектің ағалары мектептегі конькимен сырғанау кешіне барамыз деп масайрап жиналып жатқанда, ұлым аяқталмаған оқу жұмысын орындау үшін үйде қалуға мәжбүр болды. Ол мұғалімнің берген тапсырмасының кесірінен қызықтың бәрінен құр қалатын болды! Жыламай қайтсын. Әкенің баласына ақыл айтатын кезегі келді. Бірнеше сөзден кейін мәселені оңай түсіндім. Алекке істеп жатқанының бәрі мағынасыз, зая кеткен еңбек болып көрінген екен. Қайғыдан көз жасын тыя алмай жатқан балам менің не айтқанымды естімеді. Бір сәтте екеуіміз де не айтарымызды білмей үнсіз қалдық. Алек тек басын салбыратып жылап отырды.

Келесі мезетте не болғанын ешқашан ұмытпаймын. Алек еңсесін көтеріп, біраз сабырға келді де, бетін құрғатып сүртіп, маған үлкен қоңыр көздерімен қарады. Қарасам, ұлым

жабырқағанын қойып, жаңаша сенімділік тапқан. Ойына қиындықтарын шешіп, көз жасын құрғататын идея келгені анық. Ол бойын түзеп, қолын айқастырды. Балам қарлығып қалған дауысымен: «Әке, мен сізге бір нәрсе айтқым келеді. Менің сыныбымда Джессика деген қыз бар... ол дәрігердің неге керек екенін түсінбейді». Сосын кідіріп: «Ал мен мұғалімдер неге керек екенін түсінбеймін» – деп қосты.

Күліп жібергім келді. Мұндайды естимін деп күтпеп едім. Ол сөзін жалғастырды: «Егер менің сыныбымдағы Джессика дәрігерлерді керек қылмаса, мен мұғалімдерді керек қылмаймын». Мен одан әрі күлкімді ұстай алмадым. Ұлым мұны ренжігеннен айтса, бұл соншалық күлкілі болмас еді. Бірақ Алектің байыпты түрін көрсеңіз, сіз де күлетін едіңіз. Ол шынымен де маған өзінің барлық мәселелерін шеше алатын жаңа керемет білім берді деп ойлады. Ол сот залында куәлік беріп жатқан адамдай салмақты болды.

Әрине, мүмкіндікті пайдаланып, балама ұстаздар болмаса, не болатынын түсіндірдім. Өткен жылы Африкадағы Ангола еліне барғаным туралы айтып бердім. Онда аштық көріп жатқан кішкентай балаларды тамақтандыру станцияларында қалай жұмыс істегенімді баянададым. Бұл балалар Александрдың орнында болу үшін барлығын дерлік берер еді! Олар бір күнде отбасын қамтамасыз етудің маңыздылығын түсінгендіктен, білім алу мүмкіндігіне секіре еді. Менің ұзақ түсіндіргенімнен кейін балам жаңағы философиясынан құлықсыз бас тартып, үй жұмысын істеу үшін ас үйдегі үстелге оралды.

Келесі бірнеше апта бойы ұлыммен сөйлескенімді ойлап, баламның сөзі кейбір адамдардың билікке деген көзқарасына ұқсайтынын түсіндім. Жағдайлардың басып көпшілігінде адамдардың билікпен жағымсыз тәжірибелері бар. Кейбіреулер өздерін басқарған басшылардың шектен тыс қатал болғанын көрді. Басқалар Александр сияқты

ренжігендіктен билікті өздерінің өмірден рахат алуына немесе өздері үшін ең жақсы деп санайтын нәрсеге кедергі ретінде қарастырады. Ал шын мәнінде олардың жақсы көшбасшылары мен билігі болуы мүмкін. Бірақ осы жағымсыз тәжірибелерден қате көзқарас қалыптасты: «мен билікті керек қылмаймын». Немесе, оны ересектер сөзімен айтсам, «мен билікпен келіспесем, оған бағынбаймын».

Бірақ мұның бәріне Құдайдың көзқарасы қандай? Билік әділетсіз болса да, біз оған бағынуымыз керек пе? Билік жемқорлыққа батып жатса ше? Біз қате деп санайтын нәрсені істе десе ше? Бізге күнә жаса десе ше? Шекараны қайда сызамыз? Бәрінен бұрын, билікке неге бағынуымыз керек? Оның қандай да бір артықшылықтары бар ма? Әрбірімізді Құдайдың Рухы жетелемейді ме?

Құдай Сөзі осы сұрақтардың барлығына нақты жауап береді. Менің ойымша, бұл – Жаратқан Ие маған жазуды тапсырған ең маңызды кітаптардың бірі, өйткені ол қазіргі уақытта адамдардың бастан кешіп жатқан көптеген қиындықтарының түпкі себебін қарастырады. Люцифердің құлдырауына не себеп болды? Бүлік. Адам атаның сүрінуіне не себеп болды? Бүлік. Көптеген адамдардың Құдаймен бірге жүруіне не кедергі? Бүлік. Сергек болайық, өйткені әлгіндей қарсылық көбінесе ашық емес, жасырын болады.

Бұл кітапта мен өзімнің сәтсіздікке ұшыраған кездерімді жаздым. Мен өз отарын, жұмыскерлерін, отбасын бағындыру үшін оларға күш көрсететін билікқұмар адам емеспін. Менің бірге қызмет ететін тамаша әріптестерім мен отбасым бар. Мен жергілікті кішігірім қауымның ғана бағушысы емеспін. Сондықтан көп қателескен, дәлірек айтсақ, күнә жасаған адам ретінде өз білгенімді жазып отырмын. 1980 жылдары екі халықаралық қызметте жұмыс атқардым және осы тәжірибеден қателескен жайттарымның көбін аламын. Әрбір

оқиғаның ең қызықтысы, қателесіп жүргенімде, шын жүректен менікі дұрыс деп сендім. Раббымызға шексіз ризамын, себебі Оның сөзі көзімді ашып, маған шынайы ниетімді көрсетті.

Менің қиындықтарымнан сабақ алып, сол қателіктерден аулақ болғаныңызды шын жүректен тілеймін. Менің ақымақтығымнан тәлім-тәрбие алып, игілігін көрсеңіз екен деймін. Өйткені бастан кешіргенімнің нәтижесінде үйренгенім пайдалы да тамаша болды. Тәубе арқылы амандық келді. Оның үстіне, Құдай керегімнің бәрін де берді.

Менің ойымша, сіз де ұқсас жағдайларға тап болуыңыз мүмкін. Осы кітаптағы Киелі жазбадан және жеке өмірден алынған әңгімелерді оқи отырып, жүрегіңізге нұр төгілгенін сезесіз деген үміттемін. Кейбір тұстар сіз бұрыннан білетін нәрселерді еске салады, ал басқалары азаттыққа жеткізетін ақиқат болады. Қалай болғанда да, Құдайдың сөзін кішіпейілдікпен қабылдауыңызды сұраймын, өйткені мен де бұл сөзді шын жүректен тарату үшін жаздым.

Шындықпен бетпе-бет келгенде, біз екі жолмен жауап бере аламыз. Адамның ұлы Қабыл сияқты ашуланып, қорғанып, өзімізге қажет аяннан бас тарта аламыз (Жар. 4). Немесе Натанға қарсылық білдірген Дәуіт сияқты күнәсіне шын өкінген рухпен, шын опық жеген жүрекпен Құдайдың алдына келе аламыз. Сонда азап пен тәубе бізді құдайшыл мінез-құлықтың келесі деңгейіне шығуға мүмкіндік береді (Пат. 2-ж. 12). Бұл мәселеде бізде Дәуіттің жүрегі болсын. Бізді Құдайдың қамтамасыз етуінен және қорғауынан аулақ ұстауға тырысатын тәкаппарлықтан бас тартайық.

Осы жолға түскенде, көбінесе жылы емес, ауыр сөз үлкен еркіндік пен қорғаныс әкелетінін есте сақтаңыз. Бала кезімде екінші сыныпта екпе егудің алдында бір досымнан оның қаншалықты ауыртатынын естідім. Мұны ести салысымен, дәрігердің инесінен аулақ боламын деп шештім. Екпе салудың

уақыты келгенде дәрігерлік бөлмеде медбикенің айтқанына көнбей, соңына дейін ерегісіп отырып алдым. Ол кісі менің қасарысқанымды көріп, бос қоя берді. Содан кейін ата-анам мені отырғызып, туберкулезге қарсы екпе алмасам не болатынын түсіндірді. Әпкем қатерлі ісіктен қайтыс болып еді. Ата-анам мені тек аман болсын деп жүргендерін білетінмін. Екпенің аздап ауыратынын білдім, бірақ ол мені әлдеқайда қорқынышты және өлімге әкелуі мүмкін аурудан сақтайды. Осыны түсінгеннен кейін дәрігерлік бөлмеге өз еркіммен бардым.

Құдай Сөзіндегі ыңғайсыз немесе тіпті қатты тиетін шындықты кездестіргенде, осы мысалды есте сақтаңыз. Көктегі Әкеңіздің жолдары мінсіз екенін біліңіз. Кейде зиянды немесе зиянды болып көрінетін нәрсе шын мәнінде Тәңір Иенің қорғайтын, жарылқайтын немесе басқа біреуді құтқаратын керемет ісі болуы мүмкін. Оның бізге деген сүйіспеншілігі таза, толық және мәңгілік екенін ешқашан ұмытпаңыз!

Саяхатымызды бастамас бұрын бірге сиынайық:

Көктегі Әке, мен жайлылық пен ләззат алғаннан гөрі, шындықты білуді қалаймын. Сондықтан Сенің жолдарыңның кемел екенін біле отырып, жүрегім мен жанымды Сенің қолыңа тапсырамын. Мәңгілік өмірге ие болуым үшін Сен сүйікті жалғыз Ұлың Исаны мен үшін өлімге қидың. Сенің сүйіспеншілігіңнің керемет дәлелі осы. Мені сонша жақсы көрсең, өмірімде бастаған ісіңді аяғына дейін жеткізгің келеді деп білемін. Мен бұл кітапты оқығанда, Киелі Рухың арқылы маған сөйлеуіңді сұраймын. Менің өміріме қатысты Өзіңнің еркіңді көрсете гөр. Көру үшін көзімді, Сөзіңді есту үшін құлағымды аш. Исаны маған бұрын көргенімнен де зор етіп көрсет. Осы кітаптағы сөзің арқылы менің жүрегімде, рухымда жасайтын жұмысың үшін рахмет. Исаның атынан дұға етемін. Амин.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ӨКШЕ-ТЕМІРГЕ ҚАРСЫ ТЕУІП АЗАПҚА ҚАЛАСЫҢ!

*Көктегі Патшалықтың қағидаларын
демократиялық көзқараспен түсіну қиын.*

Алдымда Құдайдың рақымынсыз орындауға мүмкін емес тапсырма тұр. Менің мақсатым – күн сайын заңсыздық көбейіп жатқан дүниеде билік туралы тәлім беруге тырысу. Сондықтан, мен осы кітапта айтатын нәрселердің көбісі қоғамда қалыптасқан әдеттегі пікірге қарама-қарсы болады. Қазіргі кең тараған ой негізгі, ең іргелі ақиқаттарға қайшы келеді. Өкінішке орай, қате болса да, көптеген ойлар дағдыға айналған. Жанымыздың жауы шайтанның тактикасы дәл осындай – ол зұлымдықты көз тартарлық, жақсы етіп көрсеткісі келеді, ал азат ететін, қасиетті нәрселерді бостандықтан айыратын кісен ретінде көрсетуге ұмтылады. Осы өтірік арқылы ол адамзатты құлдыққа салады.

Ең басынан бастап солай болды емес пе? Эдем бағын еске алыңыз. Жаудың айласы өтті, содан бері ол әдісін өзгертпеді. Сондықтан бізге мынадай маңызды ескертпелер берілген:

«Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар» (Жақып 1:16) және «Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер, қайта, ой-тілектерің Құдайдың жақартуымен түбегейлі өзгерсін! Осылай сендер Оның еркін – ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін боласыңдар» (Рим. 12:2).

Өз көргенімді айтсам, Құдай сөзін ең қиын қабылдайтын адамдардың бірі – батыстықтар. Мұның себебі тарих барысында қалыптасқан санада жатыр. Көктегі патшалықтың қағидаларын демократиялық көзқараспен түсіну қиын. Дүние жүзіндегі халықтар үшін демократия жақсы, бірақ Құдайдың Патшалығы – патшалық екенін есте ұстайық. Оны Патша басқарады және патшалықта дәреже, тәртіп және билік бар. Патшалықтың заңдары халықтың пікіріне, дауыс беруге немесе сауалнама жүргізуге бағынбайды. Патшалық заңдарын көпшіліктің еркімен өзгерту мүмкін емес. Заңдар біз жақсы деп нені ойласақ, сол нәрселерге тәуелді емес. Эдем бағында Хауа ана Құдайдың тыйым салған нәрсесі жақсы деп ойлағаннан алданып қалған жоқ па еді? Кезінде Самуил «бүкіл халыққа патшаның құқықтары мен міндеттері туралы баяндап айтып берді. Соларды бір кітапқа жазып, оны Жаратқан Иенің алдына сақтап қойды» (Пат. 1-ж. 10:25) Сол сияқты, бүгін біз де патшалық қағидаларын үйренуіміз керек, өйткені айналадағы қоғам патшалықтың жолдардын түсінуге кедергі болмаса, көмектеспейді.

Билікті рухани емес, мәдени тұрғыдан түсінетін сенушілер ретінде өмір сүрсек, ең жақсы жағдайда қызметіміз тиімсіз боламыз және ең нашар жағдайда өзімізге қауіп төндіреміз. Өзімізді өмірдің шынайы көзінен ағытып жіберсек, керегіміздің қамтамасыз етілуіне және өміріміздегі қорғанысқа кедергі пайда болады немесе ол жарылқаулар тіпті жойылып кетеді. Құдай футбол чемпионатын басқарып жатқан кезде, біз бейсбол ойнағандай боламыз. Электрлік құрылғыны қуат көзіне қоспай пайдаланғысы келетін ақымақтар сияқты боламыз.

Көбінесе, егер билікпен келіспесек, біз шағым жазып немесе митингке шығып наразылық білдіре аламыз. Өйткені, үкімет «халықтыкі, халықтан және халық үшін» болуы керек, солай емес пе? Бұл ұстанымдар азаматтық өмірімізге қатысты. Алайда, осы және басқа да демократиялық ой-пікірлер сеніммен араласқанда, өзін-өзі басқарудың алдамшы жолына түсіруі мүмкін. Осы жолға түскендер алдымен билікке қарсылық білдіруден бастайды, бірақ сосын ешбір тәртіпке бағынбай, өздеріне және басқаларға қауіп төндіретін әрекеттерге барады. Сосын билікті жек көретіндер де бар, олар басқарудың ешбір түрін мойындамай, билік атаулының бар екенін мүлде елемейді. Осылайша Құдайды қастерлеуді толығымен жоғалтады.

Бірақ бұл ұстанымдардың ешқайсысы біз іздеген еркіндікке әкелмейді. Өйткені Жазбада былай делінген:

Егер де Оған мойынсұнып, қызмет етсе, онда олар өмір бойы игілікке кенеліп, көңілдері рақатқа толатын болады. Бірақ тыңдамаса, білімнің жоқтығынан семсерден мерт болады (Әйүп 36:11–12)

«Оған» дегеніміз Құдайдан басқа ешкім емес. Не уәде етілгеніне назар аударыңыз: Оның билігіне мойынсұну қажетімізді қамтамасыз етеді және бізді қорғайды. Сондай-ақ Оның билігін елемеу қандай қауіппен бірге жүретінін назар аударыңыз. Біз билікке қарсы тұрғанда іздеген еркіндігіміз бағынбаудың кесірінен жоғалады. Әйелімнің «Бағынуда еркіндік, бүлікте құлдық бар» деген сөзі бар. Бұл Әйүп пайғамбардың кітабынан оқығанымызды қорытындылайды.

Кейбіреулер: «Мен Құдайға бағынамын. Адаммен келіспесем, адамға бағынбаймын» деуі мүмкін. Дәл осы тұста біздің тәрбиеміз бен қате қауымдық пікіріміз бөгет болуы мүмкін. Құдайдың билігіне мойынсұнуды Оның тағайындаған

билігіне мойынсұнудан ажыратуға болмайды. Барлық билік Құдайдан бастау алады! Жазба не дейтінін оқиық:

Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар!
Себебі мемлекеттік биліктің бәрі негізінде Құдайдан;
қазіргі билікті де Құдай орнатқан. Сондықтан билікке қарсы шыққандар Құдайдың орнатқан тәртібіне қарсы тұрады. Мұндай қарсыласқандар жазаларын тартатын болады (Рим. 13:1–2).

Бұл аятта ойландыратын нәрсе көп, біз оны кейінірек зерттейміз. Қазір мен тек бірнеше сөзге ғана тоқталғым келеді. Біріншіден, барлық әміршілерді тағайындайтын – Құдай. Шындығында, Құдайдың білімінсіз ешкім заңды билік орнына кіре алмайды. Осы ойды жүрегімізге орнықтырайық. Көптеген адамдар үшін бұл шындықты қабылдау қиынға соғады, себебі олар нашар, қатыгез, әділетсіз билікті өз көздерімен көрген. Дегенмен, жоғарыдағы үзіндіге мұқият қарайық: *барлық билік Құдайдан* деп айтылған. *Барлық билік құдайшыл* делінбеген. Бұл екеуінің арасында үлкен айырмашылық бар және оны әлі тереңдетіп талқылаймыз.

Екіншіден, сол билікке қарсы шығу – Жаратқан Иенің билігіне, Құдайдың Өзіне және жаза тартатындарға қарсы шығу. Бұл сөздерді жазған Әкеміз – билікқұмар әмірші емес, осыны ұмытпайық, өйткені «Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рұхының жетелеуімен жазылған» (Тім. 2-х. 3:16). Билікті адам бұрмаласа да, Құдай оның авторы болып қала береді.

Мұны мойындауға асықпаса да, адамдардың көбісі өздерін билік алдында емес, Құдайдың алдында ғана есеп беру керек деп санайды. Бұлай ойлайтындар өздері Иеміз деп атайтын Құдаймен қақтығысқа түседі. Исаның (болашақта Пауыл болатын) Саулға айтқанын еске түсіргім келеді: «Сен (көлікке ұқсап) өкше-темірге қарсы теуіп азапқа қаласың» (Елшілердің

істері 9:5). Киелі кітап күндерінде фермерлер өкше-темір немесе істік қолданған. Ол дегеніміз үшкір, өткір ұшы бар, емен немесе басқа қатты ағаштан, я темірден жасалған, ұзындығы екі жарым метрдей таяқ. Жер жыртқанда диқан істіктің үшкір ұшымен өгізді нұқып отырған. Өгіз, әрине, азап келтіруге қабілетті өткір құралға қарсы тұра алмайды. Сондықтан Пауылдың заманында бұл сөз тіркесі жоғары билікке немесе күшке қарсы тұрудың пайдасыздығын сипаттау үшін қолданылған.

Оны қазіргі таңмен байланыстырайық. «Өкше-темірді» шеге деуге болады. Шегенің өткір ұшын тебу – ақымақтық, әрі ауыртпалық әкеледі. Пауыл сияқты Құдайдың билігіне тікелей қарсы шыққандар болсын, жасырын бағынбайтындар болсын, ертелі-кеш шеге теуіп жатқандарын көреді. Көбінесе бұл азапты тәжірибе сабақ болады. Оны көбіміз мен сияқты қиын жолмен үйренеміз.

КӨЗІМДІ АШҚАН ОҚИҒА

Ауыртпалық туралы айтатын болсам, тағайындалған билікке қарсылық – Құдайдың билігіне қарсылық екеніне көзім жеткен кез есімде. Мен үшін бұл шеге тебудің ақымақтығына мәңгі ескерткіш.

1980 жылдардың ортасында үлкен мен халықаралық қауымда жастар бағушысы болуға ұсыныс алдым. Көп мінәжат еттім де, таңғажайып растаудан кейін бұл ұсынысты Құдайдың еркі деп қабыл алдым.

Бұрын жастар қызметінде жұмыс істеп көрген емеспін, сондықтан аздап қобалжығаным бар. Сөйтіп Америкадағы ең жылдам дамып келе жатқан және ең ықпалды қауымдарының бірінде қызметкер ролін атқаратын болдым. Жастар қызметі жайлы кітаптар мен нұсқаулықтарды бірінен соң бірін оқи бердім. Бір кітапты Луизианадағы тамаша жастар қызметі бар қауымның аға бағушысы жазған. Хатшыма сол қауымға қоңырау

шалғызып, менің Луизианаға ұшып келіп, жастар тобымен уақыт өткізуіме рұқсат алғыздым. Бағушылар мені жылы қарсы алды. Біз хат алысып, менің келетін күндерімді таңдадық.

Келген бойда сәрсенбі күнгі жастар жиналысына түстім. Қатты таң қалдым. Қауымда 1500 адам сиятындай жастар залы болды және оны толтыратындай адам келді! Олар ойын ойнаған жоқ, сахнадан жеңіл-желпі, ымырашыл уағыз айтылған жоқ. Уағызда киелілік пен күш сезілді. Оған қоса, жастардың жүздерінен қуаныш көрінді. Олар жиналысты міндет емес, мүмкіндік ретінде көрді. Мен риза болдым. Осы қызметтен көп үйреніп, білгенімді біздің қауымға бейімдеймін деп шештім.

Келесі күні мен қауымда жетекшілермен кездестім. Көргеніме тағы да сене алмадым. Олардың тек жастар қызметін басқаратын жеке әкімшілік ғимараты болды. Онда төрт жастар бағушысы және екі көмекші жұмыс істейді екен. Олардың бәрі жастар қызметін өзінің негізгі жұмысы ретінде атқарды. Мен келесі екі күнің ішінде барлық төрт бағушымен кездестім. Ой салатындай статистика естідім. Сол кезде олардың мектеп оқушыларына арналған қызметінде 1250 адам болды. Оның үстіне бұл сан тоқтамай, өте жылдам өсе берді.

Төрт бағушының әрқайсысы бір ауыздан мынаны айтты. Қызметтің жетістігі әр жұма күні кешкісін қаланың жүзден астам жерінде өтетін «ойын-сауық кештерінің» арқасында болды. Ол кештер шын мәнінде жастарды құтқару мақсатында өткізілетін үйдегі ұяшықтар топтары болды.

Бұл өте қарапайым, бірақ ақылды стратегия болды. Құтқарылмаған жасөспірімдерді қауымға әкелу қиын, бірақ оларды ойын-сауық кешіне тарту оңай. Апта бойы жастар тобының әрбір мүшесі мектепте бір адамға көңіл бөліп, оны жұма күнгі кешке шақыруға мақсат қояды. Кешке келгендер тамақ ішіп, құрдастарымен араласып, заманауи

мадақтау әндерін тыңдап көңілді уақыт өткізеді. Содан кейін тағайындалған адам, мектеп оқушысы немесе университет студенті, талқылау тақырыбын береді. Жиналғандар топ-топқа бөлініп, берілген тақырыпқа өз ойларын және Киелі кітаптан оқығандарын айтады. Біраздан соң талқылау өз-өзінен құтқарылуға қарай бұрылады. Сонда жиналғандарға өз өмірлерін Исаға бағыштауға мүмкіндік беріледі. Нәтижесінде алғаш рет келсе де, адамдардың көбісі құтқарылады. Оларды шетке алып, бауырластармен бірге мадақтау мен сиынудың, қауымның маңыздылығы туралы айтылады. Олардың есімдері және телефон нөмірлері алынады. Содан соң олар сәрсенбі күнгі жастар қызметіне шақырылады.

Мен жұма күнгі ойын-сауық кештерінің біріне қатысып көрдім. Бірнеше құтқарылмаған студенттер өмірлерін Исаға бергенде көп жігер алдым. Өз қауымыма оралғанда көмекшіме көргенімді айтып бердім. Бірге сиынғаннан соң өзіміздің жастар жиналысымен де тура солай қызмет етуге түрткі алдық. Мен сондай-ақ жексенбілік қызметтен кейін көлік тұрағында аға бағушымен қандай мақсат қойғанымды бөлістім. Ол «Тамаша. Ниетіңе нұр жаусын!» деп мені қолдап қойды.

СЕГІЗ АЙ БОЙЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ

Бірде мінәжат кезінде Құдай маған жоспар берді. Жетекшілерді дайындау үшін соларға арнап тәлімгерлік мектеп ашатын болдым. Жоспарымды сейсенбі күні кешкісін жастар жиналысында мәлім еттім. Менің үлкен қуанышыма орай, келесі жексенбі күні таңертең жетпіс шақты адам жетекшілік туралы білім алуға келді. Келесі алты ай бойы апта сайын адалдық, міндет, қызмет ету және аманат сияқты көшбасшылық қағидалары туралы тәлім бердім.

Бес айдан кейін тағы да мінәжат кезінде Жаратқан Ие жүрегіме сөйлеп, былай деді: «Жетекшілік сабақтарыңа

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

қатысып жүрген жастардың ішінен жиырма төртін таңдап, оларға арнап шәкірттік туралы тәлім беруді баста. Олардың арасынан ойын-сауық кештерін жүргізетін бірінші жетекшілерді таңдайсың». Бірден іске кірістім. Алғашқы ұяшықтарды басқаратын жетекшілерді дайындай бастадым.

Келесі екі ай бойы кештерді өткізетін жетекшілерді дайындаумен болдым. Сейсенбі күнгі негізгі жастар жиналысында қызметімізді болашақта қалай дамытатынымызды түсіндіріп отырдым. Көмекшім екеуіміз жетекшілік оқудың бағдарламасын құрастырып, болашақ ойын-сауық кештерінің өтетін жерлерін іздестірдік. Қаланы пошта индекстері бойынша бөліп, мектептерге жақын жерлерді таптық. Ойын-сауық кештері қалай кеңейетінін, адам сыймай жатса не істейтінімізді және келгендерді әрі қарай қауымға қалай тартатынымызды байыптап жоспарладық. Жоғалған жандарға жету үшін бар күш-жігерімізді салдық.

Барлығы кештердің басталуын асыға күтті. Біздің алға қойған мақсатымыз болашақ жетекшілерді ғана шабыттандырып қоймай, жастар қызметінің қарапайым қатысушыларының құлағына да жетті. Жастар ойын-сауық кештеріне алдымен кімді шақыратындарын тұс-тұсынан айтып жатты. Барлығымыз көп мінәжат еттік. Келгендердің жүректеріне Құдайдың әсер етуін, олардың Исаға деген мұқтаждықтарын көруін, адамдардың құтқарылуын сиынып сұрадық. Көмекшім екеуіміз сейсенбі күнгі жиналыста 2500 адамдық залымыз жастарға толғанын елестеттік. Қысқасы, жігер беретін мақсатымыз да, оны іске асыратын мол ынтамыз да болды.

ҰМЫТЫЛМАС КЕЗДЕСУ

Алғашқы ойын-сауық кештерінің басталуына үш апта қалғанда, апта сайынғы бағушылар жиналысында мен мүлдем күтпеген нәрсе естідім. Кездесуде біздің бас бағушы

қауымдағы он бір бағушыны жинап алып, жоспарымды ойран қылған келесі сөзді айтты: «Бауырластар, Киелі Рух маған қауымымыздың бағыты басқаша болу керек екенін айтты. Бұдан былай үйде ұяшық топтарын өткізуді доғарамыз. Сондықтан қауым мүшелерінің үйлерінде өткізетін кез-келген шағын топ жиналыстарын тоқтатуларыңызды сұраймын».

Мен естігеніме сенер-сенбесімді білмей отырып қалдым. Бұл қандай да бір қателік немесе түсінбеушілік шығар? Көмекшім де таңқалғанынан қатып қалған сияқты. Екеуіміз не болып жатқанын түсінбей бір-бірімізге қарап аң-таңбыз. Өз өзімді жұбатуға тырысып «Бағушы жастар туралы айтпаған шығар... бұл басқа қызметтерге қатысты болса керек» деп қоямын. Қауымымызда қызметтің түр-түрі бар-тын. Бойдақтар қызметі, қарттар қызметі, ерлі-зайыптылар қызметі және тағы басқа қызметтердің үй топтары болса да, онда аса жеміс жоқ еді. Оған қоса, басқа қызметтердің назары үй топтарында емес, басқа заттарда болды. Олардыкі сенушілерге арналған «қамқорлық топтары» еді, ал біздікі – әлі құтқарылмаған жастарға Ізгі хабарды жеткізетін басты құрал. Сонымен қатар, мен аға бағушыма бірнеше ай бұрын көлік тұрағында өз идеямды түсіндіргенде, ол: «Тамаша, істерің алға бассын» деп рұқсат берді емес пе? Сондықтан мен жастар қызметі бұл тыйымнан босатылуы керек деген қорытындыға келдім.

Бұдан әрі күте алмадым. «Кешіріңіз, бағушы. Жастар қызметінен басқасын айтасыз ба?»

Ол маған қарап: «Джон, Киелі Рух маған бұл қауымда ұяшықтардың болмауы керектігін көрсетті», – деді.

Мен тағы тіл қаттым: «Бағушы, Луизианадағы жастар тобына қатысу үшін бірнеше ай бұрын ұшып барғаным есіңізде ме? Олардың жастар қызметінде 1250 мектеп оқушылары бар. Бағушының төртеуі де бұл – үйдегі топтарға байланысты жетістік екенін айтып еді».

Аға бағушы маған қарап: «Джон, Киелі Рух маған бұл қауымның үйдегі ұяшық топтары болмайтынын көрсетті», – деп қайталады.

Мен дегенімнен қайтпай, сөзіме салмақ келтіріп тағы да сөйледім. Бірақ ойымда «Бағушы түсінбейді ғой» деп отырмын. Ол мені түсінсін деп, себеп келтіре бастадым: «Бағушы, біздің қауымға құтқарылмаған жастарды тарту қиын, бірақ біз кез келген мектеп оқушысын ойын-сауық кешіне тарта аламыз. Мен сізге бірнеше ай бұрын түсіндіргенімдей, бұл шын мәнінде үйде өтетін шағын топ болады. Жоғалған жандарды осылайша құтқарғанымыз дұрыс қой!».

Ол қайталап: «Джон, Киелі Рух маған бұл қауымның бағытын үй ұяшықтарының топтары болмайтынын көрсетті».

Қатты ынтық болып, мен: «Бірақ, бағушы, біз залымызды 2500 студентке толтыра аламыз. Орландодағы (Флорида штаты) барлық жастардың құтқарылғанын көреміз!»

Бағушым әлгі сөзін тағы да қайталады.

Мен онымен он бес минуттай сөз таластырдым. Жиналыстағы барлық адамдар шиеленістің күшеюін сезді. Бақытыма орай, бағушының аузынан тек Құдайдың оған айтқан сөзі ғана шықты.

Ақырында тынышталдым. Бірақ іштей қатты ызаландым. Жиналыстың қалған бөлігінде айтылғанның ешқайсысын естімедім. Сонда ойлағаным тек осы болды: «Біз сегіз ай бойы бар күшімізді осы жобаға салдық. Бағушы біздің қанша еңбектеніп жатқанымызды білді. Жоспарымды оған бірнеше ай бұрын хабарладым. Ол Құдай патшалығына жүздеген, тіпті мыңдаған адамдарды әкелетін жобаны қалай тоқтата салмақ? Ол Құдайдың әрекетіне бөгет болып отыр! Жастарға не деймін? Менен тәлім алып, қызметтерін бастауға асығып отырған жетекшілерім не ойлайды? Луизианаға ұшып бардым. Ақшамды, уақытымды тек босқа кетірдім! Мұның бәрі осымен

бітетінін кім ойлаған!». Осындай ойларымды тоқтата алмадым. Менің орнымда басқа адам болса, ол да солай ойлатын еді. «Менікі дұрыс, мен Құдайдың еркін орындап жатырмын, ал бағушыныкі қате» деген менде толық сенім болды.

Жиналыс біткен соң конференц-залдан шығып кеттім. Жасы үлкен, ақылдырақ бағушы мені тоқтатып, маған кеңес беріп, жұбатқысы келді. Ол ұстамдылық туралы айтуға тырысты, бірақ мен оған қарап: «Фред, қазір ешкіммен сөйлескім келмейді!» дедім. Ол бұдан түк шықпайтынын көріп, мені бос қоя берді.

Үйге қайтар жолда жетекші бағушымыздың осындай жаман қателік жасауының себептерін ойлады. Оның шешімі туралы ойлай бере, ашуым арта түсті. «Ол кісі ойын-сауық кештерінің зор пайдасын білмейді. Ол мен сияқты ауқымды зерттеу жасаған жоқ. Айлар бойы жалғасқан жұмыстың нәтижесін осылай әп сәтте жоқ қылмақшы. Қауымды және жастар қызметін өсіретін заттан бас тартып отыр. Ол адамдардың құтқарылуына кедергі болып отыр!». Санамда осындай ойлар құжынап жатты. Бұл үйге қарай ұзақ жол жүріп бара жатқандағы менің ойыма келгеннің бір-екеуі ғана. Менің логикам дұрыс болды және әлгі жиналыста болған оқиғаны ақтау мүмкін емес.

Үйімнің алдына тоқтап, көлігімнен шықтым. Табалдырықтан аттап, әйелімнің дауысын естідім. Оның сәлеміне мән бермей, ызаға бұлыққан күйімде: «Оның не істегеніне сене аласың ба?!» – дедім.

Менің дауысымды естіген ол: «Ол деген кім және ол не істеді?» – деп алаңдай бастады.

«Бағушы! Ол үй тобының кештерін тоқтатып тастады! Біздің сегіз ай бойғы жұмысымыз босқа кетті! Бүкіл жастар қызметінің бағыты сол еді. Ол бәрін тоқтатыңдар деді. Сенесің бе?»

Ол маған қарап, сабырлы, байсалды дауыспен: «Жарайды,

Құдай саған бір нәрсе үйретейін деген сияқты», – деді. Сосын ол дәлізден шығып, біздің жатын бөлмеге кетті.

Енді мен жұбайыма ашуландым. Менің ойымша, оған даналық пен рухани сезім жетіспеді. Ол да менің жетекші бағушым сияқты надан. Мен жатын бөлmemізден әрірек орналасқан ас бөлмесіне кіріп, орындыққа шығып, алдыңғы тереземізден басымды шығардым. Сыртқа қарап тұрып, бағушымның қаншалық қателескені туралы ойларымды жалғастырдым. Енді сол ойларға әйелімнің қаншалық сезімсіз, ұқыпсыз екені туралы ойлар қосылды.

ҚҰМЫРАШЫНЫҢ ҚОЛЫНДА

Терезеден қарап тұрғанымда, маған Киелі Рух сөйледі. Ол: «Джон, сен кімнің қызметімен айналысып жүрсің? Менің қызметіммен бе, әлде өзіңнің қызметіңмен бе?»

Мен: «Сенің, Ием!» – деп дауыстап жауап бердім.

Ол бірден: «Жоқ, қателесесің! Өзіңнің қызметіңді салып жатырсың».

Мен: «Ием, біз құтқарылмаған жастардың көпшілігін қауымға әкеле алмаймыз,

бірақ оларды ойын-сауық кештеріне тарта аламыз... » Құдай менің не істеп жүргенімді білмейтіндей, Оған бүкіл стратегия мен себептерімді түсіндіре бастадым. Бізді алдау қаншалықты оңай! Жаратқан Ие менің бәрін айтып болғанымды күтті де, сосын былай деді: «Джон, мен сені осы бағушының жетекшілігінде қызмет ету үшін осы қауымға алып келдім. Менің ол кісіге тапсырған қызметім бар. Сен – сол қызметтің бір бөлігісің. Мен сені оның қол-аяғы болуға шақырдым. Ал қызметті басқаруға бір-ақ адамды тағайындадым».

Құдай есіме Мұсаның үлгісін салды. Киелі кітапта былай делінген: «Мұса Құдайдың бүкіл үйінде адал қызметшісі

болды» (Евр. 3:5). Ол Құдайдың қауымды бастап алып жүруге тағайындаған көшбасшысы болды.

Содан есіме Жаңа өсиеттегі Жақып түсті. Жақып Иерусалимдегі қауымның жетекшісі болды. Сенушілер арасында сүндетке отырғызу жайлы келіспеушілік туған болатын. Құдай сол оқиғаны есіме салды (Елшілердің істері 15). Пауыл, Барнаба, Петір, Жохан және басқа да елшілер мен Иерусалим қауымының ақсақалдары осы мәселені талқылау үшін бас қосты.

Сенуші парызшылдардың кейбіреулері бірінші болып сөйледі. Сосын Петір сөйледі. Одан кейін Пауыл мен Барнаба Құдайдың басқа ұлттар арасында не істеп жатқанын айтып берді. Олар сөзін аяқтағаннан кейін, Жақып орнынан тұрып, айтылғанның бәрін қорытындылады. Жиналыстың соңында ол: «Сондықтан мынаны жөн деп санаймын. . .» деп тұжырымдады. Басшы ретінде Жақып өз шешімін хабарлады, ал басқалары, соның ішінде Петір, Пауыл және Жохан оның шешіміне мойынсұнды.

Бұл қай жайттарға ұқсас екенін білесіз бе? Періште Петірді түрмеден босатқанда не болғанын еске алайық. Петір Мәриямның үйіндегі сенушілерге: «Осыны Жақыпқа және басқа бауырластарға айтыңдар!» – деді (Елшілердің істері 12:17). Лұқа мен Пауыл да ұқсас жағдайда болды. Олар Иерусалимге келгенде, Лұқа былай деп жазды: «Иерусалимге жеткенде, сондағы бауырластар бізді құшақ жая қарсы алды. Ертеңіне біз Пауылмен бірге Жақыпқа бардық, қауымның барлық басқа жетекшілері де сонда жиналды» (Елшілердің істері 21:17–18). Неліктен Петір мен Пауыл осы екі бөлек оқиғада Жақыпты атап өтті? Есімі басқалардан бөлек айтылғанына қарасақ, Жақыптың жетекші болғаны анық.

Киелі Рух осыны түсіндіргеннен кейін, сөзін жалғастырды. «Джон, өзің билетіндей, адамның барлық ісі сотқа шығарылады.

Сен Менің алдыма келгенде, қызметіңнің қалай бағаланатынын білесің бе? Осы қауымда қызмет еткен уақыт ішінде Орlando қаласында қанша жастарды құтқаруға әкелгенің жайлы есеп бермейсің. Ең алдымен, үстіңнен қараған бағушыға қаншалықты адал болғаның жайлы есеп бересің».

Содан кейін Құдайдан мені таң қалдырған сөз естідім: «Шын мәнінде, сен Орландодағы барлық жастарды қауымға әкелсең де, Менің алдымда тұрғанда, Мен сені бағындырған бағушыға қаншалықты мойынсұнып, адал болғаның үшін сотталуың мүмкін». Әрине, бұл сөздер Құдайды қастерлеуге деген ынтамды жаңартты! Мен шын мәнінде құмырашының қолындағы саз балшық қана едім.

Жаратқан сөзін жалғастырды: «Джон, егер осы бағытта жүре берсең, жастар бір жолмен, ал қауым басқа жолмен жүреді. Қауымға бөлініс әкелесің». Қауым екіге бөлінсе не болады? Біртұтас дене болмай, жанжал туады. Қазіргі таңда неліктен көптеген қауымдар мен үйлер бөлініп жатыр? Оларды біріктіретін бір мақсат жоқ, яғни Құдайдың тағайындаған билігіне бір адамдай бағыну жоқ. Құдай жетекшілер мен басшыларды тағайындайды, өйткені кез келген екі басты ұйымның бөлініп кететіні анық!

ТӘУБЕ ЕТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Мен бүлікшіл мінезіме бірден өкіндім. Мінәжат еткеннен кейін не істеу керектігін бірден білдім. Телефонды алып, бағушыма қоңырау шалдым. Ол жауап бергенде былай дедім: «Бағушы, бұл Джон Бивер. Сізден кешірім сұрайын деп хабарласып отырмын. Құдай маған сіздің билігіңізге қарсы шыққанымды, солайша үлкен күнә жасағанымды көрсетті. Өтінемін, мені кешіріңіз. Үй топтарын дереу тоқтатамын».

Бағушым мейірімді кісі болғандықтан, мені кешірді. Мен трубканы қоя сала, Киелі Рухтың мына сұрақты қойғанын

естідім: «Енді жексенбі күнді дайындықтан өткен жиырма төрт жетекшіңе не дейсің?»

Мен болашақ жетекшілерді бір бөлмеге жинап алып «Қазір не айтатыныма сенбейсіңдер» деп мұңды дауыспен жаңалықты айтып жатқанымды елестеттім.

Олардың бәрі маған алаңдай қарап, «Не болды?» деп сұрайды. Мен ауыр күрсініп сөзімді жалғастырар едім: «Біз бұл жобаға бар күшімізді салып, бірнеше ай бойы жұмыс істегенімізді білесіңдер. Бірақ бағушы үйдегі ұяшық топтарын тоқтатты. Жұма күнгі кештеріміз өтпейтін болады».

Олар естігендерін қатты ұнатпай, наразы болғандары анық сезіледі. Олардың аға бағушыға ренжігенін түсіну оңай. Бәріміз зұлым бағушының шешімінен зардап шегіп отырмыз, ал мен, әрине, оның жанында кінәсіз, адал жанмын.

Осы көріністі ой елегінен өткізгеннен кейін, мен Киелі Рухтың: «Жағдайды осылай көрсетпекшісің бе?» деп сұрағын естідім.

Мен: «Жоқ, Ием!» деп жауап бердім.

Келесі кездесуде мен жетекшілер жиналған бөлмеге сенімділікпен кірдім. Жымиып, нық дауыспен сөйледім. «Менде тамаша жаңалық бар» дедім.

Барлығы маған қарап, жауабымды асыға күтті. «Қандай жаңалық, бағушы?»

Мен сөзімді жалғастырдым: «Құдай бізді Өзі тапсырмаған нәрсені жасаудан сақтады. Біздің аға бағушымыз осы аптадағы қызметкерлер жиналысында Киелі Рухтың қауымымызға берген бағытында үй топтары жоқ екенін айтты. Сондықтан ойын-сауық кештеріміз бұдан былай өтпейді!»

Барлығы менің көтеріңкі көңіл-күйімді алып кеткендей болды. Бір ауыздан: «Жақсы... түсіндік!» деді. Кейін де ешкім наразылық білдірген емес! Бұл оқиғадан тәжірибемен шыққан жалғыз мен емеспін. Бәріміз де осы арқылы өстік. Кейінірек оларға болғанның бәрін айтып бердім.

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

Сол жиырма төрт жастың көбі бүгін де толық уақытты қызмет атқарып келе жатыр. Барлығы аман-сау.

ОПЫҚ ЖЕП, БАҒЫНҒАН ЖҮРЕК

Өткенге көз жүгіртсем, бұл оқиға өмірімдегі және қызметімдегі маңызды сәт болғанын білемін. Егер мойынсұнбай, қасарысып, дегенімнен қайтпасам, бүгін мүлде басқа жерде болар едім. Әрине, уақыт өте, ойын-сауық кештерінен бас тартуға мәжбүр болар едім, өйткені ертелі-кеш басқа таңдау жоқтығын түсінер едім. Алайда жүрегім қыңыр, тәкаппар және қатты болып қалатын еді. Ешқашан ұмытпаңыз: Құдай тек сыртқы мойынсұнуды емес, сонымен бірге іштей мойынсұнуды қалайды. Жаратқан Ие күнәсіне опық жеп, шығымен бағынған жүрекке риза. Құдайдың еркін орындауға ашығып, сусаған жан бақытты. Осы себепті Дәуіт былай деді:

Құрбандық шалуымды қаламай тұрсың,
Өртеу құрбандығын да ұнатпай тұрсың,
Әйтпесе оларды ұсынар да едім.
Ал Құдайға ұнамды сый, құрбандық –
Күнәсіне шынымен өкінген рух.
Шын опық жеп, бағынған жүрекке Сен
Теріс қарамайсың, уа, Құдай Ием (Заб. 50:18-19)

Үлкен құрбандықтар жасап, өміріміздің әр минутын қызметке арнап, ақысыз жұмыс істеп, ұйқыдан бас тартып, неғұрлым көп адамға ізгі хабар таратып, қызметке қатысты басқа да көптеген заттарды істей аламыз. Осы тірліктің бәрімен айналысып, қызметке құрбан болып жатқан уақыт пен күшімізге қарап, Құдайдың көңілінен шықтық деу оңай. Дегенмен, осы әрекеттің түбі – адами, пенделік ниет болуы мүмкін. Оны байқамай кету оңай.

Мына сөзіме құлақ асыңыз: Құдай шынайы бағынуға

апаратын мойынсұнуды ұнатады. Бұл кітаптың мақсаты – Құдайдың билігіне мойынсұнудың маңыздылығын ашып көрсету ғана емес, сонымен бірге мойынсұнуға деген сүйіспеншілік пен құмарлықты тудыру.

Алдында айтылған әңгімеге қатысты сіздің сұрағыңыз көп болуы мүмкін, оны түсінемін. «Дұға кезінде Құдай сізге үй топтарын ұйымдастыруды бұйырды емес пе?». «Аға бағушы қауымның бағыты туралы қателесе ше? Қауым үшін ұяшық топтары болғаны жақсы ғой. Ол кісі қателесіп, сіздікі дұрыс болып шықса ше? Бағушы Құдайдың айтқанын қате түсінсе ше?». Алға жылжи отырып, біз осы және басқа да көптеген сұрақтарға жауап береміз.

Дегенмен, тағайындалған билік туралы әрі қарай сөз қозғамас бұрын, алдымен Құдайдың тікелей билігіне мойынсұнудың маңызын айтуымыз керек. Уотчман Ни былай жазған:

Адам Құдайдың тағайындаған билігіне бағыну үшін алдымен Құдайдың тікелей билігін мойындауы керек. Біздің Құдаймен қарым-қатынасымыз өмірімізде биліктің бар-жоғымен реттеледі. Бар болса, онда билікті барлық жерде кездестіреміз. Осылайша Құдайдың шектеуі арқылы біз Тәңір Иенің пайдалануына жарайтын құрал бола аламыз. (Spiritual Authority [Нью-Йорк: Christian Fellowship Publishers, 1972])

Ең алдымен Құдайға мойынсұну жайлы талқылау Киелі Жазбаға негізделген болуы керек. Оны салғаннан кейін ғана біз тағайындалған билікке бағынудың маңызына көшеміз. Бұл біз жасайтын барлық нәрсенің іргесі болады.

ЕКІНШІ БӨЛІМ



ҚҰДАЙДЫҢ ТІКЕЛЕЙ
ҚОРҒАНЫСЫ

ҮШІНШІ ТАРАУ

КҮНӘНІҢ АНЫҚТАМАСЫ

*Қауым жиі күнәнің шынайы
анықтамасынан қашады. Біз оның нағыз
мағынасын жете түсінбейміз.*

Бір сәт ойын ойнайық. Бұдан жақсырақ атау болмағандықтан, оны психолог пен пациент ойыны деп атаймыз. Сіз диванда жатқан пациентсіз, мен сіздің жаныңыздағы орындықта отырған психологпын. Мен бір сөз айтамын, ал сіз ойыңызға бірінші келген нәрсені айтасыз. Дайынсыз ба? Міне, сөзім: күнә. Ойға бірінші болып не келді?

Дүние жүзіндегі көптеген сенушілермен және қызметкерлермен сөйлескеннен кейін мен ойыңызға не келгенін болжай аламын. Неке адалдығын бұзу, азғындық, бұзылғандық және сол сияқтыларды ойлаған боларсыз. «Ол күнәға батты» деген қайғылы хабарды жиі естимін. Бұл әдетте жетекшінің жыныстық саладағы сүрінуін білдіреді. Хабарды жеткізген адамға айтқанын одан әрі түсіндірудің қажеті жоқ. Мен оның нені меңзеп тұрғанын бірден білемін. Қауым ортасында бұл түсінік күнә сөзімен байланыста бірінші орында тұрған сияқты.

Болмаса, ойыңызда мастық немесе нашақорлық туралы бейне өткен шығар. Сенушілер мұны үлкен күнә деп санайды. Ойынға құмарлық, ұтыс тігу, кісі өлтіру, ұрлық немесе бақсылықты ойлағаныңыз мүмкін. Өшпенділік, жанжал, қызғаныш немесе кешірмеуді де ойлаған шығарсыз. Бұлар, әдетте, көп айтылмайды. Күнәға жататын нәрселерді айта берсе, өте ұзын тізім шығады, әрине.

НЕГІЗГІ АНЫҚТАМАНЫ ЕЛЕМЕУ

Күнәнің не екеніне көп ой жүгірттім. Енді мынаны айтқым келеді: Адам пейіште бейтаныс әйелмен төсекке жатқан жоқ, есірткі де пайдаланған жоқ! Алайда оның күнәсі бүкіл жаратылысты құлдыққа түсіретіндей ауыр болды. Күнәні анықтаған кезде Адам атаның істегенін ескеру қажет, өйткені оның қылмысыны бүкіл адамзаттың қан тамырына тарады. Ол адамзатқа соншама азап әкелетіндей не істеді? Қарапайым тілмен айтқанда, Құдайдың айтқанына мойынсұнбады.

Осыған бір сәт ой жүгіртіп көріңізші. Жаңа ғана келтірген тізімді күнә емес демеймін, бірақ қауым күнәнің шынайы анықтамасынан жиі бас тартатынын атап өткім келеді. Біз оның шынайы мағынасын жете түсінбейміз. Бұл маңызды түсінік болмаса, осы тарауда көретініміздей, өтірікке алданып қалу өте оңай.

Тағы бір мысал келтірейін. Сіздің ауру туралы жалпы біліміңіз бар дейік. Дене температурасы 37 градустан асса, жайсыздық, жөтел, түшкіру, құсу болса – адам ауырып қалды деп танысыз делік. Жеті жасымда мен ауруды осылай ғана түсінетінмін. Ол кезде он төрт жастағы әпкем қатерлі ісікке шалдығып ауырып қалды. Ол дәрігерлерге жиі барып, бірнеше апта бойы ауруханада жатты. Анам маған: «Джонни, әпкең қатты ауырып жатыр», – деп түсіндірді. Бірақ оның қызуы көтерілмеді, жөтел, түшкіру де жоқ. Мен ата-анам мен әпкемнің неге сонша уайымдағанын түсіне алмадым. Әпкем

КҮНӘНІҢ АНЫҚТАМАСЫ

жай ғана шаршап жүр деп ойладым. Оның өте қауіпті ауру екенін түсінбедім, өйткені білгенім және бастан кешіргенім басқаша еді.

Бір күні мені бірінші сыныпта оқып жүргенде, мұғалім сабақтан ертерек жіберді. Әкем мектептен алып кетіп, үйге апарды. Үйімізде қонақ бөлмеде анам мен әкемнің қасында отырған діни қызметкерді көргенде ғана мәселенің қиындығын түсіне бастадым. Сол күні әпкемнің қайтыс болғанын естідім. Сонда ғана қатерлі ісіктің өте жаман ауру екенін білдім. Осы айлардың ішінде әпкемнің хал-жағдайын дұрыстап білмеппін, өйткені менің ауру жайлы түсінігім өте шектеулі еді. Сұрақ қойып, әрі қарай зерттедім. Ауруға шалдықан науқас адам әр түрлі болатынын білдім. Ендігәрі ауру жайлы бұрынғыдай ойламайтын болдым. Аурудың нақты анықтамасы нені қамтитынын білдім.

КҮНӘНІҢ ШЫНАЙЫ АНЫҚТАМАСЫ

Бұл қауымдағы көптеген адамдарға қатысты. Көбінесе біз күнәнің не екенін түсінбейміз. Алға жылжу үшін Жазба оны қалай анықтайтынын қарастыруымыз керек. Киелі кітапта «Күнә дегеніміз – заңсыздық» делінген (Жоханның 1-хаты 3:4, ағылшыншадан аударма). «Заңсыздық» сөзі «аномия» деген грек сөзінен шыққан. Тэйердің грек сөздігінде оған мынадай анықтама берілген: «Заңның болмауынан, заңды білмеуден немесе заңды бұзудан пайда болған жағдай». Қарапайым тілмен айтқанда, заңсыздық Құдайдың заңына немесе билігіне бағынбауды білдіреді. Вайн сөздігінде бұл аят «[күнә] сөзінің шын мағынасын береді» делінген. Вайн әрі қарай былай дейді: «Күнәнің бұл анықтамасы оның негізгі сипатын Құдайдың заңын немесе еркін қабылдамау және өз еркіне ауыстыру ретінде көрсетеді».

Бұл анықтаманы тексеру үшін Исаның айтқан астарлы әңгімесіне назар аударайық. Ол бірнеше адаммен бірге дастархан

басында отырғанда, біреу: «Құдайдың Патшалығындағы тойға қатысатындар бақытты!» – деді (Лұқа 14:15).

Иеміз Иса Тоқтының неке асы дастарханынан кім жейтінін айту үшін әлгі сөзді пайдаланды. Иса былай деп бастады: «Біреу үлкен қонақасын дайындап, көп адам шақырады. Тамақ ішетін уақыт болғанда, шақырғандарына қызметшісін жіберіп былай дегізеді: Келіңдер, барлығы дайын тұр!» (Лұқа 14:16-17).

Кешкі ас беретін адам Әкені, ал қызметші Исаның Өзін бейнелейді. Мұны көпше емес, жекеше түрдегі «қызметші» сөзінен білеміз. Киелі жазбада арнайы былай делінген: «Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын ата-бабаларымызға пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Ал осы соңғы заманда Ол бізге хабарын Өзінің рухани Ұлын жіберіп жеткізді. Құдай Сол арқылы әлемді жаратып, Оны барлығының иесі етіп тағайындады» (Евр. 1:1-2). Иса – біздің өкіліміз. Осы Жаңа өсиет уақытында уағыздайтын, үйрететін немесе жазатындарға Құдайдың сөзін сөйлеу бұйырылады. Оның бізге не айтып жатқанын тыңдап, оны дәл жеткізуіміз керек.

Бұл астарлы әңгімеде Әкенің еркі айтылады: «Келіңдер, бәрі дайын». Бұл хабар бұрыннан шақырылғандарға, яғни Ізгі хабарды ешқашан естімеген сенбейтіндерге емес, қауымдағыларға арналған.

Алайда бұл адамдар: «Кел» деген шақыруға құлақ аспау үшін сылтау айта бастайды. Біріншісі былай дейді: «Менің жарты бөтелке арағым мен темекім бар. Достарыммен кешті көңілді өткізгім келеді. Өтінемін, мені кешір».

Екіншісі былай дейді: «Мен Лас-Вегасқа барлық шығыны төленген саяхатты ұтып алдым. Оның үстіне көңілдес болуға дайын әйелдерді жалдап, казиноларда құмар ойнауға бес мың долларым бар. Сол жерге барғым келеді, келмегеніме кешірім сұраймын».

Үшіншісі былай дейді: «Мен өзімнің жеке көмекшіме ғашық

болып қалдым, біз осы аптада бірге сапарға шығып, жаңадан үйленгендей Гавай курортына барамыз. Өтінемін, әйеліме ештеңе айтпа. Ол мені жұмыс бабымен іссапарға кетті деп ойлайды. Сондықтан мен келе алмаймын».

Шақырылғандар шынымен осылай деді ме? Киелі кітапты оқысақ, олардың жауаптары мүлдем басқаша екенін көреміз. Әрқайсысын талдап көрейік.

«Біріншісі [қызметшіге]: «Мен жер сатып алдым», – деді». Енді әрі қарай жылжымас бұрын менің бір сұрағым бар: жер сатып алу күнәға жатады ма? Күнә болса, көпшілігіміз қиын жағдайдамыз. Бірақ, жер сатып алудың еш жаманы жоқ қой? Мұны бәріміз білеміз. Астарлы әңгімеде не айтылғанын көрейік: «Егіндік жер сатып алдым, соны барып көруім керек. Өтінемін, маған кешірім ете гөр!» (18-аят). Жоғарыда айтқанымдай, жерді сатып алу күнә емес, бірақ дүние-мүлікке деген қызығушылық Құдайдың сөзін бұлжытпай орындаудан маңыздырақ болғанда, ол күнәнің негізгі анықтамасына жатады. Бұл заңсыздық. Ол мақсат Құдайдың билігіне бағынбайды.

Келесі жігіт жеңіл жүрісті әйелдерді жинап алып, құмар ойындарға берілген жоқ. Ол: «Бес пар өгіз сатып алып едім, соларды сынап жегіп көруге бара жатырмын. Өтінемін, мені кешірі!» деді (19-аят). Өгіз немесе тіршілігімізге қажетті құрал-жабдық сатып алу күнә ма? Әрине, жоқ, бірақ өнеркәсіп немесе бизнес Құдайдың сөзіне немесе еркіне бірден мойынсұнудан гөрі маңыздырақ болса, бұл күнә! Есіңізде болсын, Адам Едем бағында гомосексуалист жезөкшемен төсекке жатқан жоқ. Ол жай ғана Құдайдың айтқанына мойынсұнбады.

Соңғысы: «Мен жаңа ғана үйленген едім, сондықтан бара алмаймын» деді (20-тармақ). Әйел алу күнә ма? Әрине жоқ. Күнә болса, көпшілігімізде үміт жоқ. Алайда, Құдайдың еркіне мойынсұнудан гөрі жарының көңілінен шығуды қалау маңыздырақ болса, бұл күнә. Тағы да, Эдем бағын еске

түсіріңіз. Хауа ана алданып қалды (Қор. 2-хат 11:3), бірақ бұл Адам үшін басқа оқиға болды: «Адам ата алданбады» (Тім. 1-хат 2:14, ағылшыншадан аударма). Жазбада Адам атаның күнәсының табиғатына былай сілтеме жасалған: «Бір кісінің Құдайға *мойынсұнбауы* көптеген адамдарды күнәкар етті» (Рим. 5:19). Әйелі жемісті жеп, Адам атаға да ұсынғандықтан, Адам заңды бұзды. Ол Құдайдың билігіне мойынсұнудан гөрі Хауа ананы таңдады. Бұл күнә. Адам атаның мойынсұнбауының нәтижесінде «көп адамдар күнәкар болды». Немесе былай да айта аламыз: «Көп адамдар Құдайдың билігіне мойынсұнбады немесе заңсыздық күйіне түсті». Бұл нағыз күнә. Осы астарлы әңгімеде Иса ер адамның әйел таңдаймын деп, Құдай сөзіне мойынсұнбағанын көрсетті.

Енді өте сыпайы сылтау айтқан, бірақ Құдайдың шақырушы даусы мен билігіне мойынсұнбаған адамдар туралы Исаның не айтқанын тыңдаңыз: «Сендерге шындығын айтамын: алдымен шақырылғандардың ешқайсысы да қонақасымнан ауыз тимейді!» (Лұқа 14: 24). Сергітетін ақиқат, солай ма? Бұл адамдар алғашында үйлену тойына қадірлі қонақ ретінде шақырылса да, енді мейрамға келулеріне рұқсат жоқ. Олар Тоқтының неке асына неге келе алмайды? Жыныстық азғындық, нашақорлық немесе ішімдік ішу емес, Құдай сөзіне қарапайым мойынсұнбау үшін. Бұл бізді неге соншалық таң қалдырады? Ойланып көрсек, адамзатқа үкім шығарған Адам атаның мойынсұнбауы емес пе?

Бұл астарлы әңгімеде нашақорлар, жезөкшелер, сүтенерлер, маскүнемдер, кісі өлтірушілер немесе ұрылар туралы айтылмаған, сол қызық емес пе?

Жоқ!

Астарлы әңгімені әрі қарай оқысақ, қызметшінің қожайынға есеп беріп, шақырылғандардың барлық себептерін айтқанын байқайсыз. Үй иесі қызметшіге: «Қаладан шығып, үлкен жолдарда әрі үйлердің айналасында жүргендерді шақырып,

келуге көндір!» деп бұйырды (Лұқа 14:23). Жазбадағы тас жолдар мен үйлердің айналасындағы адамдар жезөкшелерді, сутенерлерді, ұрыларды, топ мүшелерін, кісі өлтірушілерді, маскүнемдерді және т.б. бейнелейді! Яғни, олар астарлы әңгімеде бар, бірақ жақсы мағынада!

Осы соңғы күндерде адамдардың көпшілігі өмірлерінің бос екенін, өмір қайғыдан басқа ештеңе әкелмегенін және өздерінің өкше-темірге қарсы теуіп жатқандарын түсінеді. Оны Тәңір Иеміз де біледі. Олар Құдайдың шақыруын естігенде, бірден мойынсұнатын болады. Керісінше, шақырылғандар, қауымға баратындар, өздерін Құдайдың рақымына жақын және қауіпсіз деп санайтындар, бірақ Құдайға ыңғайлы болған кезде ғана, олардың кестелеріне, күн тәртібіне немесе ләззаттарына кедергі болмағанда ғана мойынсұнатындар Адам атамен бірге, Құдайдың даңқты құзырынан құр қалады.

«ҚҰП, ТАҚСЫР»

Сонымен, үйлену тойы туралы астарлы әңгімені оқып, күнәнің шынайы мағынасын, яғни күнә – Құдайдың билігіне мойынсұнбау екенін, түсіндік. Осыған орай Исаның тағы бір астарлы әңгімесін келтіргім келеді. Онда Иса «Сен қалай ойлайсың?» деген сұрақтан бастайды. Осы кіріспе сөзбен Ол сырттай әділ тыңдаушыларын тереңірек үңілуге және жауаптарындағы шындықты көруге түртті.

Иса екі ұлы бар адам туралы айтты. Әкесі бірінші ұлына барып: «Балам, бүгін жүзімдікке барып, жұмыс істе», - деді.

Баласы: «Бармаймын», – деп жауап берді. Алайда, кейін ойын өзгертіп, шаруасын тастап, жүзімдікпен айналысады.

Әкесі екінші ұлымен де сөйлесіп, оған да сол тапсырманы береді. Баласы әкесіне: «Құп, тақсыр», – деп жауап берді. Әкесін сыйлайтын, еңбекқор бала екен, иә? Бірақ Иса: «Ол бармады», – деді.

Сонда Иса өте маңызды, әрі өте оңай сұрақты қойды: «Екеуінің қайсысы әкесінің қалағанын істеді?»

Тыңдап тұрған топ «Біріншісі» деп дұрыс жауап берді.

Сонда Иса сөзін былай түйеді: «Ендеше сіздерге шындығын айтайын: Құдай Патшалығына сіздерден бұрын (теріс жолдан қайтқан) салықшылар мен азғын әйелдер кірмек!»,– деді (Мат. 21:28–31). Енді кез келген ата-ана баласының «Құп» деп, айтқанды орындап қана қоймай, ықылас танытып, қуанышпен барғанын қалайтыны анық. Дегенмен бұл астарлы әңгіме күнәнің түпкі, іргелі мағынасы Құдайдың билігіне мойынсұнбау екенін көрсетті. Ол зинақорлық, кісі өлтіру, ұрлық және тағы басқамен. шектелмейді.

Жиналған жетекшілер мақтаншақ, өздеріне сенімді болды, өйткені олар «ауыр күнәлар» деп санайтын нәрселердің тұзағына түспеді. Дегенмен, олардың күнә туралы түсініктері өте шектеулі болғандықтан, олар күнәдан аулақпыз дегенде де, ең түпкі күнә – Құдайдың билігіне мойынсұнбауға оңай алданып қалды.

ІРІ КҮНӘЛАР ШЕ?

Киелі кітапты оқи отырып, осы ойды қайта-қайта таба аламыз. «Өтірік айту, маскүнемдік, зинақорлық, ұрлық, кісі өлтіру ше?» деп ойлап отырған шығарсыз. Бұлар күнә емес пе? Әрине! Олар да Жаратқан Иенің билігіне қарсы шығады. Бізге өтірік айтудан бас тартуды және «әрқайсымыздың басқаларға шындықты айтуды» (Ефес. 4:24–25) бұйырған – Құдайдың өзі. Мастыққа қатысты Ол: «Арақ-шарап ішіп, мас болмаңдар» – деп бұйырады (Ефес. 5:18). Азғындық жайлы: «Азғындықтан аулақ болыңдар» деп ескертеді (Қор. 1-х. 6:18). Ұрлық ше? «Ұры болған енді ұрлық жасамасын» деген (Ефес. 4:28). Кісі өлтіруге қатысты: «Бауырын жек көретін әркім – кісі өлтіруші! Ал мынаны білесіңдер: кісі өлтірушінің мәңгілік өмірі

жоқ» (Жоханның 1-хаты 3:15) деген болатын. Осы нәрселерді жасайтын адамдардың Құдай Патшалығын мұра етпейтініне Жаңа өсиетте баса назар аударылған (Қор. 1-х. 6:9–11; Ғал. 5:19–21; Аян 21:8). Дегенмен, біз «үлкен» деп атаған күнәлар ғана емес, күнәнің барлық түрі көп зиян әкелетінін ұмытпайық.

Психолог пен пациент деген ойынымызға оралайық. Күнәны жақсы түсінетін кісі: «Құдайдың билігіне мойынсұнбау» деп оңай жауап бере алады. Ол күнә мен заңсыздық арасындағы байланысты түсінеді.

ЗАҢСЫЗДЫҚ ЗАМАНЫ

Исаның шәкірттері ақырзаман туралы сұрады. Ол болатын оқиғаларды айтып, Өзінің екінші рет келуіне дейінгі күндерде болатын жағдайды сипаттап берді. Сипаттардың бірі мынау: «Әділетсіздік тым көбейіп кеткендіктен көпшіліктің сүйіспеншілігі суып кетеді. Ал ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады» (Мат. 24:12-13).

Мен аудиториядан бұл қазіргі қоғамға қатысты ма деп сұраған сайын, жиналғандар қолдарын көтеріп, бастарын изейді. Көпшілік біздің қоғамды күнәкар деп санайды. Өте азы, бірен-сараны бұл дұрыс бағалау ма деп күмәнданады. Алайда Иса бұл сөзбен қоғамды емес, қауымды сипаттады! Мен бұл тұжырымға қалай келдім деп ойлайтын шығарсыз. Екі аяттағы екі бөлек сөз тіркесі Мәсіхтің жалпы қоғам туралы емес, қауым туралы айтқанын көрсетеді.

Біріншісі – «көпшіліктің сүйіспеншілігі суып кетеді» деген негізгі тіркес. «Сүйіспеншілік» сөзі «агапе» деген грек сөзінен шыққан. Грек тілінің маманы В. Е. Вайн «агапені» бұрын белгісіз идеяларды білдіру үшін Рух қолданатынын жазған. Есіңізде болсын, Иса былай деген: «Сендерге бір жаңа өсиет айтамын: біріңді-бірің жақсы көріңдер [мұнда агапе зат есімінен шыққан агапао етістігі қолданылған]! Мен өздеріңді

сүйгендей, сендер де бір-біріңді сүйіңдер!» (Жохан 13:34). Бұл сүйіспеншілік бұрын адамзатқа белгісіз еді. Оны енгізген Иса еді. Иса ол сөзгі «Мен өздеріңді сүйгендей» деген анықтама береді. Вайн әрі қарай былай дейді: «Бұл сүйіспеншілік мінсіз болмыстың мүлдем лайықсыз жаратылысқа деген терең және тұрақты «махаббаты» мен қызығушылығын білдіреді». Негізінде бұл Құдайдың сөзсіз сүйіспеншілігі туралы айтады. Иса «Осы күнәкар дүние [...] қабылдай алмайды» деп айтқан сүйіспеншілік (Рим. 5:5; Жохан 14:17). Киелі Рухтың біздің жүрегімізге төгетін сүйіспеншілігі. Бұл сүйіспеншілік Иса Мәсіхті Құтқарушы ретінде қабылдаған адамдарда ғана болады.

Жаңа өсиетте «сүйіспеншілік» деп аударылған басқа да грек сөздері бар. Алайда олардың әрқайсысын сенушілерге де, сенбейтіндерге де оңай қолдануға болады. Сондай сөздердің бірі – «филео». В. Е. Вайнның айтуынша «бұл сөзді «агапаодан» ажырату керек, ол «нәзіктік махаббатты» білдіреді... «Филео» ешқашан адамдарға Құдайды «сүйю» туралы бұйрықта қолданылмайды». Бұл сөз «агапе» сияқты сенушілерге ғана қолданылмайды.

Исаның «Әділетсіздік тым көбейіп кеткендіктен көпшіліктің сүйіспеншілігі суып кетеді» деген сөзінде «сүйіспеншілік» үшін қолданылған грек сөзі «филео» емес, «агапе»! Иса сөзін қоғамға арнаған жоқ. Керісінше, Ол қауымға сөйледі. Мәсіх соңғы күндері қауымда заңсыздықтың көбейетінін айтты.

Оның басқа да осыған ұқсас мәлімдемелерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Осындай сөздердің бірі Матайдың Ізгі хабарында: «Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады» (Мат. 7:21).

Бұл мәлімдеме біздің кім құтқарылатыны жайлы жалпы түсінігімізді жояды. Құтқарылу үшін тек «күнәкардың дұғасын» оқу керек деп үйреттік және сендік, сонда көкте

қауіпсіз орның болады. Құдайдың өсиеттерін орындау ше? Ол міндеттемеге немқұрайлы қарадық. Оған тиісінше мән бермедік. Бұл жартылай Ізгі хабар көптеген адамдарды адастырып, мойынсұнушылыққа деген жеңіл-желпі көзқарасты қалыптастырады. Иса көкте болатындар – Құдайдың еркін *мойындап, орындайтындар*, осылайша Құдайдың өсиеттерін сақтайтын адамдар екенін айтты.

Жаратқан Иенің бізден талап еткеніне мойынсұну үшін бізге шынайы рақым берілді. Еврейлерге арналған хаттың авторы былай дейді: «Оны риза қылатындай қызмет ету үшін рақым сақтайық!» (Евр. 12:28, ағылшыншадан аударма). Рақым бізге Құдайға ұнамды түрде, Оның еркіне сәйкес қызмет етуге мүмкіндік береді.

Иса сөзін әрі қарай жалғастырды: «Көптеген адамдар қиямет соты күні Маған: «Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен жындарды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамап па едік?» – деп жалынатын болады» (Мат. 7:22).

Бұл жазбада аз емес, көптеген адамдарға сілтеме жасалған. Алдыңғы аяттағы көшілік деген сөз есіңізде ме? «Көпшіліктің сүйіспеншілігі суып кетеді». Бұл жұрт Исаға: «Ием, біз Сенің атыңмен пайғамбарлық етіп, жындарды қуып, кереметтер жасамадық па?» – дейді. Сенбейтін адам жынды Исаның атынан қуып шығара алмайды (Елшілердің істері 19:13–17). Сондықтан Ол тағы да қауымдағыларға сөйлеп тұр.

Содан кейін Ол өзін мәсіхшілер деп санайтындарға: «Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» – дейді. (Мат. 7:23). Олардың немен айналысатынына назар аударыңыз – әділетсіздік. Басқаша айтқанда, олардың үйлену тойы жайлы астарлы әңгімедегілерге ұқсас өмір салты бар. Олар өздерінің күн тәртібін, рахатын немесе жоспарларын Жаратқанның бұйрықтарынан жоғары қойды. Бүгінде бұл қалыпты, әдеттегі

әрекет болып көрінеді. Қарапайым тілмен айтқанда, олар Құдайдың мырзалығына мойынсұнамыз десе де, сөздерін іс жүзінде растамайды. Олар өздерінің жоспарына сәйкес келетін нәрселерге бағынады. Олар өздерінің қазіргі заңсыздықтарынан, әділетсіздіктерінен бейхабар. Өкінішке орай, бүгінгі күні тым көп мәсіхшілердің жағдайы осындай!

Исаның қауымға сөйлегенін білуіміздің екінші себебі оның келесі сөйлемінде кездеседі: «Ал ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады». Жарысқа шыдап, табандылық таныту үшін оны бастау керек. Сенбейтіндер әлі мәсіхшілік жарысты бастаған жоқ.

Алдаудың соққысы мен азабы

Иса және елшілер ақырзаман күндерінің адамдарына тіл қатқанда, біз сол уақытқа тән дерт – алдауға қатысты ескертулерді қайта-қайта көреміз. Алдаудың кең таралған бір себебі – күнәнің негізгі мағынасын дұрыс түсінбеу. Бұл менің әпкеммен қарым-қатынасыма ұқсас. Мен үйге келіп, оның қайтыс болғанын көргенде қатты таң қалдым, өйткені мен оның шынымен науқас екенін соңына дейін түсінген емеспін. Бұл 1980 жылдардың аяғында болған тәжірибеге қатысты.

Дұға кезінде өмірім мен қызметімнің бағытын өзгерткен өте маңызды рухани көрініс алдым. Мен бұрын-соңды көрмеген сансыз көп адам жиналған. Олар аспан қақпаларының алдына жиналып, күтіп тұрды. Олар Иеміз Исаның: «Әкем жарылқағандар, келіңдер! Әлем жаратылғаннан бері өздеріңе дайындалған Патшалықтан үлестеріңді алыңдар!» (Мат. 25:34) деген сөздерін естігілері келді. Бірақ оның орнына олар Мәсіхтің: «Әділетсіздік жасайтындар, Менен кетіңдер»,– дегенін естіді. Олардың жүздерінен жан түршігерлік күйзеліс, үрей мен қорқынышты көрдім. Олар шын мәнінде көкке бара жатқандарына

сенді, өйткені Исаның мырзалығын және мәсіхшілікті мойындады. Бірақ олар күнәнің шынайы, басты мағынасын түсінбеді. Олар көкті қалайтын болса да, оларда Әкенің еркін мойынсұнушылықпен орындауға табандылық жетіспеді. Құдай жүректері мойынсұнушылықты қалайтын перзенттерді іздейді. Құдайдың өмірдің қай саласына қатысты болса да, сенушілер ретінде біз Оның еркін орындаудан ләззат алуымыз керек. Мойынсұнып, табыс та, қиындық та көрген Сүлеймен патша өмірінің соңында уақыт тексерісінен өткен дана сөзді айтты: «Ал енді, айтылғандардың барлығының қорытындысын тыңдайық: Құдайды терең қастерлеп, Оның өсиеттерін орында! Себебі бұл – әр адамның парызы» (Екк. 12:13).

Матай 7:23 аятын толықтай келтірсек, былай делінген: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» Кейбіреулер Исаның: «Мен сендерді ешқашан танымайтынмын» дегеніне қарап, сөзі сенбейтіндерге қатысты деп ойлауы мүмкін. Есіңізде болсын, сенбейтіндер жындарды Исаның атынан қуып шығара алмайды. Иса «Сені ешқашан таныған емеспін» дегенде, «тану» деп аударылған сөз грекше «гиноско» сөзінен шыққанын түсіну маңызды. Ол Жаңа өсиетте ер мен әйелдің қарым-қатынасын сипаттау үшін қолданылады (Мат. 1:25). Ол жақындықты білдіреді. Иса шынымен де: «Сені ешқашан жақыннан таныған емеспін» деді. Қорынттықтарға 1-хат 8:3-тен: «Құдай Өзін сүйгенді жақсы біледі» деп оқимыз. «Біледі» деп аударылған сөз – дәл сол гректің «гиноско» сөзі. Құдай Өзін жақсы көретіндерді өте жақсы біледі. Жаратқан Иені жақсы көретіндер – Оның сөздеріне мойынсұну арқылы Оның билігіне мойынсұнатындар. Иса: «Мені сүймегендер сөздерімді берік ұстанбайды», – деген (Жохан 14:24).

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ЗАҢСЫЗДЫҚТЫҢ ЖАСЫРЫН КҮШІ

*Хабарланған емес, ашылған білім –
бізді алдаудан сақтайтын ең үлкен
қорғанымыз.*

Жазбада «соңғы күндер» деген сөз жиі айтылады. Бұл күндер адамзат тарихындағы ең қызық және қорқынышты уақыт болуы әбден мүмкін. Неге қызық десеңіз, өйткені соңғы күндердің адамдары Құдайдың ұлылығын басқа ұрпақтар ешқашан көрмегендей көреді. Осымен бірге өте көп адамдар құтқарылады. Бұл даңқ пен қуаныш, үкім мен қорқыныш уақыты болады.

Неге қорқынышты десеңіз, өйткені елші Пауыл: «Соңғы дәуірде қиын-қыстау күндер туады» деп жазып кеткен (Тім. 2-х. 3:1). Бұның алдында ол: «Есіңде болсын» дейді. Басқаша айтқанда, «мен не жазғалы жатқанымды мұқият тыңдап ал, оны ойыңа сақтап, ерекше ден қой!». Содан кейін ол үшінші тарауда осы қиындықты егжей-тегжейлі түсіндірді. Қорқынышты заманның себебі үкіметтің немесе атеисттердің құдалауы емес. Соңғы

уақыттың ең үлкен қаупі қауымда етек алып кететін алдаудан туындайды. Бұл ескерту Жаңа өсиетте бірнеше рет айтылады.

Алдау – қорқынышты нәрсе. Неліктен? Өйткені ол алдамшы! Алданған адам қателескен кезде өзінің дұрыс екеніне шын жүректен сенеді. Иса Інжілде алдау туралы бірнеше рет ескерткен. Матай 24-тің өзінде, бір тарауда Ол алдаудан сақ болуды төрт рет ескертті. Шәкірттері Мәсіхтің қайта оралуы туралы сұрағанда, Иса біздің күнімізді сипаттады. Біздің уақытқа қатысты Исаның бірінші айтқаны мынау: «Сақ болыңдар, ешкім сендерді алдап, теріс жолға түсірмесін!» (Мат. 24:4). Оның ескертуіндегі қатаңдықты көру оңай. Исаның сөзі байыпты да салмақты естіледі. Мәсіх осы сөздің шәкірттердің жан дүниесінде мәңгі сақталуын қалады. Оның сөзі мыңдаған жылдар бойы сақталып келеді. Исаның кеңесін елеусіз қалдырмағанымыз жөн.

ЕКІ МАҢЫЗДЫ СҰРАҚ

Осы тұста екі маңызды сұрақ қоюымыз керек. Біріншіден, бұл алдаудың түпкі себебі неде? Екіншіден, бұл алдау неліктен еркін тарап кете алады? Біріншісіне жауап берсек, алдаудың негізгі себебі алдыңғы тарауда талқылаған нәрсемен бірдей: ол – Құдайдың билігіне мойынсұнбау немесе заңсыздық. Киелі Жазба бізге былай дейді;

«Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар!» (Жақып 1:22).

Сергітетін шындық! Жазбада айтылғандай, адам Құдай Сөзін *естіп*, бірақ *мойынсұнбаған* кезде оның жүрегі мен санасына алдау кіреді. Сонда адам қателессе де, менікі дұрыс деп жүре береді. Ол шындықты өтірікке айырбастайды. Құдай билігіне, Құдайдың Сөзіне шынайы мойынсұну жоқ жерде, бiлiнбейтiн, бiрақ үлкен алдауға есiк ашылады.

Неліктен соңғы күндері алдау көбейеді? Пауыл көптеген адамдар «өздерін құтқара алатын шындықты ұнатпай, оны

ЗАҢСЫЗДЫҚТЫҢ ЖАСЫРЫН КҮШІ

жүректеріне жолатпады» деген (2 Сал. 2:10). Бір қызығы, алдау тек «шындықты» қабылдамаудан емес, «шындықты ұнатпаудан» туындайды. Шындықты сүю – оны естігеннен ләззат алу емес, оған мойынсұнуды жақсы көру. Құдай бір пайғамбарға былай деді:

Ал, пендем, өз халқыңның адамдары үйлерінің қабырғалары мен есіктерінің маңында сен туралы былай десіп тұр: «Жүр, Жаратқан Ие не айтты екен, соны біліп келейік!» Сөйтіп олар әдеттегідей саған келіп, Менің халқымның адамы болып алдыңда отырады. Алайда сенің айтқан сөздеріңді тыңдаса да, соларды орындамайды. Олар жағымпаздана сөйлегенде, жүректерінде өздерінің арам пайдаларын ғана ойлап тұрады (Езек. 33:30–31)

Қауымдарымыздағы көптеген адамдар уағыз бен тәлім беруді жақсы көреді, бірақ шындығында, Құдайдың еркіне қарағанда өз жолымен жүргенді жақсы көреді (Тім. 2-х. 3:1–4). Біз шындықты барлық басқа заттан да, барлық басқа адамнан да жақсы көруіміз керек. Жайлылық пен игіліктен гөрі Оның еркін ынтыға қалауымыз керек. Сонда жеке ұмтылыстарымызды Оның қалауы үшін қуана-қуана былай қоя тұрамыз. Оның еркін орындау үшін айқыштарымызды арқалап, құқықтарымыз бен артықшылықтарымыздан бас тартамыз. Неліктен? Өйткені Ол – Құдай, біздің Жаратушымыз, Құтқарушымыз және Оның бізге деген сүйіспеншілігі кемел. Осының өзі бізді алдаудан сақтайды.

Дегенмен, қазіргі мәсіхшілер осы деңгейде беріліп сенеді ме? Шындық мүлдем өзгеше. Киелі кітап жазушылары біздің күнді сонша дәлдікпен көріп, сипаттағандары таңқаларлық.

ЗАҢСЫЗДЫҚТЫҢ ҚҰПИЯ КҮШІ

Біздің заманда заңсыздықтың неліктен өршіп тұрғанын түсіну үшін тағы бір факторды ескеру қажет. Келесі аятқа көңіл бөлейік: «адамдарды Құдайдың заңына қарсы тұрғызатын

құпия күштер қазірдің өзінде әрекет етуде!» (2 Сал. 2:7). «Құдайдың заңына қарсы тұрғызатын күш» деп аударылған сөз грекше – «аномия», біз оны алдыңғы тарауда зерттеген болатынбыз. Ол құпия күш екенін байқаңыз. Ағылшынша Король Джеймстің жаңа нұсқасында ол «заңсыздықтың құпиясы» деп те аударылған. Құпия оның сыр күшінде жасырылған. Сенушілер ашық заңсыздықты көрсе, алданбайды. Сондықтан, торға түсіру үшін алдау жасырын, қу болу керек. Оның құпиясы осында. Құдай бізді осы құпия күштен бейхабар болмасын деп, ескерту қалдырған (Қор. 2-х. 2:11).

Шайтан – алдаудың шебері. Ойлап көріңізші: онымен бірге періштелердің үштен бірі Құдайға қарсы бас көтерді (Аян 12:3–4). Мінсіз жерде, ұлы Құдайдың айқын құзыры бар жерде сондай бүлік орын алды! Иса шайтанның өтірікші ғана емес, өтіріктің әкесі екенін ескертті (Жохан 8:44). Сондай-ақ Иса шайтанның алдаулары мен өтіріктері соңғы күндері күшті болатыны соншалық, мүмкін болса, тіпті таңдалғандардың өзі оның құрбаны болушы еді (Мат. 24:24).

Бұл шындығында таң қаларлық нәрсе емес. Егер ол көктегі миллиондаған періштелерді адастырса, онда «бізді ауа іспетті қоршап тұрған зұлым күштердің әміршісі» (Ефес. 2:2) деп аталатын ол жер бетіндегі адамның көпшілігін неге адастыра алмайды? Біз қазір Иса айтқан күндерде өмір сүріп жатырмыз, сондықтан Пауылдың Қорынт қауымына жазған өтінішін мұқият тыңдаңыз:

«Әзәзіл жыланның қулықпен Хауа ананы алдап, азғырғанындай, кейбіреулер сендердің де ой-саналарыңды Мәсікке деген адалдық пен пәк берілгендіктеріңнен ауытқытып жүрмесін деп уайымдаймын». (Қор. 2-х. 11:3)

Пауыл сенушілердің осалдығын Хауаның алдануымен салыстырды. Әлбетте, шайтанның ең үлкен жетістігінің бірі Хауа

ананы алдау болды. Хауа ана жындардың билігі мен ықпалынан ада, кемел, мінсіз жерде өмір сүрді. Ол Құдайдың алдында еркін, тәннің кедергісіз жүрді. Хауаны ешкім ешқашан ренжіткен емес. Оны ешкім зорлаған жоқ, одан ештеңе ұрлаған жоқ, ол туралы өсек таратқан жоқ, оған дәрекі сөздер айтқан жоқ. Біздің күнәкар әлемде ондай қылмыстар күнде істеліп жатса, Эдем бағы кіршіксіз таза жер еді. Хауаны алдап, Адам екеуін Құдайға қарсы шығару шайтанның ең айлакер амалдарының бірі болса керек. Ол Хауаның ақыл-ойының тазалығын бұзу үшін қу және тәсілқой амалға жүгінді. Шайтанның Хауаға қарсы қолданған тактикасын түсінсек, біз оның ең мықты қаруын білетін боламыз. Сондай-ақ қалай алдауға тырысатынын, бүгінгі күні неге сонша көп адамдардың мойынсұнбайтынын түсінеміз.

Есіңізге сала кетейін, шайтан Хауа ананы мойынсұнбауға азғырса, Адам өзінің не істеп жатқанын жақсы білді. Мен қауымдағы көкірегі ашық адамдардың өздерінің не істеп жатқандарын толық түсініп, Құдайдың бұйрықтарын бұзғанын көрдім. Олар алданды деу – қате. Олар өз еріктерімен қауіпті аумаққа аяқ басып, рухани өлімге қарай бет алды (Рим. 8:13). Бұл жүректері қатал, ешкімді тыңдағысы келмейтін адамдар. Сосын шынымен алданғандар да бар, олар қауымдағы мойынсұнбағандардың көпшілігін құрайды. Хауа ана сияқты, надандық оларды алдауға, заңсыздықтың құпия күшіне еліктіріп әкетті.

Надандық – алдаудың туатын жері. Құдай былай деді: «Сол себепті халқым өз түсінбеушілігіне бола жер аударылады!» (Ишая 5:13). Құдайдың жолдары мен Оның рухани заңдары туралы ашылған білім бізді жаудың өтірігінен сақтайды. Жаратқан Иенің ақиқаты бізге нұрын төгіп, кез-келген алдаудан қорғайды.

АШЫЛҒАН ЖӘНЕ ХАБАРЛАНҒАН БІЛІМ

Тәңір Ие адамды Эдем бағына орналастырып, былай деді: «Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады.

Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі одан жесең, сол күні өлесің» (Жар. 2:16–17).

Осыдан кейін Жаратқан Ие еркектің қабырғасынан әйелді жаратты. Бұл біраз уақыттан кейін болды десек, қателеспейміз, өйткені әйел келмей тұрып, ер адам барлық жануарлар мен құстардың атын атап, қарап шыққан.

Адам атадан айырмашылығы, әйел Құдайдың аузынан шыққан бұйрықты тікелей естімеген. Адам оны әйелге екеуі Құдайдың бағында рахаттанып ғұмыр кешіп жатқан кезде жеткізсе керек. Бұны әйелдің жыланға берген жауабынан болжауға болады. Мына үзіндіні мұқият оқып шығыңыз:

Құдай Ие жаратқан жабайы хайуанаттардың ішіндегі ең қуы жылан еді. Жылан әйелге сұрақ қойып: – Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемеңдер деп шынымен айтты ма? – деді. Әйел жыланға: – Жоқ, бізге бақтағы ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ Құдай бақтың ортасында тұрған ағаштың жемісі жайлы: «Одан жемеңдер, әрі оған тиіспеңдер, әйтпесе өлесіңдер!» деген, – деп жауап берді (Жар. 3:1-3).

Біріншіден, жылан Құдайдың бұйрығына күмән келтіргенде, әйел «Бізге... жеуге болады» деп жауап берді. Сосын барып, Құдайдың не дегенін айтты. Бұл бұйрықтарды немесе ережелерді олардың авторынан емес, басқа біреуден, екінші кезекте естіген адамның жауабы. Бұл бұйрықты шығарған Құдайдың жүрегі мен ниетін түсініп, тура сондай ынтасы бар адамның жауабы емес.

Екіншіден, Хауаның жауабы Құдайдың бастапқы өсиетінен басқаша екенін байқаңыз. Ол: «Құдай: “Одан жемеңдер, әрі оған тиіспеңдер, әйтпесе өлесіңдер!” деген» деп қосты. Құдай оған тию туралы ешқашан ештеңе айтқан емес. Елестетіп көріңіз: Адам мен Хауа ана сансыз көп ағаштары бар осы үлкен

бақта серуендеп жүр. Бақтың ортасындағы ерекше ағаштың қасынан өткенде, Адам Хауаға бұрылып: «Жаным, мына ағашқа тимей-ақ қой» дейді. Адам бұл мәселеде Құдайдың жүрегі мен ниетін білді, бірақ Хауа білмеді, сондықтан ол Адамның айтқанын сөзбе-сөз қабылдады. Құдайдың Сөзін тікелей Құдайдың Өзінен емес, басқа біреуден естіген кезде не болатынын көріп тұрсыз ба?

Құдай Өзінің Сөзін Киелі Рухы арқылы бізге ашқанда, ол аян біздің бір бөлігіміз болады. Бұл кітапты оқығанда, уағыз тыңдағанда, Киелі кітапты өзіміз отырып оқығанда немесе сиынып жатқанда болуы мүмкін. Адам ата үшін Құдайдың бұйрығы оның айналасындағы барлық нәрселер сияқты шынайы болды. Ол Адамның болмысына еніп, жай ғана білім емес, Адамға тән ұстанымға айналды. Керісінше, біз Құдайдың бұйрығын естісек, бірақ ол бізге Киелі Рух арқылы ашылмаса, ол біздің бір бөлігіміз емес. Ол біз үшін жай ғана заң, ал «күнә өз күшін заңнан алады» (1 Қор. 15:56).

Хауа ағаш жайлы Құдайдан жеке сұрамаған шығар. Ол жай ғана Адамның айтқанын «бұл солай» деп қабылдады. Хауа үшін бұл ашылған білім емес, хабарланған білім болды. Осылайша, тек хабарланған білімі бар кісі алдауға оңайырақ ереді. Сол себепті жылан Адамды емес, Хауаны көздеді.

Хабарланған емес, ашылған білім – алдаудан сақтайтын біздің ең үлкен қорғанымыз. Қауымдағы көптеген адамдар амалсыздан заңшылдыққа беріліп кетеді, өйткені олар хабарланған білімді, нұсқауды немесе шектеуді ғана естіген. Бұл ата-аналардан, Киелі кітап ұстаздарынан, подкасттардан, әлеуметтік желілерден немесе дін кітаптарынан болсын, олар бір мәселеге келегенде, Құдайдың жүрегін білмейді. Білсе, Құдайдың Өзінен тірі сөзді естісе, олар алдаудан сақтанар еді. Олар заңның әрпін біледі, бірақ жүрек соғысы сияқты жаны бар сөзді білмейді. Олар тіпті бүкіл тарауды немесе бөлек аяттарды

жатқа айтады, бірақ Киелі Жазбаның тірі тынысын сезбейді.

Ондай адамдар тіпті семинарда немесе конференцияда естіген жаңа ілімімен бөліскенде ынта-жігермен сөйлейді. Дегенмен, олар қуанышпен бөлісетін нәрселерді жүзеге асыра алмайтын сияқты. Айтып тұрғандары жан-дүниелеріне еніп, болмыстарының бір бөлігіне айналмаған. Олар дұрыс сөздерді айтады, бірақ жеміссіз, Құдайдың өмірін жасауға қабілетсіз болып қалады. Бұлай болғанда, Құдайдың сөзінен алып-қосуға бейімділік пайда болады. Олар Құдайдың жолын түсінбегендіктен оңай алданып қалуы мүмкін.

Бәріміз «Бауырым, барлық жамандықтың тамыры – ақша!» дегенді көп рет естіген шығармыз. Бұл Құдайдың айтқаны емес. Ол: «*Ақшақұмарлық* – әр түрлі жамандықтың түп-тамыры» деді (Тім. 1-х. 6:10).

Егер барлық зұлымдықтың тамыры ақша болса, онда Исаның қызметі қате болған, өйткені Оның қазынашысы мен ақша қапшығы болған! Бір әйел бір жылдық жалақыға тұратын иісмай бөтелкесін сындырып, Исаның үстіне құйғаны есіңізде ме? Ақшаны жақсы көретін Яһуда бұны көріп, налыды, бірақ Жаратқан Ие оның наразылығын тоқтатып, әйелді мақтады (Жохан 12:3-7).

Бар жамандықтың тамыры – ақшаның өзі емес, оған деген құмарлық. Ол дегеніміз ақшаға қатысты зиянды қалау және тәуелділік. Ақшаның өзі зұлым дейтін заңи көзқарас адамдардың ақшаға деген қате ұстанымын қалыптастырады. Құдай ешқашан олай болсын демеген. Нәтижесінде олар қаржы саласында Құдайға ұнамды, берекелі түрде жұмыс істей алмайды. Бұл надандық олардың жүректерінде Құдай Сөзінің ашылмағанын растайды. Олар тек Құдайдың Сөзін басқалардан естүінше біледі және оңай алданады.

Сонымен, ашылған білімді қалай аламыз? Құдайды қастерлеу мен сүйіспеншілік жүрегімізде жанып тұрса, біз

Құдайдың алдында кішіпейілділікпен жүрсек, тірі сөзді білетін боламыз. Құдай былай дейді:

Ал Мен көз қырымды салатындар: күнәларына шын жүректен өкініп, сөзімді терең қастерлеп, іске асыратындар.
(Ишая 66:2)

Жаратқан Иенің Сөзін қастерлейтін адам бұйрықтың пайдасын көрсе де, көрмесе де Оған бірден бағынады. Ол Құдайды шынайы сыйлап, қадірлейтін адам. Тағы бір аятқа көз жүгіртейік:

«Иеміз Өзін қастерлейтіндерге сырын
Ашады және білдіреді Келісімін» (Заб. 25:14).

Енді Сүлейменнің өмірінің соңында айтқан сөзін жақсырақ түсінеміз: «Құдайды терең қастерлеп, Оның өсиеттерін орында! Себебі бұл – әр адамның парызы» (Уағ. 12:13). Құдай Өзін қастерлейтіндерге құпиялары мен жолдарын ашады. Жохан бұл туралы былай деді:

Осыны дұрыс жолдан *азғырушылардан* сақтандыру үшін жазып отырмын. Ал сендерге келсек, Құдайдан алған Киелі Рух өздеріңде қалады. Сол себептен сендерге жаңа ілім үйрететін біреудің қажеті жоқ, өйткені қажеттілердің бәрін де Киелі Рух үйретеді. Оның сендерге үйреткендері еш өтіріксіз [алдаусыз], шынайы, сондықтан Киелі Рухтың үйреткені бойынша әрекет ете беріңдер (Жоханның 1-хаты 2:26–27)

Бұл Құдайдың ашылған Сөзі бізді алдаудан қалай сақтайтынын көрсетеді. Хауаның тікелей Құдайдан алған, ашылған білімі болмағандықтан, ол соңы бағынбау болған өтірікке алданып қалды. Дәл осы себептен ол жыланның сөзіндегі қулық пен бұрмалауды байқамады.

ЖЫЛАН МҰНЫ ҚАЛАЙ ІСТЕДІ?

Әрі қарай жылжып, бір сұраққа жауап берейік: жылан әйелді қалай алдады? Оның жасырын шабуыл тактикасы қандай болды? Жауапты білу өте маңызды. Ойланып көріңізші: шайтан Хауаны қалай ғана алдай алды? Хауа өте тамаша ортада өмір сүрді. Ол бұрын-соңды билік тарапынан зорлық көрген емес. Оның әкесімен, бастығымен немесе қауымдағы қызметкермен қақтығысқа түсіп, ренжіген кезі болған жоқ. Ол жын-перілердің езгісінен ада, гүлденген бақта өмір сүрді. Оның білетіні тек Құдайдың игілігі мен ризығы болды. Хауа Құдайдың алдында жүріп, Онымен ашық сөйлесті. Сонда жылан Хауаны қалай алдады?

Құдайдың өсиетін еске түсірейік: «Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі одан жесең, сол күні өлесің» (Жар. 2:16-17).

Құдайдың игілігі: «Жеуге болады» деп рұқсат берді, ал билігі «Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің» деп шектеу қойды. Құдай олардың бір ағаштан басқа барлық ағаштардың жемісін жеуге еркіндігін атап өтті.

Бұл сүю және беруге қатысты Құдайдың болмысы. Құдай Өзімен қарым-қатынаста болуды және сол қарым-қатынаста қалуды таңдайтын серіктердің болуын қалады. Жаратқан Ие таңдау еркіндігі жоқ роботтарды қаламады. Ол өз еріктері бар, Өзінің бейнесінде жаралған перзенттерді аңсады. Тәңір Ие бір ағашқа қатысты шектеу қойғанда, адам нәсіліне Құдайдың Өзімен қарым-қатынаста болу немесе болмау таңдауын берді. Сайып келгенде, дәл осы қарым-қатынас адамзатты өлімнен қорғайтын еді. Бұл таңдау олардың еркін іске қосты. Адамдар сеніп, бағынар ма еді? Өсиет болмаса, таңдау да болмас еді.

Жыланның сөздерін мұқият қарап шығыңыз: «Енді жылан Құдай Жаратқан Ие жаратқан даланың кез келген аңынан да айлакер болды. Сонда ол әйелге: «Құдай Ие жаратқан жабайы

хайуанаттардың ішіндегі ең қуы жылан еді. Жылан әйелге сұрақ қойып: Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемендер деп шынымен айтты ма? – деді» (Жар. 3:1).

Жылан Құдайдың бұйрығының бұрмалаудан бастады. Осы арқылы ол Құдайдың ниетіне күмән келтірді. Шайтан Хауа ананы Құдайдың ізгілігі мен мінсіздігіне күмән келтіретін ойға бағыттап, торға түсірмек болды. Ол қолынан келсе, Хауаны Құдайдың билігіне қарсы қою оңай болар еді.

Жылан Құдайдың жомарттығын елемей, тек Оның тыйым салғанын көрсетті. Бақтағы миллиондаған әр алуан тамаша ағаштар жоқтай, ол жемісі зиянды жалғыз ағашқа нұсқады. Шайтан Құдайдың Адам мен Хауа үшін игі нәрсені жасырғанына меңзеді. Бір сұрақпен жылан қорғаныс үшін берілген жалғыз бұйрықты бұрмалап, жақсылықтың тежеліп отырғанын көрсеткісі келді. Ол: «Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемендер деп шынымен айтты ма?» – деп сұраған кезде сөзіндегі мысқылды естіп тұрсыз ба? Адам мен Хауа молшылықта жаратылды, оларға жетіспеген бірде-бір нәрсе болмады. Оларға барлық керектері берілген еді. Жылан Хауаның назарын бір-ақ тыйым салынған ағашқа аударды. Ол Құдайды «беруші» емес, «алушы» етіп көрсетті.

Жаратқан Иені әділетсіз етіп көрсету арқылы жылан Құдайдың билігіне шабуыл жасай алады. Шайтан ақымақ емес. Ол Құдайдың билігінің негізіне балта шабуға әрекет жасады. «Шындық пен әділдік – негізі тағының» (Заб. 96:2). Құдайдың тағы Оның билігін білдіреді. Егер шайтан алдау және бұрмалау арқылы Құдайдың әділ мінезін теріс қылып көрсете алса, Оны өтірікші етіп шығара алса, жаратылыс Оның билігіне күмән келтіруі мүмкін.

Жыланның сұрағына Хауана оны түзетіп жауап береді: «Жоқ, бізге бақтағы ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ Құдай бақтың ортасында тұрған ағаштың жемісі жайлы: «Одан жемендер, әрі оған тиіспеңдер, әйтпесе өлесіңдер!» деген» (Жар. 3:2–3).

Хауа жауап бергенде де, бұйрықтың астарында жатқан себепке ой жүгірткені ықтимал. Оның назары қазір ағашта. Хауа Құдайдың игілігіне күдіктеніп жатқан болар. Оның ойын елестете аласыз ба? «Ағаш сырттай жақсы көрінеді... Бұл ағаштың жемісін неге жей алмайды екенбіз? Оның қандай зияны болуы мүмкін? Жемісінің біз үшін соншалықты не жаманы бар?». Құдайдың ниетіне күмәнданған Хауа Құдайдың билігіне де күмәндануға дайын болды.

Жылан Құдайдың билігіне, шыншылдығына және мінсіздігіне нұқсан келтіру мүмкіндігін пайдаланып, Оның сөзіне батыл қарсылық білдірді: «Жоқ, тіпті де олай емес, өлмейсіңдер! Қайта, Құдай сендер осы жемісті жеген кезде көздеріңнің ашылатынын жақсы біледі. Сонда сендер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласыңдар!» (Жар. 3:4–5).

Өтіріктің шебері шайтан Құдайдың сөзін ашық жоққа шығарып, Хауаның өлмейтініне сендіру арқылы Хауа мен Адамның Құдайға деген адалдығын әлсіретуге тырысты. Ол тез арада ойын жалғастырды: «Сен өлудің орнына Құдайға көбірек ұқсайтын боласың. Жақсылық пен жамандықты өзің таңдай алатын боласың, өйткені даналығың артады. Сонда ешкімнің әділетсіз бұйрықтарына бағынудың қажеті болмайды».

КҮНӘ ПАЙДА БОЛҒАН СӘТТЕ ҚҰЛДЫҚ БАСТАЛАДЫ

Хауа ештеңе түсінбей, абдырап қалды. Ол: «Құдай бұл жемісті менен неге жасырғысы келеді?» деп ойлады. Ағашқа қайта қарап, жеміске енді басқа көзбен қарады. Жемісті жаман, зиянды емес, жақсы әрі жағымды көрінеді ғой. Хауаның ойындағысы: «Бұл жеуге тұрарлық сияқты және ең күштісі – бұл бізді дана етеді» деп ойлады.

Бұл ой Хауаны басқаның бәріне соқыр етті. Ол жалғыз ағашқа назар аударған соң, бақты толтырып тұрған мол жақсылықты ұмытып кетті. Ол былай ойлады: «Бұл ағаштың

бізге пайдасы бар, ал Құдай оны бергісі келмей тұр. Оның жемісін баяғыда жей алатын едік. Құдай неге оны жеуге рұқсат бермейді? Егер Ол бізден осы ағаштағы жақсылықты жасырса, тағы басқа нені жасырды?»

Құдайдың мінезіне, мінсіздігіне және ізгілігіне күмән тұса, оның үстіне ұсыныс ешқандай зиян келтірмейтінін қосса, онда Құдайдың билігіне мойынсұнуға себеп қалмайды. «Құдай мен бұрын ойлағандай Ізгі емес шығар. Тыйым салынған жемістің зияны жоқ сияқты. Құдайға неге бағынуым керек?». Хауаның еркі Құдай Әкенің еркінен маңызды болды. Хауа жеміске қолын созып, қолында ұстап көрді. Ештеңе болмады. Жыланның айтқаны дұрыс болса керек. Сосын Хауа жемісті татып, күйеуіне де берді.

Адам мен Хауа жемісті жегеннен кейін кенет көздері ашылып, олар өздерінің жалаңаштығын түсінді. Осы кезде ұят пен қорқыныш пайда болды. Олардың мойынсұнбауымен рухани өлім келді. Тән енді оларға үстемдік ететін күшті басшыға айналды. Құдай сөзіне күмәнданіп, алдау жолына түскен олар өз өмірлерін өтіріктің әкесіне ашты. Шайтан олардың зұлым қожасына айналды. Киелі кітапта жазылғандай: «Сендер білесіңдер ғой: егер біреуге бағынып, оның еркін орындасаңдар, онда сол қожайындарыңның құлы боласыңдар. Сол сияқты, сендер не мәңгілік өлімге апаратын күнәға құл боласыңдар, не Құдайға мойынсұнып, әділдікке қызмет етесіңдер» (Рим. 6:16). Өлім әміршісі олардың өміріне кіріп қана қоймай, сонымен бірге әлемге заңды үстемдік жүргізуге мүмкіндік алды, өйткені Құдай бұл әлемді адамзатқа берген болатын. Енді Адам оны Шайтанға тапсырды. Пауыл мұны былай түсіндірген: «бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады» (Рим. 5:12).

Адамзаттың Құдайға қарсы шығуына дейін өшпенділік, ашу-ыза, кешірімсіздік, дау-дамай, өсек-аяң, жемқорлық, алаяқтық,

бопсалау сияқтылар әлемде атымен болған жоқ. Жыныстық азғындық, нашақорлық, маскүнемдік, кісі өлтіру, ұрлық болған жоқ. Әйелге мен балаға зорлық көрсету болған жоқ. Ауру да, дерт те, кедейлік те болған жоқ. Табиғи апаттар мен індеттер адамзатқа белгісіз еді. Жануарлар әлемі үйлесімді өмір сүрді. Жер барлық жаратылысты басқарған Құдайдың еркіне сай тыныш болды.

Мойынсұнбау адамзатты мазалайтын қорқынышты мәселелерді тудырды және бұл тізім ұрпақ өткен сайын көбейіп, нашарлайды. Олардың бір ғана бағынбаушылық әрекеті заңсыздықтың құпия күшіне жол берді. Алдаудың кесірінен адам Құдайдың берген ризық-несібесі мен қорғауынан айырылды. Шайтанның бас көтергеніне ұқсас Адам мен Хауаның бағынбауы шайтанның билігі мен жоюына жол ашты. Ол Құдай сияқты болу, бірақ Оған бағынбау мүмкіндігін толық пайдаланды. Құдайдың жаратылысын құл ету арқылы ол өзін таққа отырғызды (Ишая 14:12–14).

БҮГІН ДЕ ЖАҒДАЙ ЕСКІШЕ

Шайтанның тәсілі бүгін де тұра сондай. Ол бізді Жаратқан Иенің билігіне қарсы қою үшін әлі де Құдайдың мінезін бұрмалағысы келеді. Жақыптың хаты мұны анық көрсетеді: «Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар: көктегі Әкеміз берген қай нәрсе де игі. Нұр шашқан аспан денелерін жаратқан Ол бізге Өзінің мүлтіксіз жарылқауын жаудырады. Аспан денелерінің көлеңкелері қозғала бергенмен, Құдайда ешқандай тұрақсыздық жоқ» (1:16-17).

Біз, сенушілер, Хауа сияқты заңсыздықтың құпия күшіне алданбасын дейді Жақып. Ол Пауыл сияқты бізді қорғағысы келді. Оның сөздерін мұқият тыңдап, жүрегімізде сақтайық. Құдайдың еркінен тыс жақсы ештеңе жоқ. Әлдене жақсы болып көрінуі мүмкін, бірақ ол Құдайдың еркіне сай келмесе, алданбаңыз, оның сіз үшін еш пайдасы жоқ.

Жақып тағы да қайталайды: егер Құдайдың нығметінен тыс жақсылық бар деп сенсеңіз, Хауа сияқты сізді де алдауға болады. Біз нені талқылағанымызды мұқият тыңдаңыз. Дәмі, сырт кейпі, беретін сезімі қаншалықты жақсы болса да, сізді қаншалықты бай, дана немесе табысты ете аласа да, егер ол зат Құдайдан болмаса, міндетті түрде ащы қайғы мен өкінішке апарады және ақырында өлім жолына түсіреді. Құдайдың ризығы мен қорғауы алдаудың кесірінен бұзылады. Әрбір мінсіз және жақсы сыйлық Құдайдан. Ол – игіліктің Қайнар көзі. Осы ақиқатты қабылдап, жүрекке орнатыңыз, сонда сырт кейіпке алданбайтын боласыз! Егер Хауа солай істесе, ол дұрыс жолдан таймайтын еді. Ол өз қалауын орындау үшін Құдайдың қамтамасыз етуінен тыс қарады.

Қате себеппен қате адамға тұрмысқа шыққандар қаншама? Құдай оларға ата-аналары немесе бағушылары арқылы ескерткен шығар немесе олардың жүректеріне тікелей сөйлеген шығар. Бірақ олар бұл дауысты басу үшін өз ақыл-ойларымен өздеріне ұнайтын түсіндірме шығарды. Бәлкім, олар жалғызсырап, өздеріне серік тапқысы келген шығар. Мүмкін, олардың таңдаған адамы көзге жағымды және шешім қабылдауда жақсы кеңес беретін шығар. Олар солайша Құдайдың еркінен өз еріктерін артық көрді және соның кесірінен үлкен зардап шекті.

Әрине, Құдай біздің қателіктерімізді өтей алады. Дәуіт Барсабияға үйленгенде күнә жасалса да, ол кейінірек Сүлеймен туылғанда өтелді. Алайда, Дәуіт мойынсұнбағаны үшін көп зиян шекті – ұлы патшаның үйін семсер қалдырған емес. Дәуіттің үш ұлы ерте немесе күштері ең тасып тұрған жас кездерінде қайтыс болды. Біздің мойынсұнуды таңдағанымыз мың есе артық.

Құдай адамдарды әртүрлі жерлерге жібереді. Өкінішке орай, адамдар Құдай жіберген жерлерінен – жұмыстарынан, қауымдарынан, қалаларынан билікпен келіспей кетіп қалады. Олар өмірлері тоқтап қалғандай сезінуі мүмкін немесе ол жерде болашақ жоқ деп ойлауы мүмкін. Көп ұзамай, кетуге мүмкіндік

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

туады және олар Киелі Рухтың растауынсыз кетіп қалады. Оның үстіне, Құдай тағайындаған жерден кетіп қалу көбінесе Жаратқан Иенің берген тазалығын бұзады. Олар: «Мен бұл жерде тым ұзақ бөгеліп тұрып қалдым. Басқа бірдеңе істеуім керек» деп ойлайды. Содан кейін өз пікірлерінше жақсы деп санайтын затты қуып, Құдайдың еркіне қарсы шығады. Ақырында қаржылық жағдайлары жақсарып, басқа да жетістіктерге жетуі мүмкін, бірақ олардың жүректері Тәңір Иемізбен жақын, ыстық қарым-қатынастан әлдеқашан алшақтап кеткен.

Жалпы алғанда, Құдайдың еркіне бағынбайтындар қаншама? Оларды жақсы, жағымды заттар баурап алып кетеді. Бәлкім, олар Құдай Сөзінен тыс өркендеу не табысқа жету жолын табатын шығар. Олар соған ұмтылып, белгілі бір уақытқа қызық табады. Бақытқа да кенелгендей болады. Құдай не нәрсеге «жоқ» десе, содан «жақсы» жағын табады. Олар Құдай тартымды немесе қызықты нәрселерді жасырады деп ойлайды! Олар: «Құдай менің қажеттіліктерімді түсінбейді» немесе «Құдай менің қалағанымды маңызды санамайды» деп ойлайды. Олар мінәжаттарына жауап алуға мерзім белгілеп алады да, сол мерзімде жауап ала алмаса, «Құдай сөзінде тұрмайды екен» дейді. «Неге күтуім керек? Мен жақсы және жағымды нәрсені қазір аламын!» деп Құдайдан алшақтап кетеді.

ИСАНЫҢ ОҚИҒАСЫ

Исаны қарастырайық. Ол қырық күн-түн айдалада сусыз, тамақсыз, жайлы орынсыз жүрді. Аштық қинағанда, ішін тесіп жібере жаздайтындай еді. Жақын арада тамақ пен су табылмаса, Ол өлетін еді. Бірақ бірінші кезекте не болды: қамтамасыз ету ме немесе азғыру ма?

Сол кезде шайтан Исаға сұрақ қоюға келді: «Егер Құдайдың рухани Ұлы болсаң, мына тастар нанға айналсын деп бұйыра гөр!» (Мат. 4:3). Жау тағы да Құдайдың анық айтқанына күмән келтірмек болды. Құдай Әке Иорданның жағасында Исаны Өзінің Ұлы деп

ашық айтты. Шайтан тағы да Құдайдың мінезін бұрмалап көрсетуге тырысып: «Егер сен Құдайдың Ұлы болсаң, Ол Сені неге аштықтан өлуге айдалаға апарды? Ол Саған керегінді неге бермейді? Бәлкім, өзіңді қамтамасыз ететін уақыт келген шығар? Қазір тамақ тауып жемесең, аштан өлесің. Тым кеш тамақтансаң, денең шыдамай кетеді, ауыр сырқатқа шалдығасың. Өзіңе қызмет ету үшін билігіңді пайдалан. Мына тастарды нанға айналдыр», – деді.

Иса шайтанның айласына көнбей, Құдайдың ризығын күтті. Мәсіх дұшпанның тәсіліне санасын ашқан жоқ. Исаның Құдай жайлы түсінігі бұрынғыдай қала берді, шайтан оны өзгерте алмады. Әкесі Ұлының қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, Иса оны анық білді. Дәл қазір шыдау өте жағымсыз болса да, Мәсіх Құдайдың билігіне бағынды.

Шайтанның «істі өз қолыңа ал» деген айласы іске аспаған соң, «әзәзіл шайтан Оның қасынан кетіп қалды. Сол сәтте періштелер келіп, Исаға қызмет көрсетті» (Мат. 4:11). Неліктен? Еврейлерге арналған хаттың авторы Исаны былай сипаттайды: «Сонымен қатар Мәсіх жер бетінде жүргенде Өзін өлімнен құтқаруға құдіреті жететін Әкесіне қатты дауыстап сиынып, көз жасын төгіп жалбарынды. Мәсіх Әкесін терең қастерлегендіктен мінажаты қабыл болды. Құдайдың рухани Ұлы бола тұра, Мәсіх ауыр азаптар шеккен кезінде де Әкесіне мойынсұнуға үйренді» (Евр. 5:7-8). Иса Құдайды терең қастерлегендіктен, Жаратқан Ие Оның мінәжатын естіді. Иса Әкесінің ізгілігіне күмәнданбады. Исаның басынан өткерген азғыру мен азап көбімізге қарағанда әлдеқайда ауыр. Соған қарамастан, мойынсұну қиындыққа апарса да, Иса мойынсұнуды таңдады.

Бұл Адам мен Хауаның істегенінен басқаша. Исаның танытқан бағынуы мен мойынсұнуы дұшпанның Оның өміріне деген барлық жолын жауып тастады. Иса былай деген: «осы күнәкар дүниенің әміршісі (шайтан) жақындап келе жатыр. Оның билігі Маған жүрмейді. Бірақ осы дүние Менің

көктегі Әкемді сүйетінімді білсін деп Әкемнің тапсырмасын орындаймын» (Жохан 14:30-31).

Иса, Адам атадан өзгеше, Құдай Әкеге толық мойынсұнуда жүрді. Оны барлық іс-әрекеті Құдайға бағынудан туындады. Шайтанның Оны тұзаққа түсіру үшін еш амал таппады. Дәл осы себепті бізге мынадай өсиет берілген: «Онымен [Исамен] қатынаста тұрмын дейтін кісі Иса Мәсіх қалай өмір сүрген болса, солай өмір сүруге тиіс» (Жоханның 1-хаты 2:6). Ол – біздің үлгі-өнегеміз. Күнәнің құнын төлеп, жүруімізге жол ашқан да Ол. Енді біздің тағдырымыз – бірінші Адамның жолына түсіп, оның заңсыздығын жалғастыру емес. Енді біз соңғы Адамның мойынсұну жолымен жүре аламыз, әрі осыған керек күш бізге берілген.

Киелі кітаптың *The Message* аудармасы былай дейді:

Бәрін тастап, жүгір. Құдайға мойынсұнуды ешқашан тоқтатпа! Артық рухани май мен паразиттік күнәдан арыл. Біздің жарысты бастап, аяқтаған *Исадан* көзіңді алма. Оның қалай жарысқанын зертте. Иса қайда бара жатқанын ұмытқан емес. Оның көздеген соңы – Құдаймен бірге болатын керемет мәңгілік өмір. Сондықтан Ол жол бойындағы барлық нәрсеге: айқышқа, ұятқа, кез-келген қиындыққа төзе алды. Енді Ол Құдайдың қасында, құрметті жерде. [Мойынсұнуда] әлсіреп жатқаныңды сезсең, Исаның қалдырған тарихына қайта орал. Оның қиындықтың қалың қабатын қалай тесіп шыққанына қара. Бұл рухыңды жандандыратын болады! (Евр. 12:1–3)

Ойымның қорытындысы осы. Алғашқы Адамның құлауынан сабақ ал, соңғы Адамның мойынсұнуынан қалмай ілесіп отыр.

Келесі тарауда мойынсұнбаудың салдарын қарастырамыз. Салдар әрдайым бірден байқалмаса да, міндетті түрде орындалады. Мойынсұнбау анық ашылғаннан кейін, сіз оны сезген бойда түбірімен жоятын боласыз.

БЕСІНШІ ТАРАУ

БАҒЫНБАУДЫҢ САЛДАРЫ I

*Сенім мен мойынсұну бір-бірінен
ажырамайды, өйткені мойынсұну –
шынайы сенімнің дәлелі.*

Мойынсұнбау әртүрлі салдарға әкеледі. Мойынсұнбаудың әсері әрқашан бірден танылмайды, әп-сәтте айқын болмайды. Бірақ себілген тұқым егін беретін сияқты, мойынсұнбаудың әсері адамды ертелі-кеш қуып жетеді. Жаудың мақсаты – мойынсұнуға деген жеңіл-желпі көзқарас қалыптастыру. Сонда біз оның маңызын жете түсінбей, шайтанның айласына сеніп қаламыз.

Кейбір адамдар бейсаналы түрде: «мен мойынсұнбағанымның құнын төлеймін, бірақ сонымен бірге пайдасын да көремін» деп ойлайды. Бұл пайымдау өздеріне айқын болмаса да, олар пайда зияннан асып түседі деп санайды. Бұл алдамшы және өте қауіпті ой қаншалықты кең таралғанына таң қаламын. Заңсыздықтың нағыз құпия күші – осы. Келесі үш тарау сіздің жүрегіңізде мойынсұнбауға ешқашан жол беруге болмайтынын бекітеді деп шын жүректен үміттенемін және дұға етемін.

АДАМНЫҢ ҰЛДАРЫ

Адам атаның тұңғышы Қабылдың әңгімесінен бастайық. Қабыл егіншілікпен айналысқан. Оның інісі, Адамның екінші ұлы Әбіл қойшы болған. Уақыт өте Қабыл Жаратқан Иенің алдына жердің жемісінен тарту әкелді, ал Әбіл өзінің отарындағы тұңғыш төлін әкелді. Жазбадан мынаны оқимыз: «Жаратқан Ие Әбілге және оның құрбандығына ризашылықпен қарады, бірақ Қабылға және оның ұсынған тартуына риза болмады» (Жар. 4:4–5).

Қосымша ескертпе ретінде келесі сөзді айтқым келеді. Қазіргі таңда қауымдарда жиі естілетін «Қалай келсең де, Құдай сені ризашылықпен қабылдайды» деген сөз бар. Оны жоғарыдағы үзіндіге сүйеніп жоққа шығаруға болады. Ол сөзді сәл өзгертсек, дұрыс болады: «Тәубе етсең, Құдай сені кез-келген күйіңде қабылдайды!». Анани мен Зәпираның оқиғасы есіңізде ме? Олар Құдайдың алдына күнә жасап келгенде, тұрған жерлерінде көз жұмды (Елшілердің істері 5:1–11).

Құдай Қабылдың тартуына риза болмады. Оның үстіне Құдай Қабылдың өзіне риза болмады! Бұл Жаратқан Ие Қабылдан, Қабылдың тағдырынан біржола теріс қарады дегенді білдірмейді. Алайда, қазіргі қауымда бар Құдайдың сөзсіз қабылдауы туралы ілім дұрыс емес. Шын мәнінде, бұл қауіпті, өйткені ол жүрегімізден Жаратқан Иені қастерлеуді жояды. Жаратқан Иені терең қастерлеу бізді қорғап, күнәдан арылтады (Мыс. ш. 20:20). Анани мен Зәпираның өлімінен кейін Киелі кітап былай дейді: «Бүкіл сенушілер қауымын және мұны естіген басқалардың бәрін де қатты үрей биледі» (Елшілердің істері 5:11). Бұдан былай мойынсұнбау болмашы, маңызсыз нәрсе емес!

Адамның екі ұлы туралы әңгімені түсінікті болу үшін қазіргі тілмен мазмұндап бергім келеді. Қабыл мен Әбіл Жаратқан Иеге табынатын үйде өсті. Екеуі де Жаратқан Иеге құрбандық әкелді. Құрбандық олардың өмірлерін бейнелейді. Киелі кітап

біздің өмірлеріміз Құдайға тартылған тірі құрбандық болсын дейді (Рим. 12:1). Құдайдың алдынағы құрбандық – біздің Құдайға деген қызметіміздің белгісі. Демек, Әбіл Құдайға қызмет етті, ал Қабыл күнәкар болып өмір сүрді дей алмаймыз. Қабыл казиноларда, клубтарда қыдырған жоқ, маскүнемдікке, нашақорлыққа салынған жоқ, қауымға барудан қашқан жоқ. Қабылды Құдаймен шаруасы жоқ адаммен шатастырмаңыз. Қабыл мен Әбілді бүгін кездестірсек, екеуін де Құдайға бағышталған сенушілер деуші едік.

Екеуі де Жаратқан Иеге құрбандық әкелу үшін тынбай еңбек етті. Шындығында, Қабыл Әбілге қарағанда көп жұмыс істеді деп те айта аламыз. Мен егіншілік пен мал бағу туралы аз білемін, бірақ мал бағуға қарағанда, егіншіліктің қиын екенін түсінемін. Мал бағудың таңертеңгі және кешкі жұмысы көп, бірақ әдетте қызып тұрған шаңқай түсте ағаштың саясында демалып, салқындап алуға болады.

Егіншілік еңбекті көп қажет етеді. Қабылдың тартуы Құдай қарғаған жерге маңдай терін төгіп, еңбек ету арқылы әкелінген болатын (Жар. 3:17–19). Қабыл жерді тастардан, дүбірлерден және басқа да қоқыстан тазартты. Сосын жер жыртып, өңдеді. Егін екті, суарды, тыңайтқыш септі, егінін қорғады. Ол Құдайдың алдына құрбандық әкелу үшін көп күш жұмсады.

ҚҰДАЙ ҚАБЫЛҒА НЕГЕ РИЗА БОЛМАДЫ?

Құдай Қабылдың қанша еңбектенгенін білсе де, оның тартуын неге қабылдамады? Жауапты ата-анасынан табамыз. Әдем бағында Құдай жаратқанның бәрінің өз жамылғысы болды. Жануарлардың терісі, балықтардың қабыршақтары, құстардың қауырсындары болады. Табиғатта джинсы киетін ақ аю жоқ. Оған қосымша жабыну қажет емес.

Адам мен Хауа да тұра солай еді. Олардың ешқандай киімдері, жабынулары болған жоқ. Құдай оларға «құрмет пен салтанатты

тәждей сыйлады» (Заб. 8:6). Әлдене «тәж» сияқты болса, ол адамды «айналып немесе қоршап тұр» деген сөз. Адам мен Хауада киімнің орнына құрмет пен салтанат болды, олар сонымен жабынды. Құдайдың оларға берген даңқы соншалық, ол тәндік жалаңаштықтарын жасырды. Осы себепті Жазбада былай делінген: «Адам мен оның әйелі жалаңаш еді, ал олар бұған ұялған жоқ» (Жар. 2:25). Олар ұялып өмір сүрген жоқ. Керісінше, олардың өмірі Құдайдың алдында болды. «Киім керек» деу ойларына келген де емес, өйткені бұл киімнің қажеті жоқ-тын.

Адам мен Хауа мойынсұнбаған сәтте жағдай өзгеріп кетті. Мойынсұнбауға дейін олардың рухтары толығымен үстемдік етті, ал күнә жасағаннан кейін тән әмір ететін болды. Олар тыйым салынған жемісті жегеннен кейін Жазбада жазылған алғашқы сөз мынау: «Сол кезде екеуінің көздері ашылып, өздерінің жалаңаш екенін білді» (Жар. 3:7). Негізгі сөз – білді. Адам мен Хауада бұрын болмаған білім пайда болды.

Жақсылық пен жамандықты танудың қағидасы – дұрыс пен бұрысты біліп өмір сүру. Күнәға дейін олардың іс-әрекеттері жақсылық пен жамандықты немесе дұрыс пен бұрысты айыра білуге емес, Құдай туралы білгендеріне негізделді. Олар сенім мен сүйіспеншіліктен туған мойынсұнумен өмір сүрді. Дұрыс пен бұрыс олардың санасында емес, Құдайдың қолында болатын. Келесі үзіндіні мұқият оқыңыз:

Құдай – Қорғанымыз жартастай мықты,
Мүлтіксіз Оның іс-әрекеттері,
Барлық жолдары Оның әділетті,
Құдай сенімді, жоқ еш жалғандығы,
Әрдайым Ол әділ әрі шынайы! (Заң. қ. 32:4)

Адам мен Хауа Құдаймен толық келісімде, үйлесімді өмір сүрді. Әрбір сәтте олар Құдайдың құзырын сезді. Кез-келген мәселеге қатысты Құдайдың көзқарасын білді. Жақсылық

пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін татқанда, олар жақсылық пен жамандық туралы білімнің жаңа көзін тапты. Ол Құдайдан тыс көз еді. Біз мұны пайымдау принципі деп атай аламыз. Адам мен Хауа енді Құдайдың басқаруына мұқтаж болмады. Олар жақсы мен жаманды өздері ажырата алатын болды. Сондықтан алғашқы күнә жасалғаннан кейін Құдайдың оларға қойған бірінші сұрағы «Саған жалаңашсың деп кім айтты?» болды (Жар. 3:11).

Құдай сұрақ қойғанда, ақпаратты іздемейді. Ол сізді Өзі айтып жатқан нәрсеге тартады. Құдай олардың ағаштан жегендерін білмеді емес, білді ғой. Олардың өзіндік жаңаша білімдері пайда болғанын да білді. Олар мойынсұнуды пайымдаумен алмастырды. Құдай басқа сөзбен айтқанда, былай деді: «Ендеше, сендер дұрыс пен бұрысты Менен тыс ажырата білесіңдер. Жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жегендерің анық».

Мойынсұнбағаннан кейін олар жалаңаш жерлерін інжір жапырақтарымен немесе *жердің жемісімен* жапты. Үстеріне жамылғы жапса да, олар жалаңаш сезініп, жасырынып жүрді. Сонда Құдай: «Саған жалаңашсың деп кім айтты?» – деп сұрады. (Жар. 3:11). Жақсылық пен жамандықты айыруды жаңадан білген олар өздеріне дұрыс көрінген нәрсені істесе де, ол қанағат әкелмеді. Өз қолдарымен жасалған «киім» Құдайдың жолы емес еді. Құдай Өзі дұрыс санайтын жамылғы жасау үшін жазықсыз жануарды өлтіріп, Адам мен Хауаның үстіне жануардың терісін жапты. Солайша Ол жалаңаштықтың құрбандығын көрсетті. Бұл жердің жемісі емес, Құдайдың әдісі еді.

Әдем бағында Адам мен Хауа Құдайдың нені дұрыс деп табатынын білмеді, бірақ Қабыл мен Әбіл үшін ол белгілі зат еді. Ата-аналары оларға Құдайға ұнамды құрбандықты үйреткен. Сондықтан Қабыл *жердің жемісінен* тарту әкелгенде, бұл тағы да жарамайтын құрбандық болып шықты. Қабыл

Құдайға өзінің қалағанынша қызмет еткісі келді! Ол інісі Әбіл сияқты балаша мойынсұнудың тазалығымен емес, ақыл-ой арқылы және дұрыс пен бұрысты ажыратып әрекет еткісі келді. Дегенмен, Құдайға мойынсұнудың орнына өз пайымдауыңа сүйену – қарғысқа ұшыраған жердің әдісі.

КҮНӘҒА ЖОЛ БЕРМЕ

Жазбада былай делінген: «Құдайға сенгендіктен Әбіл Оған арнап Қабылдікінен гөрі тиімді құрбандық жасады. Сенімі арқылы Әбіл ақталды, өйткені Құдай оның ұсынған сый-тартуларын ұнатып қабылдады. Әбіл өлтірілген болса да, оның сеніммен істегені әлі де үлгі болып келеді» (Евр. 11:4). Жаңа өсиет жазушысы Әбілдің мойынсұнуын сеніммен теңестірді. Біз болашақ тарауда мойынсұну шынайы сенімге негізделетінін және шынайы сенімге тең екенін білетін боламыз. Шынайы сенім дұрыс пен бұрыс деген сезімнен гөрі мойынсұну арқылы әрекет етеді.

Қабыл өзінің құрбандығы Құдайға ұнамсыз екенін түсінгенде, «қатты ашуланып, қабағын түйіп безеріп алды» (Жар. 4:5). Бұл екіжүзді діндар адамның шындықпен бетпе-бет келген кездегі мінезі. Ол ашуланады. Мұны Жазбаны оқи отырып анық көресіз. Ашу тәкаппарлықтан өршиді, ал тәкаппарлық өз еркін бәрінен жоғары қойып, Құдайдың еркінен, Құдайдың жолынан бас тартады.

Құдай Өз мейірімімен Қабылдың ашуын басуға тырысты: «Сен неге ашуланасың? Неліктен қабағыңды түйіп безересің? Егер істегенің дұрыс болса, онда сені қабылдар едім». (Жар. 4:6-7). Құдайдың алдында дұрыс істеу дегеніміз – мойынсұну. Ол құрбандыққа қарағанда мойынсұнуды көбірек қалайды. Ол талай рет өз халқына әндері мен аспаптарын тастап, құрбандық шалудан бас тартуды бұйырды. Неліктен? «Себебі Мен шақырғанда ешқайсысы жауап бермеді, Мен тіл қатқанда олар сөзіме құлақ аспады» (Ишайя 66:4). Олар құрбандық

шалды, бірақ Құдайдың айтқанын тыңдамады және Құдайға мойынсұнбады. Ғибадаттың ең жоғары түрі – мойынсұну.

Осыны біле отырып, біз Жаратылыстың басталуы кітабындағы аятқа «істегенің дұрыс болса» дегеннің орнына «Маған мойынсұнсаң» деген сөзді қоя аламыз. Мағына өзгермейді. Онда Құдай, шамасы, былай деген: «Қабыл, неге ашуланасың? Ашуланудың қажеті жоқ. Осыдан сабақ ал. Егер сен інің Әбіл сияқты Маған мойынсұнсаң, Мен Әбілдің құрбандығын қалай қабылдасам, сені де, құрбандығыңды да қабыл етемін».

Жаратқан Ие былай ескертті: «Ал істегенің дұрыс болмаса [мойынсұнбасаң, өзіңнің дұрыс деп тапқаныңмен ғана жүре берсең], онда босағанды күнәнің жағалағаны: күнә сені иемденуге құштар, бірақ сен оған жол бермеуің керек» (Жар. 4:7). Мұнда екі нәрсеге назар аударыңыз. Біріншіден, күнәнің (мойынсұнбаудың) құштарлығы бар. Заңсыздықтың әміршісі шайтан – мойынсұнбаудың артында тұрған күш. Адам ата бұл күшке кіруге рұқсат бергенде, ол тек бір мақсатты көздеді: барлығын басып алып, басқару. Бұл біздің атмосфераға өте көп мөлшерде радиоактивті газдарды шығарған зұлым ғалымға ұқсайды. Ғалым барлық жерде болса алмаса да, оның шығарған улы газы барлық жерге кіріп кетеді. Ол өлтіретін жойқын күшті қозғалысқа келтірді. Бұл қауіпті газдан қорғалған жалғыз адамдар – қорғаныс маскаларын кигендер болады. Жазба өте анық былай дейді: «Біз Құдайданбыз, бірақ бүкіл дүниеге шайтан билігін жүргізіп отыр, бұны білеміз» (Жоханның 1-хаты 5:19).

Бұған түсінудің тағы бір жолы – күнәнің құмарлығын тартылыс заңымен салыстыру. Бұл әрқашан болатын және барлық материяға әсер ететін тұрақты күш. Ғимараттың төбесінен түссеңіз, тартылыс заңының әсерімен тез-ақ ең төменгі нүктеге жетіп барасыз. Биіктен құлағыңыз келмейтін де шығар немесе тартылыс заңын білмейтін, оған сенбейтін де шығарсыз. Дегенмен, одан қашып құтыла алмайсыз.

Бір күні ғалымдар тағы бір заңды – көтергіш күшінің заңын ашты. Олар белгілі бір жағдайда тартылыс заңының орнына көтергіш заңы әрекет ететінін білді. Өнертапқыш адамдар көтергіш заңына сүйеніп, ұшақ жасап шығарды. Ұшақпен ұшқанда, сіз тартылыс заңынан бос деңгейдесіз және тартылыстың ең төменгі нүктесіне түспейсіз. Киелі кітапта былай делінген: «Себебі Иса Мәсіхпен тығыз байланыстырып, жаңа өмір сыйлаған Киелі Рух мені күнәлі құмарлық пен рухани өлімнің күштеуінен азат етті» (Рим. 8:2). Қандай керемет жаңалық!

Мен іссапармен әр түрлі жерлерге жиі ұшып барамын. Ізгі хабарды бүкіл әлемге отыз жыл жариялап келемін. Осы уақыттың ішінде мен он миллион мильге жуық жол жүрдім. Ұшаққа отырғанда, көтергіш заңы мені тартылыс заңынан босататынын ойлап, мәз боламын. Алайда, егер пилот моторларды өшірсе немесе ұшақтың қанаттары түсіп қалса, ұшақ тартылыс заңына толықтай бағынатын болады. Ол жағдайда ұшақ үлкен жылдамдықпен бірден төмен құлайды. Онда тартылыс заңына бағынбаймыз деп масайраудың орнына, тартылыс заңының бізге үстемдік жүргізгенін сезуші едік.

Жазбада әрі қарай сол тарауда былай делінген: «Сондықтан, қымбатты бауырластар, ескі күнәкар болмысымыздың еркімен өмір сүруге міндетті емеспіз! Өйткені егер оның еркіне сай өмір сүрсеңдер, Құдайдан ажырап, мәңгілік өлімге ұшырайсыңдар» (Рим. 8:12–13). Өмір Рухының заңы бізді күнә заңынан азат еткенімен, күнә заңы өзгеріссіз қалады. Біздің қорғанысымыз немесе күнәдан еркіндігіміз шынайы сенімнен, яғни жүрегімізден шыққан мойынсұнудан туындайды.

«Өмір Рухының заңы» «сенім заңы» деп те аталады (Рим. 3:27). Сенім заңы күнә заңынан басым екенін білеміз. Шынайы сенім дегеніміз – мойынсұнудан туындаған істер (Жақып 2:19–23). Сенім мен мойынсұну бір-бірінен ажырамайды, өйткені мойынсұну – шынайы сенімнің дәлелі.

Әбіл сенім арқылы немесе Құдайға мойынсұну арқылы күнә мен өлім заңын меңгерді. Қабылмен сөйлескенде Құдай ескертті: күнә сен үшін құштар (тартылыс күшінің кез-келген затқа «құштарлығы» немесе әсері іспетті). Маған мойынсұнсаң, оны меңгересің (көтергіш күш тартылыс заңын «жеңетіні» сияқты). Күнә мойынсұну арқылы басқарылады.

АШЫҚ ЕСІК

Құдайдың Қабылға айтқан екінші ойы: «Ал істегенің дұрыс болмаса [Маған мойынсұнбасаң], онда босағаңды күнәнің жағалағаны» (Жар. 4:7).

Назар аударыңыз, Жаратқан Ие «босаға» сөзін қолданған. Әр адамның өмірінде ауыспалы мағынадағы босаға бар. Сіз білсеңіз де, білмесеңіз де, ол бар. Бұл босаға сіздің өміріңізге есікті білдіреді. Бұл жағдайда ол күнә мен жын күштің кіретін жері. Құдай күнәға және жын-перілердің ықпалына ол есікті не ашатынын және оны не жауып тастайтынын басынан айтты. Мойынсұнбау оны ашады, ал мойынсұну оны жауып тастайды.

Қабылдың оқиғасында не болды? Ол өзінің даналығы мен пайымдауына нық сенді. Оның жүрегіне қызғаныш кіріп, артынан реніш пайда болды. Содан кейін жек көрушілік пайда болды. Кісі өлтіру алдын ала ойластырылған еді. Көп ұзамай Қабыл інісін ашуланып өлтірді. Ол сотқар мінез танытып, Құдайды қастерлеуді жоғалтты. Ол Жаратқан Иенің інісі туралы сұрағына қыңырланып жауап берді: «Білмеймін, мен інімнің күзетшісі ме едім?» (Жар. 4:9). Қабылдың ұстанымы осыдан-ақ білінеді. Інісінің қанын төккен Қабыл Құдайға өтірік айтты.

Кез-келген адам Құдай Әбілдің қайда екенін білетінін түсінеді, бірақ біреу пайымдауға бет бұрып, мойынсұнбай кеткенде солай болады. Ол рухани нәрселерді түсінуден айырылады. Ол Құдайдың бейнесін өзінің деңгейіне және шектеулеріне дейін төмендетуге тырысады және өзін Құдай

сияқты, немесе кейде Құдайдан да дана деп елестетеді. Ондай адамның есі ауысады. Шайтан мұның тамаша мысалы. Зұлымдықтан туған пайымдаудан ол Құдайдан жоғары самғайтынына сенді. Қандай ақымақтық! Соған қарамастан көптеген адамдар сол ескі алдамшы жолға түсті (Ишая 14:12–17).

Егер сіз Қабыл мен Әбілмен дос болып, оқиғаны толығымен білмесеңіз, болған жағдайға таң қалатын едіңіз. Құдайға ынтамен қызмет еткен адам қалайша кісі өлтірушіге айналуы мүмкін? Бұл қалай? Ол мойынсұнбауды тоқтатпағаннан жан-дүниесінің есігін күнә заңына ашты. «Оларға бір дюйм берсеңіз, бір миль алады» деген сөзді білесіз бе? Ол бағынбау заңын тамаша сипаттайды. Егер өміріңізді бағынбауға сәл ғана ашсаңыз, бұл бөгеттегі жарықшақ сияқты. Бірақ, ақыры судың күші бөгетті тасқын сияқты жарып шығады.

Мен отыз жылдан астам Ізгі хабарды уағыздау ету құрметіне ие болдым. Осы уақыт ішінде мен бұл заңның сансыз оқиғаларына куә болдым. Құдайдың ісі үшін отқа түсуге дайын адамдарды көрдім. Олар өз қауымдарында белсенді және Иса туралы басқаларға үнемі айтып отырады. Олар ынтамен бастаған Қабыға ұқсайды. Бірақ уақыт өте келе олардың Құдайға еркіне қарсы келетін ниетін ашатын жағдайлар туындайды. Бұл, Қабылдың әңгімесіндей Құдайдың тікелей билігі арқылы болуы мүмкін немесе тағайындалған билік арқылы іске асуы мүмкін. Қалай болғанда да, жағдайдың әрқашан билікке қатысы бар сияқты.

Жүректеріңде от жанып бастаған қызметкерлердің Құдайдың билігіен бағынудан бас тартқанын және өзімшіл табандылық танытқанын көрдім. Өте қысқа уақыт аралығында олардың өмірі заңсыздықтың тасқынына ұшырайды. Олар кісі өлтірмесе де, заңсыздық басқа нәрсе арқылы көрініс табады. Ол міндетті түрде солай болады. Бәлкім, ашкөздік, өшпенділік, ашу-ыза, кешірмеушілік, жанжал, өсек, жыныстық күнә немесе

құлдықтың басқа да сансыз түрлері олардың тәндерін басып алады. Көбінесе бұл алданған және ренжіген күйде олар өздерін Құдайдың алдында дұрыс деп елестетеді, ал биліктің барлығын шектен тыс қатал, тым заңшыл немесе өмірді түсінбейді деп санайды.

Қабылдың жағдайына ұқсас оқиғаларда олар Құдайдың тікелей билігіне қарсы шықса, Құдайдың бейнесін, билігін және күшін өздері басқаратындай деңгейге дейін төмендетеді және осылайша барған сайын менсінбейтін болады. Олар Исаны Ием деп мойындайды, бірақ шын мәнінде өздерінің кескіні бойынша жасалған «Исаға» қызмет етеді. Соны сезбестен, олар өз ойларын Құдайдың тағы мен билігінен жоғары қояды. Қалай болғанда да, жүректеріндегі алдау оларды өздерінің шынайы күйлеріне соқыр етеді.

Егер Қабылға жас кезінде, жүрегі жұмсақ, Құдайға қызмет етіп жүрген кезінде: «Бір күні сен туған ініңді өлтіресің» деп айтсаң, ол шошып: «Бұл мүмкін емес. Мен мұны ешқашан жасамас едім!» деп жауап берер еді. Сонда да, кейінірек Қабыл заңсыздыққа бет бұрып, бұрын ойына келмеген нәрсені жасады.

Қауымдағы және қауымнан тыс адамдар да бір күні Құдайдың алдында тұрып, заңсыздықтары үшін сотталады. Егер олардың өмірі қалай өткенін мұқият қадағалай алсаңыз, сотқа қалай түскенін түсіне алмас едіңіз. Қазірдің өзінде заңсыздық олардың түсіне де кіріп шықпайды, бірақ қиямет күні ақиқат ашылғанда олар: «Мен қалайша Құдайға мойынсұнудан сонша алыстап кеттім?» деп таң қалады. Жауабы қайғылы: олар Жаратқан Иенің қорғанысы астында болуды жақсы көрмеді және қабылдамады.

Алданған адамдардың бір ғана үміті бар: Құдайдың мейірімі олардың көздерін ашады. Тәңір Иенің ақиқатының нұры алдаудың қара түнегін сейілтеді. Менің жүрегімнің қалауы және бұл кітаптың мақсаты – адамдарды

заңсыздықтың алдамшы күшінен қорғау, ал оның құрсауында қалғандарға шындықтың нұрын ашу және осылайша оларды босату. Мен бұл хабарды бүкіл әлемге уағыздадым. Залдағылардан «Қайысыңыз мойынсұнбауға еріп кеттіңіз?» деп сұрасам, әрдайым жартысынан көбі қолдарын көтереді. Басым көпшілігі: «Ақиқатты естігенге дейін, жүрегімде бағынбау бар екенін білмеппін» деп мойындайды.

Мен де мойындаймын, бұл кітапты заңсыздықтың құпия күшіне ешқашан алданбаған адам ретінде жазбаймын. Жоқ, мен оның қорқынышты құшағында болдым және Құдай өз мейірімімен менің жүрегім мен жолдарымның қателігін ашты. Мен сіздермен өзім білетін нәрселермен және Құдайдың мені неден сақтап қалғанымен бөлісемін. Мейірімділігі үшін Жаратқанға мың алғыс!

Құдай біздің көзімізді мойынсұнбаған тұстарымызға рақымдылықпен ашуға тырысады, бірақ Қабыл сияқты, біз алдымен кішіпейіл болмайынша, шындықты көре алмаймыз. Келесі тарауда құтқарылуда кішіпейілділіктің қаншалықты маңызды екенін және сонымен бірге менмендіктің өлімге әкелетін салдарын көреміз.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

БАҒЫНБАУДЫҢ САЛДАРЫ II

*Жартылай мойынсұну Құдайдың алдында
мүлде мойынсұну емес.*

Исраилдің бірінші патшасы Саулдың өмірі бізге мойынсұнбаумен ойнағанда не болатынын айқын көрсетеді. Оның трагедиялық оқиғасы сенушілерге көптеген маңызды сабақтар береді. Иеміздің Саулға айтқан сөзінде маңызды кілттер бар. Оның өміріне көз жүгіртсек, Құдайдың билігіне толық мойынсұнбаудың рухани салдарын өте нақты көре аламыз. Шындықты естуге дайын болсақ, бұл ақиқат бізді нығайтады және Саулдың өмірі бізге пайдалы нұсқау мен ескертуге айналады. Құдайдың Сөзін еске түсірейік: «Киелі жазбалардағы осындай сөздердің бәрі бізге тәлім болсын деп ежелде жазылып қалдырылды» (Рим. 15:4) және «Ата-бабаларымыздың бастарынан кешкендері өзгелерге үлгі болып, бізге ескерту ретінде жазылып қалдырылды» (Қор. 1-х. 10:11).

ІШІНАРА МОЙЫНСҰНУ

Исраилдің аға пайғамбары Самуил Құдайдың аузынан шыққан өсиетпен Саулға барған тұсынан бастайық. Ол Саулға

айтылған сөздің барлығын мұқият орындауды ескертіп, былай деді: «Енді барып, амалектіктерді шап! Олардағылардың бәрін (Маған бағыштап) түгелімен қырып-жой! Еш аямастан еркектері мен әйелдерін, балалары мен нәрестелерін, ірі қара мен ұсақ малдарын, түйелері мен есектерін құрт!» (Пат. 1-ж. 15:3). Бұйрық тікелей және өте нақты болды. Амалектіктердің ешқайсысы – адам болсын, хайуан болсын – тірі қалмау керек еді. Тірі жанның бәрі жойылуы керек.

Саулдың жауабын қарайық. Ол: «Мен мұны орындай алмаймын... бұл тым қатыгез!» деген жоқ. Көбінесе біздің мойынсұнбау туралы түсінігіміз тек айқын, ашық бағынбаумен шектеледі. Бірақ, мұның шындыққа жанаспайтынын жақын арада көреміз. Саул ашық қарсылық көрсеткен жоқ. Алдымен келісіп, содан кейін ойын өзгерткен де жоқ. Ондай мойынсұнбауды көбіміз түсінер едік. Сондай-ақ Саул Құдайдың бұйрығын бірінші орынға қоймай, кейін ұмытып кеткен де жоқ. Сенушілер бұл әрекеттің мойынсұнбау екенімен келіседі, бірақ Саулдың ниеті жақсы еді ғой деп оны кешіреді. Осыған ұқсас жағдайлардың барлығын біз нағыз мойынсұнбауға жатқызамыз, бірақ Саулдың не істегеніне назар аударайық.

Ол дереу әскерін жинап, Амалекке шабуыл жасауға дайындалды. Барлығы ойдағыдай болды. Ол барлық еркектерді, әйелдерді, балаларды және нәрестелерді мерт қылды. Саул мен оның үлкен әскерінің семсерінен он мыңдаған адам қаза тапты.

Алайда Саул Амалек патшасын аяды. Неліктен? Ол сол кездегі мәдениетке сай болса керек. Егер бір елді жаулап алып, оның басшысын тірідей алсаң, тірі олжа ретінде сарайыңа алып келіп, құл қылуға болады.

Саул сансыз көп малды да қырды. Бірақ арасындағы ең жақсыларын жоймай, кейінге қалдырды. Ең жақсы қой, өгіз, бордақы, қозыларын ол халыққа Құдайдың алдында

құрбандық шалу үшін берді. Саулдың ойынша ол осылай Жазбаның өсиетін орындады. Оның әрекетіне халықтың қалай қарағанын елестетіп көріңізші. Олар Жаратқан Иеге амалектік малды құрбандыққа шалып: «Құдайды әрқашан бірінші орынға қоятын қандай құдайшыл патшамыз бар» деп ойлады.

Бірақ Құдай оны мүлдем басқаша қабылдады. Ол Самуилге күйініп: «Саулды патша етіп тағайындағанымнан қайтамын. Себебі ол Менен теріс айналып, бұйрықтарымды орындамады» деді (Пат. 1-ж. 15:11). Саул он мыңдаған адамды өлтіріп, біреуін ғана аман қалдырды. Ол бұйрықтың 99 пайызын орындады. Саулдың жорығын көпшілігіміз мойынсұну деп танитын едік, бірақ Құдай үшін ол мойынсұнбау болды. Шын мәнінде, Самуил пайғамбар арқылы бірнеше аяттан кейін Құдай Саулдың істегенін бағынбау деп атады. Осылайша, біз жартылай мойынсұну Құдайдың алдында мүлде мойынсұну емес екенін білеміз. Шын мәнінде, толық дерлік мойынсұну, тіпті 99 пайыз болса да, мойынсұнбау, бүлік болып саналады.

«Неге істегенімнің бәріне қарамайсың? Мен істемеген нәрсеге ғана көңіл бөлесің!» дегенді бәріміз көп рет естіген шығармыз. Басқасы айта алмаса да, Саулдың осылай айтқаны орынды болар еді. Бұл адамның ақыл-ойына сәйкес болғанымен, Құдайдың ойымен үйлеспейді!

Самуил Саулды қарсы алу үшін аттанды. Самуилді алыстан көре салысымен, Саул: «Сізді Жаратқан Ие жарылқай берсін! Оның бұйрығын орындап шықтым» деп қуана хабарлады (Пат. 1-ж. 15:13). Даусынан шаттық пен сенім естіледі. Саулдың шын мәнінде риза болғанына толық сенемін. Ол бұйрықты орындағанына шынымен сенді, бірақ Құдай оның бағынбағанын айтты.

Құдайдың айтқаны мен Саулдың жүрегінде сенгені арасындағы үлкен айырмашылықты қалай түсіндіреміз? Жауапты

мына сөзден табуға болады: «Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар! Әйтпесе өздеріңді-өздерің алдайсыңдар» (Жақып 1:22). Адам өзіне анық ашылған Құдайдың Сөзіне мойынсұнбаған сәтте оның жүрегін перде жапқандай болады да, сол перде адамның санасын көлеңкелеп, кедергі жасайды. Алдау дегеніміз осы. Саул өз ойына алданып, дұрыс істегеніне сенімді болды, бірақ шын мәнінде қатты қателесті. Оның сенімі Құдайдың ақиқатына қайшы келді, дегенмен адамның пайымдауына толығымен үйлесті.

Бұл Саулдың Жаратқанның сөзіне толық мойынсұнбағаны бірінші рет емес. Самуил бұған дейін бағынбағаны үшін әшкерелеген (Пат. 1-ж. 13:1–13). Жазылмай қалған басқа да оқиғалар болуы мүмкін. Саул бірнеше рет мойынсұнбайтын мінез танытты. Қауіпті әдет қалыптасып бара жатыр.

Бұл дағды қалыптасқаннан кейін шындықты өтіріктен ажырату барған сайын қиындай түседі.

Алдаудың шымылдығы

Құтқарылғаннан кейін бірінші рет күнә жасағаныңыз есіңізде ме? Менікі есімде. Жүрегімді пышақ тіліп өткендей болды. Құдайдың балалары болғандықтан, бәріміз бұл сезіммен таныспыз. Бұл Киелі Рухтың сезімі және бізді айыптаған жүрегіміз. Бірақ істегенімізді ақтап, солайша шынайы тәубеден бас тартқанымызда не болады? Екі нәрсе. Біріншіден, біз күнәдан арылмай, сол бағынбауды қайталайтын боламыз. Екіншіден, алдау шымылдық сияқты біздің жүрегімізді жауып, сол арқылы сенімге соқыр қылады да, оның орнына ақыл-ойдың пайымдауын қояды.

Келесі жолы күнә жасағанда, жүрегіміз алғашқыдай қатты ауырмайды. Пышақтың қалдырған жарасын сезбейміз, өйткені жүрегімізді шымылдық жауып тұрады. Оның орнына аз ғана ыңғайсыздық бар. Біз тағы да сылтау тауып, өзімізді

ақтап шығамыз, жүрегімізге тағы бір шымылдықы жабылады. Ақиқаттың даусы тіпті естілмей қалады. Келесі жолы Құдайдың заңын бұзғанда, жай ғана сенімнің аздап бұлқынғанын сезінеміз. Қайтадан күнәға себеп тауып, өзімізді ақтасақ, жүрегімізді тағы бір шымылдықы жауып алады. Күнә жасағанды қоймасақ, жүрегіміз өтіріктің қалың қабатының астында қалады. Сенім жойылып, тек өзімізге шығарған алдамшы ақтау қалады. Өтірік бізден шындықты жасырады, ал ар-ұждан – күйген, баяғыда ғана сезілен нәрсе болады .

Осы тұсқа жеткенде, адам Құдайға ұнамды киелі өмір сүруден алшақтап кеткен жан болады. Көбінесе ол сенімнің сырттай белгілерін ғана сақтап жүре береді. Бірақ, оның өмірі Құдаймен шаруасы жоқ адамның өмірімен бірдей болады. Ол мәсіхшілікті мойындаса да, жақсылық пен жамандық туралы өзінің адасқан ұстанымымен өмір сүреді. Оның дұрыс пен бұрыс сезімі енді жүрегіндегі Киелі Рух пен тірі Құдай Сөзінен емес, басқа жерден келеді. Ол жүрегінің алданған бұйрығымен өмір сүреді. Бұл рухани өлім әкелетін жазылған заңдар бойынша болуы мүмкін (Қор. 2-хат 3:6) немесе қоғам дұрыс немесе бұрыс деп санайтын нәрсеге сәйкес болуы мүмкін. Қалай болғанда да, ол тірі Құдаймен байланысын жоғалтқан. Енді ол байланысты қалпына келтірудің жалғыз жолы – Жаратқан Иенің оған жіберген пайғамбары.

ҮШ ҚАДАМДЫҚ ҮРДІС

Адам мойынсұнбау жолына түссе, Жаратқан Ие оған жету үшін адамды белгілі бір үрдістен өткізеді. Біріншіден, Құдай әрдайым мәсіхшіге сенімі арқылы жетуге тырысады. Бірақ ол қайта-қайта мойынсұнбаса, өтіріктің шымылдығынан Құдайдың жүрегі мен нұсқауларымен байланысын жоғалтқан болса, Құдай Саулға Самуилді жібергені сияқты адамға пайғамбарлық елші жібереді. Пайғамбардың шынайы қызметі

адамның көзін Құдайдың жолдарын көруге ашады. Жаратқан Ие кез келген адамды пайғамбарлық сөзбен жібере алады. Оның шынымен пайғамбар болуы міндетті емес. Хабар адамға бағушысы, ата-анасы, бастығы, жұбайы немесе досы арқылы жетуі мүмкін. Жақып былай түсіндірді: «*Бауырластарым, қайсыбіреуің ақиқат жолынан тайса, басқа біреуің оны кері қайтарсын! Естеріңде болсын: кім күнәкарды теріс жолдан қайтарса, сол оның жанын рухани өлімнен құтқарып, көптеген күнәларының кешірілуіне себепші болады*» (5:19-20). Хабардың күнә жасаған сенушілерге арналғанына назар аударыңыз. Сондай-ақ «көптеген күнәлар» деп жазылған. Қайта-қайта мойынсұнбаудың нәтижесінде адам ақиқат жолынан таяды.

Пайғамбарлық хабаршы (немесе хабаршылар) жіберілгеннен кейін, әлі де тыңдамасақ, Құдай жаза арқылы бізге жетуге тырысады. «Егер алдымен өзімізді-өзіміз сынасақ, Құдайдың жазасына ілікпес едік» деп Пауыл елші жазып қалдырды (Қор. 1-х. 11:31). Бұл аяттағы «сынау» мен «жаза» сөздерінің грекше түпнұсқаларын қарастырайық. Біріншісі, «сынау» сөзі гректің «диакрино» сөзінен шыққан, ол «кеңінен ажырату» дегенді білдіреді (бұл жақсыны жаманнан тазарту үшін өзімізді мұқият тексергенде болады). Өзімізді қалай сынаймыз? Мойынсұнбасақ, оны мойындап, тәубе ету арқылы. Екінші сөз, «жаза», гректің «крино» сөзінен шыққан, ол «үкім шығару немесе айыптау» дегенді білдіреді. Пауыл сөзін былай жалғастырды: «Ал бізге күнәкар дүниемен бірге қияметте үкім шығармас үшін Тәңір Иеміз бізді қазірдің өзінде тексеріп, жазалауда» (32-аят). Құдай бізді осы дүниемен бірге жазаланбау үшін мойынсұнбаудан арылуымызды қалайды (Мат. 7:20–23; Лұқа 12:45–48).

Сонымен, келесі сұрақ туындайды: біз пайғамбарлық ескертуді елемесек, оған құлақ салмасақ, Құдай перзенттерін қалай жазалайды? Ол әдетте қиындық, ауру немесе басқа да

қайғы-қасірет түрінде болуы мүмкін. Забур жыршысының жазғанын еске түсірейік:

Мен азап шекпес бұрын жолдан адасқан едім,
Ал енді Сенің сөзіңді сақтап жүремін.
Сенің шешімдеріңнің әділдігін мойындаймын,
Мені жазалағаның да әділ, уа, Жаратқаным (Заб. 118:67, 75)

Пауылдың қауымға айтқанының толық аятын оқысақ, анық болады: «Сондықтан да сендердің көбің әлсіз де аурусындар, біразың қайтыс болдыңдар. Егер алдымен өзімізді-өзіміз сынасақ, Құдайдың жазасына ілікпес едік» (Қор. 1-хат 11:30–31).

ЖАРҚЫН МЫСАЛ

Құдайдың түзету үрдісіндегі алғашқы екі қадамға жауап бермей, жазаға іліккен көптеген адамдардың жағдайларына куә болдым. 1990 жылдардың басында Техастағы жастар лагерінде уағыздап жүргенімде бір жарқын мысал болды. Аптаның басы өте қиын болды, өйткені көптеген жастар күнә арқылы Жаратқан Иеге деген сезімталдығын жоғалтқан. Бірнеше жас жігіттер мен қыздар әр қызметте алға шығып, күнәлары үшін тәубе етті, олардың көпшілігі жыныстық қатынаста болды. Жастардың Исаның қанымен керемет түрде тазартылып, кешірім алғаны үшін Құдайға мың алғыс. Апта бойы жастардың тәубе еткендерін көріп, мен соңғы кешті асыға күттім.

Соңғы кешкі қызметке кіргенімде, мен күткендей басталмайтынын түсіндім. Тағы да түзету мен тәубеге шақыру керектігін сезіндім. Сөйлейтін уақытым келгенде микрофонды алып, дұға ете бастадым. Киелі Рух залда әлі де мойынсұнбайтын, бүлікшіл адам бар екенін көрсетті. Оның «Бұл адамға алға шығып, күнәларына өкінуге тағы бір мүмкіндік бер» дегенін естідім (мен алдыңғы қызметте Құдайға қарсыластық туралы уағыздаған болатынмын).

Тәубеге тағы шақырдым, бірнеше жасөспірім алға шықты. Алайда олардың ешқайсысы Киелі Рухтың айтқан адамы емес екенін білдім. Бұл сезімтал жігіттер мен қыздар басқа мәселелерге қатысты кешірім алғысы келді.

Киелі Рух жүрегіме тағы да сөйледі: «Әлгі адамға айт, егер ол осы кешкі қызметте Менің шақыруыма жауап бермесе, оның өміріне үкім шығарылады». Мен Құдайдың жүрегіме сөйлегенін сөз-сөзбе дауыстап айттым. Тағы да жас қыздар мен ұлдар алға шықты. Бірақ Киелі Рух нысанаға алған адамның әлі жоқ екенін сезіндім.

Киелі Рух жүрегіме тағы да сөйледі: «Бұл адам жауап бермесе, қандай үкім шығарылатынын айт». Бұл мені қатты таң қалдырды, содан кейін Құдайдың даусын қайтадан естідім: «Күнәсіне өкінбей жүрген адамға айт, ол бүгін түнде тәубе етпесе, үш аптадан кейін өте қауіпті көлік апатына түседі».

Мен Оның айтқанын қорқыныш пен дірілмен қайталадым. Одан сайын көп адам шықты, бірақ әлі де олардың ешқайсысы Жаратқан Иенің айтқан адамы емес. Тәңір Ие алға шыққандармен бірге қызмет етіп, дұға етуге жетеледі. Мінәжаттан кейін мен күткен мықты қызмет болды. Көптеген жастар Құдайдың оларға арнап тікелей сөйлегенін естіді. Басқалары қызметке шақыру алды. Кейбіреулер сауығып, өмірлеріне бағыт-бағдар алды. Қанша уақыт өтсе де, ешқайсымыз бұл қызметті ұмытпайтын шығармыз.

Арада бірнеше ай өтті, жастар қызметінің бағушысы екеуіміз телефон арқылы сөйлестік. Ол маған жастар лагерінен кейін болған оқиғаларды айтып есеп берді. Әріптесім былай деді: «Джон, жастар тобымызда бізге басқалардан гөрі көп қиындық туғызатын, мектепте жоғары сыныпта оқитын бір қыз бар. Ол үнемі қызметкерлердің айтқанын істемей, құрдастарына да, үлкендерге де қиындық туғызатын. Киелі Рух кешкі қызметте сол қызға арнап сөйлегенін біліп едім. Ол алға шықпағанда

қатты кейігенім бар» (мен бұл қыздың кім екенін білмедім).

Әріптесім сөзін жалғастырып: «Лагерь біткеннен кейні үш апта өткен соң сіз ескерткендей, ол көлік апатына ұшырады. Соқтығысқан көліктердің быт-шыты шықты».

Денем қалтырап кетті. Жас қызға не болғанын білгім келді. Жастар лагерінде қызға арналған ескертуді Құдайдың Рухынан естігенімді білдім, бірақ бұл адам қайғылы оқиғаға тап болмай тұрып Жаратқанның шақыруын естиді деп үміттендім.

Телефондағы қызметкер сөзін жалғастырды: «Құдай оның өмірін сақтап қалды! Денсаулық жағдайы өте ауыр еді, бірақ содан бері қызымыз айығып кетті. Ол қазір қауымда ең ынталы түрде қызмет ететін жастардың бірі. Көзіндегі отты көрсең! Ол мүлдем басқа адам сияқты. Өмірі танымастай өзгеріп кетті!». Мен ауыр жүктен айрылғандай жеңілдеп қалдым. Қыздың оқиғасын естігенде, жанымды бақыт кернеді. Дәуіттің: «Мен азап шекпес бұрын жолдан адасқан едім, ал енді Сенің сөзіңді сақтап жүремін» деген сөзін тағы келтіргім келеді.

Енді өте нақты бір ойды айтпақпын. Апатты бізге әкелетін Құдай емес. Керісінше, Ол Өзінің қорғайтын қолын көтеріп, мойынсұнбау арқылы өзіміз шақыратын қауіпке мүмкіндік береді. Забур жыршысы былай деді:

Адамдарды басымызға шығардың,
Оттан да, судан да бізді өткіздің,
Ал ақыры молшылыққа жеткіздің. (Заб. 65:12)

Басқа аудармадағы соңғы тармақ мынадай: «Сен бізді берекет пен қанағатқа әкелдің» (NKJV аудармасы). Жас қыздың назары апат арқылы ақыры Құдайға ауды. Ол ауруханада тәубеге келіп, берекет пен қанағатқа жетті. Бұл Құдайдың түзетемін дегендегі бірінші әдісі емес, бірақ басқалары сәтсіз болғанда, дәл осы тиімді болды.

Осыған ұқсас оқиғалардың бәрі осылай аяқталады деп

айтқым келеді, бірақ өкінішке орай, олай емес. Ойға тағы бір жағдай келеді. Құдайға қарсы шығып, Жаратқанға бағынбай жүрген жігітке мен білетін қызметкер ескерту айтты. Ол бұған құлақ аспады және көп ұзамай көлік апатына ұшырап, бірден қайтыс болды. Осыған ұқсас тағы да сансыз көп әңгімелерім бар: көбісі тәубе етіп, жарылқау алды, ал басқалары Саул патша сияқты нәтижеге жетті.

МОЙЫНСҰНУ МА, ҚҰРБАНДЫҚ ПА?

Саулдың әңгімесіне оралайық. Самуил Саулдың алдауын көріп, шынайы пайғамбарлық хабаршы сияқты бірден мәселенің мәніне барды. Самуил: «Менің құлағыма қойдың маңырауы мен сиырдың мөңіреуі шалынып тұр ғой. Бұл қалай? – деп сұрағанда, Саул: Олар Амалектен әкелінгендер. Жасақшылар ұсақ малдар мен мүйізді ірі қаралардың ең қондыларын аяп, Құдайыңыз Жаратқан Иеге құрбандыққа шалу үшін сақтап қалыпты. Ал басқаларын біз жойып жібердік, – деп жауап қайырды» (Пат. 1-ж. 15:14-15).

Ол шындықпен бетпе-бет келген кезде кінәні өзінен халыққа аударды. «Мен тура Құдай айтқандай істегім келді,– деді ол,– бірақ адамдар мені мәжбүр етті». Жүрегі өкінбейтін адам мойынсұнбағаны ұсталған кезде кінәні басқаларға аударып, осылайша өз әрекеттері үшін жауапкершілікті алмайды.

Адам Құдай мен Хауаны айыптады. Хауа жыланды кінәлады. Адам өтірік айтқан жоқ: Құдай оған әйелді, ал әйел оған жемісті берді. Бірақ Адамды жемісті жеуге ешкім мәжбүрлеген жоқ. Ол өз еркімен жеді. Иә, Хауа алданып қалды, бірақ мойынсұнбау – бәрібір Хауаның таңдауы болды.

Халық Саулды емес, Саул халықты басқарды. Ол тек өзінің бағынбағаны үшін ғана емес, халықтың жасағаны үшін де жауап беруі керек. Жетекшілік ететін және нұсқау беретін құзырлы адам – Саул болды. Жетекшілер, мұқият тыңдаңыздар:

сіз өзіңізге сеніп тапсырылған адамдардың өмірінде бағынбаушылыққа рұқсат берсеңіз, сол үшін есеп бересіз.

Исраилдің басшысы әрі Самуилдің үстінен қараған Елидің ұлдары Құдайдың заңын жек көретін еді. Ели мұны білетін, бірақ ол ештеңе істемеді. Ели оларды ұрып-соғып, сөгіс айтты, бірақ өз билігін пайдаланып, оларды дін қызметкерлер ретінде жұмыстан алып тастамады да, міндеттеріне шектеу қоймады да. Сондықтан Құдай былай деп бұйырды: «Ұлдарының зұлымдығы үшін оларды біржолата жазалайтынымды Елиге хабарлағанмын. Ол ұлдарының Құдайды қорлағандарын біліп жүрсе де, оларды жүгендеп, тоқтатқан емес» (Пат. 1-ж. 3:13). Оның ұлдары ғана емес, Ели де жазаланды.

Сонымен, Саул өзінің мойынсұнбағанын ақтады, өйткені қойлар мен бұқалар Жаратқан Иеге тарту ретінде сақталды. Адам мойынсұнбау арқылы Құдайға ұнамды құрбандық немесе қызмет ете аламын десе, оның алданып жүргені белгілі. Бұл бағынбаудың жасырын және алдамшы түрі болды.

Иса былай деп еді: «Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің жолыммен жүрсін!» (Мат. 16:24). Исаның жолымен жүруді кейбіреулер айқышты арқалап, азапты өмір сүру деп түсінеді. Иса өмірін қалай құрбан етсе, солай өздерін айқышқа керіп тастайды. Алайда, Исаның бұл сөзінде айқыш – жалғыз маңызды нәрсе емес. Сіз өзіңізден бас тартып, өміріңізді құрбан етсеңіз де, Құдайдың ниеті мен еркін орындамай қалуыңыз мүмкін! Шындығында, өзіңізден бас тартып, құрбан болуды таңдағаныңызбен Құдайға қарсы шығуыңыз ғажап емес!

Исаның айтқан сөзінің басты мақсаты – Құдайға бағыну. Мойынсұнудың жалғыз жолы – айқышты көтеру. Өйткені өз жоспарларымыз бен қалауларымыз өлмесе, өмірімізде Құдайдың еркі мен адамның қалауы қақтығысқа түседі.

Егер өмірлерімізді Құдайға бағыштамасақ, Оның еркіне қайшы келетін өзіміздің тілегімізді орындаудың жолын табамыз және тіпті Саул сияқты оны ақтау үшін Жазбаны қолданамыз. Өзімізден: «Құдайға қызмет ету мойынсұнбауды қамтиды ма?» деп сұрайық. Қамтитын болса, біздің «Киелі Жазбаға негізделген» діни әдет-ғұрыптарымыз немесе құрбандықтарымыз шайтанға табыну болар еді, себебі ол бағынбау пен алдаудың бастаушысы әрі әміршісі.

Саул мен Самуилдің сөзіне оралайық. Патшаның берген түсіндірмесін естіген пайғамбар былай дейді:

– Кідіре тұр, Жаратқан Иенің осы түнде маған нені білдіргенін саған айтып берейін! – деді. Саул:

– Айта көріңіз, – дегенде, Самуил оған:

– Өзіңді кішімін деп санап жүргеніңде Исраил руларының басына айналмап па едің? Сені Исраилдің патшасы етіп тағайындаған Жаратқан Иенің Өзі. Ол саған: «Барып, осы зұлым Амалекті (Маған бағыштап) толығымен құрт! Олармен соғысып, біржола жойғанша тоқтама!» деп бұйырып, сені жорыққа аттандырған еді. Неліктен сен Жаратқан Иені тыңдамай, олжаға бас салдың? Неге Жаратқан Иенің алдында сұмдық іс жасадың? – деді (Пат. 1-ж. 15:16-19).

Самуил: «Өзіңді жоғары лауазымға лайықсыз деп санағанда, Құдай сені Исраил руларының әміршісі еткен жоқ па?» – деді. Басқаша айтқанда «Саул, сен алғаш патша болған кезіңде қарапайым, кішіпейіл, момын едің». Біз мұны бірнеше жыл бұрын пайғамбар Саулға патша болатынын айтқан кезде көрдік. Саул ол кезде былай жауап беріп еді: «Мен шыққан Бунямин руы Исраил руларының ішіндегі ең кішісі, әулетім де сол рудың ішіндегі ең шағыны. Маған мұны неліктен айтып тұрсыз? – деп сұрады» (Пат. 1-ж. 9:21). Саул өзін патша ретінде елестете алмады. Ол Құдай неліктен өзі сияқты маңызы жоқ адамды таңдайды деп таң қалды.

Кейінірек Жаратқан Ие Саулды бүкіл Исраилдің алдында шығарғанда, әр ру жеребе тартты. Олардың ішінен Бунямин руы таңдалды. Оның ішінде Саулдың отбасы таңдалды. Сосын жеребе Саулдың өзіне түсті. «Бірақ олар Саулды іздегенде, ол жоқ болып шықты. Сонда халық Жаратқан Иеден: «Сол адам тіпті мұнда келді ме екен?» – деп сұрағанда, Оның жауабы мынау болды: “Иә, ол қазір жүктің арасында жасырынып жатыр”» (Пат. 1-ж. 10:21–22).

Саул Құдайдың халқына билік жүргіземін деген ойдан қатты алаңдады. Ол өз көзінше кішкентай адам еді. Самуил мұны есіне алып, сөзін әрі қарай жалғастырды: «Енді Жаратқан Ие саған тапсырма беріп: «Бар да, түбірімен құрт!» – деді... Неліктен енді сен Тәңір Иеден көбірек білемін деп ойлайсың? Сенің даналығың Құдайдікінен қашан асып түсті? Енді Оның орнын сен басып па едің? Дұрыс пен бұрысты білудің көзін Құдайдан тыс неге іздейсің? Баяғы қарапайым, кішіпейіл адам қайда?»

Құдайдан артық білетіндер бар ма? Әрине, жоқ! Бірақ мойынсұнбаған кезде біз Құдайға және айналадағы адамдарға тура осыны айтамыз. Өзімізді даңқ тағында отырған киелі Құдайдан дана санау қандай ақымақтық. Ғаламды жаратып қана қоймай, бүкіл әлемді ұстап тұрған – Өзі. Саусақтарымен аспанға жұлдыздар салған – Жаратушы. Дегенмен, біз оның кеңесіне құлақ аспасақ, қарапайым пенденің ойын Құдайдың даналығынан жоғары қоямыз!

БАҒЫНБАУ ЖӘНЕ СӘУЕГЕЙЛІК

Самуил Саулға қадалып, пайғамбарлық қызметінің батылдығымен былай деді:

– Жаратқан Иеге шын ұнайтын –
Құрбандық пен басқа сый-тарту ма,
Әлде Оған мойынсұнып, тілін алу ма?!

Мойынсұну Оған артық сый-тарту атаулыдан,
Еркіне бағыну қошқар майынан ұнамды Оған!
Құдайға бағынбау – ауыр күнә, сәуегейлік *секілді*,
Қасарысу – сұмдық іс, жалған тәңірге табыну *іспетті!*
(Пат. 1-ж. 15:22–23)

Самуил бағынбауды сәуегейлікпен тікелей байланыстырды: «Құдайға бағынбау – ауыр күнә, сәуегейлік *секілді*». Назар аударыңыз, бұл аяттағы кейбір сөздер курсивпен жазылған. Яғни, бұл Король Джеймс пен Жаңа Король Джеймс аудармаларында түпнұсқа мәтінде кездеспейтін сөздер. Түсінікті болу үшін оларды кейінірек аудармашылар қосты. Дәлірек аударма «секілді», «іспетті» сияқты теңеу сөздерін қолданбайтын еді (Interlinear Bible, 2-том, 750-бет).

«Құдайға бағынбау – сәуегейлік» деп оқысақ, қателеспейміз. Бұл осы тармақтың мәнін түсіндіреді. Бағынбауды сәуегейлікпен салыстыру бір бөлек, бірақ оны шын мәнінде сәуегейлік деп айту мүлде басқа мәселе. Шынайы мәсіхші ешқашан біле тұра сәуегейлікке бармайтыны анық. Бірақ бағынбаудың алдауынан білмей оның ықпалында жүргендер қаншама?

Сәуегейлік сөзін естігенде, көбісі қара киінген, қарғау айтатын, сыпырғышпен саяхаттап жүрген немесе қазан ашық отта қайнап жатқанда болашақты хрусталь шарларға қарап айтатын бақсы-балгерді елестетеді. Немесе, мүмкін, заманауи нұсқасы – адамға әсер ету үшін оны сиқырлап қоятын адам шығар. Екі ұғымды да артта қалдырып, қай түрде болса да, сәуегейліктің не екенін білейік.

Мұнда «сәуегейлік» үшін «кесем» деген еврей сөзі қолданылған. Оның қазақ тіліндегі мағыналас сөздері – көріпкелдік, бақсылық және сиқыршылық. Дегенмен, сарапшылардың айтуынша, оккультизмге қатысты бұл сөздің нақты мағынасы белгісіз, сондықтан әрқилы аудармалар

кездеседі («Theological Wordbook of the Old Testament», 3-том, 805-бет). Сәуегейліктің формасы немесе әдісі маңызды емес, бізге керегі – оның нәтижесі немесе мақсатын білу.

Сәуегейлік адамды жындар әлеміне тікелей ашады. Оның мақсаты – әртүрлі тәсілмен жағдайларды, оқиғаларды немесе адамдарды басқару. Сәуегейден көмек сұрайтын адам көбінесе рухани әлемде не болып жатқанын түсінбейді. Кейбіреулер ненің қалай болатынынан толық бейхабар болып барады, басқалары қараңғылықтың күштерін толық түсініп, бәрін біліп барады. Негізінде, сәуегейлікті ол туралы түк білмей жасауға болады. Оның мақсаты – басқару. Бірақ әрдайым басқарамын дейтін адам жын-шайтандық әлеммен араласуына байланысты шарасыз басқарылатын болады.

МОЙЫНСҰНБАУ АРҚЫЛЫ ҚҰЛДЫҚ

Бұрынғы жастар қызметінің бағушысы ретінде мен оккультизммен байланысы бар жасөспірімдерге қызмет еттім. Ауданымыздың мектептері әртүрлі дәрежеде рухани нәрселермен айналысқан жастарға толы болды. Жастар тобының жетекшілері бақсылық, сәуегейлікпен айналысатын ұл-қыздармен кездескенін үнемі хабарлап отыратын.

Мен оккультизм туралы білген ең қызықты принциптердің бірі мына болды: адамды көріпкелдік жиналысқа (сиқырлықпен айналысатын адамдар тобының кездесуі) шақырған кезде, басшылар оны есірткі қабылдауға, мас болуға, заңсыз жыныстық қатынасқа түсуге, ұрлық жасауға, және Құдайдың немесе жердегі үкіметтің заңдарына қайшы келетін басқа да әрекеттерді орындауға шақыратын. Мұның не үшін керек екенін түсінбейтінмін. Құдай «Бағынбау – сәуегейлік» деген ақиқатты ашқанда ғана мұның мәнін білдім.

Сәуегейлікпен айналысқысы келетін адамдар билікке ұмтылады. Оларға «Неғұрлым көп заңсыздық жасасаң,

соғұрлым көп күшке ие боласың» деген уәде беріледі. Бұл дұрыс, өйткені бағынбау – сәуегейлік. Олар неғұрлым көп бүлік шығарса, соғұрлым көп өз өмірлеріне әсер ету, басқару және күшейту үшін жындық күштерге заңды түрде рұқсат береді. Құдайдың және Оның тағайындаған билігінің тәртібі мен заңдарына қарсы шығып, олар әдейі басқарушы жын-перілер әлеміне заңды рұқсат береді.

Бұл идея сиқыршылардың шайтандық кітап деген нұсқаулығынан көрінеді. Бірнеше жыл бұрын, қызметтен кейін қонақүй бөлмесінде теледидарда арналарды ауыстырып отырып, әйелім екеуіміз шайтандық пен бақсылық туралы арнайы телеарнаға тап болдық. Мен бірден басқа арнаға көшкім келді және әдетте бұл дұрыс. Рухани соғыс туралы бізге білу керек нәрсенің бәрі Құдай Рухынан ғана келсін. Дегенмен, әлгі арнада не айтар екен деп кішкене кідіріп қалдым. Шоу шайтандық кітапты талқылады. Журналист «Қалай қаласаң, соны істе» деген бірінші өсиетті хабарлады.

Осыған ерекше назарымды аудардым. Киелі Жазба бірден ойға келді. Забур жыршысы былай деп еді,

«Міне, келе жатырмын,
Шиыршық кітапта мен туралы жазылған:
Сенің еркінді орындауға құштармын,
Уа, Құдайым, жүрегімде Сенің тағылымың» (Заб. 39:8-9)

Иса Өзі туралы былай деді: «Мен өз еркімді емес, Мені жіберген Әкемнің еркін орындаймын» (Жохан 5:30). Көп жылдар бойы зерттеу барысында білгенім, Иеміз Оған мойынсұнып өмір сүретіндерге жақын болғысы келеді. Сонда қарама-қарсы жағдай да шындық қой: қараңғылық рухтары бағынбауда өмір сүретіндерге жақын. «Қалағаныңды істе» деген бұйрық Құдай Сөзін тікелей бұрмалау болып табылады және Құдайдың бағынбауға қатысты айтқанына дәл сәйкес келеді.

Өзін әдейі шайтанға қызмет етуге арнағандар бұл қағиданы түсінеді, бірақ басқалары алданып қалады. Надандар заңсыздықты бостандықпен шатастырады. Бірақ бүлікте еркіндік жоқ. Жаңа өсиет шын мәнінде не болып жатқанын анық көрсетеді. Олар азғындықтың құлдарына айналады. Петір бұл қателікті былайша әшкереледі: «Олар осындай жандарға бостандықты уәде етеді, бірақ өздері азғындықтың құлдығында жүреді. Өйткені адам неден жеңілсе, соның құлы болар» (2 Петір 2:19).

Ақиқат анық. Бағынбауда бостандық жоқ. Оның орнына адамның жанын жын езгісі мен басқаруына ашатын құлдықпен бақылау бар. Пауыл бұл ойға тағы да тоқталды: «Өз қожайыныңды өзің таңдай алатыныңды білмеп пе едіңідер? Күнәні (ол өлімнен ажырамайды) немесе мойынсұнуды (ол әділдікпен бірге жүреді) таңдай аласыңдар. Өзіңді кімге ұсынсаң, ол сені қабылдап, саған қожайын болады, ал сен оның құлы боласың» (Рим. 6:16 ағылшынша TLB нұсқасынан аударма).

Иса дәл осыны атап көрсетті: «Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кім күнә жасаса, сол – күнәнің құлы» (Жохан 8:34). Қабылдың Жаратқан Иеге құрбандық шалғанда мойынсұнбағаны есіңізде ме? Содан кейін Құдай оған оның тағдыры оның таңдауына тәуелді екенін түсіндірді. Ол Құдайдың еркін құрметтеп, күнәнің басқаруына (сәуегейлік) жол бермей есікті жаба алады немесе Құдайға қарсы шығып, Құдайдың қорғауынсыз, Құдайдың күшінсіз оны билегісі келген күнәмен бетпе-бет келе алады.

Құдайдың Өзі Қабылға ескерткеніндей, Самуил да Саулға тура солай ескертті. Бағынбау оның жанын әмір еткісі келетін рухтың ықпалына ашты. Сол ықпалдың кесірінен ол бұрын, ақыл-есі дұрыс кезінде ешқашан істемейтінін нәрсесін істеді. Саул ақыры тәубе етпеді. Патшалықтар 1-жазба 16:14-те ол мойынсұнбағаннан кейін көп ұзамай Саулдың өміріне зұлым,

заптаушы рух келіп, патшаны мазалайтыны айтылған. Сол кезден бастап зұлым рух оның өміріне заңды түрде кірді. Саулға тыныштық болмады, өйткені шынайы өкіну, тәубе болған жоқ. Оқиғаның басында көрген Саулымыз соңына қарай мүлде басқа адамға айналды.

Ол әкесі мен Самуил пайғамбар сияқты билікке мойынсұнатын және Құдайдың істерін құрметтейтін қарапайым жас жігіттен өзінің барлық жақсы көретін нәрселерін бұзатын адамға айналды. Егер оған жас кезінде барып: «Саул, сен сексен бес бейкүнә діни қызметкерді, олардың әйелдері мен балаларын ашуланып өлтіретін күн келеді» деп алдын ала айтсаңыз, ол сізді есі ауысқан адам деуші еді. «Мүмкін емес! Ондайды ешқашан істемеспін!» деп ол дәлел келтіре бастайтын еді. Өкінішке орай, ол тұра соны істеді (Пат. 1-ж. 22)!

Зұлым рух оны қызғаныш, ашу, жеккөрушілік, жанжал, кісі өлтіру және алдауға толы өмірге итерді. Саулда мойынсұнбағаны үшін тәубенің жоқтығы зұлым рухқа заңды күш берді. Ол Құдайдың және өзінің ең адал қызметшілерінің бірі Дәуітті қуып жетіп, өлтірмек болды. Ол Дәуіттің сатқын екеніне сенді, ал шын мәнінде Дәуіт Құдайдың жүрегіне жақын адам болған. Өмірін жындар билеп-төстегеннің нәтижесінде Саул алдаудың қалың қабатынан ақиқаттың тек өткінші үзінділерін ғана көрді. Шындық өтірікке, өтірік шындыққа айналды.

Мұны қанша рет көргенім-ай! Басқаларда ғана емес, өзімде де. Бағынбаумен ойнап жүрген кездерімді еске алсам, қандай алдауда болғанымды көріп жылағым келеді. Ол кезде мен құдайшыл билікті тым қатал, заңшыл, қателесіп жүр деп ойладым, ал Құдайдың соңынан еретін достарымды маған қарсылас санадым. Басқа бағынбайтын бүлікшілерге жақын болдым. Бұның кесірінен өмірімде онсыз да лаулап тұрған

мойынсұнбау отына май құйылатын. Өзімізді басқалардан гөрі Иемізге жақынырақ көріп, Құдай көтеріп жатқан қызметшілердің «жаңа тұқымы» екенімізге сенімді болдық. Жаратқан Иенің маған деген мейірімінің арқасында ғана аман қалдым! Бұл қулыққа сіздің көзіңіз ашылсын деймін. Сіз мен сияқты алданбайсыз деп үміттенемін.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

СӘУЕГЕЙЛІК

*Құдай Сөзінің нұры алдауды әшкерелеп,
адамдардың жүрегіндегі ойлар
мен ниеттерді анықтайды.*

Бағынбау – сәуегейлік. Бұл жасырын заңсыздық принципінің салдары біздің қоғамда айқын. Қауымдарымызда бағынбау бірден байқалмаса да, жасырын болса да, қоғамдағыдан аз емес. Бұл тарауда сәуегейліктің бағынбайтын сенушіге тигізетін әсерін егжей-тегжейлі түсіндіретін боламын. Мойынсұнбаушылықтан болатын басқаруды зерттеу үшін біз Көне өсиеттен, Жаңа өсиеттен және қазіргі таңнан алынған оқиғаларды қарастырамыз.

КҮШІ ЖОҚ ҚАРҒЫС

Алдымен Исраилді еске алайық. Ыбырайымның ұрпақтары шөл далада жүргенде Моаб жазығына қосын тікті. Олар Башанға жаңа ғана шабуыл жасап, оны жеңіп, аморлықтарды жойып үлгерген болатын.

Исраилдіктер Моаб жазығына қос тігіп жатқанда, Балақ пен ол басқарған халық, моабтықтар мен мадиандықтар уайымдаумен

болды. Халық қорқып, әбден үрейленіп қалды. Жаратқан Ие израилдіктерге уәде еткен болатын: «Мен алдарыңнан үрей тудырып, сендер тап болған әрбір халықты әбiгерге түсіріп, барлық жауларыңды кері қашуға мәжбүрлеймін» (Мыс. ш. 23:27). Моаб пен мадиан халқы израиліктердің өздеріне қарсы шыққан әрбір елді жаулап алғанын және ең күшті мемлекет Мысырды толығымен жойғанын білді.

Балақ патша Балағам пайғамбарға елшілерін жіберіп, көмек сұрады. Балағам өзінің рухани дәлдігімен және көрегендігімен танымал болды. Патша Балағамның пайғамбарлық сөзі әдетте орындалатынын білді. Егер ол бата берсе, халық жарылқанатын. Егер ол қарғыс айтса, халық лағынетке ұшырайтын. Балақтың елшілері Балағамға екі рет жолыққан соң, пайғамбар Израил елін қарғау үшін олармен бірге патшаға баратын болып келісті. Патша Балағамға ақша мен абырой ұсынғандықтан, пайғамбар бас тартпады.

Келесі күні олар Бағалдың биік шыңдарына көтерілді. Таудың басынан Балағам Израилдің қосына көз тастады. Ол патшаға жеті құрбандық үстелін тұрғызып, әрқайсысына құрбандық шалуды бұйырды. Балағам Израилді қарғау үшін аузын ашып еді, бірақ оның орнына елді жарылқайтын сөз айтты.

Патшаның ашуланғанын айтып қажеті жоқ! «Бұ не қылғаныңыз маған? Мен сізді жауымды қарғауға алдырттым, ал сіз оған ақ бата жаудырдыңыз?!» (Ру. сан. 23:11).

Израилді қарғайын деген Балағам Балаққа таудың жоғарырақ жеріне көтерілейік деді. Ондағы Балақтың ойы: «Жоғарырақ шықсақ, қарғауға керек күш келетін шығар». Тағы да жеті құрбандық ошағы тұрғызылып, қосымша құрбандық шалынды. Бірақ Балағам бақсылық қарғыс айту үшін қайтадан аузын ашқанда, оның орнына қайтадан Израилге батасын берді.

Осылай жалғаса берді. Балағам қарғыс айтқысы келген сайын батасын беруге мәжбүр болды. Балағамның екінші

сөзінде біз мынандай терең тұжырымды табамыз: «Жақыпқа қарсы ешбір сиқырлық жүрмейді, Исраилге қарсы сәуегейлік өтпейді!» (Ру. сан. 23:23).

Балағам Құдай халқына қарсы ешқандай сиқыр немесе көріпкелдіктің жоқ екенін айтты! Қандай керемет күшті хабар! Бұл шындықты қазіргі заманның адамына жеткізу үшін біз: «Құдайдың халқына зиян келтіре алатын ешқандай сиқырлық жоқ! Жаратқанның қауымына қарсы бола алатын қандай да бір сәуегейлік жоқ!» дер едік. (Ру. сан. 23:23, автордың өз сөзімен айтқаны).

Бұл уәде бізді жігерлендіруі керек. Бақсы-балгерлер айқайлап, әрі-бері жүгіріп-секіріп, шамдарын жаға берсін. Құмалақ салсын, көз байласын, бал ашсын – оның кесірі Құдайдың перзентіне тимейді. Олар тірі Құдайдың қауымын жеңе алмайды. Нақыл сөздер 26:2 бұны растайды:

«Пыр еткен торғайдай,
Ұшып кеткен қарлығаштай,
Жөнсіз қарғыс адамға қонбас»

КЕРІ ҚАЙТҚАН ҚАРҒЫС

Тағы да бір сәтке жастар қызметінде еңбек еткен күндеріме оралайық. Бір күні мектепте жоғары сыныпта оқитын бір қыз Исаны Ием деп қабылдады. Ол қаладағы басты сәуегейлердің бірі болған екен. Ол әлі құрсақта жатқанда анасы қызын шайтанға бағыштапты. Құтқарылғаннан кейін жас қыз менің көмекшіме бұрынғы өмірі туралы айтып берді. Көмекшімнің назарын аударған мәлімет келесідей болды: «Біз мәсіхшілерге сәуегейлік қарғыс айта алмаймыз».

Көмекшім: «Неге? Ол мүмкін емес пе?» деп сұрады.

Қыз: «Себебі оларға қарғыс айтсақ, ол бізге қайтады», – деді. Көмекшім қатты таң қалды.

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

Көріп отырғаныңыздай, қыздың сөзі Балағамның айтқанына ұқсас. Ол бірінші сөзінде: «Құдай қарғамағанды мен қалайша қарғаймын?» деген болатын (Сан. 23:8). Балағам Исраил еліне қарғыс айтса да, ол оның өзіне қайтады. Дәуіт бұған қатысты былай деген:

Уа, Құдай, арызыма құлақ сала гөр,
Жаудың сесінен жанымды сақтай гөр,
Зұлымның астыртын әрекетінен
Қорғап әрі залымның *бүлігінен*.
Тілдерін олар семсердей өткірлеген,
Көздеп тұр жебедей өткір сөздерімен.
Айыпсыз жанды атады тосқауылдан,
Кенеттен тап береді қорықпастан.
(Заб. 63:2-5, курсив автордыкі)

Бүлікшілер (сәуегейлікпен айналысатындар) қарғайды, бірақ қарғыс әділдерге жабыспайды. Қарғыс шығаратындармен не болатынын қараңыз:

Ал Құдай соларды жебемен атады,
Кенеттен олар жарақаттанады,
Өз сөздеріне бола талқандалады (Заб. 63:8-9)

Олар өз тілдерінен сүрінетін болады. Зұлымдардың басқаларға зардап тигізу үшін айтқан сөздері оларға қайта оралады. Дәуіт оны суреттеу үшін былай әдемі жазған:

«Дұшпандарым маған арнап тор құрды,
Сондықтан еңсем түсіп, көңілім қалды.
Жолыма олар тұзақ құрып, ор қазды,
Алайда сол орға өздері құлады» (Заб. 56:7).

МОЙЫНСҰНБАУҒА ЕЛІГУ

Балағам израилдіктерді сол күйлерінде қарғау мүмкін емес екенін білді. Қатты қаласа да, оларға қарсы күші бар қарғыс жоқ. Мұса бұл жағдайды былай баяндаған: «Олар солтүстік Месопотамиядағы Петордан Беғор ұлы Балағамды сендерді қарғасын деп шақырып алып, жалдады. Алайда Құдайларың Жаратқан Ие сендерді сүйгендіктен Балағамның айтқанына құлақ аспай, қарғысты жарылқауға айналдырды» (Заң. қ. 23:4–5). Бұл бізге де қатысты.

Балақ патша ашу-ызаға булығып, айқай салды: «Сені жауымды қарға деп шақырсам, сен оның орнына оларға үш рет ақ бата бердің! Лезде өз жөніңе тайып тұр! Сені молынан сыйлаймын деген едім. Ал Жаратқан Иенің Өзі сені сыйыңнан құр қалдырып отыр!» (Ру. сан. 24:10–11).

Патша Балағамға жауын қарғағаны үшін мол ақшалай сыйлық пен үлкен құрмет көрсетуді жоспарлаған болатын. Бірақ шын мәнінде ол: «Сыйымды аламын деп дәметпе. Сенің Құдайың оны қаламайды екен. Жоғал көзімнен!» деді.

Балағамға бұл мәселе қиынға түсті: ол патшаның сыйлығын шынымен де алғысы келді. Ол патшаның алдына тек сол үшін келді емес пе? Балағам байлық пен қадір-құрметтен құр қалайын деп тұр. Сыйымды жіберіп алмаймын деп ол Балақ патшаға тағы бір шабуыл амалын айтты. Ол израилдіктерді қарғай алмайтынын білсе де, Құдайдың елін қарғысқа ұшыратудың айласын тапты.

Балағам бүлік пен сәуегейліктің арасындағы рухани байланысты жақсы білді. Сондықтан, патшаға моабтық әйелдерді Израилдің қосына жіберуге кеңес берді. Әйелдер пұттарын алып, израилдіктерді нәпсіқұмарлық күнәға және Құдайдың жарғыларына қарсы бас көтеруге азғыратын болады. Ол бүлік елді бақсылық қарғысқа ұшырататынын білді. Жоспар осындай еді.

Мұның сәтті іске асқанын білеміз, өйткені Мұса да, Нұнұлы Ешуа да осы айлакер кеңестің патшаға айтылғаны туралы жазды. Мұсаның сөзін келтірмекпін: «*Балағамның кеңесі* бойынша Пеғордың маңында израилдіктерді азғындыққа еліктіріп, олардың Жаратқан Иеге опасыздық жасауларына себепші болған солар емес пе еді?! Содан да Жаратқан Иенің халқының арасында індет жайылды ғой!» (Ру. сан. 31:16). Арада жылдар өткен соң Ешуа Балағам «ежелде Исраилге қарсы шыққан Балаққа халықты күнәға азғыруды үйреткен: оларға жалған тәңірлерге шалынған құрбандықтардың етін жегізді әрі азғындық жасатты» деп жазған (Аян 2:14).

Бұл өзін-өзі тудыратын сиқырлық қарғыс Киелі Жазбада жақсы түсіндірілген. Балағамның сөзінен кейін не болғанын оқиық: «Ал Исраилдің көші Шиттим деген жерде тұрған кезде, халық моабтық қыздармен азғындық жасай бастады. Бұлар халықты өздерінің жалған тәңірлеріне арнаған құрбандықтарына шақырған еді. Исраилдіктер солардан дайындалған тамақты жеп, моабтықтардың жалған тәңірлеріне иіліп табынды. Осылай израилдіктер пеғорлық Бағал атты жалған тәңірге мықтап беріліп кетті. Содан Жаратқан Иенің қаһары Исраил халқына қарсы лаулады» (Ру. сан. 25:1–3). Нәтижесінде қатты індет басталып, Исраил халқын қырды.

Мойынсұнбаудың кесірінен қарғау мүмкін емес халық бастарына індет түсірді: «Ал індеттен қаза тапқандардың саны жиырма төрт мыңға жеткен еді» (Ру. сан. 25:9). Жиырма төрт мың! Сіз бұл қаншалықты қаралы хабар екенін түсінесіз бе? Бүгінде ұшақ апатынан немесе дауылдан жүздеген адам көз жұмса, бұл әлем жаңалықтарына енеді. Біз жүздеген емес, жиырма төрт мың адам туралы айтып отырмыз! Исраилдіктер шөл даланы кезген барлық уақыттың ішінде осы жайт – ең көп адам қаза тапқан оқиға. Мұның бәрі халықтың бүлігінің салдары болды.

Түбегейлі бағынбау түбегейлі обаға жол ашты. Олардың көтерілісі ашық болды. Шынында да, Мұса мен бүкіл Исраил қауымы Құдайдың алдында жылап отырғанда, бір ұятсыз исраилдік ер адам өзінің мидиандық әйелін оларға көрсетіп мақтанды (Ру. сан. 25:6).

Обаны не тоқтатты? Өзіңіз де біліп отырған шығарсыз – түбегейлі мойынсұну!

Мұны діни қызметкер Елазардың ұлы, харонның немересі Пінехес көрді. Ол жамағаттың ортасынан шықты да, қолына найзасын алды. Пінехес исраилдік ер адам мен сол әйелдің артынан шатырға кіріп, екеуіне де найзасын сұғып алды. Найза еркекті тесіп өтіп, әйелдің ішіне қадалды. Осылай Пінехес исраилдіктердің басына түскен індеттің бетін әрі қайырды (Ру. сан. 25:7-8)

Тағы да атап өткім келеді: оба мен ауруларды жіберетін Құдай емес. Исраил ұрпақтары ашық түрде бүлік шығарып, Оның билігін бұзды. Осылайша, Жаратқан Иенің қорғанысы жойылды және жау заңды түрде елге зиян тигізді. Бұл тағы бір рет бүліктің сәуегейлік екенін растайды, себебі дәл рсы бүлік не бағынбау жын-шайтандық күштерге заңды түрде билік береді. Исраил сәуегейдің қарғысынан аман қалды, бірақ мойынсұнбаудың кесірінен қырылды.

СЕНДЕРДІ СИҚЫРЛАП ҚОЙҒАН КІМ?

Бағынбау – сәуегейлік екенін көрсететін Көне өсиет оқиғасын көрдік. Бұдан басқа көптеген мысалдар бар. Енді Жаңа өсиетті қарастырайық. Пауыл елші Ғалатиядағы қауымдарға қатал хат жазды. Бұл Ғалатияның жалпы халқына емес, нақты қауымға арналған хат болды. Пауылдың мына сөздерін мұқият оқып шығыңыз: «О, түйсіксіз аңқау ғалаттықтар-ай, сендерді біреу сиқырлап қойды ма?» (Ғал. 3:1).

Бір минут күте тұрыңыз! Пауыл қауымға олардың сиқырдың арбауына түскенін айтып тұр ма? «Құдай халқына қарсы көріпкелдік немесе бақсылық жоқ деп ойлап едім» деуіңіз мүмкін. Бұл дұрыс. Құдайға мойынсұнатын адамға қарсы ешбір қарғыс жоқ. Бірақ есіңізде болсын, бүлік немесе бағынбау адамды сиқырлап қояды.

Көмекшімнің сәуегейліктен құтылған қызбен кездесуін еске түсіріңіз. Мәсіхшіге қарғыс айтуға болмайтынын білгенде ол таң қалып еді. Оны көрген қыз: «Бірақ, бағушы, біз қауымдағы жылымшы адамдарға [мойынсұнбайтындарға] әсер ете аламыз» деп қосты. Пауылдың: «Шындыққа мойынсұнбауларың үшін сендерді кім сиқырлады?» дегені оның сөзін қолдайды (Ғал. 3:1).

Бұл жерде сиқырлау – сәуегейдің айтқан қарғысы емес, Құдайдың сөзіне мойынсұнбау болды. Неліктен? Өйткені бағынбау – сәуегейлік! Асылында Ғалатия қауымы мойынсұнбағандықтан сиқырлық қарғысқа ұшырады.

Әрі жылжымас бұрын мен бұл мәселеге тоқталуым керек. Ашылған білім мен хабарланған білімнің айырмашылығы есіңізде ме? Ашылған білім – Құдайдың Өзінен тікелей естігеніміз. Хабарланған білім – Құдайдың сөзін басқа біреудің айтқанынан естігеніміз. Біз ашылған білімді менсінбей, Құдайдың Өзінен естіген Сөзге бағынбасақ, қарғысқа ұшыраймыз. Бұл Пауыл сөзін жалғастырғанда анық болады: «О, түйсіксіз аңқау ғалаттықтар-ай, сендерді біреу сиқырлап қойды ма? Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімін көз алдарыңнан кетпестей етіп суреттеп беріп едім ғой!» (Ғал. 3:1).

Бұл оқиға бір маңызды шындықты ашады. Құдай Пауылдың уағызы арқылы қауымдарға Өз рақымымен құтқарылуды ашты. Бірақ көп ұзамай олар басқа біреудің ілімі мен дәстүрлерін қабылдап, Киелі Рух арқылы оларға анық айтылған нәрсеге мойынсұнбады. Олар құтқарылу тек

Құдайдың рақымымен, сенім арқылы емес, заң арқылы болады деген тәлімді ұстана бастады. Дегенмен, назар аударғым келетін бір алғышарт мынада: *Құдай бізге анық ашқан нәрсеге мойынсұнбаған кезде, біз өзімізді бақсылық қарғыстың алдында әлсіз қыламыз.* Неліктен? Өйткені бағынбау – сәуегейлік.

Мен мұны қауымдардан, отбасылардан және жеке адамдардан көрдім. Қандай да бір себептермен үнемі дерлік мойынсұнбай өмір сүретін көптеген қауым барушыларын кездестірдім. Көбісі жағдайларының қаншалықты ауыр екенін білмейді, өйткені олардың бар еститіндері – рақым туралы біржақты ілім. Сол ілімді ғана білетін адам мойынсұнбаудың сұмдық қаупін түсінбейді. Нәтижесінде, ол жандардың өмірінде бір дағдарыс екінші дағдарысқа ұласады. Әрқашан қандай да бір мәселе немесе күнә қайталана береді, олар оны жеңе алмайтын сияқты. Бір тұзақтан құтылып, басқа торға шырмалып қалады. Әрбір келесі жағдай бұрынғысынан жаман. Бұл қиындықтар олардың уақытын, күш-қуатын, ақыры өмірлерін ішіп бітіреді. Өйткені өмірлерінің бір тұсында жындардың қысымына немесе ықпалына заңды түрде рұқсат берілген. Мойынсұнбауы оларды осал етті.

Ондай адамдардың некелері қиналғанын немесе одан да сорақысы, тыс-талқаны шыққан ажырасумен аяқталғанын көрдім. Басқалары жұмыста бес-он жыл бойы келесі сатыға көшпей отыра береді немесе одан да жаманы жұмысынан тіпті айырылып қалады. Кейбіреулер ұрлық, қаржы дағдарысы және басқа қайғылы трагедияның құрбаны болады. Еңселері түсіп, олар кінәлі біреуді іздейді. Көбінесе ата-анадан, бағушыдан, бастықтан, жұбайынан, балаларынан, үкіметтен немесе олардың пікірімен келіспейтін кез келген басқа адамнан айып табылады.

Екі кінәлі бір-біріне қуат береді. Біріншісі – алдау. Құдай Сөзіне мойынсұнбағандықтан, олардың жүректерін қараңғылық

басып қалды. Екінші кінәлі – мойынсұнбаудың кесірінен өз қалауы бойынша шабуыл жасайтын жындар. Пауыл бүлік шығарған сенушілермен қалай қарым-қатынас жасау керектігі туралы нұсқау берді: «[Жаратқан Иенің қызметшісі] қарсыластарын ілтипаттылықпен түзету қажет. Мүмкін болса, Құдай оларды өкіндіріп, шындықты мойындатар. Осылайша олар ақылға келіп, өзінің еркіне бағындыру үшін ұстап алған шайтанның тұзағынан босап, құтыла алмақ» (Тім. 2-х. 2:25–26). Мәселе мынада: алданған тұтқындар өздерінің мойынсұнбауын жасыру үшін басқаларды кінәлайды. Өз кезегінде бұл еркін болу үшін қажет нәрсені олардан жасырады.

Сөзі үшін Құдайға шүкір. Оның нұры алдауды әшкерелейді және адамдардың жүректерінің ойлары мен ниеттерін ашады. Өкінішке орай, мойынсұнбау салдарынан зардап шеккенде, адамдардың көпшілігі Киелі кітапты оқудан бас тартады. Олар өз жолының қателігінен сабақ алмай, басқаларды кінәлай отырып, мойынсұнбау деген шөл далада жүре береді.

«СЕНДЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ ЖОҚ»

Бір шынымен сабақ алған адамның оқиғасы есімде. Қауым мен Киелі кітап мектебінен тұратын халықаралық қызметте бірнеше рет уағыз айту құрметіне ие болдым. Онда менің өміріме күшті әсер еткен бір қызметкер бар-тын. Мен ол жетекшіне жақсы көріп, құрметтейтінмін. Бір күні ол кісі телефон соғып, маған былай деді: «Джон, қызметімізбен жақын араласатын барлық достарымызға жақында не болатынын айту үшін қоңырау шалып жатырмын. Сіздер мұны басқа біреуден емес, бізден естісін деймін. Мен жұбайыммен ажырасқалы жатырмын. Үйленгенімізге он сегіз жыл болды. Өкінішке орай, өмірге деген көзқарасымыз бен ой-пікірімізде екі түрлі бағытта жүретін сияқтымыз. Біз жұп ретінде бірге ештеңе жасамаймыз, ал бізге ұнайтын нәрселер мүлдем

басқаша. Көптеген жылдар бойы қарым-қатынасымызды жақсартуға тырыстық, бірақ ол тек нашарлай берді».

Мен естігеніме сенер-сенбесімді білмедім. Ойымда тек «Жоқ, өтінемін, олай істемесеңіз екен». Бұл ерлі-зайыптылар және олардың қызметі маған өте ұнады. Мен қатты таң қалдым. Не айтарымды білмей кідіріп қалдым.

Үндемегенімді естіген бағушы сөзін жалғастырды: «Енді, Джон, мен Исаны қатты жақсы көремін. Оны өзің де білесің. Егер мұным қателік болса, Ол маған көрсетеді». Қызметкер досым осы жағдай туралы тағы бірнеше минут сөйлесті де, содан кейін телефон қоңырауын аяқтады. Мен өте аз сөйледім, өйткені мұның бәрін әлі де қабылдай алмай, абдырап отырдым.

Күні бойы әлгі жаңалық ойымнан кетпеді. Естігенімді ойша қайта-қайта өзіме айта бердім. «Бұл шындық емес, жаман түс сияқты» деп ойлады. Мазасыз ойларымның арасында Киелі Рухтың түрткенін сездім. Ол менің әлгі кісіге қайтадан хабарласып, ақиқатты айтқанымды қалады.

Келесі күні таңертең қоңырау шалдым. Бірден хабарласпағаным – бір түн ұйықтап шығып, бұл шынымен Киелі Рухтың жетелеуі ма, әлде өзімнің эмоцияларым ба, соны тексергім келді. Менің дауысымды таныған бағушы: «Амандық па, Джон, не болды?» – деп сұрады.

Мен: «Сіздің ажырасу туралы хабарыңыз жайлы біраз сөйлескім келді. Жұбайыңыздың тарапынан азғындық болды ма?»

Ол: «Мүлдем жоқ!» деді.

Сонда мен былай тіл қаттым: «Онда бұл шешіміңіз дұрыс емес. Иса ажырасудың жалғыз себебі жыныстық опасыздық деп еді (Мат. 5:32). Малахи кітабында Құдайдың ажырасуды жек көретіні жазылған, өйткені ол біздің киімімізді қатыгездікпен былғайды (2:16). Кеше маған Исаны жақсы көретініңізді айттыңыз. Қателесіп жүрсеңіз, Ол сізге көрсетеді дедіңіз. Иса

Өзінің еркін Киелі Жазбада түсіндіріп қойған болса, неге сізге арнайы бөлек көрсетуі керек? Құдай Сөзінде айтылған нәрсеге қалай қасақана қарсы шыға аласыз? Осылай жасасаңыз, қауым мен Киелі кітап мектебінің алдында тұрып, оларға күнәға берілмей, киелілікте жүруді қалай айтасыз? Өзіңізді және қызметіңізді қиындық пен алдауға ашып жатырсыз».

Бағушы сөзімді бөліп, қатал даусымен: «Джон Бивер, сен менің жағдайымда болған емессің. Сенде жанашырлық жоқ!» – деді.

Келесі естігенім телефон желісінің ажыратылған дыбысы болды. Қызметкер телефонын өшіріп тастады. Отыз минуттан кейін ол қызметтен менің сапарым болмайтыны туралы хабар алдым (үш айдан кейін сол қауымға барып, уағыз айтуым керек еді). Әйеліме: «Олардың мұны істейтінін күтіп едім, бірақ ол сонша тез болады деп ойламадым» дедім. Барлық байланыс мүлдем үзіліп қалды. Кейін ол қауымға барып қайтқан тағы бір белгілі қызметкерден естігенім – олар мені сырттай «балшық» деп атайды екен. «Бар болғаны, нағыз адал дос болғым келіп еді» деген сөз ойымнан кетпеді.

ЖАЗАДАН КӨЗІ АШЫЛҒАН

Жеті айдан кейін маған әлгі бағушы маған қоңырау шалды. «Джон, сенімен шын жүректен сөйлесуім керек. Мен телефонды қойып, сенің іссапарыңды өшіргеннен кейін не болғанын білесің бе? Бір айдан кейін бүйрегім істен шықты. Дәрігерлер тірі қалуыма 50 пайыз мүмкіндік берді. Екінші диализден кейін есім кіріп, «Мен не істеп жатырмын, қандай ажырасу?» дедім. Қатты қателескенімді түсіндім. Бүйрегімнің ауырғаны мені қиялдан шындыққа қайтарды. Жолдасыма телефон соғып, кешірім сұрадым. Қауым мен Киелі кітап мектебінің алдына шығып, кешірім сұрадым. Киелі кітап мектебіне ашығын айттым: “Джон Бивер ажырасқаным дұрыс емес деп айтқандықтан, оның уағызынан бас тарттым. Оған

қайтадан қоңырау шалып, тағы шақырып көремін. Не дейтінін көрейік”. Сонымен, Джон, қайтып ораласың ба?»

Мен «Әрине», – деп жауап бердім. Қалай таң қалғанымды елестете аласыз ба? Көңілім толқып кетті. Сол бағушыға деген құрметім бұрынғыдан да арта түсті. Мұның үстіне, бағушы бүйрек ауруынан кейін өте тез сауығып кетті. Денсаулығы жылдам қалпына келді. Дәрігерлер де мұны күтпеген екен. Бір жылдан кейін донор табылып, оның бүйрегі бағушыға жарайтын болды. Ол қауымдағы бір қызметтен де қалған жоқ. Оны емдеген дәрігерлер бұрын ондайды көрмегендерін айтты. Сондай-ақ, тәубеге келу арқылы бұл қызметкердің өміріне үлкен рухани билік пен күш келді. Енді, жылдар өткен соң, ол бағушы бұрынғыдан да мықты жетекшілік етеді. Оның отбасы өте бақытты. Әлем бойынша әр түрлі қауымдар оны спикер ретінде шақырады. Мен осы ерлі-зайыптылармен кездескен сайын, олардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін көріп қуанамын. Бірнеше жыл бұрын олардың ажырасуға жақын болғанын елестету қиын.

ҮШ ЖАРЫМ АЙҒА СОЗЫЛҒАН ДЕРТ

Маған бұл қызметкерге мін айтпау оңай болды, өйткені мен де бірнеше жыл бұрын осыған ұқсас жағдайды бастан өткердім. Бұл менің некеме қатысты емес, қызметтегі мойынсұнбауға байланысты оқиға болды. Біз Messenger International компаниясын алғаш құрған кезде, Жаратқан Иеден анық нұсқау алдық. «Қызмет үшін көп мүмкіндік туады. Ол сырттай жақсы көрінсе де, ұсынысты қабылдауға асықпаңдар. Менің белгі бергенімді күтіңдер».

Арада біраз жыл өтті. Қызметіміздің кеңеюіне тамаша мүмкіндік туды. Дегенмен дұғада Құдай әйеліме және жеке маған «жоқ» деп анық айтты. Ұсынысты қабылдамадық. Алайда тура сол ұсыныс бізге бірнеше рет жасалды. Біздің қызметке

назар аударылғаны, тамаша мүмкіндік беріліп тұрғаны керемет емес пе? Мен осыған мәз болып, ұсынысқа көңіл бөлейін дедім. Көп ұзамай Құдайдың айтқанына іштей қарсылық білдіре бастадым. Сосын қайсы шындық, қайсы алдау, қайсы Құдайдың Сөзі, қайсы өз ойым екенін шатастыра бастадым. Санамды қалың бұлт басқандай болды. Әйелім бұл дұрыс емес деп жақсы кеңес беруге тырысты, бірақ менің көнбейтінімді тез түсінді. Ақыры, ұсынысты қабылдайтын болдық.

Құтқарылғаннан бері айтарлықтай ауырған емеспін, денсаулығым да мықты (Құдайға мың алғыс). Бірдеңе жұқтырып алсам да, жиырма төрт-отыз алты сағатта айығып кетемін. Иса айқышта өлген кезде, бізге керемет денсаулық пен күнәлардың кешірілуін берді деп ойлаймын (Ишая 53:4–5; Заб. 103:2–3). Бірақ ұсынысты қабылдаған күні мен қатты ауырып қалдым. Одан тез сауыға алмадым.

Ауру тұмау ретінде басталды. Өмірімде екі-ақ рет аурудан құсқан екенмін, бірінші рет он тоғыз жасымнда, екінші рет осы жағдайда. Тұмаумен бірнеше күн алысқаннан кейін, вирус жұқтырдым. Мұның алдында әйелім екеуміз неке қиған күнімізді тойлауға қала сыртына шықтық. Бірнеше күн бойы температурам 38 градустан асып, түспей қойды. Осының кесірінен, әрине, демалысымыз ойдағыдай болмады. Аптаның соңында қауымда, денем қызып, қалтырап тұрып уағыз айттым. Ауруым келесі аптадағы Канадада өткен кездесулерге созылды. Тағы да жоғары қызумен уағыз айттым да, сосын бөлмеме оралып, келесі қызметке дейін төсекте жылына алмай қалтырап жаттым. Өте әлсіз сезіндім.

Қызу үшінші аптада жалғасты. Біз не болып жатқанын түсіне алмадық. Мен мұндай аурумен ешқашан күрескен емеспін. Құдай Сөзін оқи отырып, дұға еттім. Бірақ не істесем де, жазыла алмадым. Дәрігерге бардым. Ол қуатты антибиотик жазып берген соң, көп ұзамай денім сау болды.

Бірақ антибиотикті қабылдағаннан кейін бір аптадан өткенде қатты суық тигізіп алдым. Бұл барлық күш-қуатымды тауысқан ауру болды. Мазам кетіп, қиналып кеттім. Тамағым ауырды, басым айналды, жүрегім айныды, басқа да жаман симптомдар болды. Мен қызметімді тоқтатқан жоқпын, ауру да бірнеше аптаға созылды.

Осы суықтан айыға бергенде, қабырғаға шығып бара жатып, тіземді жарақаттап алдым. Жағдайдың ауыр болғаны сонша, бір жерге сапарлап барғанда, мүгедектер арбасында отырып баруға мәжбүр болдым. Содан кейін бірнеше апта бойы гипспен ақсап жүрдім. Осының соңында тағы бір басқа вирусқа тап болдым. Температурам 38-ден 39 градусқа дейін көтерілді. Оны тағы да түсіре алмадым. Бұл аурудан жазылу үшін тағы да дәрігерден рецепт алуға тұра келді. Бір аптадан артық ауырмай, денім сау күйінде жүре алмайтын сияқты болдым. Бұның бәрі үш жарым айға созылды.

Менің барлық дертіммен әйелім бір күн болса да ауырмады. Денсаулық проблемаларынан басқа көптеген басқа мәселелер туындады. Өте ықпалды кісімен қақтығысқа түсіп қалғаным да бар. Менің еш әрекетім жеміс әкелмеді. Бір рет қасақана бағынбағаным үшін қарғысқа ұшырадым!

ШЫНАЙЫ ТӘУБЕНІҢ ШҰҒЫЛ ЖӘРДЕМІ

Төрт ай өткен соң мен күнәмды мойындадым. Дегенмен, осы төрт айдың ішінде бастаған істерім мен жасаған келісімдерім әлі бар. Құдай ғажайып түрде жағдайға араласпаса, шығу жолы жоқ. Лиза екеуіміз қол ұстасып мінәжат еттік. Мен бағынбағаным үшін шын жүректен тәубе етіп, Құдайдан рақым сұрадым. Ол бізді мен жасаған өте тиімсіз келісімнен шығарды.

Бірнеше айдан кейін әйелім екеуіміз болған жағдайдың бәрін талқыладық және менің барлық ауруымды

мойынсұнбауыммен байланыстырдық. Тәубе еткен бойда денсаулығым қалпына келгенін түсіндік. Бізге уайым болған басқа мәселелер шешіліп, бірінен соң бірі жойылды.

Сонда маған Жақыптың сөздері түсінікті болды. Мен оның: «Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді» (Жақып 4:7) деген сөздерін жиі айтатынымын. Бұрын рухани шабуылды сезсем, Құдай Сөзінің көмегімен қараңғылыққа батылдықпен қарсы тұратынымын. Әрқашан нәтижесін көрдім. Бірақ әлгі жағдайда мен тек тығырыққа тірелдім. Осыны бастан өткергенде, Жақыптың сөзін тек жартылай қолданып жүргенімді түсіндім. Толық аят келесідей: «Сонымен, Құдайға мойынсұныңдар! Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді» (4:7).

Құдайдың билігіне мойынсұну арқылы шайтанға қарсы тұрамыз. Бетіміз көгергенше Жазбаны жатқа айтсақ та, мойынсұнбаусыз нәтиже болмайды.

МАҢЫЗДЫ АНЫҚТАМА

Осы ойды түсінсеңіз деймін: адам қиындыққа, ауруға, әр түрлі проблемаларға, қиындықтарға кезіккен сайын, оның себебі міндетті түрді мойынсұнбау емес. Көптеген адамдар мойынсұнып өмір сүрсе де, азап шегеді. Дәуіт сондай адам болған. Ол ешқандай көтеріліске қатысқан жоқ. Патшаның қаңарына ілігу үшін ол еш жамандық жасаған жоқ. Соған қарамастан, ұзақ уақыт бойы оның мекені үңгірлер, шөл және құлазыған дала болды. Ол үйі, елі жоқ адам еді. Жылдар бойы қиын жағдайда қаңғып өмір сүрді. Оны өсектеген, мінеп-шенеген адам көп болды. «Дәуіт Құдайға мойынсұнбағаны үшін азап шегіп жүр, сол керек өзіне» деп те айтылды. Бірақ зерделі адамдар Құдай Өз қолымен елдің келесі патшасын дайындап жатқанын білді. Олар Дәуіттің өміріндегі Құдайдың рақымын анық көрді. Құдайдың қолдауы Дәуіттің даналығынан білініп тұрды.

Иса, Жүсіп, Ханна, Даниял, Еремия Әйүп және т.б. да мойынсұнғыш, бірақ азап шеккен адамдар болды

Мойынсұнғыш адамның қиындығы мен сәуегейлік қарғысқа ұшыраған адамның қиындығын ажыратуға болады. Басты айырмашылық – Құдайға бағынатын адамның өмірінде рухани даму бар. Олар мағынасыз әрекетпен әлек болып, бастарын қабырғаға соғып жатқан жоқ. Олар тауды айналып бір жерден шыға алмай жүрген жоқ.

Қабылдың әңгімесі бұдан бөлек. Оның мойынсұнбауы үлкен қасірет әкелді. Қасарысып алған ол тәубеден бас тартты. Бұл оның өміріне қарғыс әкелді. Қабыл қашқын, қаңғыбас болып өмір сүрді. Оның мақсатсыз, үмітсіз жорықтары кейінгі ұрпаққа үлгі әрі ескерту болып табылады.

Келесі мәліметпен аяқтағым келеді: соңғы екі тараудан білгеніңізді басқаларды мінеу, жамандау үшін қолданбаңыз. Олардың қиындықтары ақырында Құдайды мадақтайтын сынақ болуы мүмкін. Бұл тараудың мақсаты – Құдайдың билігіне мойынсұнбаудың ауырлығын түсіндіру. Өміріңізден мойынсұнбау тапсаңыз, өзіңізді сынау үшін және өмір жолына қайта оралу үшін осында жазылғандарды пайдаланыңыз.

ҮШІНШІ БӨЛІМ



ҚҰДАЙДЫҢ ТАҒАЙЫНДАҒАН
ҚОРҒАНЫСЫ

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ҚҰДАЙ ТІЗГІНДІ КІМ ҰСТАҒАНЫН БІЛЕДІ МЕ?

*Құдайға мойынсұнуды үйренсек,
Оның басқа біреуге берген билігін
оңай танитын боламыз.*

Құдайдың тікелей билігіне мойынсұну қаншалықты маңызды екенін анықтадық. Енді оның тағайындаған билігіне бағынудың бірдей маңыздылығын талқылайық. Алдымен үшін екінші тарауда келтірілген аяттан бастаймыз:

«Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар! Себебі мемлекеттік биліктің бәрі негізінде Құдайдан; қазіргі билікті де Құдай орнатқан. Сондықтан билікке қарсы шыққандар Құдайдың орнатқан тәртібіне қарсы тұрады. Мұндай қарсыласқандар жазаларын тартатын болады» (Рим. 13:1-2).

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК

Біріншіден, «мемлекеттік билігі барлар» – ол кімдер? Бұл нақты мәтінде Пауыл азаматтық немесе мемлекеттік билік

органдарына сілтеме жасаған. Дегенмен, бұл нұсқау тек үкімет басшыларына ғана қатысты емес. Ол сондай-ақ өкілеттіктің басқа салаларын да қамтиды. Осы аяттан түйгеніміз биліктің барлық салаларына қатысты.

Жаңа өсиет тағайындалған биліктің төрт түрі туралы айтады. Олар: азаматтық, қауымдық, отбасылық және әлеуметтік. Әлеуметтік салаға мен жұмыс берушілерді, мұғалімдерді және бастықтарды жатқызамын. Жаңа өсиет әрбір сала үшін нақты нұсқау береді. Дегенмен, көп жағдайда бұл кеңес бір нәрсемен ғана шектелмей, тағайындалған биліктің барлық салаларына таралады.

Жоғарыдағы аяттың бірінші сөзіне назар аударыңыз, «Әрқайсың». Бұл ережені сақтаудан ешкім босатылмайды, сондықтан ақылыңызға тоқып отырыңыз. Бұл ұсыныс емес, бұйрық. Жаратқан Ие жұмбақтап сөйлемейді, «істегің келсе істе, ыңғайы келмесе, істеме» демейді.

Пауыл: «Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар!», - деп жалғастырды. Мұндағы «мойынсұну» деп аударылған сөз грекше «гупотассо» деген сөзден шыққан. Бұл гректің әскери термині. Ол «қолбасшының бұйрығымен әскери тәртіпті (әскер бөлімдерін) сақтау» дегенді білдіреді. Әскери емес, күнделікті қолдануда бұның мағынасы «ерікті түрде берілу, бірге қызмет атқару, жауапты болу және жүкті жұмыла көтеру» (Тайердің грек сөздігі). Қарапайым тілмен айтқанда, осы аятта қолданылған бұл сөз бізді билікке толығымен бағыну ниетімен оларға өз еркімен мойынсұнуға шақырады.

Әрбір жан билікке бағынуы керек, өйткені Құдай біздің өміріміздегі барлық басқарушы билікті тағайындады. Барлық биліктің бастауы Құдайда. Бұдан тыс жайт жоқ. Шын мәнінде, аятымыздағы «орнатқан» сөзі гректің «тассо» сөзінен шыққан, оның мағынасы – «тағайындау, белгілеу немесе орнына қою». Ол сөз ешбір жағдайда «кездейсоқ келіп қалған» дегенді

білдірмейді. Бұл тікелей тағайындау. Құдай барлық билікті Өзі тағайындағандықтан, біз оларға тиісінше құрмет көрсетпесек немесе оларға бағынудан бас тартсақ, биліктің бастауы Құдайдан бас тартамыз. Онда білсек те, білмесек те, Құдайдың жарлығына, ережесіне қарсы тұрамыз. Құдайдың тағайындаған билігіне қарсы болсақ, Құдайдың Өзіне қарсы шығамыз!

Мәсіхшілер ретінде біз билік органдарымен байланысқанда, жеке басынан, мінез-құлықтан және лауазымнан тереңірек қарауымыз керек. Біз биліктегі адамдарға мойынсұнамыз, өйткені олардың үстінде Құдайдың билігі бар. Басшы бізге адам ретінде ұнаса да, ұнамаса да, оның басқару стилі бізге жақса да, жақпаса да, біздің ойымызша ол билікке лайық болсын, лайық болмасын, оны құрметтейміз. Сенушілер көп жағдайда Құдайға мойынсұнамыз дейді, бірақ үстерінен қарайтын билікті елемейді. Олар алданып жүр!

Құдайға мойынсұнуды білсек, Оның басқа біреуге берген билігін оңай танитын боламыз. Құдайдың тікелей билігі мен Оның тағайындаған билігінің арасында біреуін ғана таңдайтын кездер бола ма? Иә! Бірақ ол сенушілер ойлағандай жиі емес. Бір ғана ерекшелік бар, біз оны кейінірек тарауда егжей-тегжейлі қарастырамыз. Дегенмен, мәселе мынада. Көптеген мәсіхшілер жеке еркін таңдауды дағдылы нәрсе, ал мойынсұнуды ерекше, сирек кездесетін нәрсе деп санайды. Мұндай пікір бізді жойылуға апарады. Мұның салдары, алдыңғы тарауда көргеніміздей, өте қауіпті. Ол бізді Құдайдың жазасына ұшыратып қана қоймай, сонымен қатар жын күштеріне өмірімізге енуге рұқсат береді. Егер Құдайға мойынсұнып, өміріміздің жарылқанғанын көргіміз келсе, тағайындалған билікке қатысты бір ғана таңдауымыз бар: мойынсұну және бағыну.

ЗҰЛЫМ БИЛІКТІ ТАҒАЙЫНДАЙТЫН ҚҰДАЙ МА?

Сонымен, барлық билікті Құдай тағайындағанын білдік. Жоғары лауазымға құрметпен қарауымыз керек екенін білдік. Көбінесе осы тұста мен бұған қарсы пікір естіп жатамын. Жалпыға ортақ ой келесідей: «Мен қатал және сөзсіз зұлым билік өкілдерін көрдім. Оларды Құдай тағайындады деп қалай айта аласыз?». Қайтадан, Пауылдың айтқанына оралайық. Ол «барлық билік негізінде Құдайдан» деді. «барлық билік құдайшыл» деген жоқ. Биліктің өзі Құдайдан, бірақ мінез-құлық адамнан болуы мүмкін. Сонымен, ең нашар биліктің мысалы, Гитлер немесе Сталин санатындағы біреуді алайық. Бұл екеуі өткен ғасырдың ең зұлым екі басшысы десек, қателеспейміз. Олар – қанқұмар, қатыгез, жауыз биліктің үлгісі екеніне келісеміз. Солай ма?

Мысыр билеушісі перғауынды еске түсірейік. Оны, әрине, жәбірлеуші билікке жатқызуға болады. Оның билігінен Исраил зор зардап шекті. Ол халықты құл қылып, кедейлікте ұстады. Оларға физикалық және психикалық зорлық-зомбылық көрсетті. Бұл жеткіліксіз болса, мыңдаған нәрестені мерт қылды. Ол адам өмірін де, Жаратқан Иені де менсінбейтін, өркөкірек, тәкаппар адам болды. Оның билігі қайдан келді? Құдайдың халқы оның қол астына қалай түсті? Бұл кездейсоқ жағдай болды ма?

Жазбаға сәйкес, Құдай Мұса арқылы перғауынға былай деген: «Алайда саған (істейтінім арқылы) құдіретімді көрсетіп, бүкіл жер жүзіне атымды шығару үшін ғана сені патша етіп қойдым» (Мыс. ш. 9:16). Пауыл Римдіктерге жазған хатында мұны растады (9:17). Екі сілтеме болса, оның дұрыс және нақты екенін білеміз. Не де болмасын, екі куәгердің айғақтары арқылы анықталады (Жохан 8:17). Перғауынды таққа отырғызған шайтан емес, Құдай екеніне күмән жоқ. Басқаша айтқанда, Құдай перғауынға Ыбырайымның ұрпақтарына билік

жүргізу үшін әмірлік берді. Бұл «Бар билікті Құдай орнатқан» дегенге толық сәйкес келеді.

Енді Құдаймен келісімі бар адамдар зұлым басшының қоластына қалай кіргенін талқылайық. Ыбырайым жетпіс бес жасында болғанда, Құдай оған Өзін ашты. Ыбырайым Жаратқанға мойынсұнса, одан ұлы халық тарайтын болады. Израилдің түп атасы мен Тәңір Иенің арасындағы уәде осы болды. Ыбырайым сөзінде тұры. Оның мойынсұнуы Құдайға ұнағаны сонша, Ыбырайым «сенімнің әкесі» атанды (Рим. 4:11–12). Ыбырайымның бағынуына жауап ретінде Құдай онымен келісім жасасты. Келісім жасаған кезде Жаратқан Ие былай деді: «Біліп ал: сенің ұрпақтарың бөтен елде жат жұрттық келімсектер ретінде тұратын болады. Сол жерде олар төрт жүз жыл бойы құлдықта болып жәбірленеді» (Жар. 15:13).

Қандай ауыр сөз! Өзімнің ұл-қыздарым мен немерелерім бар. Осы сөзді мен естісем, аса қуанбайтын едім. Бұл сөз жігер де бермейді, жұбатпайды да. Ойланып көріңізші. Біз жаңа мыңжылдықтың бірінші ғасырында өмір сүріп жатырмыз. Сонда ұрпақтарымыз 2400 жылға дейін құлдықта болып, жәбір көреді! «Құдайға мойынсұнғаным үшін алған батам осы ма?» деп ойлайтын едім. Бір қызығы, бұл Сара Ысқақпен аяғы ауыр болғанға дейін, алдын ала айтылған болатын.

ХАЛЫҚ ЖАМАН БА ЕДІ?

Кейбіреулер былай деуі мүмкін: «Ыбырайымның ұрпақтары қасарысып, Жаратқан Иеге мойынсұнбайтындықтан, Құдай Ыбырайымға мұны алдын ала айтты. Халық қыңыр мінезі үшін жаза ретінде перғауынның қол астына түсті, бірақ Құдай мұны басынан жоспарламаған еді!». Бұл пікірдің дұрыстығына көз жеткізіп көрейік.

Жауап беру үшін алдымен Израил халқының перғауынның басшылығына қалай келгенін білуіміз керек. Ыбырайымның

ұлы Ысқақ Құдайды терең қастерлейтін, Жаратқанға бағынатын, Тәңір Иеге ұнамды киелі өмір сүрген адам болған. Оның әйелі Рабиға екі ұл туды: үлкені Есау, кішісі Жақып. Олар бір-біріне ұқсамайтын еді. Олар туылмай тұрып, Құдай «Мен Жақыпты сүйіп таңдап алдым, ал Есауды таңдамадым» (Рим. 9:13) деді.

Жақып басында Құдай жазған тағдырынан сәл ауытқығанымен, Пенуелде Тәңір Иемен бетпе-бет кездесті (Жар. 32). Бұл кездесу Жақыптың өміріндегі Құдаймен келісімін бекітті. Жақыптың есімі Исраилге өзгертілді, бұл «Құдай – күресуші» дегенді білдіреді. Осыдан кейін оның өмір салтынан Құдайға терең берілгендікті көреміз. Ол отбасын пұтқа табынушылықтан тазартып, Құдайдың алдында әділ болуды бұйырды. Нәтижесінде, Жақып үй ішімен және еріп жүрген адамдарымен көшіп-қонғанда, оған кезіккен халықтарды үрей биледі. (Жар. 35).

Исраил он екі ұлдың әкесі болды. Он біріншісі Жүсіпті әкесі жақсы көргендіктен, үлкен ағалары оны жек көрді. Құдай Жүсіпке ұлы әмірші болатынын, ал ағалары оған қызмет ететінін көрсетіп, екі рет түс берді. Жүсіптің көрген түстері ағаларын ашуландырғаны сонша, олар одан құтылудың амалын ойлап, Жүсіпті Мысырға құлдыққа сатып жіберді.

Бөтен елде құл болып жүрген күнде де, Жүсіп Құдайға адал болып қалды. Перғауынның офицерлерінің біріне он жыл қызмет еткеннен кейін Жүсіпке қожайынының әйелін зорлады деген жалған айып тағылды. Ол екі жыл бойы зынданда қамауда болды. Сонда да Жаратқан Иеге адал қызмет етті. Содан кейін Құдай Жүсіпті перғауынның екі қызметшісіне түс жорып беру үшін пайдаланды. Олар да Жүсіппен бірге түрмеге жабылған болатын. Біреуі өлім жазасына кесілді. Екіншісі кешіріліп, перғауынның алдында қызмет ету үшін сарайға қайта оралды. Бірақ сарайда перғауынға шарап құйып жүріп ол Жүсіпті есіне алмады. Соған қарамастан Жүсіп Тәңір Иеге адал болды.

Кейінірек перғауын жаман түс көріп мазасы кеткенде, шарап құюшы қызметші оған Жүсіп туралы айтып берді. Жүсіп перғауынның түсін жору үшін зынданнан шақырылды. Түсіндірме жеті жыл молшылықтан кейін болатын ауыр ашаршылық туралы ескертті. Жүсіп Құдайдың даналығымен елді ашаршылықтан сақтайтын ақылды кеңес берді. Ол молшылық жылдары қор жинауға нұсқау болатын. Перғауын Жүсіптің даналығына қайран қалып, бірден оны Мысырда перғауыннан кейін ең маңызды адам етіп қойды.

Үйде Жүсіпке не болғанын білмейтін құдайшыл әкесі Исраил болды. Құдай оған мұны аспады. Бір сәт тоқтап, осыған ой жүгіртіңіз. Құдай перғауынға болашақта не болатынын көрсетті, бірақ оны өзінің адал қызметшісі Исраилден жасырды. Неге десеңіз, бұл Ыбырайымның барлық ұрпақтарын Мысырға апаратын себеп еді. Ашаршылық басталғаннан кейін екі жыл өткенде, Исраил ұлдарын Мысырға астық сатып алуға жіберді. Онсыз Ыбырайымның әулеті қырылып қалар еді. Астық тек Мысырда болды. Тек Мысыр ғана аштыққа дайындалып, Жаратқан Иенің даналығымен қоймаларын толтырып қойған. Құдайдың перғауынға ашқанының нәтижесінде, ел байып кетті. Жаратқан Ие Мысырды барлық халықтардың ең күштісі және ықпалдысы болу үшін дайындады. Бұл да белгілі бір мақсатпен болды.

Исраилдің ұлдары Мысырға келгенде, Жүсіптің алдына түсті, бірақ олар оны танымады. Бұл таңқаларлық жайт емес. Құл қалай таққа жетеді? Ал Жүсіп оларды танып, мүмкін күткен де шығар, бірақ сыр бермеді. Өзінің кім екенін оларға бірден айтпады. Жүсіп ағаларына тегін астық беріп жіберді. Келесі жолы ағалары інісі Буняминмен бірге қайтып келсін деп, ол бір ағасын Мысырда алып қалмақ болды. Азық-түліктері таусылған соң, Исраилдің барлық ұлдары қайтып келді. Барлығы жиналғанда, Жүсіп өзінің кім екенін айтты.

Оның кім екенін білген ағалары қорқып кетті. Жүсіп олардың сатқындығы үшін кек аламын десе, қолында билігі бар. Бірақ оның орнына Жүсіп оларды жұбатып, былай тіл қатты:

Мен сендер Мысырға сатып жіберген Жүсіппін! Ал енді, ештеңені уайымдамаңдар, мені осында сатып жібердік деп өздеріңді кінәламаңдар! Өйткені *Құдайдың Өзі мені* осы жерге өмірлеріңді сақтап қалу үшін сендерден бұрын *жіберді*. Елді аштық жайлағалы екі жыл өтті, енді келесі бес жыл бойы да жер өңделіп, астық егілмейді. Ұрпақтарыңның жер бетіндегі өмірін жалғастыру үшін сендерді ұлы іспен құтқарып, аман-есен қалдыру үшін Құдай мені мұнда өздеріңнен бұрын жіберді. *Осылайша сендер емес, Құдай мені бұл жерге жіберді!* (Жар. 45:4–8).

Жүсіптің сөзінен кейін ол Мысырда көп жыл құл болғандықтан, шындықты ұмытты ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Ол басынан өткен азапты, сатқындықты, жалғыздықты ұмытқан шығар. Ақыр соңында, сүйіспеншілікке толы Құдай оны соншама азапқа қалай тікті? Исраилдің ең адал және мойынсұнғыш ұлы он екі жылдан астам құлдық пен зынданда қамауда болғанда, Құдай қалай қарап отырды? Кінәсіз жанның жазалануына қалай жол берді? Құдай Өзімен келісім жасаған халқын кейін ең қатыгез басшылардың бірі басқаратын жерге қалай алып келді? Мұның бәрі – Жаратқан Иенің жоспары екеніне Жүсіп шынымен сенді ме?

Есіңізде болса, әрбір сөз екі куәгердің растауымен ғана шындыққа жатады. Көп жыл өткеннен кейін забур жыршысы не жазғанын тыңдаңыз:

Тәңір Ие ашаршылық жіберді елге,
Талқандап тамақ қорының бәрін де.
Алдарынан шығарды Ол бір жігітті,

ҚҰДАЙ ТІЗГІНДІ КІМ ҰСТАҒАНЫН БІЛЕДІ МЕ?

Мысырға құлдыққа сатылған Жүсіпті.

Тәңірдің сөзі оның мінезін сынап болғанша,

Алдын ала айтқандары орындалғанша,

Жүсіптің аяқтары қысылып бұғауланды,

Мойнына оның темір құрсау салынды (Заб 104:16–19).

Уау, Жүсіпті Мысырға шынымен Құдай жіберген болса керек! Осы мәтінді толығырақ қарастырайық. Біріншіден, ашаршылықты шайтан немесе жағдай емес, Құдай жоспарлаған. Екіншіден, Жүсіп айтқандай, Құдай оны отбасынан бұрын жіберді. «Құдай алдарынан шығарды» деген тіркестен, ол басқа ешкімнің ісі емес, тек Тәңір Иенің жасағаны болды. Жүсіп өзі ойлап шығарған нәрсеге сеніп қалған жоқ, ол Құдайдың Рухы арқылы сөйледі. Үшіншіден, барлық азаптары Жүсіп үшін сынақ болды. Ол Жүсіпті шынықтырып, темірді балқытып тазартқандай тазартты. Ақырында ол бұғаумен жараланып, темірге жабылды. Ол кезде зындандар қазіргі түрмелерімізден әлдеқайда нашар еді. Бірақ Жүсіп ең тақуа ұл болды! Сонда қалай, жақсы адамдар бәрі бір жауыз биліктен жәбір көреді ме? Бұл кездейсоқ жағдай немесе шайтанның зұлым жоспары емес пе? Осыған ұқсас жағдай шынымен Құдайдың жоспары, Құдайдың қамқорлығы болуы мүмкін бе?

ҰЛЫ ІСПЕН ҚҰТҚАРУ

Осы маңызды сұрақтарға жауап берейік. Жүсіптің сөзіне қайта қараңыз. Оның Құдай рухының жетелеуімен айтқанын есте сақтаңыз: «Ұрпақтарыңның жер бетіндегі өмірін жалғастыру үшін сендерді ұлы іспен құтқарып, аман-есен қалдыру үшін Құдай мені мұнда өздеріңнен бұрын жіберді. Осылайша сендер емес, Құдай мені бұл жерге жіберді!» (Жар. 45:7–8).

Ұлы іспен құтқару! Тоқтай тұрыңыз. Ыбырайымның ұрпақтарын перғауынның билігіне әкелген Исраилдің

бағынбауы емес, Құдайдың Өзі. Оның үстіне, Құдай Жүсіп қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай басқа перғауынның көтеріліп, Исраилге қатыгездік жасайтынын алдын ала білген (Мыс. ш. 1:8–14). Құдай Ыбырайымға халықтың төрт жүз жыл азап шегетіндерін әлдеқайда бұрын айтқан болатын. Сонда бұл Иеміздің ұлы құтқаруы болды ма? Халықтың басынан зор қиындық өткенде, оны қалай құтқару деуге болады?

Мұнда келесідей сұрақ туады: Құдай болашақ жеті жыл ашаршылық туралы неге Ыбырайымның ұрпақтарына емес, перғауынға хабарлады? Сонда Жүсіп сонша азап көрмейтін еді. Себебі Құдай Исраил халқының перғауынның қол астында болуын қалаған. Жаратқанның жоспары осы болды. «Бірақ перғауын ежелгі Гитлер сияқты болды. Ол мыңдағанын исраилдіктерді өлтіріп, Құдай халқын ауыр азапқа салды» деуіңіз мүмкін. Иә, бұл рас, бірақ Құдайдың басты мақсаты – осы дүниенің жайлылығы мен ләззатынан біздің рахат алуымыз емес, құтқарылуымыз! Осыны есте ұстайық. Жаратушының бәрінен бұрынғы ниеті осы! Құдайдың перғауынға сөйлегендегі даналығын тыңдаңыз: «Алайда саған (істейтінім арқылы) құдіретімді көрсетіп, бүкіл жер жүзіне атымды шығару үшін ғана сені патша етіп қойдым» (Мыс. 9:16).

Осы оқиғаларға дейін Құдай Тәңірді тек Ыбырайым, Ысқақ, Жақып және олардың ұрпақтары білетін. Әлемнің қалған бөлігі Ыбырайымның, Ысқақтың және Жақыптың Құдайын білмеді. Сондықтан Мұса перғауынның алдына келіп, Жаратқан Иенің атынан Исраилді босатуды бұйырғанда, перғауын: «Мен айтқанына құлақ асып, исраилдіктерді жіберетіндей «Жаратқан Ие» деген кім? Мен «Жаратқан Иені» білмеймін де, Исраил халқын жібермеймін де» деп жауап берді (Мыс. ш. 5:2). Перғауын мен бүкіл Мысыр Құдайды танымады. Алайда Құдай Өз халқын құтқару үшін ғажайыптар жасағанда, Мысырда Исраилдің Құдайы туралы естімеген жан қалмады.

Бірнеше іңдеттен кейін кейбір мысырлықтар Құдайға бет бұрды. Бұршақ жаумай тұрып, не болғанын оқиық: «Перғауынның нөкерлерінің кейбіреулері Жаратқан Иенің сөздерінен қорқып, қарамағындағы қызметшілері мен малдарын жедел түрде қауіпсіз жерлерге жинап алды» (Мыс. ш. 9:20). Көп ұзамай нөкерлері перғауынға: «Израилдіктерді Құдайлары Жаратқан Иеге ғибадат ету үшін жібере көріңіз. Мысырдың құрып бара жатқанын көріп тұрған жоқсыз ба?» деп жалбарынды (Мыс. ш. 10:7). Тіпті Мысырдың сиқыршылары да патшасына: «Бұл – Құдайдың құдіретті ісі!»,– деді (Мыс. ш. 8:19).

«Мұсаның абыройы Мысыр жерінде перғауынның нөкерлері мен халықтың алдында зор болды» (Мыс. ш. 11:3). Осы тұста мысырлықтардың Жаратқан Ие туралы білгендерін анық көріп отырмыз. Олар Құдайдың адамын қатты құрметтейтін, өйткені сол кезде-ақ Тәңір Иенің кім екенін білген. Сондай-ақ Мысыр халқы Ыбырайымның ұрпақтарына күміс, алтын бұйымдар және киім-кешек сияқты сұрағандарының бәрін бергенін білеміз (Мыс. ш. 12:35–36). Тіпті перғауынның өзі: «Осы жолы мен күнә жасадым. Жаратқан Ие әділ, ал өзім және халқым кінәлі»,– деді (Мыс. ш. 9:27). Ақырында, бүкіл Мысыр тірі Құдайдың кім екенін білді.

ХАБАР БҮКІЛ ЖЕРГЕ ЖАЙЫЛДЫ

Мысыр ғана емес, бүкіл жер Жаратқан Иенің шынайы, тірі Құдай екенін білді. Бұл білім Оның жер бетіндегі ең құдіретті халықты кішіпейіл етуінің тікелей нәтижесі болды. Құдай Жүсіп арқылы Мысыр еліне даналық берді. Ол білімнің арқасында Мысыр аман қалып, кейіннен өркендеп-дамыды. Кейінірек мықты Мысыр ираилдік құлдардан жеңілді. Осы хабарды естіген халықтар не ойлады? Әрине, кедей құлдар бай, қуатты, алдыңғы қатарлы жәбірлеуші елді жеңіп, бостандыққа жеткендері естігеннің бәрін таң қалдырып, үлкен

әсер қалдырды. Құлдар басқа әлсіз елді жеңсе, ол нәтиже сонша зор болмаушы еді. Одан Құдайдың даңқы сонша айқын көрінбеуші еді. Исраилдіктер қырық жыл шөл даланы кезіп жүргеннен кейін де, жер бетіндегі халықтар Тәңір Иеден қорқып, Исраилден сескенді. Аты шулы жеңіс деп осыны айт!

Оның әсері ұрпақтан ұрпаққа айтылып, жалғасып отырды. Мұсаның мұрагері Ешуа алып Иерихон халқына екі тыңшы жіберді. Бұл кісілерді Рахаб есімді әйел қарсы алып, оларға былай деді:

Жаратқан Иенің сіздерге осы елді бергеніне көзім жетті. Сіздерден төнген зор қорқыныш біздерді билеп алып, елдің *күллі тұрғындарының* зәрулері ұшып әлсіреуде. Сіздер Мысырдан шыққанда Жаратқан Иенің Қамысты теңіздің суын алдарыңыздан қалай құрғатқанын, әрі Иорданның арғы жағындағы аморлықтардың екі патшасы Сихон мен Огқа не істегендеріңізді, оларды қалай құртқандарыңызды естігенбіз. Осыны естігенде, сіздерден зәреміз ұшып, батылдығымыздан жұрдай болдық. Себебі *сіздер сиынған Құдай Жаратқан Ие – көкте де, жерде де жалғыз Құдай* (Ешуа 2:9–11).

Ол Жаратқан Иені Құдай деп мойындады, ал жердің «күллі тұрғындарының» зәресі ұшты. Жаратқан Иенің есімі бүкіл әлемге белгілі болды!

Бұл білім тек Оның даңқы үшін ғана емес, сонымен бірге құтқарылу үшін де қажет болды. Осыны білгеннің арқасында Рахаб пен оның үй іші аман қалды. Одан да маңыздысы, Рахаб Дәуіт патшаның шежіресіне енді. Ол ұлы патшаның үлкен әжесі болған еді. Осылайша, ол Иса Мәсіхтің әулетінде де болған. Егер Құдай Өзінің халқына билік еткен перғауынды таққа отырғызып, сосын оны кішіпейіл күйге жеткізбесе, және сол арқылы Өзінің есімін бүкіл жер бетіне паш етпесе, мұның бәрі болмайтын еді.

Мысырдан шыққаннан кейін бірнеше жүз жыл өтсе де,

халықтар арасында Құдайды қастерлеу бар еді. Исраилдің діни қызметкері әрі төрешісі Елидің кезінде перғауынға істеген істері үшін Құдайдың есімі қайта еске алынған болатын. Ол кезде Исраил філістірлермен соғысып, бірінші күні жеңіліске ұшырады. Келесі күні исраилдіктер келісім сандығын соғыс лагеріне әкелді. Сонда «исраилдіктердің қуана салған айқайынан жер жаңғырықты» (Пат. 1-ж. 4:5). Філістірлер шуды естіп, бұл нені білдіретінін сұрады. Сонда олар Жаратқан Иенің келісім сандығы исраилдіктердің қосына келгенін түсінді. Олардың айтқанына қараңыз:

Філістірлер үрейлері ұшып: «Олардың араларына Құдай [еврейше «элохим»] келіпті! – десті. – Енді қасіретке қалармыз! Бұрын-соңды мұндай нәрсе болып көрген емес! Сорладық! Осы құдіретті тәңірлерден [«элохим»] бізді кім құтқара алады? Олар [«элохим»] иен далада әр түрлі апаттар жіберіп, мысырлықтарды құртқан еді ғой! (Пат. 1-ж. 4:7–8)

«Тәңірлер» үшін қолданылған еврей сөзі – «элохим». Бұл сөз Көне өсиетте біз қызмет ететін Құдай Иемізге қатысты екі мыңнан астам рет қолданылады. Ол Жаратылыс кітабының бірінші тарауының өзінде отыз екі рет жазылған. «Элохим» – аспан мен жерді жаратқан біздің Құдайымыз бен Тәңір Иеміз. Сондықтан оны «тәңірлер» емес, «Тәңір» деп дәлірек аударуға болар еді. Тіпті філістірлер де жүздеген жылдан кейін үрейленді. Олар Жаратқанға қызмет етпесе де, шынайы әрі тірі Құдайдың кім екенін білді.

ҚҰДАЙДЫҢ ТЕРЕҢ ДАНАЛЫҒЫ

Зұлым көсем перғауын патшалық құрған кезде Құдай үшін ол күтпеген жағдай болмады, «Себебі мемлекеттік биліктің бәрі негізінде Құдайдан; қазіргі билікті де Құдай орнатқан» (Рим. 13:1). Ғасырлар бойы заңды билікке ие болған әрбір басшыны,

мейлі жақсы болсын, мейлі жаман болсын, Құдай тағайындаған. Ол кездейсоқ емес, белгілі бір себеппен тағайындалды.

Енді сіз: «Сталин немесе Гитлер сияқты басшыдан не пайда болды?» деп сұрауыңыз мүмкін. Жауап беру үшін Пауыл елшінің сөзін келтірмекпін.

Сонымен, Құдай Өзі қалағандарына рақымын төгіп,
ал жаратпағандарын қасарыстырып қояды..
О, неткен бай Құдайдың даналығы,
Неткен терең Оның білік-парасаты;
Шешімдеріне адам ақылы жетпес,
Жолдарын Оның ешкім зерттеп бітпес!
«Кім Жаратқанның ақыл-ойын ұққан,
Кеңесшісі болып бағыт берді Оған?» (Рим. 9:18; 11:33–34)

Құдай біздің түсінігімізден тыс нәрселерді жасай алады. Ол Өз жолдарын бізге ашпаса, оны жай ғана қабылдауымыз керек.

Пауыл адами даналыққа қатысты тағы да сұрақ қояды: «Ей, пенде, Құдайға қарсы сөйлейтіндей сен кімсің?! Жаратылған нәрсе өзін жаратқанға: «Неге мені осылай жараттың?» деп айта ма?» (Рим. 9:20). Оның «Сен кімсің?» деген сұрағына құлақ асыңыз. Басқаша айтқанда, Құдайды сынайтындай дәрежедеміз бе?

Құдай перғауынның билікке жеткенінің себебін көрсетті. Енді «Құдайдың істері керемет екен, Оның даналығына адамның санасы жетпейді екен» деп, біз әрі қарай Жаратқанның жасағанына күмәнданбауымыз керек. Құдай әр басшыға қатысты ниетін бізге түсіндіріп, есеп беруге міндетті емес қой. Ол бізді Өзінің даналығы мен ізгілігіне сөзсіз сенсін дейді.

Даналығы аспанға жететін Құдай ешқашан мақсатсыз, мағынасыз, бос азапқа жол бермейді. Кез-келген қиындықты Ол әрқашан Өзінің құтқару мақсаты үшін қолданады. Бір әрдайым ол мақсатты көре алмасақ та, ол бар. Ұзақ мерзімді есепке

алсақ, мәңгілік тұрғысынан қарасақ, ол анық болады. Ізгі Құдай уақытша азаптың арқасында бізді мәңгілік азаптан сақтығы келеді. Мәңгілік зардапқа Ол ешқашан жол бермейді. «Бірақ адамдарға өте көп зиян жемқор басшылардың қолынан келді» деуіңіз мүмкін. Бұл физикалық мағынада дұрыс болса да, Құдай рухани дүниені физикалық әлемнен жоғары қойған. Әбілдің өлімі бекер болып көрінді, бірақ оның сеніммен істегені әлі де үлгі болып келеді (Евр. 11:4). Мыңдаған мәсіхшілер инквизиция кезінде, оның алдындағы және одан кейінгі құдалау кезінде қатыгез биліктің қолынан қаза тапты, бірақ олардың қаны босқа төгілген жоқ. Олардың қаны әлі де үлгі болып келеді.

Бізде кішіпейілділік, мойынсұну және дұға ету арқылы биліктегілерге ықпал етуге мүмкіндік бар. Құдай халқы кішіпейіл болып, дұға еткенде, зұлым жолдарынан қайтқанда, Құдай көктен естіп, жерді сауықтырады. Сауықтырудың бір мысалы – билер кітабында суреттелгендей, Құдайды қастерлейтін басшының билікке келуі. Жаңа өсиет былай дейді: «Ал енді, ең алдымен мынаны ескертемін: барлық адамдар үшін Құдайға сиынып, өтініштерің мен алғыстарыңды білдіріңдер. Патшалар мен басқа да барлық әкімшілік иелері үшін де мінажат ету керек; соның нәтижесінде біз барлық жағдайда Құдайға ұнамды да адал болып, тыныш та бейбіт өмір сүрмекпіз. Бұл игілікті әрі Құтқарушымыз Құдайға ұнамды» (Тім. 1-х. 2:1–3).

Біздің мінәжаттарымыз қазіргі билікке әсер етеді. Оның салдары басшыларды тағайындау және таңдау сияқты ауқымды болуы мүмкін. Дегенмен, мұның бәрі орын алса да, ерекше жағдайлар болып жатады. Алғашқы қауымның елшілері мен мәсіхшілері оларды құдалаған қатыгез билікпен жиі кездесті. Олар азғын өмір салтының немесе өз күнәларының кесірінен азап шекпеді. Керісінше, бұл билік Құдайдың құтқару ниетінде өз рөлін атқарды.

ИРОД АГРИППА I

Солардың бірін, Ирод Агриппа I-ді қарастырайық. Ирод есімі Палестина аймағындағы бірнеше римдік билеушілерге берілген. Олар Иса туылғанға дейін, Оның жердегі қызметі кезінде және қайта тірілгеннен кейін билік етті. Ирод Агриппа I б.з.б. 37 жылы, Иса қайта тірілгеннен кейін билікке келді. Ол мұны ақыл мен әдептілік арқылы жасады. Ол өзін бірте-бірте жоғарылатып, таққа жеткізетін барлық тәсілді қолданды. Рим императоры Калигула өлтірілгеннен кейінгі Иродтың негізгі саяси қадамы Клавдийдің таққа отыруына көмектесу болды. Клавдий оның көрегендігін мақтап, Агриппаны қазіргі билік орнында бекітіп, қоластына Яһудея мен Самария аумақтарын қосты. Ирод Агриппа атасы Ұлы Иродтың патшалығы сияқты ауқымды жердің билеушісі болды.

Оның билігі кезінде Ирод Агриппа I иудаизм мен мәсіхшіліктің арасындағы күресте бір жақты таңдауға мәжбүр болды. Ол еш ойланбастан мәсіхшілерді қыспақтаған құдалаушыға айналды. Елшілердің істері кітабында былай жазылған: «Шамамен осы кезде Ирод (Агриппа) патша қауымның кейбір мүшелерін тұтқындатып, зорлық-зомбылық көрсетіп, Жоханның туған ағасы Жақыпты семсермен шауып өлтіртті. Осы қылығы яһудилерге ұнағанын көрген ол Петірді де қолға түсірді. Бұл Ашымаған нан мейрамының кезінде болды» (12:1-3). Билеуші мәсіхшілерге неге сонша қатыгез болды десеңіз, бұл оның саяси мақсаттарына көмектесті. Осы әрекеттің арқасында Ирод Агриппа яһудилердің (азаматтардың көпшілігінің) қолдауына ие болды. Ол Исаның ең жақын үш елшісінің бірі Жақыпты өлтірді және Петірді де мерт қылмақ болды.

«Агриппаның билігі қайдан келді?» деп сұрақ қояйық. Ол билікке айла тәсілмен жеткен болып көрінсе де, таққа Құдайды айналып өтіп отыра алмайтын еді. Оны Құдай тағайындамаса, Ирод Агриппа билікке жетпеуші еді.

Агриппаның қолынан азап шеккен Петір сенушілерге «Құдайды терең қастерлеп, [...] патшаны қадірлеңдер!» (1 Петір 2:17) деген. Ол қалай? Жақыпты өлтірген патшаны құрметте дейді ме? Құдай өзінің көптеген балалары тұратын елге осындай қатал басшыны тағайындап, сосын оларға неге «оны қадірле» дейді? Жауабымыздың бір бөлігін Жазбаның басқа тұсынан табамыз: «Сонымен Петір абақтыда күзетілді, ал қауым ол үшін Құдайға қызу жалбарынып сиынумен болды» (Елшілердің істері 12:5). Нәтижесінде Құдай Петірді қамалудан керемет түрде алып шыққан періштені жіберді. Петір қауіпсіз жерге, үйдегі дұға жиналысына барды. Егер сенушілер патшаны қадірлемей, тағайындалған билікке қатысты Құдайдың бұйрығына қарсы шыққанда, Петірдің абақтыдан құтқарылғанын көрмес еді.

Агриппаның Петірді өлтіру жоспары қауымның дұғалары мен мойынсұнуының арқасында бұзылды. Бұл оқиға сенушілерге айтарлықтай күш-қуат берді. Перғауынның жағдайына ұқсас, Құдай құтқару мақсатында Өзінің құдіретін көрсетті. Мұның ең үлкен дәлелі Жазбада бар: «Ал Құдайдың сөзі кеңінен тарап, сенушілердің саны өсе берді» (Елшілердің істері 12:24).

Мәсіхшілердің үздіксіз дұғалары және олардың билікті қадірлеуі оқиғаның Құдай қалағандай өрбуіне көмектесті. Әрі қарай оқысақ, бір күні Ирод Агриппа I халықтың алдына келіп, патша киімімен тағына отырып, халық алдында сөз сөйлегенін көреміз: «Жиналған халық оған: «Адам емес, құдай сөйлеп тұр!» – деп айқайлай берді. Ирод Құдайға тиісті құрметті көрсетпегендіктен, Жаратқан Иенің періштесі оған дереу жаза жіберді: Ирод тірідей құртқа жем болып өлді» (Елшілердің істері 12:22–23).

Жаза келді, бірақ ол Құдай халқы арқылы емес, Жаратқан Иенің семсерінен болды. Жақында билікке үкім шығаратын – Құдай екенін білеміз. Бізге басшылар үшін дұға ету, олардың

билігіне құрмет көрсету және мойынсұну бұйырылды. Егер жаза қажет болса, біз тек Құдайдың әрекетін бақылап отыруымыз керек.

Менің осы тарауда жазғаныма Киелі кітаптағы басқа да оқиғалардан растау табасыз. Дегенмен, өкінішке орай, ол қауымда кеңінен тараған пікірге қайшы келеді. Көптеген сенушілер осыған қарама-қарсы затты үйретеді және қабылдайды. Өзінің жайлылығын Құдайдың құтқару жоспарынан жоғары қоятындар Жаратқанның бұл саладағы керемет істеріне соқыр. Құдайдың даналығына жүрегімізді ашық ұстайық. Есіңізде болсын, Ол бізге қарсы емес, қайта бізбен жақтас.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

ПАТШАНЫ ҚАДІРЛЕУ

*Біз құрметтеуді – қадірлеуді, сыйлауды
үйренуіміз керек. Биліктегілерге қатысты
міндеттерімізді орындап, оларға ізет
көрсетейік.*

Соңғы тарауда қысқаша айтылған Петір елшінің сөзіне, Әсіресе қазіргі уақытта аса көңіл бөлуіміз керек. Бір аятты бөлек қарастырмас бұрын, оны мәтінді толықтай қарастырайық: «Сүйікті бауырластарым, (осы күнәкар дүниеде) жат жерлік адамсыңдар, сондықтан сендерге ескертемін: өз жандарыңа ұдайы қарсы шығатын арам құмарлықтардан бас тартыңдар! Құдайға мойынсұнбайтын халықтар арасында адал өмір сүріңдер! Олар сендерді жамандық жасаушылар деп айыптайды. Алайда Құдай бізді құтқаруға келген күні олар өз көздерімен көріп жүрген игі істеріңе бола Оны мадақтайтын болады» (Петірдің 1-хаты 2:11–12). Билікке бағыну – Петірдің айтқан адал өмірі мен игі істерінің бір бөлігі екеніне қазір көз жеткіземіз. Мұндағы жанымызға қарсы шығатын арам құмарлықтың бірі – билікке бағынудан бас тартатын бүлікшіл ниет. Алайда, біз өте жиі керісінше ойлаймыз: мойынсұнбауды

досымыз, мойынсұнуды дұшпанымыз деп санаймыз. Бұл көзқарас шындықтан өте алыс.

Петірдің жазғанын есте ұстайық, өйткені біз билікке мойынсұнып, бағынған күнде де, басқалар бізді «жамандық жасаушылар» деп айыптауы мүмкін. Кейбіреулер: «Бағынудан не пайда? Мойынсұнсам да, жұрт жасамаған қателігім үшін маған жала жабады» дейді. Олар бір нәрсені ұмытқан сияқты: мойынсұнса, Жаратқан Ие үшін мойынсұнады және олардың сыйы Құдайдан келеді. Киелі кітаптың «The Message» аудармасы осыған қатысты былай дейді:

Қызметшілер [жұмыскерлер, қауым мүшелері, азаматтар, т.б.], жер бетіндегі қожайындарыңа [бастықтарыңа, қауым жетекшілеріне, биліктегілерге, т.б.] шын жүректен мойынсұныңдар, бірақ Қожайындарың – Иса Мәсіх екенін есте сақтаңдар. Айтқандарын тек көңілдерінен шығу үшін, олар сендерді бақылап тұрғанда ғана емес, ұдайы жан-тәндеріңмен орындай беріңдер! Осылай Құдайдың еркін Мәсіхтің қызметшісі ретінде іске асырыңдар! Жайдары жүзбен еңбектеніңдер, себебі кім бұйрық берсе де, сендер шын мәнінде Құдайға қызмет етудесіңдер. Мейлі басыбайлы, мейлі ерікті болсын, ісін жақсы істеген адам Иемізден лайық сыйын алады (Ефес. 6:5-8).

Петірдің хатына оралсақ, ондай былай делінген: «Сонымен, сендер Жаратқан Иенің меншігі болғандықтан, Ол тағайындаған әрбір билік иесіне мойынсұныңдар! Елдің басшысы ретінде патшасына бой ұсыныңдар, патшаның бекітіп жіберген әкімдеріне де бағыныңдар!» (Петірдің 1-хаты 2:13, NCV аудармасы). Киелі Рух Пауыл арқылы сөйлегені сияқты, Петірдің сөзімен де барлық билік органдарына бағынуға нұсқау беріп отыр. Есіңізде болсын, ол айтқан патша өте қатал болды және оның билігінен кезінде сенушілер қатты

қуғынға ұшырады. Пауыл сияқты Петір де адамның өзіне емес, оған берілген Құдайдың билігіне бағынуды айтып отыр. Ол патшаның лауазымындағы Құдайдың билігін түсініп, мойындамайынша, пенде Ирод Агриппаға ешқашан бағына алмайтын еді. Егер біз Құдайдың билігін білмесек, тағайындалған билікке бағыну қиын. Шынайы билік Кімде екенін көрмесек, неғұрлым мойынсұнамыз деп тырыссақ, ол соғұрлым қиынға түседі.

Петір мойынұну туралы өсиетті неге маңызды сонша маңызды санады? Себебі ол бағынбаудың Мәсіхке қарсы рухтарға және жалған «мәсіхке» қуат беретінін білді. Өйткені бұл күш «Құдайға және Оның ұлылығын білдіретін бар нәрсеге қарсы тұрып, өзін олардан жоғары қояды» (Сал. 2-х. 2:4). Сенушілер ретінде өзімізге бір сұрақ қояйық: «Біз заңсыздыққа көмектесіп жатырмыз ба, әлде оны тежеп жатырмыз ба?». Егер оған көмектесетін болсақ, Құдайдың емес, шайтанның қағидасына бағынып әрекет етеміз.

Петір сөзін былай жалғастырды: «Сенімі бір бауырластарыңды сүйіңдер. Құдайды терең қастерлеңдер [...]. Патшаны қадірлеңдер!» (1 Петір 2:17). Петір бізді билікке мойынсұнып қана қоймай, оны қадірлеуге де шақырып отыр. «Қадір» сөзінің түпнұсқадағы грекше сөзі – «тимао», ол «құрметтеу, сыйлау, ардақтау, қошемет көрсету» дегенді білдіреді. Иса: «Мен Әкемді құрметтеймін» (Жохан 8:49) дегенде осы сөзді қолданған. Webster's Dictionary (1828 нұсқасы) құрмет сөзіне «ізет, ілтипат; біреуге қадір-құрмет көрсету, оның алдындағы міндетті орындау» деп анықтама берген. Қайталап айтайын: Петір айтқан патша өз заманындағы сенушілерді қатты қудалаған! Петір нақты бір патшаны жеке тұлға ретінде құрметтеуді айтып отырған жоқ, ол мүмкін емес. Елші патшаны Құдайдың тағайындаған билігі ретінде құрметтеуге шақырды.

ҚЫНЖЫЛТҚАН СҰХБАТ

Бірнеше жыл бұрын мен оңтүстік штаттағы үлкен қалада танымал мәсіхшілік станцияның тікелей эфирінде сұхбат бердім. Эфирде кітаптарымның бірін талқыладық. Радио сұхбат басталған соң он минут өткенде диктор үзіліс жасады. Осы уақыт ішінде мен үзіліс кезінде эфирде болмағандықтан дыбыс деңгейі төмен бірнеше жарнамалар мен хабарландыруларды естідім.

Кенеттен, ауа-райы болжамын айтқан адамның сөзіне назарым ауды. Ол жүздеген мың тыңдарманға солтүстіктегі бір штатта ауаның суық болатыны сонша, штаттың губернаторының ерні көгеріп қатып қалатынын айтты. Жүргізуші губернатордың атын атап, ернінің қатып қалатыны соншалық, ол әдеттегідей аузын ашып, ақымақ нәрсе айтатын болады деді.

«Бұл не қылған бос сөз?» деп мен естігеніме сенер-сенесімді білмей отырдым. «Мәсіхшілер жүргізетін, мәсіхшілер тыңдайтын радио станция осы ма? Жоқ, бұл бір қате шығар» деп аң-таңмын. Сосын былай ойладым: «Егер бұл мәсіхші станция болса, олар ауа-райы болжамын басқа бір арнадан алған шығар». Менен сұхбат алушы диктор қайтып келгенше естігенімді ойлап, әсерін сейілте алмадым.

Эфирге қайта қосылғанымызда, диктор бір жалпы сұрақ қойды. Мен оған әр ісімізді Құдаймен бірге істеудің маңызын айттым. Әлгі естігенім ойымнан кетпеген соң, «Бұның жақсы мысалы жаңа ғана үзіліс кезінде естігенім» дедім. «Бұл мәсіхші радио станциясы ма?» – деп сұрақ қойдым.

Ол: «Иә» деп жауап берді.

«Мүмкін, менің естігенім басқа, сенімге қатысы жоқ арнадан алынған шығар, өйткені бірнеше минут бұрын сөйлеген адам жұмысын Құдайды ойлап істеді дей алмаймын».

Ол: «Нақты нені айтасыз?» деп сұрады.

«Губернатордың аузы қатып қалатындай суық туралы хабарландыру» деп жауап бердім.

Сұхбаттасым үнін басып: «Бұл адам мен едім» деді.

Мен: «Киелі жазбада Құдайды қастерле және патшаны немесе билік иелерін құрметте делінген», – дедім.

Ол қаттырақ: «Иә, бірақ аздап әзілдеуге де болады ғой. Онда тұрған ештеңе жоқ», – деп жауап берді.

Мен: «Әзілдесек те, Құдайдың құрметте дегенін мазақ қылуға болмайды. Пауыл елші: «Халқыңның басшысына балағат сөз айтпа!», – деген» деп жауап қаттым (Елшілердің істері 23:5).

Ол: «Жақсы, Джон. Екеуміздің көзқарасымыз бәріне бірдей бола алмайды екен» деп тікелей сұхбатты басында келіскен уақытымыз аяқталмай жатып бітірді.

Шынымды айтсам, көңілім қалды. Трубканы қойдым. Губернаторды құрметтеу, қадірлеу немесе сыйлау осы ма еді? Иә, ол айтқан адамның барлық әрекеті әрқашан құрметтеуге лайық деп айта алмаймын. Бірақ, қалай болса да, ол кісі губернатор қызметін атқарады. Мәсіхшілер ретінде біз сол билікті құрметтеуіміз керек. Қанша сенушілер құрметсіз, ерсі әзілден зардап шекті? Оны ойласам, қоғамда мәсіхшілерге деген үлкен құрметтің жоқ екеніне таңқалмаймын.

Бұл ертедегі қудаланған қауымның мінезі мен іс-әрекетінен өте алыс. Олар билікті құрметтейтін. Біз өзімізді осылай ұстағанда және сөйлегенде, белсенді жұмыс істеп жатқан заңсыздықтың күшін арттырамыз. Дегенмен Киелі кітапта былай жазылған: «Әрине, адамдарды Құдайдың заңына қарсы тұрғызатын құпия күштер қазірдің өзінде әрекет етуде! Бірақ соларды ашық шығармай, ұстап тұрған қасиетті күшті алдымен Құдай алып тастауы керек» (2 Сал. 2:7). Зұлымдықты ұстап тұрған қасиетті күш – Киелі Рух. Жүрегімізде қадір-құрмет жоқ болса, біз Киелі Рухқа қарсы шығамыз. Бұл шайтанның қағидасы!

ҚҰРМЕТ ЖАРАТҚАН ИЕНІ ҚАСТЕРЛЕУДЕН ТУАДЫ

Петірдің сөзіне оралайық: «Құдайды қастерлеңдер. Патшаны құрметтеңдер». Құдайды қастерлейтіндер – Ұлы Раббының жоғары және даңқты дәрежесін көз алдарында ұстайтындар. Олар Жаратқанның шексіз билігімен бетпе-бет кездесті. Олар Тәңір Иенің құдіретін біледі. Құдай нені құнды санаса, олар соны жоғары бағалайды, нені жек көрсе, соны жек көреді. Олардың жүректерінде биліктің бәріне құрмет пен ілтипат бар. Өйткені Құдай Өз билігін жердегі басшылыққа тапсырған.

Билікті құрметтемесек, Иемізді қастерлеу Рухының жоқтығы айқын көрінеді. Ишая пайғамбардың Исаны қалай сипаттағанын тыңдаңыз:

Осы патшаға Жаратқан Иенің Рухы қонып, оған даналық пен парасат, ақыл-кеңес пен құдірет, білімділік және Жаратқан Иені терең қастерлеуді дарытады. Өзі Жаратқан Иеге мойынсұнып, Оны терең қастерлеуден қуаныш табады. Патша тек көрген сырт пішінге, ұзын құлақтан естігеніне ғана сүйеніп үкім шығармайды (Ишая 11:2-3).

Исаның қуанышы – Иемізді терең қастерлеу. Бұл Оған сырт көрінген пішінге, құлақпен естігенге ғана негізделіп үкім шығармауға мүмкіндік берді. Радио жүргізушісінің әрекетінен оның Құдайды қастерлемейтіні көрінді, себебі оның тағайындалған билікке деген көзқарасы дұрыс болмады. Губернатордың істегені құрметке лайық болмағандықтан, радио жүргізушісі оған құлағының естуі мен көзінің көруі бойынша баға берді. Бұл стандарттар бойынша дикторымыздікі дұрыс деуге болады. Алайда, егер ол дүниеге Жаратқанды қастерлеу арқылы қараса, губернатордың өміріндегі тағайындалған билікті түсінер еді. Мемлекеттік билікке жала жабу ешқашан құдайшылдықтың белгісі емес.

Шомылдыру рәсімін жасаушы Жақия Ирод есімді беделді адаммен қалай қарым-қатынас жасағанына қарайық. Оның әдісі сұхбаттасымның істегенінен өзгеше болды. Біріншіден, Жақия Иродқа: «Бауырыңыздан жұбайын тартып алғаныңыз Таурат заңына қайшы!»,- деді (Мат. 14:4). Ол Иродтың жеке тұлғасына әдепсіз сөйлемей, күнәны тікелей әшкереледі. Екіншіден, ол билік орнына қойылған Иродпен Құдайдың пайғамбары ретінде сөйлесті. Үшіншіден, Жақия патша туралы оғаш әзіл айтқан жоқ.

Киелі кітапта басшылық қызметтегі адамдар туралы әзілдейтін жалғыз құдайшыл адам бар, ол – Илияс пайғамбар (Патшалықтар 3-жазба 18:27). Ол Бағал мен Ашераның жалған пайғамбарларын және олардың табынатын пұттарын мазақ етті. Олардың шынайы билігі болған жоқ. Олар көптеген израилдіктерді алдап, қараңғылыққа апарды. Оларды Құдай тағайындаған жоқ. Олар құрметке де, мойынсұнуға да лайық емес еді. Оккульттік ұйымдарды басқаратын адамдарға бағынуға болмайды.

Шынайы тағайындалған билікті айтсақ, Жаратқаны қастерлемейтін адамға билікті қадірлеп, оған бағыну қиынға түседі. Алайда, Жазбада не айтылғанын тыңдаңыз: «Ол [Құдай] өздерінің зұлым, нәпсіқұмар қалауларына ергендерге және *билікті жек көретіндерге* әсіресе қатал. Бұл адамдар қиқар да тәкаппар. Олар абыройлы билеушілерді қадірлеудің орнына, оларды балағаттаудан қаймықпайды» (2 Петір 2:10, NLT аудармасы). Петір де Яһуда да, осы кәрлі сөздерін қауымдағыларға айтқан (Яһуда 12; Петірдің 2-хаты 2:13–15). Сергітетін хабар, солай емес пе?

Кітаптың басында Құдай патшалығына деген демократиялық ұстанымға бола, кейбіреулерге мұндағы сөзді қабылдау алу қиын болатынын ескерттім. Сондықтан да бізге рухымыз бен ақыл-ойымызды жаңарту бұйырылған (Ефес. 4:23). Егер радио

жүргізушісінің пікірі оған ғана тән болса, ол туралы сөз қозғамас едім, бірақ бұл көзқарас қауымды жаулап алады. Мен бұны Билл Клинтонның президенттігі кезінде байқадым.

ЖАМАНДЫҚТЫ ЖАМАНДЫҚ ЖЕҢБЕЙДІ

1992 жылы президент Клинтон сайланғанда, Құдай маған сөйлегенше, мен үш күн бойы депрессияда болдым. Ол маған оның хабарынсыз ешкім билікке келмейтінін және биліктегілер Оның жүктеген міндетін орындайтынын анық көрсетті. Бұл ашылғаннан кейін мен президенттің жеке өміріне емес, оған берілген билікке назар аударатын болдым. Солай істегенде, жүрегімде оған деген шынайы сүйіспеншілік пен оның алдаудан құтылғанын және шындықта жүргенін тілейтінімді байқадым.

Шомылдыру рәсімін жасаушы Жақияның Иродқа деген көзқарасы да солай болды деп ойлаймын. Жақия қатал сөйлегенімен, оның жемқор басшыға жаны ашыды. Сондықтан Еремия жанға бататын сөз айтса да, сөзін жолдаған халқы үшін егілді. Заңшыл тұрғыдан, жеккөрінішке толы жүрекпен сөйлейтіндер бар және Жаратқанның түзететін сөзін жанашыр жүрекпен айтатындар бар.

Жаратқан Иені ашуландыратын нәрсе – өз бойларынан кемшілік таппайтын, басқаларға үкім шығарғысы келетін мін іздеушілер. Көптеген қауымдарда президент Клинтонға көзқарас осындай болды. Жалғастырмас бұрын, екі сайлауда да президент Клинтонға дауыс берген жоқпын. Оның әрекетінен АҚШ-тың көріп отырған зардабына жүрегім ауырады.

1992 жылы елді көп араладым. Сонда іссапарларымда көптеген сенушілермен таныстым. Олар теледидарға шығатын ультратраконсервативті саясаткер туралы айтып берді. «Қолың бос кезде, бағдарламасын өзің қарап көр» деп мені де тартты. Саясаткердің ұлтымыздың либералдық көшбасшылары, әсіресе президент пен оның әйелі туралы айтатыны көп

болды. Оның пікірін апта сайын әртүрлі қалаларда естідім. Жанкүйерлері: «Бұл кісіні тыңдауың керек. Ол Вашингтонда не болып жатқанын дәл айтып жатыр». Бауырластарыма деген сенімімнен «Қалыспай, бұл адамның не айтатынын білуім керек» деп ойладым. Мен теледидарды жиі көрмеймін, сондықтан саясаткердің бағдарламасын тоғыз ай өткенде ғана көре алдым.

Бірде Калифорниядағы қызметтен кейін қонақүй бөлмесіне оралдым. Теледидарды қосып көрсем, әлгі кісіге түскен сияқтымын. Тілі өткір екен. Әзілден кейін әзілді дәл тауып айтып жатыр. Алабажақ галстук таққан. Біраздан кейін ол президент Клинтонға көшті. «Бәрінің айтып жатқаны осы кісі ғой» деп мен ден қойып тыңдайдым дедім. «Ақыры бұл атақты адамды еститін болдым ау» деп мәзбін.

Ол жиырма минут бойы президентті аямай сынады. Мінеуге мазақ араластырып, Клинтонды текке жарамайтын адам қылып көрсетті. Қалжыңы өте күлкілі, сөздері тапқыр болды. Бірақ оны тыңдап отырып, өзімді өте жағымсыз сезіндім. «Не болды? Айтып тұрғанының бәрі рас қой. Президентіміздің либералды ойын дәл көрсетіп отыр» деп ойладым. Сосын: «Құдайым, жүрегімде неге осындай ыңғайсыз сезім бар?» деп сұрадым.

Киелі Рух бірден былай деп жауап берді: «Халқыңның басшысына балағат сөз айтпа!» (Елшілердің істері 23:5).

Тағы бір үзінді ойыма келді: «Ал енді, ең алдымен мынаны ескертемін: барлық адамдар үшін Құдайға сиынып, өтініштерің мен алғыстарыңды білдіріңдер. Патшалар мен басқа да барлық әкімшілік иелері үшін де мінажат ету керек; соның нәтижесінде біз барлық жағдайда Құдайға ұнамды да адал болып, тыныш та бейбіт өмір сүрмекпіз. Бұл игілікті әрі Құтқарушымыз Құдайға ұнамды» (Тім. 1-х. 2:1–3). Ұйықтап жатқан жерімнен шошып оянғандай болдым. Құдай бізге биліктегілерді құрметтеуді, олар үшін дұға етуді және алғыс білдіруді бұйырды. Сондай-ақ оларға

қарсы жаман ниетпен сөйлемеуді бұйырды. Олармен ұрысып, қақтығысып, оларды сынап, келеке етпеңдер деді. Теледидар комментаторының айтқаны көбінесе дұрыс болғанымен, жамандықты жамандық жеңбейді!

Бұл кісіге ренішім жоқ. Алайда, оны тыңдап, сөзін қолдаған сенушілерге қатты алаңдадым. Комментатор сөзінің қаупін, рухани салдарын білмейтін шығар. Өзім солай түйдім. Дегенмен, оның айтқанын қолдап, басқаларға таратқан сенушілерді түсінбей қойдым. «Патшаны қадірлеу» қайда қалды? Құдай бізге мәсіхшілер ретінде не істеу керектігін айтты: сиыну және өтініш пен алғыстарымызды білдіру. Пауыл заңсыздықтың әр түрімен айналысатындар ғана жаза тартады деген жоқ. Сонымен қатар, оларды «мақұлдап та отыратын» адамдар Құдайдың қаңарына ілігеді (Рим. 1:32).

ҚАЙ ЗАҢҒА БАҒЫНЫП ӨМІР СҮРЕМІЗ?

Сол қонақүй бөлмесінде болған жайтты Америка Құрама Штаттарының түкпір-түкпіріне барғанда айтатын болдым. Көпшілік нұрды көріп, тәубе етті. Басқалары маған қатты ашуланды. Олар комментатордың дұрыс өмір сүруді және біздің үкімет берген сөз бостандығын жақтайтынын алға тартты. Бұл рас. Дегенмен, бізде сөз бостандығынан жоғары тұрған бұйрық бар. Біз демократиялық билік бойынша өмір сүреміз бе, әлді Құдай Патшалығының заңдарымен өмір сүреміз бе? Елімізде алкоголь ішуге тыйым жоқ деп сенушілер шамадан тыс ішу керек пе? Немесе кейбір штаттарда марихуананы қолдануға рұқсат бар деп еркін есірткі шегуіміз керек пе?

Бізде жоғары заң бар. Римдегі (дінге қатысы жоқ) бір адам бірінші ғасырдағы қауымның мәсіхшілері туралы былай деп жазды: «Жер бетінде өмір сүргенмен, олар – көктің азаматтары. Олар берілген заңдарға бағынады, сонымен бірге

өз өмірлері арқылы кез-келген заңнан асып түседі» (Letter to Diognetus, 5-тарау).

Жала жабудан не пайда? Ол қандай жеміс береді? Күлкілі болса да, дәл тауып айтылған сөз болса да, теледидар қарау мен естігенімізді басқаларға айтудың орнына ел басшылары үшін сиынған тиімдірек емес пе? «Соның нәтижесінде біз барлық жағдайда Құдайға ұнамды да адал болып, тыныш та бейбіт өмір сүрмекпіз» деп айтылды емес пе?

Мен президент Клинтонмен кездесіп, былай айтқан министрді білемін: «Кінәсіз нәрестені өлтіруді заңды қылған кез-келген басшы Құдайдың жазасына ұшырап, тозақтың отына жанатын болады». Бұл қызметшінің сөзі Жақияның Иродқа айтқанымен тең. Құдайдың бұл елшісі туылмаған балалар мен президентке деген әділ ашу мен шынайы сүйіспеншіліктен сөйледі. Министр президенттің беделін құрметтей отырып, шындықты айтты. Бұл адам ешқашан президентті келемеждейтін сайқымазаққа айналмас еді. Сенушілер теледидар тұлғаларының билікті қорлайтынын тыңдағанда, Құдайдың жүрегінен алшақтай береді. Басқа біреудің жала жапқанын тыңдау мәңгілік жеміс бермейді.

БИЛІКТІ ҚАДІРЛЕЙТІН ЖҮРЕК

Билікті құрметтеуге деген жүрек ниеті күнделікті мінез-құлқымызға енуі керек. Солайша біз Иеміздің тағайындауын құрметтейміз. Пауыл былай өсиет етті:

«Билеушілерден жақсылық істегендер емес, жамандық істегендер қорқуға тиіс. Билік иесінен қорықпай жүргің келсе, жақсылық істей бер, сонда одан мақтау аласың. Өйткені ол сенің мүддең үшін *Құдайға қызмет етуші*. Ал егер жамандық істесең, қорыққаның жөн, ол семсерін беліне бекер байлап жүрген жоқ. *Билік иесі – Құдайдың қылмыскерге жазасын*

тартқызатын қызметшісі ғой. Сонымен, сендер тек жазадан қорыққандықтан ғана емес, ар-ұждандарыңның таза болуы үшін де мойынсұнуларың керек. Сондықтан да алым-салық төлеп тұрсыңдар, себебі *билік иелері – Құдайдың қызметіндегілер*, олар ел басқарумен үздіксіз айналысуда. Әркімге тиістісін беріңдер: алым-салықты – салықшыларға, кеден салығын – кеденшілерге төлеп, сый-құрмет пен қадірді – тиістілерге көрсетіңдер» (Рим. 13:3–7).

Мен жергілікті тренажер залында ауыр жаттығулармен айналысып, дене бітімі тамаша жұппен сөйлестім. Он минут сөйлескеннен кейін мен олардың Колорадо-Спрингс полициясында жұмыс атқаратынын білдім. Бірден: «Екеуіңе деген құрметім зор, өйткені Киелі кітапта сендердің Құдайдың қызметшілері екендерің айтылған!» дедім.

Ер адамның жүзі өзгеріп кетті. Ол таңданып, толқумен: «Достым, бұл шынымен де рас па? Киелі кітап мені Құдайдың қызметшілерінің бірі деп айтады ма?» деп сұрады.

Оның сұрағына жоғарыдағы аятты көрсетіп жауап бердім. Содан кейін ол: «Мен бұл үзіндіні арқама татуировка қылып жазып аламын!» – деді. Сенесіз бе, бірнеше аптадан кейін мен оны жаттығу залында көргенде, ол футболкасын көтеріп, арқасындағы жаңа татуировкасын көрсетті. Шынымен де Құдайдың сөзін жаздырып алыпты. Бұл ол үшін өте маңызды аян болды.

Бұл ақиқатты қазірші таңда жеткілікті атап өтуге болмайды. Құдай билік басындағыларды өзінің «қызметшілері» деп атады және олар лайықты құрметке лайық. Полиция қызметкерін, өрт сөндірушіні, әкімді, кеңес мүшесін, губернаторды, штаттың заң шығарушысын, судьяны, конгрессменді немесе үкімет тармағындағы басқа адамдарды көрген сайын жүрегімде үлкен құрмет пайда болады. Қаланың, штаттың әкімшілігіне немесе федералды кеңселерге барған кезде, ол жерде қызмет

атқарындарды сыйлап барамын. Менің сенатор достарым бар, оларды көргенде аты-жөнімен емес, «Сенатор» деп амандасамын. Мен Құдайдың оларға берген мәртебесіне құрметімді көрсеткім келеді. Олар Жаратқан Иенің халқына қызмет ететін Құдайдың қызметшілері.

Сонымен қатар, жоғарыдағы үзіндіде билік иелері өз міндеттерін орындаған кезде «Құдайдың қызметінде» екеніне аударыңыз. Ойлап көріңізші, егер жолда көлікпен келе жатып, жылдамдық шегінен он бес мильге асып кетсеңіз және кенеттен айнаңызда жыпылықтаған қызыл шамдарды көрсеңіз, шайтанға қарсы дұға етпеңіз. Полиция шайтан үшін жұмыс істемейді; керісінше, олар Құдай үшін жұмыс істейді! Оның орнына рақым үшін дұға ету керек!

Рұқсат етілген жылдамдықтан бірнеше рет асқаным бар. Әрине, оған сәйкесінше айыппұл төледім. Мені тоқтатып, айыппұл салғаннан кейін офицерге: «Қателік менен. Өз жұмысыңызды орындап, қаламызға қызмет еткеніңіз үшін сізге алғыс айтқым келеді. Заң бұзғаным үшін кешіріңіз» деймін. Олардың жүздерін көрсеңіз. Бірде офицердің кейпі мүлде өзгерді. Ол мені тоқтатқанда өте қатал сөйлеп еді, бірақ билігіне деген құрметімді көргенде түсін жылтты. Тіпті ойын өззертіп, айыппұл салмайды деп ойлап қалғаным да бар. Әрине, оны көздегенім жоқ. Істегенім үшін жауап тартудан қашпаймын.

Радио станцияның жүргізушісі губернаторына тіл тигізген штатта бағушы болып қызмет атқаратын досым бар. Ол өз қаласы үшін дұға етіп, «Қалай шынайы өзгеріс әкелемін?» деп сұрады. Ол кезде қауымы сенушілердің шағын тобынан ғана құралған еді. Құдай оның жүрегіне өз қаласының азаматтық билігін құрметтеуді салды. Одан әрі дұға еткеннен кейін бағушы досым нақты не істеу керектігін білді. Әріптестерімен бірге ол қаланың ең үлкен қажеттіліктерін зерттеді. Олар өрт сөндірушілерге арнайы маскалар қажет екенін білді.

Ол маскалар түтіннің арасында адамдарды анық көруге мүмкіндік береді. Бірақ өрт бөлімінің осы жылғы бюджетіне ол жазылмаған екен. Маскалардың әрқайсысы 25 000 доллар тұрады. Бұл олардың кішігірм қауымы үшін көп ақша болды.

Бағушы жоспарын қауым мүшелерімен бөлісті. Олар құрбандық жинаған соң, қажет ақшаның бәрі жиналды. Ол қауым жетекшілерімен бірге чекті қалаға табыс етті. Ол кейінірек әңгімесін айтып, былай деді: «Джон, қала шенеуніктеріне бұл қалай әсер еткенін білсең! Олар қауымның мұндай мейірімділік жасайтынына сене алмады. Олар үкіметтің мұқтаждықтары туралы наразылық білдіретін адамдарға үйренген. Біреу тегін көмек береді деп ойлаған емес».

Содан бері қауым қарқындап өсті. Жаңа ғимаратқа көшіп, оны ашу салтанатын өткізгенде, қала әкімшілігінен көп адам қатысты, ал кейбіреулері әлі де жиналыстарға келіп тұрады. Осы бағушының жемісін радио жүргізушісінің жемісімен салыстырыңыз.

Көптеген сенушілердің салық төлеу жайлы шағымданғанын естідім. Қауымдарда салық төлемеудің жолдарын ойластырған адамдарды кездестірдім. Олар бұны өздерінің конституциялық құқығы деп санайды. Мен оларға былай деймін: «Құдайдың берген өсиеті сіздің конституциялық құқығыңыздан асып түседі. Құдай «салық төле» дейді». Сосын тағы: «Сіз жүрген жолдарды кім салады? Сізді қорғайтын полиция, өрт сөндірушілер және депутаттарға кім ақы төлеп жатыр?» деп қосамын. Бухгалтерлерден сенушілердің азырақ салық төлеудің амалын іздейтіндерін естимін. Бұл жүректі ауыртады. Мен біздің қызметтегі бухгалтерлерімізге: «Қаражатты үкіметтен жасырғым келмейді. Оны азырақ қылып көрсетудің тәсілдері бізге керек емес» дедім. Салық төлеу – бұл бізге қызмет ететін үкіметке есесін қайтаруға мүмкіндік. Өзіміз береміз десек, бізден ұрлау мүмкін емес! Сенушілер бұл шындықты қашан көріп қуанады?

Егер Мәсіхтің денесі осы ақиқатты қабылдап, оған ие болса, біз өз халқымыз бен әлем үшін үлкен куәгер болар едік. Біз құрметтеуді, қадірлеуді үйренуіміз керек; билікке ізетпен қарап, оның алдындағы міндеттерімізді орындай білейік. Осылайша біз көктегі Әкемізді құрметтейміз. Патшаға құрмет көрсеткенде, біз Жаратқан Иені қастерлейміз.

БИЛІКТІҢ БАСҚА САЛАЛАРЫ

Соңғы тарауда жазғанымдай, патшаны қадірлеу туралы бұйрық азаматтық билікті білдіреді. Бұл кеңес тағайындалған биліктің басқа салаларын да қамтиды. Келесі тармақтардағы құрметке қатысты сілтемелерге назар аударыңыз. Отбасына қатысты Құдай: «Ата-анаңды сыйла!»,– деген (Ефес. 6:2). Ол тағы да: «әрқайсың әйеліңді өзіңдей сүюге тиістісің, ал әр әйел күйеуін құрметтеуге міндетті»,– деп бұйырды (Ефес. 5:33). Әлеуметтік билікке келетін болсақ, «Құлдықта жүрген барлық қызметшілер қожайындарын құрмет атаулыға лайық деп есептесін! Әйтпесе Құдайдың есімі мен біздің ілімімізге жұрт тіл тигізіп жүрер» (Тім. 1-х. 6:1) деп жазылған. Ал қауым билігіне келетін болсақ, «Қауымды жақсы басқаратын жетекшілер, әсіресе Құдай сөзін уағыздап, үйретуге еңбегі сіңгендер, ерекше құрмет пен қамқорлыққа лайық» делінген (Тім. 1-х. 5:17).

Отыздан жылдан асқан қызметімде жастардың ата-анасына құрмет көрсетпейтініне жиі куә болдым. Бұл жастарда құрмет түгілі, ар-ұят да болған жоқ. Ата-аналары түзетпесе, оларды тұрған жерлерінде өзім түзететін кездер болды. Олар осы мінездерімен шын мәнінде өздеріне зиян тигізетінін білсе, ондайды ешқашан істемеуші еді. Құдай былай дейді: «Әке-шешесін менсінбей қорлағанды қарғыс атады!» Соған бүкіл халық: «Аумин!» деңдер» (Заң. қ. 27:16). Алғашқы тарауларда талқылаған қарғыс ата-анасының абыройын түсіретіндерге келеді.

Екінші жағынан, Құдай ата-анасын құрметтейтіндерге мол жарылқауды уәде еткен: «Ата-анаңды сыйла!» Бұл, Құдайдың бір уәдемен байланыстырып берген алғашқы өсиеті: «Сонда жерде игілікті де ұзақ өмір сүретін боласың» (Ефес. 6:2-3).

Құдай ата-анасын құрметтейтін балаға екі түрлі бата береді. Біріншіден, жердегі өмірі игілікті болады. Ата-анасын сыйламаған адам өмірінің жақсы болатынын нақты біле алмайды. Оны қарғыс атқандай болады. (Мен бұл туралы куәлігімді келесі тарауда бөлісемін.)

Екінші уәде – ұзақ өмір. Ата-ананы құрметтеудің зор пайдасы осы! «Тоқтай тұрыңыз. Ата-анасын сыйлаған, бірақ ерте қайтыс болған балаларды білемін» деуіңіз мүмкін. Мен Құдай Сөзінде бұл уәдемен байланыстырып берілген бірінші өсиет екенін анық білемін. Айналамыздағы нәрселердің Құдайдың уәделерін жоққа шығаруына жол берсек, қиындыққа тап боламыз. Ойлап көріңізші. Әкеміз Өзінің перзенттеріне қорқыныштан толығымен еркін болуды уәде етеді. Ол Киелі кітапта былай дейді: «Сен әділдікпен берік негізделесің. Жәбір көруден аулақ, тыныштықта тұратын боласың. Сені ештеңе де қорқытпай, үрей атаулы саған жоламайды» (Ишая 54:14). Алайда қымбатты бауырластар қорқынышта өмір сүреді. Егер уәделер автоматты түрде орындалса, неге сонша көп адамдар азапта өмір сүреді? Бұл сұрақтың жауабы келесідей: Құдайдың уәделері мінәжат және сенімнің жақсы күресі арқылы қабылданады.

Ыбырайымның ұлы Ысқақ – жақсы үлгі. Құдай Ыбырайымға Ысқақ туралы: «Мен Ысқақпен Келісім жасап, оны үрім-бұтағы үшін мәңгілікке бекітемін» деп уәде берді (Жар. 17:19). Құдай уәдесін мәлім етті, бірақ Ысқақ үйленгеннен кейін жалғыз әйелі Рабиғаның бедеу екенін білді! Оның үстіне, Рабиғаны Ысқақ емес, Киелі Рух таңдаған. «Құдай бедеу әйелді таңдады дейсіз бе?» деп сұрауыңыз мүмкін. Иә! Уәде автоматты түрде

орындалмады; Ысқақ оған ие болу керек-тін. Жазбада не айтылғанын тыңдаңыз: «Әйелі бала көтермегендіктен, Ысқақ ол үшін Жаратқан Иеге жалына сиынды. Оның тілегін Иеміз қабыл алып, күндердің күнінде Рабиға жүкті болды» (Жар. 25:21).

Ысқақ Иемізге жалбарыну арқылы уәдеге жету үшін күресуге мәжбүр болды. Құдайдың қалауымен ол мінәжат етіп, жауап алды. Киелі жазба бізге былай жігер береді: «Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз. Не сұрасақ та, Құдай бізге құлақ салады деп білсек, Оның тілегенімізді беретінін де білеміз» (Жоханның 1-хаты 5:14-15). Құдай келісімде Өз еркін білдірді. Бізде Оның уәдесі болса, біз Оның еркіне сай дұға ете аламыз.

Ата-ананы құрметтеу арқылы сіз дұға арқылы Оның екі келісінде нық тұрып, жақсы, ұзақ және жемісті өмірге жете аласыз. Сеніміңізді басқалардың өміріне емес, Құдайдың келісіміне негіздеңіз.

Бәлкім, ата-анаңызды сыйламаған болсаңыз, алаңдап отырған шығарсыз. Бұл жерде тәубе қажет. Тәңір Иеге дұға етіп, ата-анаңыздың алдына барып, олардан кешірім сұраңыз. Оларды құрметтей бастаңыз. Құдайдың уәдесі сіздің өміріңізде күшіне енетініне сеніңіз.

Дәл осындай қағида бастықтарға, жұмыс берушілерге, мұғалімдерге және басқа да әлеуметтік билікке қатысты. Оларды құрметтесек, оның пайдасын көреміз және және Раббымыздан сыйымызды аламыз. Пауыл қызметкерлерге былай деп нұсқау берді: «Қандай жұмыс болса да, оны адам баласы үшін ғана емес, Иеміз үшін істеп жүргендей жан-тәндеріңмен атқарыңдар! Себебі осының ақысы ретінде сендер Иемізден Оның уәде еткен игіліктерін қабылдайтындарыңды білесіңдер. Қызмет ететін Қожайындарың – Мәсіхтің Өзі ғой. Ал жамандық жасайтын әркім соның лайықты жазасын тартады. Мәсіх ешкімнің бет-

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

жүзіне қарамай әділ үкім шығармақ» (Қол. 3:23–25).

Келесі тарауда біз Құдайдың қызметшілерін қауымда қабылдап, оларға лайықты құрмет көрсеткенде берілетін кең ауқымды игіліктер қарастырылады. Сондай-ақ Құдайдың бізге жібергендерін мойындамағанда неден құр қалатынымызды көреміз.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

ЕКІ ЕСЕЛІК ІЗЕТ

*Бізге қажет нәрсе жиі Құдайдан біз
ұнатпайтын түрде келеді.*

«Сый-құрмет пен қадірді – тиістілерге көрсетіңдер» (Рим. 13:7). Бұл тарауда Құдай билікке құрмет көрсету жайлы нұсқауды билік үшін емес, өзіміз үшін бергенін көреміз. Билікті құрметтеудің ең үлкен пайдасы билікке емес, өзімізге тиеді. Құдай Сөзіндегі осы өсиетті ұстану жарылқау әкелетінін ойлау өте қуанышты. Патшалықтар туралы 1-жазбадан бастайық.

БАТАҒА АЙНАЛҒАН ҚОРЛАУ

Билер Исраилді басқарған күндері Ханна есімді бедеу әйел болған. Ол Елқанах есімді адамға күйеуге шыққан болатын. Елқанахтың Ханнадан басқа Пәнана есімді екінші әйелі болған. Ханна құрсақ көтермегендіктен, күндесі Пәнана оның бала туа алмайтынын бетіне басып, ренжіте беретін. Ханна бедеу болғандықтан, Елқанах екінші рет үйленгені ықтимал. Ол Ханнаны қатты жақсы көрді. Ханна күйеуінің қуанышы болса да, оған ұл-қыз сыйлаған Пәнана еді. Жыл сайын отбасы құрбандық шалу үшін Шилоға сапар шегетін. Ол жерде Пәнана Ханнаны

әсіресе кекетіп-мұқатып, өкпелетітін. Бейшара Ханна қатты мұңайып, жылап жіберетін. Оны күйеуі де жұбата алмады.

Шилоға барған бір жылы Ханна қайғысына шыдамай кетті. Қатты азаптан ол Жаратқан Иенің киелі үйіне барып: «Уа, Әлемнің Иесі! Маған рақымыңды түсіріп, бір ұл сыйласаң, соны өмір бойы Саған бағыштар едім» деп ант береді.

Ол сиынып жатқанда, Исраилдің бас діни қызметкері мен биі Ели де ғибадатханада болған еді. Ол Ханнаны көргенде не болғанын оқиық: «Еріндері жыбырлап тұрса да, әйел іштей жалбарынып, ешқандай дыбыс шығармады. Содан Ели оны мас екен деп ойлап қалып:

– Сен қашанғы мас болып жүре бересің? Шарап ішуіңді доғар! – деп зекіді» (Пат. 1-ж. 1:13–14).

Масқара! Құдайдың алдында мұңын шағып, серт қылып отырған әйелді Ели мас деп, оған ұрысып тастады. Жүрегінің қаттылығын былай қоя тұрайық, Елиде рухани сезімталдық да жоқ сияқты. Ханна күндесі мен бала-шағадан кетіп қалып, Жаратқан Иенің алдында жұбаныш табу үшін келсе, елдегі ең жоғары рухани билік оны есірген біреу деп таныды. Ол жыл сайын Шилоға құр қол келетін, себебі Жаратқан Иенің алдына әкелетін баласы жоқ еді. Жыл сайын Ханнаға өсек еріп, жұрт оған көзін алартатын.

Егер бағушыңыз сіз қатты қиналған сәтте есің ауды деп айыптаса, не дер едіңіз? Мүмкін былай дерсіз: «Бұл бағушы ма өзі? Ол менің ораза ұстап, Құдайдың алдында ағымнан жарылып, жан сырымды ақтарып отырғанымды білмей ме? Не деген тас жүрек, қарабауыр адам! Мұның Құдаймен қарым-қатынасы бар ма өзі? Ендігәрі қауымға ғибадат үшін келмеспін!»

Осылай ойлаған соң оп-оңай сөз таластырып қалуға да болар еді: «Өзіңізді Құдайдың қызметшісімін дейсіз бе? Жүрегі жаралы адамға бар айтарыңыз осы ма? Шын жүректен мінәжат етіп отырған адамды осылай ренжіткеніңіз қалай? Не

деген бағушысыз? Бұл не деген қауым? Көретінімді көрдім, болды! Қауымдағы адамдарға және Құдайдың істеріне сезімтал бағушысы бар басқа қауымды табамын!». Бұл біздің қауымдарда жиі кездесетін мінез. Осы сөздің бәрі бағушыға тікелей айтылмаса да, сырттай қауым мүшелеріне жайылады.

Бірақ Ханнаның ұрыс естігендегі жауабын тыңдаңыз. Ол «Мырзам, олай емес!» деп жауап берді. «Мен бір күйзеліп жүрген сорлы әйелмін. Не шараптан, не сырадан ауыз да тиген жоқпын. Тек көкірегімдегі зарымды Жаратқан Иеге ақтарып сиынып отырмын. Мені арсыз әйел деп ойлап қалмаңыз! Қайғы-қасіретім өте зор болғандықтан осылайша жалынып тұрмын!» (15-16-аяттар). Ол құрметпен, ізетпен жауап берді. Елидің істегені мен жағдайға берген бағасы құрметке лайықтан алыс болса да, Ханна Құдайдың оған берген билігіне құрмет көрсетті. Ол тіпті өзін арсыз әйел емеспін деп ақтауға дейін барды.

Шын мәнінде, ұялса, Ханна емес, Ели ұялуы керек еді. Ол кезде, діни қызметкер Жарақан Иенің қаһарына іліккелі жүрген. Бірақ, Ханнаның назары Елидің мінез-құлқында, емес, өз жағдайында болды. Ханна Жаратқан Иені терең қастерлейтін әйел болатын. Басшыдан айып болса, оның есесін қайтаратын Құдай. Қазіргі таңда осындай шынайы мойынсұну пен кішіпейілділік бізге қаншалықты қажет десеңізші!.

Ханнаның сөзін естіген Ели енді басқаша жауап берді.

– Олай болса, мұңайма! Тыныштықпен үйіңе қайта бер. Израилдің сиынатын Құдайы тілеуіңді қабыл алсын! – деп ол батасын берді.

– Рахмет, мырзам! – деп Ханна қоштасып, кетіп қалды. Енді ол тамақ ішіп, бет-жүзінен қайғының нышаны байқалмайтын болды (17–18 аят, NLT аудармасы)

Ханна мойынсұнудан бір ауытқыған жоқ. Ол Елиді Құдайдың адамы ретінде құрметтеп, тіпті батасын бергені үшін алғыс

айтты. Осыдан кейін не болғанын көрейік: «Келесі күні отбасы ерте тұрып, Жаратқан Иеге ғибадат етті. Содан олар Рамақтағы үйлеріне қайта оралды. Елқанах Ханнамен жақындасқан кезде Құдай әйелдің тілегін ескеріп, жүзеге асырды. Ол аяғы ауырлап, айы-күні жеткенде ұл бала туды. Ханна: «Мен оны Жаратқан Иеден сұрап алғанмын», – деп, оған Самуил (яғни «Құдай құлақ асты») деген ат қойды» (Пат. 1-ж. 1:19–20).

Құдай Ханнаны жарылқау үшін сезімсіз, нашар мінезді діни қызметкерді пайдаланды. Шынында, көп ұзамай Құдай былай деді: «Мен: Елидің отбасы өз кінәсінің зардабынан ешқашан не құрбандық, не басқа да сый-тарту арқылы арыла алмайды деп ант еттім» (Пат. 1-ж. 3:14). Қандай ауыр сөз! Құдай сізге немесе сіздің отбасыңызға қатысты олай айтса, қорқынышты емес пе? Мейірімді де рақымды, бірақ әділ Құдай Ели мен оның ұлдарына қатысты былай деді: «Біліп қой, болашақта Мен өзіңнің де, әкеңнің де ұрпақтарының жасын ұлғайтпай, жас кездерінде-ақ өлімге душар етемін. Жер бетіндегі тұрағымның қайғылы жағдайға ұшырауына куә боласың. Мен басқа израилдіктерге игілік сыйлағанда, сендердің үй іштеріңде бірде-бір қария қалмайды» (Пат. 1-ж. 2:31–32). Ели, көріп отырғаныңыздай, Құдайға ұнамды қызметкер болған жоқ.

Жабық құрсақ ашылып, қараңғылықтан өмір шықты. Келесі жылы Ханна кішкентай Самуилді кеудесіне қысты. Тұмай тұрып, Құдайға бағышталған жас жігіт Израилге рухани жаңғыру әкелетін еді. Ханнаның көп жылдар бойы сиынып тілегені өзін зекіген тас жүрек діни қызметкерге құрмет көрсеткенде, орындалды. Бұл Елидің мінезіне емес, Ханнаның шынайы құрметіне және билікке мойынсұнуына байланысты болды.

ТӨРЕШІ КІМ?

Бұдан шығатын таңғажайып қағида бар: Құдай адамға өз билігін бергенде, оның жеке мінез-құлқына, өзін қалай

ұстайтынына қарамастан, біз оны Құдайдан жіберілген қызметкер ретінде құрметтесек, Құдайдың жарылқауын ала аламыз. Иса көп адамдардың азғын қызметшілер арқылы Жаратқан Иенің батасын алатынын анық айтты. Ол былай деді: «Көптеген адамдар қиямет соты күні Маған: «Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен жындарды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамап па едік?» – деп жалынатын болады. Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» – деп ашық айтамын» (Мат. 7:22–23).

Бұл үзіндіні оқығанда, әдетте Исаның атынан ғажайып істер жасаған, бірақ жұмаққа кіре алмаған *көптеген* адамдарға жиі назар аударамыз. Бұл шынымен де маңызды, бірақ жағдайдың екінші жағын да қарастырайық. Әділетсіздік істегендерден шынайы мәсіхшілік қызмет алғандар көп болды. Олар Ханна сияқты сол қызметкерлер арқылы Құдайдың Өзімен байланысты. Исаның айтқан адамдары Елиге ұқсайды. Елиді де, оларды да Құдай мәңгілікке соттады.

Мен бұл кітапты әділетсіз қызметкерлерге емес, билікке бағынатындарға жаздым. Жазба азғын билік пен Құдайға ұнамды билік бар екеніне еш күмән келтірмейді. Егер биліктің қол астындағылар үкім шығаруды өздеріне жүктесе, олар бекітілген билікке бағынбайды, керісінше өздерін басшыларға төреші қылады. Олар өздерін Құдайдың үстерінен орнатқан билігінен жоғары қояды. Олар Құдайдың тәртібі мен даналығынан асып түскілері келеді. Сайып келгенде, өздері білмесе де, олар Құдайға: «Сен дұрыс шешім қабылдамайсың, сондықтан мен бұл мәселені өз қолыма аламын», – дейді.

Ханна Елидің қолындағы билікті мойындап, оны құрметтейтін. Ели оған үкім айтса да, сөксе де, Ханна бәрі бір оны діни қызметкер ретінде сыйлады. Ханна тек көзімен көріп,

құлағымен естігеніне ғана сүйенсе, Елиді құрметке тұрмайды дер еді. Алайда, ол өз сана-сезімімен емес, Жаратқан Иені қастерлеу мен Оның билігіне мойынсұнумен өмір сүрді. Ол әділ үкім шығаратын жалғыз Құдайға сенім артты.

Ханна Исаның жүздеген жылдан кейін айтқанын білген болса керек. Мәсіх былай деген: «Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: Кім Мен жіберген адамды қабылдаса, соның Мені қабылдағаны. Ал кім Мені қабылдаса, оның Мені Жібергенді де қабылдағаны, – деді Иса» (Жохан 13:20). Есіңізде болсын, Иса шәкірттерін кереметтер жасау үшін және жындарды қуып шығару үшін жібергенде, олардың арасында Яһуда болды. Соған қарамастан Иса Яһуданың сатқын болып шығатынын басынан білді: «Осы он екіңді Мен таңдап алған едім. Сонда да іштеріңдегі біреуің әзәзіл шайтанның жетегінде» (Жохан 6:70). Иса Жаратқан Иені қастерлегендіктен, шәкіртінің күнәсі білінбей тұрып, Яһуданың кім екенін білген. Яһуда ғажайып істер жасап, басқалармен бірге жындардың Исаның атына бағынғанына қуанып қайтты (Марқа 6:7–13; Лұқа 10:17). Адамдар Яһуданың арқасында ауруларынан сауықты ма? Яһудадан Құдай қалағандай қызмет алды ма? Тура сол Яһуда ортақ ақшаға құл сұғып, ұрлады ма? Иә, дұрыс!

ҚАШАН КЕТУ КЕРЕК

Бір маңызды ойды айта кетейін. Қауымдағы билік ашықтан-ашық Құдайдың заңын бұзып күнә жасаса, біз ол ластанған бұлақтан сусындауды тоқтатуымыз керек. Бізге кету керек деп анық нұсқау берілген. Егер қауым жетекшісі зинақорлыққа, гомосексуализмге, бопсалауға, ұрлыққа, жалған тәлімге немесе өзіңізге белгілі басқа күнәға құмар болса немесе көпшілік алдында сол күнәмен ұсталып, тәубе етпесе, ол қауымнан кетіңіз. Жазбада бұл мәселе анық жазылған. Ондай адаммен бірге тамақ ішуге де болмайды (Қор. 1-х. 5:9-11).

Елидің жағдайында Ханнаның Ели мен оның ұлдарының азғындық әрекеттері туралы толық білген-білмегені жазылмаған. Яһудадан қызмет алған адамдар оның ұры және болашақ сатқын екенін білмеген шығар.

Қауым басшылығына сілтеме жасап, Пауыл былай деді: «Кейбір адамдардың күнәлары көзге айқын көрініп, оларды тікелей айыпталуға бастайды және оларға алдын-ала үкім шығарады. Ал басқаларынікі кейінірек қана әшкереленеді [күнәлары оларды сотқа апарады және тек сонда анық көрінеді]» (Тім. 1-х. 5:24, ағылшыншадан аударма).

Бұдан мынандай қорытынды шығарсақ болады. Егер басшының өмірі бүлінген болса және Құдайдың жазасы әлі көрінбесе, ертелі-кеш, жерде болсын, мәңгілік өмірде болсын, оған үкім шығарылады. Нақты не болып жатқанын білмесеңіз, оған баға беру немесе жұрттың алдына шығару – сіздің міндетіңіз емес. Тым көп адамдар күдіктене бастағанда, асығыс әрекет етеді. Өте жиі олардың бастапқыда ойлағандары қате болып шығады. Бірақ оны түсінгенде, олар өздеріне де, басқаларға да зиян келтіріп үлгерген. Күдіктері қате болса да, олар кідірместен жала жабады. Өздерінің ойларын олар рухани сезімталдық дейді. Олардың кесірінен басқалар тағайындалған басшылардан жарылқауды ала алмайды. Сөйтіп көп адамдар Құдайдың оларға бергісі келетінін өткізіп алады. Сондықтан Құдай: «Қауым жетекшілері айыпталғанда, ең аз дегенде екі-үш куәгер болмаса, соған құлақ аспа»,– деп ескерткен (Тім. 1-х. 5:19). Куәгер дегеніміз өсек тарататын адам емес, дәлел келтіретін адам.

Құдай бәріне өз уақытында үкім шығарады. Жаратқан Ие тәубе етпейтін басшының қателігін әшкерелейтін уақыт келді десе, сіз оны міндетті түрде білетін боласыз. Бұл биліктің қоластынан шығудың уақыты келді деген сөз. Пауыл: «Егер басшылардың бірі күнә жасай берсе, басқаларға ескерту

ретінде оларға бәрінің алдында сөгіс беру керек» деген (Тім. 1-х. 5:20, CEV аудармасы). Ескерту: жетекшілер шынымен тәубе етпесе, олардың күнәларына ортақ болмаңыз және олардың билігінен шығыңыз.

Бір жетекшінің қол астында қызмет еткенім бар. Ол кейіннен ашық күнә жасайтын болды. Бұл оқиға мен жастар қызметінің бағушысы ретінде басқа штатқа көшкен кезімде болды. Біз кеткеннен кейін бір-екі соң ол сенушілер қауымының алдында тұрып, әйелімен бұдан былай бірге тұрғысы келмейтіндіктен, ажырасатынын айтты. Біраз уақыттан кейін ол жас келіншек алғысы келетінін айтты. Оның әйелі ешқандай жыныстық опасыздық жасаған емес. Ол жай ғана басқа әйелмен тұрғысы келді.

Сол кезде қауымнан мыңдаған адам кетіп қалды. Олар мұны жақсы себептен жасады. Қалғандары қауіпті жағдайға енді, өйткені қауымдағы ілім бағушы мен оның жаңа әйеліне керегінше барған сайын бұрмалана бастады. Қауымнан кеткендердің арасында ол бағушыны әдейі жамандамай, оған қарсы сөйлеуден бас тартқан адамдардың ісі алға басып, өмірлері көркейгендерін көрдім. Ал бағушыны ашық сынап, мінегендер ардап шекті.

Бірнеше жылдан кейін біздің отбасымызбен тағы бір әйгілі қауымға бардық. Біздің бағушы өзін тежемей, күнәмен өмір сүрді, бірақ Құдай белгілі уақытқа жасырды. Маңызды қосымша ескерту ретінде, Иеміз өте шыдамды әрі тез қаһарланбайды. Ол бағушының біле тұра жасап жүрген күнәсінен бас тартатынын күтті. Құдай бағушыны жақсы көргендіктен, оған тәубе етуге уақыт берді. Ақырында Құдайдың шыдамдылығы таусылды. Біздің бағушының күнәсі әшкере болды. Ол неке адалдығын еркекпен бұзып, заңсыз есірткі қолданған. Ол елу мыңға жуық қауымдар кіретін Association of Evangelical Churches ұйымының төрағасы болғандықтан, бұл жаңалық алысқа жетіп, көп адамға ауыр тиді.

Алайда, бұл қайғылы оқиға бұдан бұрын айтқан әңгімемнен басқаша болды. Қауым бақылаушылары – төрт басқа қауымның бағушылары тез арада қауымға көмекке келді. Олар бағушыға ашық кешірім сұрау хатын жазып, қызметтен өз еркімен кетуді тапсырды. Қауым мүшелері қараусыз қалған жоқ. Оларға қамқорлық көрсеткен басқа қызметкерлер болғандықтан, көпшілігі қауымда қалды. Сонан соң жаңа бағушы тағайындалды және қауым бұрынғымен салыстырғанда айтарлықтай өсіп-дамыды.

Отыз бес жылдан астам қызмет еткен мен осындай қайғылы жағдайлардың тым көбіне куәгер болдым. Бағушы сүрінсе де, оның қоластындағылар әдеп сақтап, Құдайға ұнамды түрде өздерін ұстағандары жөн. Дәуіт мінез-құлқы бізге үлгісі. Жын-шайтан азаптаған патшаның қолынан қуғында жүрсе де, ол Саулды қайтыс болған күнге дейін құрмет тұтты. Дәуіт Саулдың Құдайдың майлаған қызметшісі екенін түсінді. Қателіктеріне қарамасатан, мен осы күнге дейін екі бағушыны да құрметтеймін. Олардың таңдаулары өте өкінішті, сол қайғылы оқиғалар үшін жүрегім ауырады. Мен екеуін де шын жүректен құрметтеймін, бірақ олардың доктринасын немесе қызметін енді қауіпсіз немесе дұрыс деп санай алмаймын, өйткені екеуі де бұрынғы рухани қалыптарына оралған жоқ.

Олардың өмірлеріндегі апатқа дейін, мен сол кісілер арқылы мол жарылқау алдым. Кейін білгенім, оларды күнәға әкелген ойлары басынан-ақ болған екен. Олардың басшылығымен қызмет еткенімде де, қате тәлімнің белгілері болды. Олар бірден көрінетіндей айқын болмаса да, кейіннен үлкен ауытқуға апарып соққан. Құдай мені бірінші бағушымның кезінде сыни көзқарасым үшін әшкереледі (бұл туралы келесі тарауда бөлісемін). Мүмкін Құдай әлі де бұл адамға жетуге тырысқан. Ол кезде бұл менің шаруам емес еді. Құдай мені сол бағушының билігіне бағынатын етті, сондықтан

оның неге лайық, неге лайық емес екенін анықтау менің жұмысым емес еді. Ханна Ели арқылы жарылқау алғанындай, сол кезде де көп адамдар осы кісі арқылы қажеттерін алды.

РУХАНИ БИЛІК ТӘРТІБІ

Исаның сөздеріне қайта оралып, оларды Ели емес, Құдайға ұнамды басшының тұрғысынан қарастырайық. Мәсіхтің Матай кітабындағы сөздеріне қараңыз:

Кім сендерді қабылдаса, соның Мені қабылдағаны. Ал кім Мені қабылдаса, оның Мені Жібергенді де қабылдағаны. Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан қабылдағандар сол пайғамбар алатын сыйға ие болады, әрі әділ кісіні әділ болғаны үшін қабылдағандар соның алатынындай сыйды иемденеді. Сендерге шындығын айтайын: атақ-шені жоқ осылардың біреуіне Менің шәкіртім болғаны үшін ең болмағанда бір тостаған салқын су берген әркім сол үшін алатын сыйынан құр қалмайды! (Мат. 10:40–42)

Иса осы үзіндіде екі бөлек ойды жеткізген. Ең алдымен, Әкеден бастау алатын билік ағыны бар. Исаны жіберген және Оған барлық билікті берген – Әке. Исаның өз сөзімен айтқанда: «Маған көк пен жердің бүкіл билігі берілген!» (Мат. 28:18). Иса – қауымның басшысы. Ол барлық жауларын табанының астына салып, Патшалықты Әкесіне тапсыратын күн келеді (Қор. 1-х. 15:24–26).

Билік тәртібінің келесі сатысы – пайғамбар. Жазбада пайғамбарлар бастапқыда Иеміздің өкілдері ретінде бейнеленген (Мыс. ш. 4:16; 7:1). Бұл Исаның өлімнен қайта тірілгенде қауымға берген бес қызмет дарындарының бірі (Ефес. 4:8–13). (Олар Қауымның өкілдері.) Біз қызмет дарынын алған кезде, Иеміздің Өзіне берілген билігі арқылы сыйлайтынын аламыз.

Содан кейін Ол әділ адамға көшіп, рухани сәбилерді шеттеткен жоқ. Мен сенбейтін адамдардың қауымға жаңа келген сенушілерге көмектескендеріне бола, жарылқау алғандарын көрдім. Сенбейтіндер Иемізге қызмет етпесе де, Қожайынына құрмет көрсетті. Сенушілерді қабылдап, оларға қызмет еткенде, біз ақыр соңында Әкемізді қабылдап, Оған қызмет етеміз. Шәкірттер, соның ішінде рухани сәбилер, бес еселік қызмет дарыны бар қауым жетекшілеріне бағынады. Қауым жетекшілері Әкенің еркін орындайтын Исаның басшылығына бағынады. Демек, құтқарылмағандар рухани сәби арқылы жарылқау ала алады, өйткені Патшалықтағы ең кішісі сенбейтінге қарағанда көбірек рухани билікке ие. Исаның сөздерінен біз бекітілген биліктің тәртібін көреміз.

РУХАНИ БИЛІКТІ МОЙНДАУДЫҢ СЫЙЫ

Бұл аяттарда айтылған екінші мәселе – пайғамбарларды Құдайдың жіберген қызметшілері ретінде қабылдап, соған сәйкес сауап алуда. Исаның қызметін мысал қылып қарастырайық.

Бір қаланың тұрғындары Мәсіх туралы шындықты бір-біріне үйретіп, Киелі Жазбадан Оның келу мезгілін білсе де, Исаның Өзі келгенде, Оны Мәсіх деп танып, Одан жарылқау ала алмады. Иса оларға былай деді: «Өз ел-жұрты мен үй ішінен өзге жерде пайғамбар қадірсіз болмас». Содан да Иса сол жерде бірқатар науқас адамдарға қолын тигізіп сауықтырғаны болмаса, басқа кереметтер *жасай алмады*» (Марқа 6:4–5).

Біреуді Құдайдың жіберген қызметшісі деп қалай қабылдаймыз? Оның лауазымына құрмет көрсету арқылы. Құдай Мұса арқылы былай деді: «Мен бауырларыңның арасынан сен сияқты пайғамбарды шығарып, сөздерімді соның аузына салып отырамын. Ол Менің өзіне бұйырғандарымның бәрін соларға жеткізетін болады» (Заң. қ. 18:18). Мұса сияқты

пайғамбар, тіпті одан да үлкені – Иса келгенде, халық Оны Әкенің Өкілі немесе халықты құтқаратын Мәсіх ретінде құрметтемеді.

Неліктен олар Исаны қабылдай алмады? Өйткені Мәсіх олар қалағандай келмеді. Халық бұрыннан уәде етілген Мәсіхті мүлдем басқаша елестетті. Исаның шынында Кім болғаны халықтың Ол туралы ойлағанынан өзгеше болды. Халық Ишая кітабынан мынаны білді:

Себебі Сәби дүниеге келді,
Біз үшін осы Ұл сыйға берілді!
Билік Оның қолында қала береді:
Ол «керемет ақылды Кеңесші,
Құдіретті Құдай, Мәңгілік Әке,
Тыныштықты сыйлайтын әмірші»
Деп те аталатын болады.
Оның құрған билігі арта түсіп,
Орнатқан тыныштығы шексіз болады,
Өзі Дәуіттің тағына отырып,
Мәңгі патшалығын сол кезден бастайды,
Әділдікпен нығайтып, жалғастырып,
Ақиқатты да ұстанатын болады.
Барлық қайрат-жігерімен бұларды
Әлемнің Иесі іске асырады! (9:6–7)

Сондықтан олар римдіктердің қысымынан босатып, Иерусалимде патшалығын орнататын жаулап алушы патшаны күтті. Бірақ оның орнына балықшылар, бұрынғы азғын әйелдер және салықшылармен бірге жүретін ағаш ұстасының ұлы келді. Олар өзара: «Біз күткен, біз қалаған Мәсіх ондай емес!» – деді.

Сондай-ақ, Жазбада Иса «басқа кереметтер жасай алмады» делінгеніне назар аударыңыз. Онда «Ол кереметтер жасағысы келмеді», яғни Оның еркі басқаша болды деп айтылмаған. Иса

«жасай алмады» деп жазылған, бұл белгілі бір шектеуге меңзейді. Ойланып көріңіз. Құдайдың Құдіретті Рухына кенелген Исаға әлдене кедергі болды! Неліктен? Бұған екі себеп бар. Біріншіден, Ол адамдар қалаған жолмен келмеді, сондықтан олар Оны қабылдамады және құрметтемеді. Екіншіден халық Оны тым жақсы білді. Олардың сөздерін тыңдаңыз:

Демалыс күні Иса мәжілісханада тәлім бере бастады. Тыңдап отырғандардың көбі қатты таңданып, өзара былай десті: *«Мұның бәрі Бұған қайдан біткен? Оған қонған не қылған даналық? Осындай құдіретті істер қалайша қолынан келеді? Өзі – ағаш ұстасы, Мәриямның ұлы, Жақып, Жүсіп, Яһуда, Шимондардың ағасы емес пе? Қарындастары осында арамызда тұрады ғой»*. – Олар қызғаныштан Исаны көре алмай, ашуланды. Сонда Иса оларға: «Өз ел-жұрты мен үй ішінен өзге жерде пайғамбар қадірсіз болмас», – деді (Марқа 6:2–4).

Қадірсіз пайғамбар қайда? Көбінесе өз үйінде, туған жерінде солай болады. Бұл жағдайды Дәуіт те үйіне бата беруге келгенде басынан өткерді. Оның жеңісін көшедегі адамдар қуанып тойлады, бірақ өз үйі оны менсінбеді. Михол Құдайдың оған алдын ала белгілеген батасынан құр қалды. Дәуіттің өз үйіне мол бата беретіндей күші болды. Иса ше? Онымен салыстырағанда, Иса өз туған жерін жарылқауға қаншалықты күшті болды! Жарылқау беру құдіреті шексіз болса да, Иса олар үшін өте аз нәрсе істей алды (Пат. 2-ж. 6).

Тек Құдайды жақыннан танып білуге аш, Құдай туралы тәлімді шөлдеп іздейтін, кішіпейіл жүректері барлар ғана Исаны Құдайдың жіберген Құтқарушысы ретінде танып, одан жарлықау ала алады. Иса Мәсіх шын мәнінде Құдайды іздейтіндер мен тек сырттай құдайшыл, ал іштей қыңыр жүректерінен соқыр болғандарды ажыратып, халықты екіге

бөлген Семсер болды. Шимон Исаның анасы Мәриямға айтқанындай: «Осы Бала Исраилдегі көп адамдардың сүрініп, құлауына, ал басқалардың жоғарылауына с себепші болады. Ол Құдайдың еркін білдіріп, көбі Оған қарсы шығады. Сонда жүрек түкпірлеріндегі ой-ниеттері білініп қалады. Ал, Мәриям, сенің жаның жүрегіңді қылышпен тілгілегендей қатты ауыратын болады». (Лұқа 2:34-35).

Жохан 1:11–12-де осы екі топ былай бөлінген: «Өзі таңдап алған халқына ғ келгенімен, олар Оны қабылдамады. Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті». Бұл бәріміз үшін өте маңызды шындық. *Бізге қажет нәрсе жиі Құдайдан біз ұнатпайтын түрде келеді.* Дәл осы нәрсе біздің жүрегіміздің шынайы жағдайын көрсетіп, Құдайдың билігіне мойынсұнғанымызды немесе оған қарсы екенімізді көрсетеді. Иса: «Сендер Мені де, Әкемді де білмейсіңдер. Егер Мені білсеңдер, онда Әкемді де білер едіңдер» деген (Жохан 8:19). Әкені білетіндер Оның жіберген адамдарынан көрінетін билікті мойындайды! Оны түсіндірудің, үйретудің немесе дәлелдеудің қажеті жоқ.

Бір қызметкер Африкаға барып, Құдайдың құдіретімен соқыр көзді ашып, мүгедекті жүргізіп және саңырауды еститін қылады. Содан кейін Америкаға келіп, бірнеше адамның ғана басы немесе арқасы ауырмайтындай сауықтырады. Неге? Африкада адамдар Құдайдың қызметкерлерін сыртқы түріне, киіміне қарамастан, Жаратқан Ие жібергендей қабылдайды. Қызметкер осылай қабылданып, құрмет алғандықатн, Африка халқы Құдайдың құдіреті мен Оның құзырын сезіп, мол жарылқау алады. Америкада сырт кейіп дұрыс болмаса, құрмет те жоқ. Осыдай тәуелділік бар. Сіз Құдай жіберген елшіні қалай қабылдап, құрметтесеңіз, сол дәрежеде одан Құдайдың бергенін ала аласыз. Ізет болмаса, жарылқау да жоқ. Құрмет көрсетсеңіз, үлесіңіз – Құдайдың батасы.

МЕНИҢ ДОСЫМ БОЛАСЫҢ БА?

Жастар қызметінің бағушысы болған кезімде мен Тим есімді он бес жасар баламен таныстым. Мен қызметке келмес бұрын Тим бұрынғы жастар бағушысының тобына қатысқан болатын. Бұрынғы бағушы жастар тобын іс-шаралар, саяхаттар және спорт арқылы құрған еді. Жастар арасында бағынбау, жасөспірімдік жүктілік және басқа да моральдық мәселелер болды. Уақыт өте келе аға бағушы оны босатуға мәжбүр болды, ал мені жұмысқа алды. Бұрынғы жастар бағушысы біздің қауымнан бірнеше миль жерде өз қауымын ашты. Жастар тобының бір бөлігі онымен бірге кетіп қалды. Тим онымен бірге бармай, біздің қауымда қалғандардың бірі болатын.

Жастардың көбі қалса да, қызметтің жаңа іргетасын қалауға тура келді. Жаратқан Ие маған алғашқы алты айда уағыздау, дұға ету және ғибадат етуден басқа ештеңе істемеуді бұйырды. Сол айларда ешқандай қосымша шаралар өткізген жоқпыз. Айтып керегі жоқ, жастар бұны ұната қоймады. Нәтижесінде жастардың арасында Жаратқан Иенің қылышы өтіп, топты екіге бөлді. Біреулер кетіп қалды, біреулер «әрі қарай не болады екен» деп күткеннен қалды, ал басқалары жасап жатқанымға қолдау көрсетті. Жастарымыздың көбі бүгін де қызмет етіп келеді.

Бағушы болып тағайындалғанымға шамамен төрт ай болғанда, бір күні қызметтен кейін Тиммен сөйлестім. Ол шын жүректен былай деді: «Джон бағушы, менің досым боласыз ба? Бұрынғы бағушымен күшті дос едік». Мен ол күткен бағушыдай болмаған екенмін.

Оның сұрағына мән беріп жауап бергім келді. «Қалай айтқаным дұрыс?» деп сәл кідірдім. Ойыма осы тұсты жақсы түсіндіретін аят келе қалды. Былай дедім: «Тим, Иса былай деді: «Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан қабылдағандар сол пайғамбар алатын сыйға ие болады, әрі әділ кісіні әділ болғаны үшін қабылдағандар соның

алатынындай сыйды иемденеді» (Мат. 10:41). Бұл жастар қызметінің бағушысына да қатысты. Егер сен бағушыны бағушы деп қабылдасаң, оның алатын сыйын аласың».

Сосын оған сұрақ қойдым: «Тим, сенің достарың көп, солай емес пе?» Ол: «Иә, сэр», – деп жауап берді.

«Бірақ бір ғана жастар бағушысы бар, солай ма?»

Ол: «Иә, сэр», - деп жауап берді.

Мен: «Қайсы керек: достың сыйы ма, әлде жастар бағушысының сыйы ма? Өйткені сен мені қалай қабылдасаң, Құдайдан тура сондай сый аласың» дедім.

Тимнің жанарына шам жанғандай болды. Ол естігенін ұнатып, маған тез жауап берді: «Мен жастар бағушысының сыйын алғым келеді. Айтып тұрғаныңызды түсіндім». Сол сәттен бастап Тимнің өмірі гүлденді. Бірнеше жылдан кейін ол көшіп кетті, бірақ мен оның қаласына келген сайын, мені қарсы алып отырды.

МЕНИҢ ЖЕКЕ ТӘЖІРИБЕМ

Мен осы тақырыпқа арнап бөлек кітап жаздым, ол «Ізетті болудың сауабы» деп аталады. Адамдардың Құдайдың қызметшілерін құрметпен қабылдамағандықтан, өздеріне тиесілі жарылқауды ала алмағанын көргенде, жүрегім ауырады. Қызметте мен мұны сансыз рет көрдім: Құдайдың қызметшілерінің қадірін білмей, сыйламайтын адамдарға Құдайдың Сөзін жеткізу қиын. Мен оларды АҚШ-тағы қауымдар мен сенуші мектептерінен жиі кездестірдім. Оларға апта сайын әртүрлі қызметкерлер келіп тұрады. Олардың алдында алуан түрлі тағамдары бар меню қойылған секілді. Бір қызметкер ұнамай қалса, ештеңе етпейді, жақын арада басқа біреуі келеді. Осы көзқарас оларды қауіпті ұйқыға батырды. Мен дастарханға қойылған түрлі-түрлі тағамдардың бірі ғанамын.

Уағызды өте оңай қабылдайтын – билік жайлы дұрыс

түсінігі бар әскери адамдар. Келесі кезекте тұтқындар немесе дамушы елдердің азаматтары, өйткені олар Құдайдың Сөзін қабылдауға қашан да дайын. Құдай Езекиелге былай деген еді:

Сені тілі түсініксіз, миңгірлеп сөйлейтін халыққа емес, Исраил халқына жіберіп отырмын. Олар тілдері түсініксіз, миңгірлеп сөйлейтін, айтқандары саған беймәлім болатын көп халықтың бірі емес. Ал егер Мен сені сондай халықтардың біріне жіберсем, олар саған сөзсіз құлақ асар еді. Бірақ Исраил халқы сені тыңдағысы келмейді, себебі олар Мені тыңдағылары келмейді. Өйткені бүкіл Исраил халқы тоңмойын қыңыр (Езек. 3:5-7).

Исраил үшін Езекиел көп пайғамбардың бірі болды, әрі басқалардан гөрі қатал сөйледі. Халық естігісі келетініні тіпті басқаша болғандықтан, Исраил оны қабылдамады.

Бір күні Құдайдың даусын естідім. Ол: «Сені қабылдамайтын жерлер бар. Жақында сені сондай жерге жіберемін» деді. Түсінбей қалдым.

«Тәңірім, мені қабылдамайтынын алдын-ала білсең де, мені ондай жерге неге жібересің?» деп сұрақ қойдым.

Жаратқан Ие былай деп жауап берді: «Сонда олар “Құдай бізге тәубе етуге мүмкіндік бермеді” дей алмайды».

Мен ол жерлерге бардым. Сонда: «Мені не үшін шақырды?» деп ойлайтынмын Олар менің келгенімді қаламайтындай әрекет етеді. Әрине, барлық қауымдар ондай емес. Басқа жерлерде мені әуежайдан күтіп алған сәттен бастап, қайтадан шығарып салғанға дейін – қызметке дейін де, қызметтен кейін де адамдар мені қуанышпен қарсы алып, маған мейірімділік пен құрмет көрсеткен кездер өте көп. Олар қонақ үйде мені жеміс-жидек пен жеңіл тағамдар толтырылған әдемі себетпен қарсы алып, үнемі: «Қандай көмек керек?» деп сұрайды. Мен сынып қалған радио құсап бір сөзді қайталай беремін: «Бәрі тамаша, бәріне ризамын.

Сізге көп рахмет!». Өткенге қарасам, өмірлер мен қауымдардың өзгергені туралы ең керемет куәліктер осындай жерлерден шыққанын көремін. Мені сонша қонақжайлылықпен қарсы алып, сахнадан атымды айтып, қол шапалақтағанда, қысылатынмын. «Мен де сіз сияқты адаммын. Мұның бәрін істемей-ақ қойыңыз» деп ойлайтынмын. Бірақ көп ұзамай бұл қадір-құрметтің барлығына себепкер мен емес екенін білдім.

Бір-бірте Құдай көрсете бастады: «Олар сені өздері үшін құрметтейді, оған кедергі болма». Олар мені емес, менің өмірімдегі Құдайдың сыйын құрметтейтінін түсінгенде, оңайырақ болды. Мені сыйлағандықтан, олардың жүректері Жаратқан Иенің беретінін қабылдай алады. Мен – Құдайдың оларған арнаған жарылқауын жеткізетін ыдыспын. Бұл менің жүрегімде менмендік, тәкаппарлық емес, кішіпейілділік пен Құдайға деген тәуелділікті тереңдете түседі. Менің қызметім – менің қабілетім емес, Жаратқан Иенің таңдауы. Маған көрсетілген құрметті мен бірден Құдайдыкі екенін мойындаймын. Ал мен – Тәңір Иеге тәуелді қызметшімін. Құрмет көрсеткендер Құдайдан баталарын оңай алды. Ізетті болуға асықпайтындарға жету қиынырақ.

ЕКІ ЕСЕЛІК ІЗЕТ

Пауыл: «Қауымды жақсы басқаратын жетекшілер, әсіресе Құдай сөзін уағыздап, үйретуге еңбегі сіңгендер, ерекше құрмет пен қамқорлыққа лайық», – деп нұсқаған (Тім. 1-х. 5:17). Пауыл «ерекше құрмет пен қамқорлық» деді, басқаша айтқанда, зайырлы билікке көрсеткен құрметтен екі есе артық қадірлеу.

Егер бұл аяттың контексін оқысақ, онда қызметшілерді қаржылай құрметтеу де айтылған. Келесі аятта: «Еңбек еткен ақысын алуға лайық» делінген (18-тармақ). «The Amplified Bible» аудармасында былай айтылған: «Өз міндеттерін жақсы атқаратын жетекшілер, әсіресе уағыздау мен тәлім беруде адал еңбек ететіндер екі есе құрметке [және тиісті қаржылық

қолдауға] лайық деп саналсын. Өйткені Жазбада... “Жұмысшы өз ақысына лайық” деп жазылған» (Тім. 1-х. 5:17–18). NLT аудармасында «Жұмысын жақсы атқаратын жетекшілер құрметтеліп, жақсы ақы алулары керек» делінген.

Бұл қағида әрдайым жұмыс істейді. Қауым өздеріне қызмет ететін бағушылары мен жетекшілеріне қамқорлық жасаса, отбасылар, сауда жасайтындар және басқа мүшелер үлкен бата алып, өмірлері өркендеп-гүлденеді. Олар аспан экономикасына қосылып, одан пайда көреді. Қауым сараң болса, ұрлық пен жетіспеушілікке немесе қазіргі әлем экономикасының нашар жағдайларына жиі шағымданады. Осыған көзім жетті.

Мен бұл шындық теріс пайдаланған кездер көп, оны түсінемін. Әсіресе Батыстағы қауым қызметшілерінің арасында бұл кең таралған. Қызметкерлер үнемі ақша мен материалдық нәрселер туралы айтқанда, қынжыламын. Сөздері өтірік емес, бірақ олар бұрынғыша қызмет етпейді. Шын жүректен еңбектенудің орнына, олар жалдама жұмыскерлер сияқты іске селқос қарайды. Парызшылдар осылай өмір сүрді. Олардың өмірлерін, шынымен не істеп жүргендерін көрген көптеген жандар Құдайдың заңын сақтаудан қалды. Бұл өз кезегінде олардың қамқорлығындағы адамдарға зиянын тигізеді, себебі оларға таза шындықты қажет.

Мұның рас екенін 1990 жылы саяхатқа шыққан бірінші жылы көрдім. Сапарымда жүзден сәл астам мүшесі бар шағын қауымға жолықтым. Кездесулер жақсы өтті, қауым Сөзді қабылдауға ашық болды. Қызметтен кейін, бағушының үйіне тоқтадық. Жағдайлары қиын екен. Бағушының әйелі стюардесса болып жұмыс істейді, сондықтан қауымдағы адамдарға өзі қалағандай қызмет ете алмады. Ол жұмысынан кетіп, уақытын қауымға арнайын десе, қаржы жетпейтін болады. Қауымнан кәдімгідей жалақы алғысы келмейді, өйткені ол адамдарға ақшалай жүк түсіреді деп ойлайды.

Мен оның ойын жақсы түсіндім. Бағушы екеуміз бұрын мен айтқан қауымда жұмыс істегенбіз. Ондағы бағушымыз қаржы және құрбандық туралы тым көп айтатын. Екеуміз де сақтық танытып, олай істегіміз келмеді. Сөйтіп жүргенде, байқамай қарама-қарсы жаққа тым алыс кеткен екенбіз. Алайда Құдай маған екі жақтан да шектен шығудың жаманын үйретті. Ол шынайы тепе-теңдікті қалайды.

Осы қауымдағы кездесулерім жексенбі күні таңертең басталып, сәрсенбі күнгі кешке дейін жалғасты. Алғашқы үш жиналыс өте жақсы өтті, бірақ бір нәрсе қауымды тежеп тұрғандай болды. Сейсенбі күні бойы жүрегімді бағушының жағдайы мен қаржы мәселесінің шешілуі мазалады. Сол ойымнан кетпеді, бірақ мен не істей алатынымды білмедім.

Қызмет басталар алдында бағушы кешкі қызметте құрбандық жинауды маған тапсырды. Қызметті маған берген кезде: «Сізге еркіндік беремін» деді.

Қуанып қалдым. Бұл Құдайдың беріп тұрған мүмкіндігі ғой. Осылайша мен күндіз Жаратқан Иеден естігенімді іске асыра аламын. Құрбандық жинауда бағушы маған толық еркіндік берген соң, өз жоспарым бойынша қызмет еттім. Біз Тимотеге арналған 1-хатта жазылғанды оқыдық. Қауымға бағушы мен оның әйеліне қаржылық жағынан дұрыс қамқорлық көрсетілмейтінін айттым. Бағушының жанұясы аш отырмау үшін, әйелі үш-төрт күн сайын шетелге ұшып баруы керек. «Бұл жағдай өзгеретін уақыт келді. Бұл жарамас» дедім. Бағушының құрбандық жинауда маған ерік бергенін айттым. Жиналған қаржыны өзіміздің қызметке алудың орнына, оны бағушы мен оның әйеліне беретінімізді хабарладым. Адамдар өз бағушысын жарылқау мүмкіндігіне риза болып, қаражат жинап берді. Сол кешкі жиналыстағы құрбандық бұрынғы ең үлкенінен үш есе көп болды! Бағушының әйелі көзіне жас алды. Ол мұндай қолауды күтпеді.

Осыдан кейін жиырма төрт сағатта болған жаңалықтардың

бәрін жазсам, сенбейтін шығарсыз. Бір жұп келесі күні он мың долларлық чек алды. Екіншісі есігінен бір жарым мың долларлық чек салынған конверт тауып алды. Бұл тек әңгіменің басы. Келесі жексенбі күні куәліктердің көп әрі қуатты болғаны сонша, бағушының уағызы керек болмады. Бүкіл қызмет бойы адамдар Құдайдың сол аптада қаржылық жағынан олардың бизнесінде немесе жеке өмірінде не істегенін айтып жатты. Кейінірек бағушы маған қызметтің видео жазбасын жіберді.

Қауым келесі екі жылда өте жылдам өсіп кетті. Олар мектеп ғимаратын сатып алып, оны жөндеп, өз меншігіне айналдырды. Адам саны еселеп өсіп жатты. Қауым бірнеше жыл бойы бір жүз адамнан аса алмаған болатын. Осы және басқа да сансыз мысалдардан білгенім – Құдайдың арамызда біз үшін еңбек ететіндердің құрметтелуін қалайды.

Қазір мен отыз жылға жуық уақытта әртүрлі елдерде әртүрлі қауымдарды көріп, осы заңның әрдайым істейтінін айта аламын. Бірде-бір рет қауымның бағушыны жарылқап, содан өздері ақшасыз қалғандарын көрген емеспін. Бағушыларына аз төлейтін көптеген қауымдарға бардым. Олар былай ойлайды: егер біз бағушыға жақсы жалақы бермесек, миссионерлерді көбірек қолай аламыз. Бұл қауымдар жыл сайын миссияларға жүздеген мың доллар береді.

Бағушыларына өте жақсы төлейтін қауымдарда да қонақ болдым. Бұл қауымдар миссиялар мен қайырымдылық ұйымдарға жыл сайын қаражатты миллиондап береді. Риторикалық сұрақ туындайды, ұйымдар және миссиялар үшін кім көбірек көмек береді? Жауап қарапайым, бағушыларға жақсы төлейтін қауымдар. Неге олай? Өйткені бұл қауымдар Құдайдың бұйырғанына мойынсұнады, ал басқа қауымдар өз түйгендерін Жаратқанның даналығынан да жоғары деп санайды!

Әлемнің дамушы елдерінде де көп болдым. Ол жердегі қауымдар маған қалай қарайтынын көргенде жылап жібере

жаздадым. Қаржы тұрғысынан алғанда, олардың көмегі американдық стандарттар бойынша аз болуы мүмкін, өйткені Америкадағы белсенді емес дейтін кейбір қауымдардың өзінде мен әлдеқайда үлкен көмек алдым. Маған ең қатты әсер еткені – осы ризашылық білдірген адамдардың ниеті. Олардың көмегінің астарында үлкен сүйіспеншілік болды. Исаның ғибадатхана алдында отырып, кедей жесір әйелдің екі тиын құрбандық бергені туралы айтқаны есіңізде ме? Осы қауымдар дәл сондай – берілген мөлшер ең аз болса да, олар қалғандарынан әлдеқайда көп берді. Әйел де, қауымдар да сыйларымен Құдайды мадақтады. Бұл қымбатты бауырластар Құдайдың жіберген қызметшілерін құрметтеп, олардың еңбегін жоғары бағалайды. Бұл сіздің жүрегіңізге сіңсін. Араңыздағы Құдай Сөзінде еңбек етіп жүрген ерлер мен әйелдерді құрметтеуге тырысыңыз.

БАСШЫЛАР ТАҒАЙЫНДАЙТЫН АДАМДАР

Исаның мына сөздеріне тағы да назар аударайық: «Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: Кім Мен жіберген адамды қабылдаса, соның Мені қабылдағаны. Ал кім Мені қабылдаса, оның Мені Жібергенді де қабылдағаны» (Жохан 13:20). Матай кітабында Иса тәртіп тізбегін сипаттады: Әкесі Исаны жіберді, ал Иса бес түрлі рухани дарында еңбек ететін қызметшілерді жіберді. Егер біз Оның тағайындаған қызметшілерін қабылдасақ, біз Исаның қабылдаймыз және Исаның қабылдау арқылы Әкемізді қабылдаймыз.

Тәртіп тізбегі бес түрлі қызметпен тоқтап қалмайды. Ол қызметшілер тағайындаған адамдарға жалғасады. Бір жолы жексенбі күні таңертеңгі қызмет кезінде аузымнан шыққан сөзді ешқашан ұмытпаймын. Қауымның жақсы бағушысы болды. Ол қауымға қамқор болып, билігін дұрыс қолданды. Қауым мүшелері оны құрметтейтін. Дегенмен, бұл құрмет қалған қызметкерлерге тараған жоқ. Бағушы ұйымдастырушыларды, автотұрақ

кезекшілерін, кіреберісте адамдарды қарсы алушыларды, көмекшілерді және басқа бағушыларды тағайындады. Осыларға тиісті құрмет көрсетпеген адамдарды біраз бақыладым.

Қызмет кезінде мен Киелі Рухтың жұмысына ерік бердім. Осылай уағыздағанда, дайындаған сөзімді емес, Құдайдың осы сәтте айтқысы келгенін айтамын. Көбінесе, келесі мезетте не айтатынымды өзім де білмеймін. Сондықтан, аузымнан шыққан сөзді жиналғандармен бірге бірінші рет естимін. Мен бір қауым қызметкерін нұсқап, былай дедім: «Сіз бұл адамға қалай қарасаңыз, бағушыға солай қарайсыз. Оған қалай қарайтын болсаңыз, Исаға қалай қарайсыз».

Сондағы кейбір адамдардың көзін көрсеңіз! Аян нұры жанып, олардың көзқарастарын әшкереледі. Бұл рухани жағынан сау қауым болды, және халық түзетуді қуана қабылдады. Бұл сөз өзіме де өте керек болды. Басқа қауымда қызмет еткенде немесе өз қауымыма барғанда, онда еңбектеніп жүргендерді құрметтеймін. Оларды қызметке қойған – бағушы, бағушыны қызметке қойған – Иса, ал Исаны жіберген – Көктегі Әкеміз. Кім болса да, Құдайдың оларға берген билігіне соқыр болмайық.

Киелі кітаптағы тамаша мысал – Сирия әскерінің қолбасшысы Нағыманның оқиғасы. Ол алапеске шалдығып, емделуден үміт үзген еді. Нағыманның еврей күңі Исраилдің Құдайы Жаратқан Иенің құдіретімен оны емдей алатын бір пайғамбардың бар екенін айтты.

Сирия патшасы қолбасшыға рұқсат беріп, Нағыманды Исраил патшасына жіберді, ал патша оны Елішенің үйіне жіберді. «Сонда Нағыман өзінің салт аттылары, соғыс күймелерімен бірге Еліше тұрған үйдің қақпасының алдына келіп тоқтады. Ал Еліше оған бір хабаршысынан: Иордан өзеніне барып, соған жеті рет суға түсіп, шомылыңыз! Сонда тәніңіздегі алапесіңіз кетіп, құлан-таза айығасыз, – деді» (Патшалықтар 4-жазба 5:9–10).

Мұны естігенде Нағыман қатты ашуланды. Ол қайтып кетпек болып, былай деді: «Бұл қалай?! Ол алдымнан шығып, өзінің Құдайы Жаратқан Иеге сиынар, алапес болған жердің үстінен қолын әрі-бері жүргізіп, алапесімді жазар деп ойлаған едім» (11–аят).

Ол басқа затты күткендіктен, сауықпай, сол күйінде кетіп қала жаздады. Оның өз санасымен ойлағаны Құдайдың берейін деп тұрғанына қайшы келді. Еліше шықса, Нағыман оны қуана қарсы алар еді. Ақыры, қолбасшы деген жай қызметші немесе құл емес, Нағыман маңызды адам болған. Елішемен тікелей байланыс болмағандықтан, ол намыстанып қалды. Әйтсе де, қолбасшы ретінде Нағыман тағайындалған билікті түсінуі керек еді. Қызметшілері Нағыманды Елішенің айтқанын орындауға көндіргеніне шүкір. Ол Иордан өзеніне барып, жеті рет жуынып, аурудан құлан таза сауығып кетті. Барлығы дәл қызметшісі айтқандай болды. Өйткені ол Құдайдың билігіндегі адамның қол астында болды.

Бағушы сапарлап кетіп қалса, келушілер азаятын қауымдар туралы естіп қынжыламын. Бұл адамдар шынайы билікті түсінбейтінін көрсетеді. Жүректері дұрыс болса, адамдар көмекші бағушы немесе саяхатшы қызметкер арқылы Құдайдың сөзін естиді, себебі әрқайсысын бағушы тағайындаған. Бағушы Исаның орнына тұрады. Егер Құдай патшалығындағы биліктің не екенін түсінсек, ол – шешен сөз немесе сымбатты келбет бәсекесі емес, Исадан бастау алатын биліктің адамға берілгенін білеміз.

Сенушілер ретінде біз азаматтық жетекшілерді, жұмыс берушілерді, мұғалімдерді және тағайындалған басқаларды құрметтеуіміз керек. Отандық билікті құрметтегеніміз абзал. Солай етсек, бізге сыйлық уәде етілген. Қызметте еңбек ететіндерді, әсіресе Құдай Сөзін үйретумен айналысатындарды екі есе құрметтейік.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

БАҒЫНУ ЖӘНЕ МОЙЫНСҰНУ

Мойынсұнбаусыз бағынуға болады.

Мойынсұну сенушілер арасында ең көп түсінбеушілік тудырады деп ойлаймын. Келесі үш тарауда күрделі тақырыптарды қарастырамыз. Соңғы отыз бес жылдың ішінде Құдайдың панасында болуды үйреткен кезде, келесі сұрақтарды жиі еститінмін:

- Сөзсіз мойынсұну керек пе?
- Үстімнен қарайтын жетекшінің шешімдерімен келіспесем ше?
- Билік басындағылар қате шешім қабылдаса ше?
- Билік маған қате нәрсені істе десе ше?
- Шекараны қай жерден саламын?

Бұл тамаша сұрақтар. Билікке шынымен бағынамыз десек, бұларға жақсылап жауап беру керек. Алдымен Еврейлер кітабын ашайық:

«Жетекшілеріңе мойынсұнып, айтқандарын тыңдаңдар. Олар ұдайы рухани өмірлеріңнің қамын жеп, сол қызметтері туралы Мәсіх алдында есеп беруге тиісті. Мұны қинала емес, қуана атқарулары үшін оларға

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

мойынсұныңдар. Олай етпесеңдер, өздерің зиян көресіңдер» (Евр. 13:17).

Автор бізді екі нәрсеге шақырды: 1) үстімізден қарайтындарға бағыну және (2) үстімізден қарайтындарға мойынсұну. Бұл әртүрлі нұсқаулар. Осы жерде көптеген адамдар шатасады. Билікке мойынсұнбай бағынуға болады. Мұны түсіндіру үшін жеке мысалдан бастағым келеді.

РУХАНИ НӘРДІҢ ЖОҚТЫҒЫ

Бұрынғы тарауда айтып өткенімдей, жасым жиырма-жиырма бесте Америка Құрама Штаттарының оңтүстік бөлігіндегі үлкен қауымда жұмыс істедім. Оның алдында инженер болып жұмыс атқарған едім. Сонда төрт жарым жыл бағушының жеке көмекшісі болып қызмет еттім. Бағушы мен әйелінің жеке мәселелерімен айналысып, балаларына қамқорлық жасайтын едім.

Бұл маған көп нәрсені үйреткен керемет мүмкіндік болды. Бірінші жылы Құдай маған өз Патшалығында осы қызметте жұмыс атқаруға жағдай береді деп қатты таң қалдым. «Мұнымен айналысуға рұқсат бергені үшін төлеуім керек» деп ойлағаным есімде. Бағушының отбасына азық-түлік сатып алғаннан кейін супермаркеттің тұрағында отырып, жылап жібергенім де бар. Біздің қауымда сегіз мыңнан астам адам болды. Мен неге сонша артықшылыққа ие болдым? Бұл тәтті кезең бір жылға жуық уақытқа созылды. Бақытым бастапқыда ақырын бәсеңдеп, кейін ғайып болды.

Қызметке жақындаған сайын, ондағы кемшіліктерді көрдім. Жұмыстан алған жаңалық сезімі мен қуаныш қиындықты жасыра алмайтын болды. Өз көзіммен көрген нәрселердің кейбірін түсіндіру қиынға соқты. Көп ұзамай көргеніме шыдай алмай кеттім. Істің қалай орындалып жатқанымен,

проблемаларды шешу тәсілімен және қабылданған шешімдермен жиі келіспейтінмін.

Құдаймен шаруасы жоқ, кәдімгі корпоративтік жұмыс орнында айтылатын сөзді қауым кеңсесінде еститін болдым. Әңгімеде қызметкердің аты аталса, ол жақында қызметтен шығарылатынын немесе өз бетімен кетуге мәжбүр болатынын білдім. Көбінесе олардың орнына жағымпаз сөзге шебер, алдамшы адамдар келетін. Жаңадан келгендердің көпшілігі менеджер ретінде немесе басқа да маңызды қызметтерге қойылатын болды. Бағушым Құдайды қастерлейтін адамдардан гөрі осылардың қасында болғанды ұнатты. Олардың айтқан оғаш әзілдеріне күліп, шынайы сенушілердің ортасында қызығушылық танытпай, оқшауланып жүрді. Бағушымның бұл әдетін түсіне алмай, ол кісіні іштей сынай бастадым.

Басқа да түсініксіз жағдайлар болды, оларға назар аудармау мүмкін емес еді. Бұл АҚШ-та жоғары деңгейде көрінетін халықаралық қызмет болды. Барлық бағдарламалар жалғасу үшін көп адам мен ақша қажет болды. Қауымда 250-ден астам адам жұмыс істеді және техникадан бастап, әдістемелерге дейін барлығы ең заманауи, ең жақсы нәрселер болды. Қолданыстағы бағдарламалар мен болашақ идеялар үшін көбірек ақша жинауға көмектесу мақсатында кәсіби кеңесшілер жалданды. Мен оларды қабылдауға жауапты болдым. Олардың бағушыммен кездескендегі әңгімелерін естіген жалғыз мен едім. «Бұл сауда жасайтын бизнес пе, әлде қызмет пе?» деп іштей өзіме сұрақ қоятынмын. Әңгімелерді естіген сайын, «Мұның бәрі адамды алдайтын зат екен. Мына жігіттер шынымен де адамдардың қамын ойлай ма, әлде тек ақша көздеп жүр ме? Бағушы неліктен ондай адамдармен кездесіп жүр?» деп алаңдайтынмын.

Осы уақытта достарымның бәрі өзім сияқты сыншыл болды. Бір ерлі-зайыптылардың үйіндегі кешкі ас есімде. Мен

де, досым да бағушы мен оның әйеліне тікелей есеп бердік. Енді қызметтен ешқандай рухани нәр алмайтынымызды талқыладық. Досымның әйелі: «Соңғы алты айда сахнадан айтылған уағыздың ешқайсысының өміріме көмегі тиген жоқ» деді. Бәріміз мұнымен келістік, тек әйелім үндемеді.

«Рухани нәр алып жүрген жоқпыз» деген сөзді бірнеше рет естідім. Бұл қызметтегі уақытымыз аяқталуға жақын деп келістік. Пікіріміз – Киелі Рухтың жетекшілігі деп сендік. Құдай бізді өзі тағайындаған басқа қызметтерге жіберуге дайындалып жатқанына күмән келтірген жоқпыз. Арамызда қазіргі лауазымдағы күндеріміз аяқталып, жоғарылаудың алдында тұрғандай сезім болды.

МӘСЕЛЕ МЕНДЕ БОЛДЫ

Бірнеше күннен кейін мен дұға етіп жүргенімде, Құдай мейірімімен ерлі-зайыптылардың үйінде талқылаған мәселені есіме түсірді. «Рухани нәр жоқ» деген тіркес сол кеште ғана емес, соңғы алты айда бағушымыздың әр уағызы кезінде айтылды. Тәлімді тыңдап отырып, әйеліме солай дейтінмін. Нәрдің жоқтығынан рухани аштыққа ұшырағанымды ойлап жүргенде, Киелі Рух маған: «Мәселе сенің бағушыңда емес, мәселе өзіңде!» деп тік айтты.

Мен таңырқап, естігеніме сенбей алмадым: Құдай мұны маған айтып тұр ма? Бұрын Құдай мені осылай түзеткенде, алғашқы бірнеше рет бір сәтке кідіріп, естігенімнің дұрыстығына күмән келтіретінмін. «Шынымен де маған арналған сөз бе еді бұл?» деп ойлайтынмын (есейе келе бұл сұрақ сирек қойылуы керек, өйткені біртіндеп қаншалықты аз білетінімізді және қаншалықты өсу керектігін түсінеміз).

Мен дауыстап «Мәселе неге менде?» деп сұрадым.

Жаратқан Ие былай жауап берді: «Нәрдің жоқтығы туралы айта бересің. Ишя кітабында былай делінген: “Егер Маған

мойынсұнып, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар. Алайда қасарысып, Маған қарсы тұра берсеңдер, сендерді жаудың семсері жалмап қояды”» (1:19-20).

Мен бұл аятты жатқа білетінмін. «Мен әрдайым тіліңді аламын», – деп қарсылық білдірдім.

Бірақ Киелі Рух: «Қызметте айтқанның бәрін орындайсың, бірақ мен: «Егер тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейсіңдер» деген жоқпын. «Мойынсұнып, тілімді алсаңдар...» дедім. Мойынсұну сенің көзқарасыңа қатысты. Ал көзқарасың маған ұнамайды!

Мектепте жоғары сыныпта оқып жүргенімде, Құдайға келмей тұрып, әр сәрсенбі кешке «Баретта» деген телешоуды сүйіп қарайтынмын. Жаратқан Ие осы шоуды есіме түсірді. Ол Нью-Джерси штатында, Ньюарк қаласында детектив болып жұмыс істейтін адам туралы еді. Біздің ауданда жұмысшылар бейсенбі күні үлкен көлікпен келіп, қоқысты алып кететін. Олар әрдайым таң атпай ерте келетін. Мен отбасымыздағы жалғыз ұл болғандықтан, қоқысты бір күн бұрын сәрсенбі кешке шығаруым керек. Әр апта сайын анам бағдарламаның ең қызықты жерінде, Баретта қылмысты енді шешейін деп жатқанда, «Балам, қоқысты шығардың ба?» деп сұрайтын.

Мен: «Жоқ әлі» дейтінмін.

Анам: «Дәл қазір орныңнан тұр да, қоқысты шығар» деп айтатын.

Мен: «Құп болады» деп жауап беретінмін.

Егер біреу әрекетімді бақыласа, мені ата-анасының тілін алатын жақсы бала дер еді. Бұл дұрыс. Ол мені мойынсұнатын, кішіпейіл бала да дер еді. Бірақ мен сыбырлап: «Мамам әрқашан сүйікті шоуымның дәл ортасында қоқысты шығар дейді. Неге қызықтың бәрін бүлдіреді? Неге бағдарлама аяқталғанша он минут күте алмайды?» деп қыңқылдайтынмын.

Киелі Рух: «Сен анаңның айтқанын істеп, тілін алдың.

Сырттай мойынсұнғыш та көріндің. Бірақ шынымен тапсырманы істегің келмеді ғой. Шынында мойынсұнбадың. Анаңа деген көзқарасың, онымен іштей ұрысқаның дұрыс болмады. Қауымда рухани нәр алмаймын десең, оның себебі – мойынсұнбай бағынуыңда!

Бағушыма деген көзқарасым Құдайдың берейін дегенін қабылдауға кедергі болды. Мен бағынсам да, мойынсұнбадым. Бұл маған қауіп төндірді. Еврейлерге 13:17-нің соңында «өздерің зиян көресіңдер» деп жазылған.

Ақыры көзім ашылды. Бірден күнәма өкініп, тәубе еттім. Келесі жексенбі әдеттегідей қауымға барып, бұрынғы отыратын жеріме отырып, апта сайын еститін бағушымның уағызын тыңдадым. Бірақ сол күні бәрі басқаша болды. Аспан ашылғандай болып, мен Құдайдың бағушымның ілімі арқылы берген аянына таң қалдым. Құдай берген билікке деген жаман көзқарасымның кесірінен өткен алты айда нені өткізіп алғанымды ойлап, жылап жібере жаздадым. Менің бағушыма және қауымдағы істердің қалай жүріп жатқанына деген сыншыл, тәкаппар көзқарасымнан алты ай бойы зардап шеккен өзім болдым.

Тағайындалған билікке бағынбасақ, біз Құдайдың билігіне қарсы шығамыз, өйткені оларды Құдай тағайындаған! Құдай бізді Өзінің мол дастарханынан тойып жесін дейді. Көктегі Әкеміз жарылқауды бізге Өзі орнатқан билігі арқылы береді.

Билікке қатысты не істейтініміз бағынуға тәуелді. Билікке қатысты не ойлайтынымыз, билікке деген іштей көзқарасымыз мойынсұнуға тәуелді. Осы тұста көбіміз шатасамыз. Құдай біздің сыртқы істерге де, жүрегіміздегі жасырын ниетке де қарайды. Дәуіт ұлы Сүлейменді таққа отырғызғанда былай деді: «Ал сен, ұлым Сүлеймен, әкең сиынған Құдайды жақыннан танып-біл! Оған шын жүрегіңнен және бар жан дүниеніңмен қызмет ет! Себебі Жаратқан Ие күллі адамдардың

жүрегінің түкпір-түкпірлерін тексеріп, олардың барлық ой-ниеттерін түсінеді» (Шеж. 1-ж. 28:9).

Осы себепті еврейлерге арналған хаттың авторы бізді үстіміздегілерге бағынуға ғана емес, сонымен бірге оларға мойынсұнуға шақырды. Пауыл: «Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар!», – дегенде, тек бағынуды емес, мойынсұнуды да айтты.

МОЙЫНСҰНУ БАР, БАҒЫНУ ЖОҚ

Еврейлерге арналған хаттағы аятты басқа аудармада қарастырайық: «Басшыларыңа бағынып, олардың билігіне мойынсұныңдар» (13:17 NIV аудармасы). Мойынсұнбай бағынудың не екенін көрсеттім. Енді, мұның қарама-қарсысы да бар. Көзқарасымыз мойынсұнғыш болса да, әрекетімізде бағыну жоқ болуы мүмкін. 3-тарауда талқыланған Исаның екі ұл туралы айтқан астарлы әңгімесі бұған жақсы мысал. Бір ұл: «Иә, мырза, жүзімдікке барып, жұмыс істеймін»,– деп мойынсұнғыш көзқарас танытты. Алайда ол бағынбады. Иса бұл ұлдың әкесінің еркін орындамағанын анық көрсетті. Оның көзқарасы керемет болса да, ол әкесінің бұйрығымен келіссе де, іс бітпеді.

Қазіргі қауымдарда осы жағдай жиі кездеседі. Тамаша ниетпен бас изеп, жымыып, «Мұны мен істеймін!» деп билікпен келісеміз. Сосын барып, келіскен затты істемейміз, өйткені ол біз үшін аса маңызды емес. Мен мұны «әдепті бүлік» деймін. Алданбаңыз: әдепті бүлік ашық қарсыластық сияқты өлімге әкеледі. Құдай Патшалығында ешқайсысы басқасынан артық емес.

Аян кітабында Исаның қауымдарға айтқан сөзі мұны растайды. Ол әрбір қауымға: «Мен сенің істеріңді білемін» немесе «Мен сенің күйіңді білемін» дейді (Аян 2–3). Қауымдардың ниеті жақсы болды. Бір қауым өзін «тірі» деп атады, бірақ Иса олардың істерінде бағыну жоқ болған соң, ол қауымды «өлі» деді. Есіңізде болсын, «Құдай әркімге

істеген ісіне қарап қарымтасын қайтаратын болады» (Рим. 2:6). Жақсы ниет марапат алмайды. Құдай ниеті жақсы көптеген адамдарды жазалайтын болады. Тек мойынсұну істерімен дәлелденетін шынайы сенім үкімнен құтылады.

ШЕКАРАНЫ ҚАЙ ЖЕРДЕН САЛАМЫЗ?

Тәңір Иенің әмірін тағы да қайталайық: «Биліктегілерге бағынып, мойынсұныңдар». Жоғарыда айтқанымдай, адамдар маған шын жүректен былай сұрақ қояды: «Шекараны қай жерден саламын? Билік не істе десе де Құдай бізден мойынсұнуды күте ме? Биліктің бұйырғаны күнә болса ше?». Киелі кітап билікке сөзсіз мойынсұнуды үйретеді, бірақ сөзсіз бағыну туралы сөз жоқ. Есіңізде болсын, мойынсұну көзқарасқа қатысты, ал бағыну бізге айтылғанды орындауға қатысты.

Билікке бағынбауға болатын жалғыз жағдай – билік Құдай Сөзінде айтқан нәрсеге тікелей қайшы келетін нәрсені істеуді айтқан кезде ғана. Басқаша айтқанда, басшылар бізге күнә жасауды бұйырғанда ғана бағыну міндетті емес. Дегенмен, мұндай жағдайларда да жүрегімізде кішіпейілділік пен мойынсұну болу керек.

Бабыл патшасы Набуходоносор қатыгездік танытып, Израилдің көптеген ұрпақтарын жойып, туған жерін жермен жексен қылды. Алайда Құдай оны «Өзімнің еркімді іске асырушы» деп атады (Ер. 25:9; 27:5–7). Тағы да адамға билік беретін – Құдай екенін көріп отырмыз. Патша халықтың тірі қалған тамтығын тұтқынға алып, Бабылға апарды. Олардың арасында Даниял, Шадырақ, Мисақ пен Әбдінего болды.

Бұл патша барлық халықты музыкалық аспаптардың дыбысын естіген кезде алтын мүсінге иіліп, тағзым етуді міндеттеген жарлық шығарды. Жарлықтың салдары бас тартқандар үшін ажал болды: олар жанып тұрған пешке тасталады. Еврей адамдары пештен гөрі Құдайдан көбірек

қорқып, бұл жарлыққа бағынбады, өйткені бұл Құдайдың Таураттағы екінші өсиетін тікелей бұзды. Еврейлер Құдайдың бұйрығына бағыну үшін адамның бұйрығына бағынбады.

Олардың бағынбауы Набуходоносор патшаның назарына ілікті. Ол Шадырақ, Мисақ пен Әбдінеғоға қатты ашуланып, тергеу үшін алдына әкелді. Үш жігіттің жауабын тыңдаңыз: «Уа, патша, бұл мәселе бойынша сіздің алдыңызда қорғануымыздың қажеті жоқ. Егер лаулап жанып тұрған пешке лақтырылсақ та, ғибадат етіп жүрген Құдайымыздың бізді құтқаруға құдіреті жетеді. Ол бізді сіздің қолыңыздан құтқаратын болады да! Тіпті солай болмаса да, мынаны біліп қойыңыз, уа тақсыр: сіздің тәңірлеріңізге ғибадат етпейміз де, орнатқан алтын мүсініңіз алдында иіліп тағзым етпейміз де!» (Дан. 3:16–18).

Олар патшаның емес, Құдайдың бұйрығына бағынса да, патшаға құрметпен сөйледі. Олар «Уа, патша» деп әдепті тіл қатты, «Ей, ақымақ, біз ешқашан сенің айтқаныңды істемейміз!» деген жоқ. Олай қадірлемей сөйлеу бүлік болар еді. Біз биліктің бұйрығын орындамауға мәжбүр болсақ та, билікке мойынсұнуымыз керек.

Мұны Петірдің әйелдерге берген нұсқауларынан көреміз: «Сол сияқты сендер, әйелдер, күйеулеріңе мойынсұныңдар. Осылайша, олардың кейбіреулері Құдайдың сөзіне құлақ аспаса да, өздеріңнің айтқан сөздеріңмен емес, игілікті мінез-құлықтарыңмен оларды баурап алып, Мәсіхтің иелігіне айналдырыңдар. Олар таза да *ізетті мінез-құлықтарыңды* көргенде ғана бұлай болмақ» (1 Петір 3:1-2). Әйел бағынып (Титке 2:5), күйеуіне мойынсұнушылықпен құрмет көрсетуі керек. Петір мінез-құлық пен мойынсұну арасындағы параллельді тағы да көрсетті. Содан кейін олар таза әрі ізетті өмір салтымен біріктіріледі. Күйеуі Құдайға сенбесе де, әйелі оның беделіне *құрметпен* қарасын деген кеңес беріледі. Ол күнә жасауды сұраса, әйелі бағынуға міндетті емес, бірақ

ол сөзсіз мойынсұнуға және оның беделін құрметтеуге шақырылады.

Мысалы, әйелі сенуші, ал күйеуі әлі Құдайға бет бұрмаған адам дейік. Телефон қоңырау шалғанда, әйелі жауап береді. Күйеуі ешкіммен сөйлескісі келмей, «Мені үйде жоқ де» деп ымдайды.

Меніңше, әйелі былай жауап берсе, дұрыс: «Жаным, мен өтірік айтпаймын. Хабарласқан адамға сенің қолың бос емес, сені кейінірек өзі қоңырау шалады дейін бе? Әлде шаршап, сөйлескің келмейтінін айтайын ба?». Әйелі жұбайының беделіне құрметпен қарайды, бірақ өтірік айту туралы өтінішіне бағынбайды.

Петір сөзін жалғастырды:

Сендердің көріктерің сыртқы әшекейлерге: шашты ерекшелеп жинау, алтын әшекей бұйымдар тағып, көз тартарлық әдемі киімдер киюге тәуелді болмасын. Қайта, көріктерің жүректеріңдегі көзге көрінбес ізгі қасиеттеріңнен тұрсын; мейірімді де сабырлы жан дүниелеріңнің мәңгі солмайтын көркі Құдай алдында аса бағалы. Ежелгі заманда үміттерін Құдайға артып, Оған бағышталған әйелдер өздерін дәл осылайша әшекейлеген. Солардың бірі Сара еді; ол Ыбырайымның айтқандарына құлақ асып, оны «қожайыным» деп атайтын. Егер сендер ешқандай қорқынышқа көнбей, адал өмір сүрсеңдер, Сараның рухани ұрпағы боласыңдар (1 Петір 3:3–6).

Сараның құрметі Ыбырайымды қожайын ретінде құрметтеп, мойынсұнғанынан көрінді. «Қожайын» оның мойынсұнғыш ниетін көрсетті, ал бағыну қорқынышқа берілмейтінін көрсетті. Қорқыныш – өте жаман қожайын. Қорқатын кісі былай дейді: «Мен күйеуіме немесе басқа билікке бағынатындай Құдайға сене алмаймын. Мен өзімді

өзім қорғауым керек!». Есіңізде болсын, мойынсұнуды бұйырған – бір билікқұмар пенде емес, Құдайдың Өзі. Біз Құдайға мойынсұнсақ, Ол бізді қорғайды.

ӘМІРДІ БҰРМАЛАУ

Сөзсіз мойынсұну керектігін естіп, оны сөзсіз бағынуға айналдырған көптеген әйелдердің қайғылы оқиғаларын естідім. Оларды ойласам, жүрегім ауырады. Жыныстық сезімді күшейту үшін әйелдерінен өзімен бірге ересектерге арналған азғын бейнелерді көруді талап еткен сенуші күйеулер туралы естідім. Ал әйелдер Жазбадағы бұйрық – мойынсұну, басқа амал жоқ деп ол бұзылған талапқа көнеді. Өздері үшін әйелдерінен арамдық жасауды талап еткен күйеулерді білемін. Әйелдеріне кез келген қауым қызметіне баруға тыйым салған күйеулер туралы естідім. Әйелдері шынымен қауымға баруды тоқтатты. Бұл нұсқауларды орындауға болмайды, өйткені олар Жазбаға қарама-қарсы.

Әрі қарай жылжиық. Күйеулердің балалары мен әйелдерін ұрып-соққанын, ал әйелдері зорлық-зомбылықты жасырғанын білемін. Басқа жағдайларда балалар жыныстық зорлық көрді, ал әйелдер ештеңе істемеді. Бұл Құдай орнатқан биліктің заңдарын бұзады. Мұндай жағдайларда Құдай ешбір әйелге артқа шегініп, ештеңе істеме демейді. Егер күйеуі өмірге қауіп төндіретін заттармен айналысса, әйел өзін және балаларын одан дереу ажыратуы керек. Күйеуі шынымен өкініп, тәубе етпейінше, оған қайтып оралуға болмайды.

Саул найза лақтырғанда, тіпті ұрыс алаңында соғысып жүрген, күші тасыған Дәуіт те сарайда қалмайды. Ол қауіпті жерден кетіп қалып, шөл далада өмір сүрді. Айта кету керек, Дәуіт Саулдың билігіне деген ізетті көзқарасын ешқашан жоғалтпады. Дәуіт Саулдың қасынан қашып құтылса да, Саулдың Құдайдың әділ қаһарына іліккенін білсе де, патшаның билігіне мойынсұнуды тоқтаған жоқ.

ҚҰДАЙ КҮНӘҒА БАҒЫНБАЙТЫНДАРДЫ ЖАРЫЛҚАЙДЫ

Билікке бағынбаған басқа да жағдайлар бар. Перғауын еврей акушер әйелдерге еврейлерден туған ұлдарды өлтіруді бұйырды. Алайда Киелі кітапта былай делінген: «Бірақ әйел босандырушылар Құдайды терең қастерлегендіктен Мысыр патшасының айтқанын орындамай, туған ер балаларды тірі қалдыра берді» (Мыс. ш. 1:17). Құдай оларға риза болды. Жазба бізге былай дейді: «Босандырушылар Құдайды терең қастерлеп, осылай істегендері үшін, Құдай оларға мейірімін төгіп, үйлерін жарылқап ұрпақ сыйлады» (21-аят). Патшаның күнә жасау туралы бұйрығын орындамағаны үшін Жаратқан Ие оларды марапаттады.

Жоғарғы діни кеңес шәкірттерге «Исаның атымен мүлде сөйлемес немесе тәлім бермеуді бұйырды. Бірақ Петір мен Жохан былай деп жауап берді: «Құдайды емес, сіздерді тыңдау Оның алдында жөн болар ма екен? Мұны өздеріңіз ойлап көріңіздерші! Ал біз көріп-естігендеріміз туралы үнсіз қала алмаймыз» (Елшілердің істері 4:18–20). Иса оларға: «Бүкіл жер бетіндегі күллі адамдарға барып, Ізгі хабарды жариялаңдар!» (Марқа 16:15) дегенде, олар діни басшыларға қалай бағына алды? Бағына алмады! Жоғарғы діни кеңес шәкірттеріне Исаның бұйрығына қарсы бірдеңе істеуді бұйырды, сондықтан олар құрметпен бас тартты. Бұл шешімінің нәтижесі қандай болғанын тыңдаңыз: «Елшілер Иеміз Исаның қайта тірілгендігі туралы зор жігермен куәлік берді. Осылайша олардың бәріне Құдайдың мол рақымы жауды» (Елшілердің істері 4:33). Олардың Құдайды терең қастерлеуі үлкен бата мен күш әкелді.

Пауылдың жоғарғы діни кеңеске берген жауабынан шәкірттің құрметке, мойынсұнуға толы көзқарасын көреміз. Елші діни қызметкерлердің алдына келгенде, ең алдымен былай деді: «Бүгінге дейін мен Құдай алдында ар-ұжданым кіршіксіз таза өмір сүріп келдім» (Елшілердің істері 23:1). Бұл сөздерді естіген бас діни қызметкер Анани қасында

тұрғандарға Пауылдың аузынан ұруды бұйырды. Сонда Пауыл: «Әктелген қабырға, сізді Құдай ұрады!» – деді. Содан кейін былай жазылған: «Қасыңда тұрғандар:

– Құдайдың бас діни қызметкеріне ұрсуға қалай батылың барады? – деп ескертті. Пауыл былай деп жауап берді:

– Бауырластар, оның бас діни қызметкер екенін білмедім! «Халқыңның басшысына балағат сөз айтпа!» деп (Тауратта) жазылған ғой» (Елшілердің істері 23:4–5).

Ананидің беделді адам екенін білген соң, Пауыл ашуға булығып айтқан сөзіне өкінді. Шәкірттер Жазбаға қайшы келетін бұйрықтарды орындамады, бірақ сонымен бірге олардың жүрегінде мойынсұну болды, себебі «билікті Құдай тағайындайды».

ДАНИЯЛДЫҢ ЖОҒАРҒЫ ЗАҢҒА БАҒЫНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМІ

Даниялдың заманында патшадан басқа құдайға немесе адамға өтініш білдірген әркім арыстан апанына тасталатыны туралы заң қабылданды. Қызғаныш әріптестері Даниялдың көзін жою үшін осы заңды шығарды. Жемқор басшылар Дарий патшаны алдап, заңға қол қойғызып алды. Даниял бұл заңға мойынсұнуды ойламады да. Ол Құдайға мойынсұнуды таңдады. Ол забур жыршысының жолын ұстанды:

Ертеңгісін, тал түсте және кешқұрым
Құдайыма дауыстап жалбарынамын,
Оның құлағына шалынады дауысым (Заб. 54:18).

Даниялдың әрекеті туралы оқыңыз: «Даниял мұны білсе де, бұрынғыдай күніне үш рет үйінің жоғарғы бөлмесіне көтеріліп, Иерусалимге қарай ашық тұрған терезенің алдына баратын. Сол жерде ол бұрын да істегеніндей тізерлеп отырып, сиынатын Құдайына мінажат етіп, Оны мадақтауын жалғастыра берді» (Дан. 6:10).

Даниялдың заң бұзғаны туралы хабар патшаға жетті, ол Даниялды арыстандарға тастауға мәжбүр болды. Дегенмен, Даниял әділетсіздік көрсе де, оның жүрегіндегі мойынсұну өзгермеді. Құдай оны керемет түрде аман сақтап қалды. Періште келіп, аш арыстандардың аузын жауып тастады, ал Даниял олардың жанында ештеңеге алаңдамай ұйықтап та қалды. Патша болған жағдайды көргенде, Даниялға қарсы қастандық жасағандарды апанға лақтырды. Аш жыртқыштар оларға бірден тап берді.

НӘТИЖЕ ӘРҚАШАН ЖАҒЫМДЫ БОЛМАУЫ МҮМКІН

Әлгі әңгімелерді Құдай Өзіне табынатын адамдарды құтқарды, бірақ бұл әрдайым бола бермейді. Еврейлерге арналған хатта не жазылғанын тыңдаңыз:

Олар сатқындықпен бостандық алудан бас тартып, өздерінің әлдеқайда жақсы өмірге қайта тірілулерін көздеді. Өзге кейбіреулері мазаққа ұшырап, соққыға жығылып, шынжырмен құрсауланып, түрмеге жабылды. Біреулері таспен атқыланып, арамен кесіліп, семсермен шабылып өлтірілді. Басқалары қой-ешкінің терісін жамылып, жоқшылық көріп, азапталып жәбірленді. Күнәкар дүние сондай ержүрек адамдарға лайықсыз еді! (11:35–38)

Сенімге бола қудаланған бауырластарымыз билік тарапынан зор азап көрді.

Алғашқы қауымда ұстаз болған Тертуллиан б.з. 140-230 жылдар аралығында өмір сүрді. Ол Рим басшылары мен азаматтарына қудалау мәсіхшілікті тек күшейтетінін айтқан болатын. Тертуллиан былай жазды: «Сендер бізді жаппай қырып-жойған сайын, санымыз көбейеді. Мәсіхшілердің қаны – жерге себілген тұқым» («Apology», 50-тарау).

Қуғын-сүргінге ұшыраған сенушілер жайлы белгісіз римдік азамат былай жазыпты:

Олар өз елдерінде қонақ ретінде тұрады. Олардың тәні бар, бірақ олар тәнге сай өмір сүрмейді. Өмірлерін жер бетінде өткізсе де, олар – көктің азаматтары. Олар жазылған заңға бағынады, сонымен бірге өз өмірлері арқылы заңнан асып түседі. Оларды жек көретіндер өшпендіктеріне ешқандай себеп айта алмайды. («Letter to Diognetus», 5-тарау)

Сенушілер мойынсұнды және бағынды, бірақ өздерінің құрметті немесе мойынсұнғыш мінездерімен жай бағынудан асып түсті. Тағы да, Петірдің хатында көргеніміздей, сол сенушілердің әділетсіз басшыларға деген көзқарасы биліктегілерді таң қалдырды және кейбіреулердің Иемізге бет бұруына себеп болды.

ЕКІ ҰШТЫ МӘСЕЛЕ ҚАЛМАСЫН

Билік азаматтық, отбасылық, қауымдық немесе әлеуметтік болсын, Құдай біздің ниетіміз мойынсұну болғанын қалайды. Билік Жазбада күнәға жататын затты *нақты* бұйырмаса, жүрегімізде мойынсұну, іс-әрекетімізде мойынсұну болсын. «Нақты» деген сөзге ерекше назар аударғым келеді. Жоғарыда айтылған жағдайларда сенушілер Мәсіхтен бас тартуға, өлтіруге, пұттарға табынуға немесе Исаның өсиетін тікелей бұзуға бұйрық бергенде бағынбады. Бұлар екі ұшты, пікірге ғана тәуелді мәселелер емес еді.

Қызметте жұмыс істейтін бір адам келесі мысалды келтіріп, оны екі ұшты, бір ғана дұрыс жауабы жоқ мәселе деді. «Бағушым маған жұмыс уақытында адамдарға кеңес берме, олар үшін дұға етпе деді. Бірақ бұл Құдайдың сүйіспеншілігі емес. Сүйіспеншілікте жүрмеу – күнә, сондықтан мен бәрі бір адамдармен сөйлесіп, олар үшін мінәжат етемін». Бұл биліктің қол астындағы адамдардың пікірі. Бұл олардың түсінігі. Бағушы одан Құдай Сөзін бұзуды сұрамайды. Сонымен

қатар, олар сиыну үшін емес, мәтін теру, құжаттарды реттеу, деректерді өңдеу және басқа да еңбек үшін ақы алады.

Негізінде бұл адамдар бағынбаудың салдарынан ұрыға айналады. Егер Құдай оларға шын мәнінде басқалар үшін дұға етуді тапсырса, олар мінәжат қажет ететіндерге жұмыстан тыс уақытта қоңырау шалу үшін бағушыдан рұқсат сұрауы керек. Егер бағушы бұған қарсы болса, қызметкер көмек қажет ететін адамдарға кеңес беруге әлі дайын болмауы мүмкін. Егер бағушының бұл шешімі қате болса, ол Құдайдың алдында жауап береді. Оның қоластындағы адамдар бұл мәселені өз пікірімен шеше алмайды. Бұл жүздеген мысалдардың бірі ғана, бірақ мағына жалғыз: Құдайдың жазылған Сөзі анық бұзылған кезде ғана билікке бағынбауға болады.

Әлі де сұрақтарыңыз болуы мүмкін: «Мен биліктің бұйырғанымен келіспесем ше? Билік маған ақымақтық жасауды бұйырса ше? Немесе биліктің бұйырғаны Құдайдың маған мінәжатта көрсеткеніне қайшы келсе ше?». Бұл сұрақтарға келесі тарауда Киелі Жазбаға негізделен жауаптар беремін.

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

БИЛІК БЫЛАЙ ДЕСЕ ШЕ?

*Бізге керегі – билік туралы аян. Ол –
Құдайдың Өзінің ашылуы, себебі Құдай
және Оның билігі бір-бірінен ажырамайды.*

Бәріміз басшыларға көңілі толмайтын адамдарды кездестірдік. Олар тиімсіз әдістер мен ақылсыз шешімдердің өмірлеріне нашар әсер еткеніне шағымданады. Олар биліктің белгілі бір нәрселерді уәде еткеніне айтып, оны әлі орындамағанына наразы. Шындығында, жағдай нашарлап бара жатқан сияқты. Олар бағушының дұрыс мезгілді, дұрыс істі өткізіп алғанына сенімді. Енді оның билігі Құдайдікінен бөлек деп есептейді. Бұл пікірлер шағымдануға жол ашады, ол ақырында бағынбайтын мінез-құлық ретінде көрінеді. Олардың алдауға жол береді, осы арқылы Құдайдың тағайындаған билік арқылы беретін өсу мен қорғауынан ада қалады.

БИЛІК КЕРЕК ЕМЕС!

Исраил ұрпақтары осылай істеді. Бір кездері олар Мұсаның басшылығын тиімсіз және тіпті зиянды деп санаған. Алайда, бірдей осындай наразылық пайда болды ма? Жоқ. Мұса шөл

далаға қашып, онда қырық жыл тұрғаннан кейін Мысырға келді. Перғауынмен кездесуден бұрын ол Израил басшыларымен кездесті. Мұса Жаратқан Иенің халыққа арнаған жоспарын мәлім етті: «оларды Мысырдан алып шығып, [басқа] елге бастап алып барамын. Сол елдің жері шұрайлы, кең-байтақ, ағы мен балы ағыл-тегіл мол» (Мыс. ш. 3:8). Олар бұл керемет хабарды естігенде, Мұсаға сеніп, Құдайға ғибадат етті. Оларды құлдықтан алып шығатын Құдайдың уәде еткен басшысын көргенде, халық шексіз қуанышқа бөленді.

Мұса перғауынға барып, тауда Құдайдың оған айтқан нақты хабарын жариялады: «Менің халқымды жібер!» (Мыс. ш. 5:1).

Перғауын «Мен айтқанына құлақ асып, израилдіктерді жіберетіндей «Жаратқан Ие» деген кім? Мен «Жаратқан Иені» білмеймін де, Израил халқын жібермеймін де, – деп жауап қатты. Неге халықты арандатып, міндеттерінен алаңдатысыңдар?» деп жауап берді. Мұса мен Харонмен сөйлескеннен кейін перғауын халықтың жағдайын қиындатты. Ол ашуланып, құл айдаушылары мен бақылаушыларына: «Жұмыстарын қиындатыңдар! Олар құр сөздерге ден қоймай, жұмыс істесін!» деді (Мыс. 5:2-9 мазмұны).

Израилдіктер күн сайын кіріпіш құюға міндетті болған. Күн сайын талап етілетін кірпіш мөлшері көбейді, оған қоса сабан берілмейтін болды. Олар сабанды түнде өздері жинап, күндіз ауыр еңбек етулері керек болды. Сабан берілмесе де, күнде шығарылатын кірпіштің саны азайған жоқ.

Израилдіктер сабан іздеп жер-жерге тарап кетті. Құл айдаушылар қатыгез болды. Олар қамшыларының алып: «Бұрынғыдай кірпіштің күнделікті санын құйыңдар!» – деп бейшара халықты сабады.

Олар жұмыс бригадаларына жауапты израилдіктерді ұрды. «Неге кеше де, бүгін де керек кірпіштері жасап шығармадыңдар?» деп аяусыз талап етті.

Сонда исаилдік ақсақалдар перғауынға барып, ауыр еңбекті айтып жалбарынды. «Өтінеміз, бізге бұлай қарамаңыз», – деп сұрады. «Бізге сабан берілмейді, бірақ бәрібір бұрынғыдай көп кірпіш құю керек. Бұл адамның қолынан келмейді! Біздің мүмкіндіктен тыс нәрсе үшін қызметшілеріңіз бізді ұрып-соғады! Талабыңыз орынсыз».

Бірақ перғауынның жауабы мынадай болды: «Сендер жалқаусыңдар! Бос уақыттарың тым көп екен! Жұмыстарың жеткілікті болса, «Жаратқан Иеге құрбандық шалайық» демес едіңдер. Енді жұмысқа қайта кірісідер! Сабан берілмейді, бірақ әлі де кірпіштің әдеттегі мөлшерін жасап шығаруларың керек».

Перғауын өтінішті қабылдамағандықтан, исаилдік басшылар үлкен қиындыққа тап болғанын көрді. Олар перғауынның сарайынан шығып бара жатып, сыртта күтіп тұрған Мұса мен Һаронды кездестірді. «Перғауын мен оның нөкерлері бізді осындай жағдайға душар еткендері үшін Жаратқан Ие сендерге үкімін шығарсын. Бізді өлтіру үшін оларға сылтау бердіңдер!» (Мыс. 5:13–21 мазмұны).

Исаил халқы енді Мұсаның басшылығына наразы болды. Оның уағыздары мен нұсқаулары халыққа қасірет пен қиыншылық әкелді. Халық Мұсаның билігін Құдайдың билігінен ажырата бастады. Оның халықтың Мұсаға Құдайдың үкімін тілегенінен көреміз.

Мұның бәрі Мұсаның кінәсі. Егер халықты жайына қалдырса, перғауын оларға мұндай қатыгездік жасамас еді. Алайда, оқиғаның дамуын осылай бұрған – ақымақ жетекші емес, Құдайдың Өзі. Халық осыны түсіне алмады. Жаратқан Иенің жоспарынан немесе алдын ала болжауынан тыс ештеңе болған жоқ. Жаратқан Ие Мұсаға перғауынның алдына баруды бұйырды. Перғауынның жүрегін қыңыр қылған шайтан да, тіпті Мұса да емес, Құдай! Бұл Киелі жазбадан анық көрінеді: «Жаратқан Ие перғауынның жүрегін қасарыстырып, ол

Исраил халқын елінен жібермей қойды» (Мыс. ш. 11:10; сондай-ақ Мыс. ш. 9:12; 10:1, 20, 27 қараңыз). Перғауын неғұрлым қасарысып, Құдайға қарсы шықса, Ыбырайымның ұрпақтарының өмірі соғұрлым адам төзгісіз болды.

Көптеген азап пен қасіреттен кейін исраилдіктер Мысырдан азат етілді. Бірақ қиындық енді басталған сияқты. Олар ұланғайыр шөл далада қаңғып жүруге мәжбүр болды. Су және азық-түлік қоры азайып бара жатқанда, олар өздеріне сұрақ қоя бастады: Мұса оларға бостандық пен молшылықты уәде еткен жоқ па? «Шұрайлы, кең-байтақ, ағы мен балы ағыл-тегіл мол жер» қайда? Шөл дала кең-байтақ екен, жарайды, бірақ арман болған жер емес қой бұл! Ағы мен балы қайда? Мұсаның еркіндік пен байлық дегені осы ма? Оны шынымен Құдай жіберді ме?

Үш күнге созылған наразылықтан кейін Мұса оларды Мара деген жерге апарып, су тапты. Исраилдіктер «Жарайды, бәлкім жағдай өзгере бастайтын шығар» деп ойлаған болса керек. Алайда көп ұзамай олар суды іше алмайтындарын білді, өйткені судың сапасы нашар болды. Онсыз да әрең шыдап жүрген халық бұған сене алмады. Исраилдіктер бүлік шығара бастады. Бір-біріне және Мұсаға күңкілдеген сайын олардың сындары өткірлей берді. Наразылық бүкіл қауым жұқтырған қатерлі ісік сияқты жайылып тарап кетті. Мұсаның халықты құлдықтан шығаруға қабілеті жетсе де, уәде етілген жерге апару үшін жеткіліксіз.

Халық Мұса мен Һаронға: «Мысыр елінде Жаратқан Иенің қолынан өлгеніміз жақсы болған болар еді! Ол жерде етке толы қазанды айнала отырып, нанды тойғанымызша жеп жүрдік. Ал сендер бізді бүкіл қауымды аштан қатыру үшін осы шөл далаға бастап алып келдіңдер» деп күңкілге басты (Мыс. ш. 16:3).

Олар әбден шаршады. Мұсаның көшбасшылық қабілеттері пайдасыз болып шықты. Ол билікке келгенге дейін өмір жақсы

емес пе еді? Халықтың бар көрген азабы Мұсаның айтқаны мен істегенінен болды емес пе? Бұл қашан бітеді? Олар бір қиындықтан құтылып үлгермей, келесіге тап болды. Басшысы ағы мен балы мол жерді уәде етті, бірақ халық шөлде тек құрғақ жерді, жыландар мен шаяндарды көрді. Мұса бір жерде жолдан адасқан болу керек. Әлде шынымен халықтың жауы шығар? Кем дегенде перғауынның тұсында тамақ болды. Мұса еврейлерді азаптау мен аштыққа ұшырауды мақсат еткен сияқты. Мысырда өмір жақсырақ болды! Олардың наразылығы соншалық, олар бір-біріне: «Кәне, басшы таңдап алып, Мысырға қайта оралайық!», – десті (Ру. сан. 14:4).

Бірақ Мұсаның Құдай тағайындаған басшыдан жалыққандарға айтқан сөзін тыңдаңыз: «Сендерге кешке ет, таңертең тойдырып нан беретін Жаратқан Иенің Өзі болады. Оған қарсы күңкілдерің Оның құлағына жетті. Ал біз сонша кімбіз? Сендер бізге емес, Жаратқан Иеге наразылық білдіріп тұрсыңдар!» (Мыс. ш. 16:8).

Израил халқы өздерін Мұсаға қарсы деп ойлады, бірақ шын мәнінде олар Құдайға қарсы шықты. «Біздің наразылықтың Құдайға ешқандай қатысы жоқ» деп ойлады олар. Халық Құдайдың билігі мен Мұсаның билігін анық ажырата аламыз деп ойлады. Олар мойынсұнудың орнына өз саналарына сүйенді. Сырт көзге көрінетін жағдайларға ғана қарап, одан шектеулі тұжырым жасайтындар ақымақтық жолында қалады. Олар өздеріне белгіленген игі тағдырларынан алшақтап кетеді, ал билікті мойындап, мойынсұнатындар Ешуа мен Халеп сияқты уәделенген жерге кіреді.

АЖЫРАТА АЛСАМ ШЕ... ?

Израил халқы басшылары Мұса мен Наронның шешімдеріне қарап, сырттай айқын, тікелей әсерлерге бола оларды кінәлады. Сіз өзіңізді Израилдіктерден гөрі ақылдырақ

санауыңыз мүмкін. Өзіңізді Ешуа сияқты рухани мықты жан дейтін шығарсыз. Сіз Мұсаныкі дұрыс екенін бірден біліп, Израил ұрпақтары сияқты ешқашан қателеспейтін едіңіз, әрине. Сіз сол жерде Ешуамен бірге болар едіңіз.

Бұл рас болуы мүмкін, бірақ мұндай болжам жасамас бұрын абай болу керек. Парызшылдар: «Біздер ата-бабаларымыздың заманында өмір сүрген болсақ, олар сияқты пайғамбарлардың қанын төкпеген болар едік» деп еді (Мат. 23:30). Дегенмен Иса олардың рухы ата-бабаларының рухымен бірдей екенін айтты. Бүкіл мәселе шешіліп, оны түсіндіретін кітаптар жазылған кезде жақсы мен жаманды ажырату әрқашан оңай. Ешуаны басқалардан ерекшелендіретін нәрсе – оның парасаттылығы емес, шынайы билікті мойындау және оған мойынсұну қабілеті болды. Бұдан шынымен айырып тану пайда болды.

Осы тұста өздерін ақылдымын дейтін, бірақ жүректері мойынсұнбайтын көптеген адамдардың жақтырмайтын үндерді естимін. Осы кітапты жазып жатқан кезде де, соңғы жиырма төрт сағатта бір хат алдым. Оны «Келісем, бағынамын» және «Өзім айыра білемін» дейтін адам жазды. Бұлай ойлайтындар шынайы мойынсұнудан шығудың жолы бар деп қателеседі.

ОНЫ БҰЛ ОРЫНҒА КІМ ҚОЙДЫ?

«Егер жетекшім дұрыс таңдау жасамайтынын байқасам ше? Оның қателескенін біле тұра, оған бағынуым керек пе?» деген сұрақ қоюыңыз мүмкін. Қызмет еткен жылдарымда мен де осыған ұқсас сезім болды. Мен де: «Олар жаман шешім қабылдап жатыр! Олар Құдайдың берген бағытынан ауытқып кетті! Оларға біреу жаман кеңес берді. Мен бұған мойынсұна алмаймын!» дейтінмін. Көбінесе, асау жүрегім осылай тәуелсіз болғысы келді.

Мен бір жыл бойы бағушымның әкімшілік көмекшісі болып қызмет еттім және сол уақытта көптеген шешімдерге

күмән келтірдім. Оның нұсқауларын бөлім басшыларына таратпас бұрын үстелімдем мен көрдім. Сан рет бағушымның шешімдерін ақылсыз деп, жүрегімде оларға қатты қарсы болдым. Бір күні Киелі Рух маған «Саған бір сұрағым бар» деді.

Тәжірибемнен білемін, Құдай маған сұрақ қойғанда, қате ойларымды әшкерелейді. Мен: «Иә, Раббым?» деп жауап бердім.

«Мен бағушы етіп сені тағайындадым ба, әлде басқа кісіні тағайындадым ба?»

Мен: «Оны бағушы қылып қойдың, Құдайым» дедім.

Жаратқан Ие тез арада былай деді: «Дұрыс. Сондықтан сен білудің қажеті жоқ нәрселерді Мен оған ашамын. Көп жағдайда ол Маған сөзсіз еретіні сияқты сенің оған еретініңді тексеру үшін оның шешімінің даналығын сенен әдейі жасырамын».

Әдетте бірнеше айдан кейін бағушының неге ондай шешім қабылдағаны анық болады. Мен мұны көріп, ақыры сұрақтарыма жауап алатынмын. Осылайша, өз ақылымды мойынсұнудан жоғары қойып жаңылғанымға тағы көз жеткізетінмін. Дәл осы нәрсе қауымдарда, үйлерде және бизнесте жік тудырады. Құдай «Биліктің шешімін түсінсең, билікпен келіссең, биліктің айтқанын ұнатсаң, айтқанын істе» деген жоқ. Ол жай ғана: «Мойынсұн!» деді.

Кейінірек Жаратқан Ие маған былай тіл қатты: «Джон, егер мен әрбір сенуші барлық ақпаратты, білімді және нұсқауды тек дұғадан және тек тікелей Менен алсын десем, онда қауымда билік қажет болмас еді. Перзенттерім керектің барлығын тек мінәжаттан ала алмайтынын білген соң, қауымда билікті орнаттым. Олар жетекшілері арқылы Менің дауысымды тануды және естуді үйренуі керек».

Басшылықтың шешімдеріне пікір айту немесе бәрі біткеннен кейін нәтижені бағалау – біздің міндетіміз емес. Оның бәрі – сол адамды билікке қойған Құдайдың жұмысы.

Егер израилдіктерге Мұсаның шешімдеріне үкім шығару рұқсат етілсе, бейшара Мұса қаншама мін естуші еді. Ақыры халық Мысырға оралар еді.

Көшбасшылардың істері де, біздің істеріміз де Құдайдың сотына келеді. Көшбасшылардың шешімдеріне үкім шығарылады және олардың жазалары біздікінен ауыр болады. Осы себепті Иса былай ескерткен: «Себебі Құдай кімге көп берсе, одан көп талап етеді, кімге көп сеніп тапсырса, одан есепті де көбірек сұрайды» (Лұқа 12:48). Сондай-ақ Жақып былай жазған: «Бауырластарым менің, бәрің бірдей тәлім беруші болуға ұмтылмаңдар! Иеміздің бізге, тәлім беретіндерге, басқалардан гөрі қатаңырақ төрелік айтатынын білесіңдер» (3:1).

Екінші жағынан, бізге айтылатын төрелік мойынсұнуымызға қатысты болады, өйткені билік Құдайдан. Тағайындалған билікке қарсы тұру – Құдайдың билігіне қарсы тұру. Көшбасшылардың сөзі мен әрекеті дұрыс немесе бұрыс екенін алдын ала анықтау үшін тырыспауымызға болады. Сондай-ақ біткен істі сынауға болмайды. Бұл біздің емес, Құдайдың жұмысы. Бәрін білетін жалғыз Жаратқан Ие және Ол жүректерді Өзі қалағандай өзгерте алады.

КӨШБАСШЫНЫҢ ЖҮРЕГІ ҚҰДАЙДЫҢ ҚОЛЫНДА

2-тарауда айтқан әңгімеме бір сәт оралайық. Бағушым үй топтарын өткізбейміз дегенде, мен оның қателескеніне сеніп қана қоймай, біреу бағушыма әдейі маған қарсы шешім қабылдауға кеңес бергеніне сендім. Мен айтпаған тағы бір жағдай болатын, ол қауымның басшылық құрылымына, кеңсе менеджеріне қатысты болды. Ол кісі мені ұнатпайтын. Мен қызметтен шығарылсын деп ол жиі әрекет ететін.

Осы мақсатқа жету үшін ол аға бағушы екеумізді бір-бірімізге жамандайтын. Осылайша ол араға жік салды. Менеджердің айтқаны көбінесе шындыққа жанаспайтын.

Сонымен қатар, ол бүкіл арнайы маған қарсы жадынама науқанын бастады. Қауым қызметкерлері әйеліме: «Сол кісі күйеуіңіздің атын жазып қойса, түк өзгермейтін еді» дейтін. Мен оның не істеп жатқанын білдім, бірақ мәселеге еш ықпалым болмады.

Аға бағушы үй топтарын жойған кезде, мен мұны осы менеджердің өтірігі мен күдігінің кесірінен жасалған маған қарсы тағы бір шабуыл деп көрдім. Мен дәл «айырып біле алатыныма» сенімді болдым. Аға бағушының билігіне көнбеуге сылтау тапқандай болдым. «Енді жағдай осындай болған соң, мен қалай бағына аламын? Ол адасып, теріс шешім қабылдады» деп ойладым. Құдай сегіз айлық ауыр жұмыстың нәтижесі мен көптеген болашақ құтқаруларды қалай жойып тастайды? Осы себептен мен сол жиналыста жиырма минут бойы аға бағушымен сөз таластырдым. Өзімді әділ және игі іс жасап жатқандай сезіндім. Тек үйіме жеткенде ғана Киелі Рухтың әшкерелеуін естідім. Сонда терең түсінік келді: мен адамның емес, Құдайдың билігіне қарсы шыққан екенмін.

Көп ұзамай Жаратқан Ие бір аятты есіме түсірді. Жүрегіме таңба басылғандай болды. Болашақта осы үзінді көптеген ұқсас жағдайларда дұрыс түсінік беріп, қиындықта бағыт берді:

Патшаның жүрегі Жаратқанның қолында Ұқсайды аққан суға өзен салаларында: Жаратқан бағыттайды оны қалаған жағына (Нақ, с. 21:1)

Патша дегеніміз – үстіңізден қарайтын бір билік. Құдайшыл болсын, қатыгез болсын, оның жүрегі бәрібір Жаратқан Иенің қолында. Аятта: «Жақсы патшаның жүрегі Жаратқанның қолында» деп айтылмаған. Оған кім кеңес беріп, қалай әсер еткені маңызды емес. Оның жүрегі Жаратқан Иенің қолында. Өйткені: «Патшаға ешкім теріс ықпал етпесе, оның жүрегін Жаратқан Ие бұра алады» деп айтылмаған.

БҰЛ ЖАМАН ШЕШІМ ЕКЕНІН НАҚТЫ БІЛСЕК ШЕ?

Жай ғана өз пікірімізге сенбей, «өзім айырып танымын» демей, биліктің теріс шешім қабылдағанын нақты білсек ше? Көшбасшыға жаман хабар әсер еткені туралы нақты дәлеліміз болса ше? Онда да амал жоқ па? Жетекшіге көмектесу үшін бірдеңе істей аламыз ба? Иә, істей аламыз.

Естер осы жағдайдың жақсы үлгісі болып табылады. Ыбырайымның ұрпағы парсылардың қол астында болған. Зұлым Хаман парсы патшасы Ксеркске барлық яһудилерді өлтіру туралы жарлыққа қол қойғызып алды. Оның патшаға деген теріс ықпалы анық. Күнді патша өзі белгіледі.

Естер патшайым Ыбырайымның ұрпағы еді, бірақ ағасы Мардохайдың өтінішімен ол шыққан тегін жасырды. Бірақ Израилге жойылу қаупі төніп тұрғанда Мардохай Естерге барып, халық үшін патшаның алдына баруын өтінді. Естер олай істесе, оған ажал қаупі төнетін еді. Ағасы оны түсінді. Естер үшін бұл зор тәуекел. Ол бәрінен айырылып, ештеңе ұтпауы ықтимал. Естер патшайым болған соң, оны яһуди деп жоюға ешкімнің дәті бармайтын.

Дегенмен, Естер патшаға алдына барамын деп шешім қабылдады. Үш күн ораза ұстағаннан кейін ол Ксеркс патшаның ішкі сарайына жақындады. Құдай патшаның жүрегін жібітіп, Естерге оң көзімен қаратты. Ол патшайымның өтінішін сұрады, ал Естер патша мен Хаманды арнайы асқа шақырды. Ксеркс келісімін берді де, Аман екеуі Естердің сарайына баратын болды.

Сол күні кешке патша ұйықтай алмады. Ол қызметшілеріне шежірені оқып беруді бұйырды. Шежіреден ол яһуди Мардохайдың патшаның өмірін аман сақтап қалғанын, бірақ ол үшін марапат алмағанын білді. Патша оған қалай құрмет көрсететінін ойлап, Аманнан кеңес сұрады. Аман патшаның сөзін қате түсініп, «Мені марапаттағысы келген шығар» деп өзі армандаған сыйды айтып берді. Содан кейін Ксеркс сыйлы

адам Мардохай екенін айтып, патшаның атынан оған құрмет көрсетуді Аманға тапсырды. Аман бұған риза болмағанын нақты білемін. Құдай патшаның жүрегін Естердің асында еститін сөздерге дайындады.

Естер патша мен Хаманды келесі той дастарханға шақырған кезде, патша оның өтінішін тағы да сұрады.

Сонда Естер патшайым былай деп жауап берді:

– Уа, патшам, егер маған мейіріміңіз түссе, әрі патша ағзам мақұл көрсе, маған өмірім аман қалдырылса екен! Тілегім – осы. Халқымның өмірі де аман сақталса екен! Өтінішім – осы. Өйткені өзім де, халқым да құртылып, өлтірілуге, әбден жойылуға сатылдық! Егер бізді құл-қуң қылуға сатса, мен үндемес те едім. Себебі осындай ауыртпалық патшаның мазасын алатындай мәселе болмас еді». (Естер. 7:3–4)

Айта кететін бір-екі нәрсе бар. Біріншіден, патша бір халықты тұтастай қырып-жоятын ақымақ шешім қабылдаса да, бірақ Естер бәрібір оған мойынсұнып, құрметпен сөйледі. Екіншіден, ол зор кішіпейілділік танытып, өзінің ғана емес, патшаның жақсылығын ойлап сөйледі. Патшайым өтініш берді, бірақ соңғы шешімді патшаға қалдырды. Ол: «Ей, санасыз күйеу, кісі өлтірушінің сөзін тыңдадың. Осы бұйрықтың кесірінен неден айырылып қалатыныңды білмесің бе?» деген жоқ. Ол бір нәрсеге сенді: Құдай патшаның жүрегін бағыттайды. Жаратқан Ие солай істеді де, патша зұлым Хаманды дарға асып өлтірді. Еврей халқы қырылудан аман қалды.

Патша жаман шешім қабылдады. Бұл адамның пікірі ғана емес. Естерде қатенің айқын дәлелі болды. Ол кішіпейілділікпен барып, өз өтінішін патша шешім қабылдай алатындай етіп мәлімдеді. Естер оны кемсіткен жоқ, күштеген жоқ, айла-шарғы жасаған жоқ. Ол жай ғана мырзасының жүрегін бағыттайтын Киелі Рухтың күшіне сенді.

БАРЛЫҚ ФАКТИЛЕРДІҢ БОЛМАУЫ

Билік әртүрлі себептен қате шешім қабылдауы мүмкін. Басшыға ешкім теріс ықпал етпесе де, ол барлық фактілерді білмей тұрып немесе мәселені толығымен түсінбей жатып шешім қабылдауы мүмкін. Мұның Киелі жазбадағы мысалы – Дәуіт пен Саул патшаның оқиғасы. Філістір алыбы қырық күн бойы Құдайдың әскерінің алдына қайта-қайта шығып, жауынгерлерді келекелеп қорқытты. Бұл соғысты жекпе-жекпен шешейік деп, Ғолият Исраилден бір батыл палуанды шақырды. Дәуіт барлық сарбаздардың қорқып, алпауыттың қоқан-лоққыларына жауап бере алмағанын көрді. Құдай оның жүрегіне күресуге деген дайындықты берді. Бірақ Саул патша оған қарап: «Жоқ, бармайсың. Сен әлі баласың. Жеңіліп қаласың, сол кезде бәріміз філістерлерге құл боламыз!» деді (автордың өз сөзі).

Мұны естіген Дәуіт дауласпай, қайта Саулға деген зор құрметпен ойын тиянақты жеткізді:

Тақсыр, алдыңыздағы қызметшіңіз әкесінің қойларын бағып келеді. Кейде арыстан не аю қойға шауып, малдың біреуін ала қашатын кездері болды. Сонда оны қуып жетіп, соғып, малды аранынан тартып алатынмын. Егер өзіме бас салса, оның сабалақ жүнінен шап беріп, ұстап алып, ұрып өлтіретінмін. Қызметшіңіз арыстан мен аюдың көзін құртып келді. Енді мына құдайсыз філістір де солардың кебінін киетін болады. Себебі ол мәңгі тірі Құдайдың әскер саптарын масқаралап тұр! – Бұған ол: – Мені арыстан мен аюдың шеңгелінен құтқарып алған Жаратқан Ие мына філістірден де қорғайтын болады (Пат. 1-ж. 17:34–37)

Ол билікке тіл қатқанда, үлкен құрметпен сөйледі. Патша алғашқы шешімін қабылдағанда білмеген нәрсені Дәуіт

түсіндірді. Солайша Дәуіт Құдай патшаның жүрегін басқа бағытқа бұрады деп сенді. Құдай Дәуіттің жүрегіне не салса, ол патшаның шешімі арқылы орындалатынына сенді. Кішіпейіл болу әрі мойынсұну арқылы ол Құдайдың белсенді түрде араласуына жол ашты. Шынымен де, Жаратқан Ие Саулдың жүрегін бағыттады. Патша: «Онда бар, Жаратқан Ие саған жар болсын!» деп рұқсат берді (1 Патшалықтар 17:34–37).

ӨТІНІШ

Көшбасшы шешім қабылдағаннан кейін өтініш білдірудің тағы бір мысалын Әбигелдің әңгімесінен көреміз. Ол Набал есімді қатыгез және зұлым бай адамға тұрмысқа шықты. Дәуіт Саулдың қудалауынан қашып, елді кезіп жүргенде, азыққа мұқтаж болды. Жолай ол азық-түлік сұрап Набалдың үйіне адам жіберді. Бұл мереке кезі болатын. Әдетте тамақ тапшы болмайды, әрі аш жолшыға ас беру – дәстүр. Дәуіт бұрын Набалдың қызметшілерін жаудан қорғап, есесіне ештеңе сұрамаған.

Набал Дәуіттің өтінішінен бас тартып қана қоймай, оны кемітіп тіл тигізді. Мұны естіген Дәуіт қаһарланып, кек алу үшін төрт жүз адамын жинады. Ол Набалды және үй ішіндегілерін бірін қалдырмай өлтірмек болды.

Бұл хабар Набалдың әйелі Әбигелге жетіп, ол асығыс түрде нан, шарап, ет, астық, мейіз және інжір тартуларын дайындады. Содан кейін Дәуіт пен оның адамдарын қарсы алу үшін жолға шықты. Әбигел оларды көргенде аттан түсіп, Дәуіттің алдында тізе бүкті. Содан кейін былай сөз қатты:

Тақсыр ием, кінә өз мойнымда! Күңіңіздің сөйлеуіне рұқсат беріп, айтқандарына құлақ түре көріңіз! Тақсыр ием, сол арсыз Набалға көңіл бөлмеңіз. Есімінің «Ақымақ» дегенді білдіретіндей, өзі де барып тұрған ақымақ. Ал мен жіберген жігіттеріңізді көрмей қалдым. Мәңгі тірі Жаратқан

Иенің алдында және сіздің алдыңызда шындықты айтамын: енді Жаратқан Ие сізді қан төгіп өз қолыңызбен кек алудан сақтап қалып отыр. Барлық жауларыңызға және сізге жамандық тілейтіндерге Құдай сол Набал тартуға тиісті жазаны тартқызысын! Мынау – нөкер жігіттеріңізге беру үшін мендей күңіңіздің тақсыр иесіне алып келген сыйлары. Тақсыр, күңіңіздің кінәсін кешіре көріңіз. Жаратқан Ие өзіңізге және әулетіңізге тұрақты патшалық құрғызады. Себебі Жаратқан Ие үшін соғысып жүрсіз, әрі өмір бойы ешбір зұлымдық жасамай келесіз. Өлтіру үшін сізді біреу қуып жүрсе де, Құдай Иеңіз өміріңізді көзінің қарашығындай сақтайды, ал жауларыңыздың өмірлері сақпаннан атылған тас іспетті ғайып болады. Тақсыр, Жаратқан Ие алдын ала уәде еткен игіліктерінің бәрін сыйлап, сізді Исраилдің басшысы етіп қойған кезде, адам баласының қанын бекерден-бекер төгіп, кегімді қайтардым-ау деген ой өзіңізді мазалап жегідей жемейтін болады. Лайым Жаратқан Ие сізді жарылқасын! Өзіңіз күңіңізді есіңізден шығара көрмеңіз (Пат. 1-ж. 25:24–31)

Әбигелдің күйеуіне, үй ішіне және Дәуітке жасаған жақсылығын тізіп көрсетейін:

1. Өзін қайта-қайта күң деп, Дәуітке үлкен құрметпен қарады.
2. Дәуіт пен оның адамдарына өзінің қамқорлығы мен ізетін көрсететін жомарт сыйлық алып келді.
3. Жауапкершілікті өз мойнына алып, үй ішіне араша болды. Әбигел өз ісін «кінә» деп те атады.
4. Дәуітке қантөгістің күнә болатынын үреймен көрсетті.
5. Дәуіт үшін кек алып, оған берген уәделерін орындайтын – Құдай екенін еске салды.
6. Дәуіт басшы болғанда, оны еске алуын өтінді.

«Әбигел күйеуі Набалды қалай сыйлады?» деп сұрайтын шығарсыз. Ол ақымақ бай Набалды өлімнен құтқарды. Набал Жаратқан Иенің таңдаған қызметшісі Дәуіт пен оның жанындағыларға қарсы күнә жасады. Оның сөзі мен ісін ақтау тек Дәуітке кек алуға жақсы себеп болар еді. Әбигел күйеуін жақтап, оның әрекетін ақтауға тырысса, тек жағдайды өршітіп, ажалды жақындата түсер еді. Күйеуіңіздің өлімімен аяқталатын үстіртін құрметтен не пайда?

Әбигел Набалды қадірлемейін десе, былай істер еді. «Ал мен кеттім. Дәуіт келіп, ақымақ күйеуімнің сазайын тартқызсын. Сол керек өзіне» деп қауіпсіз жерге кетіп қалар еді. Немесе Дәуітке барып: «Тыңда, менің бұған еш қатысым жоқ еді. Адамыңды маған жіберсең, керек азықты бірден берер едім. Ақылсыз күйеуімнің не істегенін естіп, өзіңе және нөкерлеріңе жететін азық-түлік алып келдім. Бірақ дегеніңнен қайтпа, әлгі арамза Набалды өлтіремін десең, кедергі болмаймын. Оған не істесең де, дұрыс болады» дер еді. Бұл әрекеттері күйеуінің абыройын түсіретін еді.

Біреу үшін өтініш жасау сізді қылмысқа қатысты етпейді. Керісінше сіз қылмысты қылмыс деп мойындайсыз. Сосын өзіңізді қылмыс пен оған шығарылатын үкімнің арасына қоясыз. «Қателескен адам жазаға лайық екенін білемін, бірақ ол үшін кешірім сұраймын. Оның айыбын менен көріңіз» дегендей боласыз.

Әбигел дәл солай істеді. Дәуіт үкім шығару үшін, ал Әбигел кешірім сұрау үшін барды. Оның дәл сөзін келтірсем: «Күңіңіздің кінәсін кешіре көріңіз».

Ол Дәуіттің өзі үшін кек алуына жол бермеу үшін осылай сөйледі. Құдай Сөзі былай бұйырады: «Кек алушы болма, басқаға реніш сақтама!» (Леуі. 19:18). Ол Набал мен Дәуіттің арасына тұрып рақым іздеді және Дәуіттен әділетті болуды сұрады.

Әбигел көршілеріне де, достарына Набалды жамандамады.

«Менің жексұрынға тұрмысқа шыққанымды білесіңдер. Адамның арасындағы ең оңбағаны – сол» деген жоқ. Сондай-ақ ол Дәуітке тіл қатқанда, күйеуін кемсітіп, оған ашуланып, жиіркеніп, мазақ қылып айтқан жоқ. Ол көптеген адамдардың өмірін құтқару үшін сөйледі. Оның өтініші нені жүзеге асырғанын тыңдаңыз:

Сонда Дәуіт Әбигелге былай деп жауап берді:

– Сені бүгін маған жолықтырып отырған Израилдің Құдайы Жаратқан Иеге шүкірлік! Зор даналығыңмен мені бүгін қан төгіп, кек алудан сақтап қалғаның үшін сені жарылқай көрсін! Мені өзіңе жамандық істеуден бөгеп қалған – Израилдің мәңгі тірі Құдай Иесі. Оның Өзі мынаған куә: егер сен осылай тездетіп алдымнан шықпағаныңда, таң атқанша сол Набалдың еркектерінің бірде-біреуін тірі қалдырмаған болар едім! Дәуіт Әбигелдің қолынан алып келген сыйлық дәмін қабылдап: – Аман-есен үйіңе қайта бер. Сөздеріңе құлақ астым, бетіңді қайтармаймын, – деп онымен қоштасты (Пат. 1-ж. 25:32–35)

Әбигел үйіне қайтып келгенде, күйеуі жалғыз өзі мол дастарханның басында отырған екен. Набал не болғанын білмеді. Әбигел оған ештеңе айтпауды жөн көрді. Келесі күні таңертең Әбигел оған өмірін қалай сақтап қалғанын айтып берді. Оны естігенде Набалдың жүрегі тасқа айналды. Он күннен кейін Набал Жаратқан Иенің қолынан қаза тапты. Зұлым адамнан кек алған Дәуіт немесе Әбигел емес, Құдайдың Өзі болды.

БИЛІК ИЕСІНІҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

Мұсаның өзі биліктің, яғни Құдайдың шешіміне күмән келтіруге мәжбүр болған кез бар екен! Бұл бір емес, бірнеше рет болды. Бірінші оқиғаны қарастырайық. Израил алтыннан

бұзаудың мүсінін жасап алды да, оған табынып, үлкен күнә істеді. Құдай қатты ашуланып, Мұсаға халықтың барлығын қырып, Мұсадан жаңа халық тарайтынын айтты. Мұсаның өтінішін тыңдаңыз:

Бірақ Мұса Құдай Иесіне жалбарынып былай деді:

– Уа, Жаратқан Ие! Өзің Мысырдан ұлы күшпен, құдіретті қолыңмен бастап алып шыққан халқыңа қарсы неге қаһарың лаулайды? Егер солай істесең, онда мысырлықтар: «Тәңір Ие оларды елімізден арам ниетпен, тауда қырып-жойып, жер бетінен жоқ қылу үшін алып шығыпты» деп жүрер. Қаһарыңды басып, халқыңа апат жіберемін деген райыңнан қайта гөр! Қызметшілерің Ыбырайым, Ысқақ, Исраилді есіңе түсіре гөр. Оларға: «Сендердің ұрпақтарыңды аспандағы жұлдыздардай сансыз көбейтіп, Өзім беруге уәде еткен осы жерді сыйлаймын, олар соны мәңгі иемденетін болады» деп өз атыңмен ант берген едің ғой (Мыс. ш. 32:11–13).

Айта кететін бірнеше нәрсе бар. Біріншіден, Мұса толығымен мойынсұнып, Құдайдың терең қастерлеп, үлкен ізетпен сөйледі. Екіншіден, Мұса шын жүректен жалбарынды. Ол бұйырған жоқ. Үшіншіден, ол адамдардың емес, ең алдымен Құдайдың абыройын ойлап сөйледі. Басқа сөзбен айтқанда Мұса: «Төрт жүз жыл бойы еңбек етіп, орнатқан беделің ше? Сенің есімің қазір жер жүзіне әйгілі, бірақ бастаған ісіңді аяқтай алмасаң, даңқты атыңа зиян тигізесің» деді. Мұса мұны Жаратқан Ие үшін істегендіктен, ол Құдайдың шешіміне қарсы шыға алды. Оның ниеті өзінің пайдасы емес, басқалардың игілігі үшін болды.

Басшыға өтініш жасамас бұрын өзімізден: «Бұл ең алдымен кімге керек?» деп сұрайық. Мұса Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесін еске салғанда да, бұл Құдай үшін болды.

Пайғамбар Құдай сөзінің маңызын еске салды. Мұсаның жүрегі дұрыс болғандықтан, сөзі де дұрыс болды. Мұса Құдайдың қызметшісі болғандықтан, өзін немесе Исраил халқын ойламас бұрын, Құдай туралы ойлады.

«Сонда Жаратқан Ие халқына апат жіберемін деген ниетінен бас тартты» (Мыс. ш. 32:14).

Құдай ойын өзгертті! Шешім кері қайтарылды. Тағы бір маңызды мәселені айтқым келеді. Мұса Құдайға дәл осылай тік сөйлей алды, өйткені ол Тәңір Иеге деген адалдығын қайта-қайта дәлелдеді. Бұны түсінікті қылып жеткізу үшін өз қызметімнен мысал келтірмекпін. Көптеген жылдар бойы маған және Лизаға адалдығын дәлелдеген Messenger International тобының мүшелері бар. Жақында жұмыс істей бастаған басқаларға қарағанда, олармен ұзағырақ қарым-қатынас жасап келеміз. Наразылық, келіспеушілік туған жағдайда, біз олардың өтінішін бірінші кезекте тыңдаймыз. Басшының шешіміне тікелей сөйлеу құқығын алу керек. Оған адалдық арқылы қол жеткізуге болады. Басшының өміріне бұлай айту әркімге рұқсат етілмеген.

Тағы бір маңызды жайт, Мұса Құдайдың шешімі туралы басқаларға айтпады, ол Құдайдың шешімі Құдаймен сөйлесті. Исраилдіктер Жаратқан Иені қайта-қайта ашуландырды, өйткені олар үнемі Онымен келіспейтінін айтып, күңкілдеді. Мұны шағымдану деп те атайды, ал Құдай оны жек көреді! Бұл өте қауіпті әдет және оған жол бермеу үшін күш салу керек. Арамызда күбірлесіп, биліктің шешіміне наразылық білдірсек, алауыздық пен бүлік егеміз. Бұған белгілі бір үкім шығарылатынын басқа тарауда көреміз.

Мен өз жұмыскерлеріммен былай келісіп алдым. Менің қабылдаған шешімім оларға ақылсыз көрінсе, олар маған бір рет арыз білдіре алады. Шешім қабылдауға көмектесетін жаңа фактілер пайда болса, олар маған тағы хабар бере алады. Арыз бергенде, оны мұқият ойластырып, ойды тиянақты, түсінуге

оңай қылып жеткізу маңызды. Жаңа мәлімет алғанда шешімді өзгерткен кездерім көп болды. Алайда, егер олар маған арыз білдірсе, мен сонда да бастапқы шешімнен қайтпасам, онда біз келісіп алға жылжимыз. Мен қателесsem де, бірлікте алға ұмтылсақ, Құдай бізді бәрібір қорғайды. Егер таза ниетпен, шын жүректен әрекет етсек, ол мені де, менің қол астындағыларымды да қорғайды. Дәуіт:

«Адалдық пен әділдік қорғасын мені,
Өзіңе үміт артамын мен өйткені»,– деген еді (Заб. 25:21).

БИЛІКТІКІ ҚҰДАЙ МАҒАН КӨРСЕТКЕНІНЕ ҚАЙШЫ КЕЛСЕ ШЕ?

Әлі де: «Егер биліктің айтқаны дұғада сезінгеніме қайшы келсе ше?» деп сұрауыңыз мүмкін. Бұл жақсы сұрақ және бұл мәселені шешу керек. Жауап беру үшін екінші тарауда келтірілген мысалға тағы оралайық. Ойын-сауық кештері бағдарламасын бастамас бұрын, мен дұғада Құдайдың еркін шын жүректен іздедім және жұма күнгі жиналыстар – Оның маған бұйырғаны екеніне сенімді болдым. Осы күнге дейін үй топтарының болмауы – Құдайдың бұйрығы екеніне сенімдімін. Бұл оқиға менің Құдайдың тапсырмасын қаншалықты орындай алатынымды, Құдайға қаншалықты мойынсұнатынымды тексеру үшін керек болды.

Киелі Жазбада Құдайдың өз халқын сынаған кездер көп. Құдай Ыбырайымға Ысқақты түгел өртелетін құрбандық ретінде шалуды бұйырғанда, «Құдай Ыбырайымды сынамақ болып...» (Жар. 22:1) деп нақты айтылған. Жаратқан Ие Ыбырайым ұлын өз қолымен өлтірсін демеді. Сонда да Ыбырайым үш күн бойы тауға қарай жүргенде, ұлын құрбан етпек болып пышағын көтергенше Құдай оны тоқтатпады. Құдай Ыбырайымның әрекеттерінен айнымас адалдығын көрді. Ол қазіргі таңда да соны көреді ме?

Пауыл елші Қорынттық қауымға арнаған бірінші хатында

бірдеңе істеуді бұйырды, сосын екінші хатында оны өзгертті. Тапсырмасын өзгерткеннен кейін, ол мына керемет сөзді жазды:

«Сондай-ақ, барлық жағынан да айтқандарыма құлақ асар ма екенсіңдер деп тексеріп, сынау үшін де сол хатты жазып жібердім» (Қор. 2-хат 2:9)

Пауылдың бұйрығында жалғыз мақсат болды: олардың өз билігіне мойынсұнатынын білу. Көп жылдар бойы бағушы болған өте ақылды досым бар. Ол маған өз жұмыскерлері арасында бағынбаушылықты табудың жақсы жолы – мағынасысыз нұсқау беру екенін айтты. Досым: «Джон, осылай істегенде, көп ұзамай бүлікшілердің шағымдары мен наразылығын естимін. Ол мәселені шешіп, содан кейін нұсқауды шынымен керек әрекеттерге ауыстырамын».

Пауыл қорынттықтардың оның айтқанын *барлық жағынан* орындайтындарын білу үшін бұйрық берді. Негізгі сөз – *барлық жағынан*. Оның пәрмені қиын болды, бұл да өз алдына бір мақсатты көздеген: егер олар осы нұсқауды орындаса, басқа кез-келген нәрсені де орындайтын болады.

Құдай Ыбырайыммен дәл солай істеді. Ол Ыбырайым үшін мойынсұнға ең қиын нәрсені тапты: өміріндегі ең маңызды жаннан, жиырма бес жыл күткен уәдеден бас тарту. Бұл Ыбырайымның жетістігі емес, қайта, Құдайдың оған уәде еткені еді. Ыбырайымға Ысқақтың орнына өзін құрбан ету әлдеқайда оңайырақ болар еді, бірақ Құдай ең бастысын, ең маңыздысын қалады. Егер Ыбырайым осы мәселеде мойынсұнса, ол барлық басқа нәрседе бағынатын болады!

Аға бағушым маған ең қиын нәрседен бас тарт деді. Мен бұл жобамен бірнеше ай бойы жұмыс істедім, оны бәрі білді. Менің көз алдымда бұл адасқан жандарды құтқаратын тамаша тәсіл болды. Өлім жолымен кетіп бара жатқандар осылай Құдайға бет бұрмайды ма? Бұл мен бастаған жастар

қызметі табысты болатын-болмайтынын көрсететін еді. Менің беделіме қауіп төнді, өйткені мен бәріне бұл Құдайдың еркі екенін айттым. Мінәжат еткенде бағдарланы іске асыру керек деп естідім. Бұл сынақ екенін білмедім. Түсініксіз жағдай біздің жүрегімізді ашқаннан кейін ғана ол Құдайдың сынағы болғанын білеміз. Жиі солай болады.

Менің ойын сауық кештерім Патшалыққа көптеген жандарды әкелуі мүмкін. Бірақ біздің әрекетіміз Құдайдың еркін іске асырғаннан гөрі, біздің жүрегімізде Оның билігі көрінетіні маңыздырақ. Ол Құдай. Құдайдың жоғалған жандарға жетудің сансыз әдістері бар. Адамның жүрегіндегі мойынсұну одан әлдеқайда қиын нәрсе. Өйткені онсыз адам Құдай патшалығына кіре алмайды әрі мойынсұнбаған жүрекке басқа шешім жоқ.

Жүрегімізге өте маңызды және қиын қағиданы ұялатуымыз керек. Құдай өз билігін адамдарға бергеннен кейін, оны шектемейді. Жалғыз ерекшелік көшбасшы Құдайдың жазбаша Сөзін немесе заңдарын тікелей бұзған кезде болады. Құдай Өзі тағайындаған биліктің орнына әмір етпейді. Біз берілген билікті айналып өтіп, өзімізді тек Құдайға бағынатын қыла алмаймыз. Мұса бұл қағиданы Исраил руларының басшыларына айтты:

Жаратқан Иенің берген бұйрығы мынау: «Егер әкесінің қолында тұрып жатқан қыз Жаратқан Иеге бір нәрсені ұсынуға не бір нәрседен бас тартуға ант етсе, я болмаса біреуге берген уәдесін сертпен байласа және әкесі оның берген анты не серті туралы естігенмен ештеңе демесе, онда қыздың берген барлық анттары да, сертпен байлаған барлық уәделері де өз күшінде қалады. Ал егер әкесі сол туралы естіген күні қызына тыйым салса, онда қыздың берген анттары мен уәделерінің ешқайсысы күшінде қалмайды. Қыздың әкесі тыйым салғандықтан, Жаратқан Ие қызды берген сертінен босатады». (Ру. сан. 30:1–5)

Мұса бұл қағиданы әйелі мен күйеуіне де қатысты айтып, оны одан әрі бекітті. Құдай, ең жоғарғы, тікелей билік, тағайындалған билік келісім берген нәрсені қолдайды. Ол сондай-ақ тағайындалған билік тыйым салған нәрсенің күшін жояды. Иеміз Өз орнатқан билікті құрметтейді. Жас әйел әкесінің немесе әйел күйеуінің билігінде болғандықтан, Құдай әкесімен немесе күйеуімен айналысады, бірақ әйелді босатады.

Бұл қағида тек отбасында ғана емес, сондай-ақ басқа да билік салаларында да кездеседі. Тағы да атап өткім келеді, ерекше жағдай билік бізге Құдайдың әмірлеріне тікелей қайшы келетін нәрсені істе дегенде орын алады. Қызметтегі адамдардың: «Менің бағушым мұны істеме деді, бірақ ол Құдайдың даусын естімейді. Сондықтан тыйымды айналып өтетін әдіс тауып, мұны бәрі бір жасаймын» дегенін естігенде, мұңаямын. Дұғада не естігеніңіз маңызды емес. Ол биліктің нұсқауларына қайшы келсе, Құдайдың билігіне қарсы шығасыз!

Мен шексіз көп мысал келтіре аламын. Ашылған білім жүрегімізге енгенде, көптеген сұрақтарға жауап табылып, көптеген мәселелер шешілетінін білемін. Барлық жағдайларды ескеріп, барлығына түсініктеме беретін кітап жазу мүмкін емес. Бізге керегі – билік туралы аян. Ол – Құдайдың Өзінің ашылуы, себебі Құдай және Оның билігі бір-бірінен ажырамайды. Кіріспеде айтқанымдай, Құдайға шын жүректен сиыныңыз. Оқыған кезде Құдайға мойынсұну қағидасы жүрегіңізге таңба сияқты басылуын сұраңыз. Әйтпесе, бастапқыдан да көп сұрақтарыңыз пайда болады.

Келесі тарауда біз әділетсіз жағдайларды қалай шешуге болатынын және бізге қатал болған билікке қалай жауап беру керектігін білеміз. Мұндай жағдайларда Құдайдың біз үшін керемет жоспары бар.

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

ӘДІЛЕТСІЗДІК

*Жүрегі мойынсұнғыш адам әлсіз емес.
Бұл билікке бағынумен байланысты.*

Құдай Әкеміздің әрқайсымызға арнаған белгілі бір мақсаты бар. Ол мақсат керемет жағымды, оңай, қызықты болмауы мүмкін, бірақ маған сеніңіз, бұл біз үшін ең жақсысы. Құдайдың тілегі – бізге мойынсұнғыш жүрек беру. Жазба мұны анық көрсетеді:

Құрбандық шалуымды қаламай тұрсың,
Өртеу құрбандығын да ұнатпай тұрсың,
Әйтпесе оларды ұсынар да едім.
Ал Құдайға ұнамды сый, құрбандық –
Күнәсіне шынымен өкінген рух.
Шын опық жеп, бағынған жүрекке Сен
Теріс қарамайсың, уа, Құдай Ием (Заб. 50:18-19).

Жүрегі жаралыға Жаратқан жақын тұрады,
Жаны күйреп, күнәсіне өкінгенді құтқарады (Заб. 33:19).

Жаратқан Иеге жақын болудың алғышарты – жаралы жүрек дейді бізге Киелі кітап. Үрдіс жағымды болмаса да, Құдайдың

жақындығы қиындықтардан әлдеқайда артық. Дәуіт мұны жас кезінде білген. Дәуіттің жаралы, бағынған жүрегін оның жырларынан көруге болады. Ол күйге жеткізетін – құрбандық шалу немесе сыйлар емес, мойынсұну.

ЖАРАЛЫ ЖҮРЕКТИҢ БИЛІККЕ ҚАТЫСЫ

Түсіндіріп кетуге рұқсат етіңіз. Асау жылқыны үйретпейінше, ол қызметке жарамайды. Ол табындағы басқа жылқыларға қарағанда күшті, жүйрік және айбатты болса да, жүген-құраққа үйренбейінше, соғысқа да шыға алмайды, адамға да қызмет ете алмайды. Одан әлсіз жылқылар соғысқа барып, бәйгеге қатысып жатқанда, ол қорада қалады. Тәртіпке дағдылану әлсіреу емес. Бұл билікке бағынумен байланысты.

Жылқының қожайыны – шабандоз. Егер жылқы ер-тоқымға үйреніп, жаттықтырылса, оған кез келген жағдайда сенуге болады. Ұрыстың қызған шағында оқ немесе жебе ұшқанда, ол селт етпейді. Жауынгердің қолында кылыш пен балта болса да, ол шегінбейді. Мылтық көтеріліп, зеңбірек атылғанда да ол қожайынының қалауынан таймайды. Қожайыны кім болса да, жылқы оған берік бағынады. Ол шабандоздың бұйрығын орындау үшін өзін қорғаудан немесе өзінің пайдасын табудан бас тартады.

Осындай тәртіпке салу үрдісі Жаратқан Иенің нұсқауына сәйкес әрбір адамда ерекше орындалады. Жаттықтырудың шынымен аяқталғанын тек Тәңір Ие біледі және сонда ғана сіз Оның қалаған қызметін іске асыруға дайынсыз. Әрбір жаңа деңгей тәртіптің келесі қадамына апарады.

Өз басымнан өткен тәртіпке салу есімде жақсы сақталған. Өте жиі мен қызмет көрсетудің келесі деңгейіне дайын екеніме, оған лайықты екеніме шын жүректен толық сенетінмін. «Ием, Сенің билігіңе толықтай бағынамын. Өзің мені шақырған қызметке дайынмын» деп батыл айтатынмын.

Сонда да жанымдағы мықты, рухани жетілген сенушілер менің әлі жеткілікті түрде жаттықпағанымды білді. Әрине, тістеп, теуіп, итеріп, осқырып, құқығым үшін күресіп тәртіптің келесіне деңгейіне көшетінмін.

ЖӘБІРЛЕУШІ БАСШЫЛАР ШЕ?

Жылқылар сияқты, біздің тәртіпке үйренуіміз билікке қалай қарайтынымызға байланысты. Құдай әрқайсымыз үшін тамаша жолды дайындайды және бұл әрқашан басшылықтың қандай да бір түрін талап етеді. Осы себепті Петір былай жазған:

«Сонымен, сендер Жаратқан Иенің меншігі болғандықтан, Ол тағайындаған әрбір билік иесіне мойынсұныңдар! Елдің басшысы ретінде патшасына бой ұсыныңдар... Сендер, басыбайлы қызметшілер, қожайындарыңа мойынсұныңдар; тек мейірімді де ақпейіл болғандарға ғана емес, сондай-ақ, өздеріңді жәбірлеп жүргендерге де толық құрмет көрсетіңдер!». (Петірдің 1-хаты 2:13, 18)

Мұны қазіргі заманның тіліне келтірейік. Қызметшілерді жұмыскерлер, студенттер, қауым мүшелері немесе қарапайым азаматтар деуге болады. Қожайындар дегеніміз бастықтар, мұғалімдер, бапкерлер, қауым жетекшілері немесе үкімет басшылары болуы мүмкін. Көпшілігімізде мейірімді, жұмсақ қожайындар болды және біз оларды жақсы көрдік. Оларға бағыну оңай болды. Алайда Құдай бізге тек мейірімді, жұмсақ басшыға ғана емес, қаталына да мойынсұнуды бұйырған!

«Қатал» сөзі «сколиос» деген грек сөзінен шыққан. Тэйердің грек сөздігінде бұл сөзге «қисық, бұзық, зұлым, әділетсіз және басқы» деген анықтама берілген. Вайн сөздігі бұл сөз «тиран, әділетсіз қожайындарға» қатысты дейді. Жаратқан Ие бізді осындай басшыларға мойынсұнсын дейді ме?

Бірнеше басқа аудармаларға қарайық. «The New Century»

нұсқасында: «Тек жұмсақ мінезділерге ғана емес, сонымен қатар арам адамдар да» деп жазылған. «The Contemporary English Version» былай дейді: «Тек мейірімді адамдарды ғана емес, сонымен бірге қатыгездерді де құрметтеңдер». «The New American Standard Bible» нұсқасында былай жазылған: «Тек жақсы және жұмсақ адамдарға ғана емес, сонымен қатар әрекеттері ақылға қонымсыз адамдарға ізет көрсетіңдер». Біз бұл өсиетті назардан тыс қалдыра алмаймыз, сондықтан одан Құдайдың даналығын іздейік.

Шындығында, Петірдің сөзін әрі қарай оқысақ, одан да үлкен ыңғайсыздық туады. Елші хатын былай жалғастырды: «Кейбіреулерің әділетсіз қиналғанда, Құдайдың еркінің солай екенін білгендіктен азапқа төзе берсеңдер, Ол соған риза» (1 Петір 2:19).

Бір сәт кідіріп, осы аятты ой елегінен өткізіңіз. Бәріміз Құдайға ұнамды болғымыз келеді; бұл шын мәнінде Оның ұлы немесе қызы болған кез келген адамның қалауы. Әкемізге не ұнайды? Біз әділетсіздік көргенде, оған дұрыс қарауымыз.

Әйелім Лиза және үлкен ұлыммен болған оқиға есімде. Балам інісі өзінен артық алғанын сезді. Әрине, бұл оған әділетсіздік болып көрінді. Ол: «Анашым, бұл дұрыс емес!» деп наразылық білдірді.

Әйелім «Балам, өмірдің өзі әділетсіз» байсалды жауап берді.

Ұлым оған: «Мұны қалай айта аласың? Менің анамсың ғой» дегендей қарады.

Лиза: «Иса еш жамандық істемесе де біздің жазамызды алып, айқышта өлгені әділ болды ма?» – деп сұрады.

Ұлым бұл сөзді ақылына тоқып, үнсіз қалды.

МӘСІХТІҢ ҮЛГІСІ

Петір сөзін жалғастырып: «Сендер де осыған шақырылдыңдар»,– деді. Осы тақырыпқа уағыз айтқан сайын, мен

адамдардан жоғары қарауды сұраймын да «Ал енді бәріміз бірге ынтамен “Құдай мені осыған шақырды!” дейік» деймін. Қауымда адамның өмірлік мақсаты, Тәңір Ие оны не үшін шақырғаны туралы көп сөз қозғалады. Ал, мақсаттардың бірі, шақырудың бірі бөлігі – осы. Петірдің әрі қарай не дегенін тыңдаңыз: «Ол сендерді сол үшін де шақырды [бұл – жұмыстарыңның ажырамас бөлігі]. Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек» (Петірдің 1-хаты 2:21).

Мәсіх қалай азап шекті? Петір алдыңғы тармақта түсіндірді: билік тарапынан әділетсіздік көріп. Кейде Дәуіт, Жүсіп, Даниял, Пауыл елші сияқты біз де әділетсіз жағдайларға түсеміз. Құдай бізді билік тарапынан әділетсіз, жәбірлеуші қарым-қатынасқа ұшырататын жағдайға қоюы мүмкін. Біздің міндетіміз – оған дұрыс жауап беру. Иса мұны қалай істеу керектігі туралы өзінің жеке үлгісін қалдырды.

Енді: «Басшылардың қатал қарым-қатынасынан зардап шегудің қандай пайдасы бар?» деп таң қалуыңыз мүмкін. Бұл ой өз ақыл-парасатымызға қарсы келеді, өйткені ол қисынсыз естіледі. Логика тіпті жоқ сияқты. Алайда, мойынсұнған жүректі қалыптастыру үшін Құдайдың даналығы бұл әдісті үш түрді мақсатта қолданады. Біріншіден, ол Құдайдың әділ үкіміне орын береді. Екіншіден, ол бізде Мәсіхтің мінезін дамытады. Үшіншіден, біздің мойынсұнуымыз Құдайды мадақтайды.

Пауыл басқарушы билікке мойынсұну туралы айтпаса бұрын былай деді: «Сүйікті бауырластарым, кек алмаңдар, соны Құдайдың қаһарына қалдырыңдар! Тауратта мынадай сөздер жазылған ғой: Жазалау – Менің ісім, тиісті жазаларын тартқызамын Өзім! – дейді Иеміз» (Рим. 12:19). Қорғау, түзету, кек алу немесе басқа да тиісті істер адамның емес, Құдайдың қолынан болуы керек. Өзі кек алатын адамға Мәсіхтің кішіпейілділігі жетіспейді.

Жер бетінде ешкім Исадан артық билікке ие емес. Сонда да

Иса билік алдында Өзін ешқашан қорғаған емес. Петір айтқан нақты оқиғаға көшейік, ол Исаның сотталғаны еді. «Басты діни қызметкерлер Исаға көптеген айып тақты» дейді Ізгі хабар (Марқа 15:3).

Күәгердің айтқандарының бәрі Исаға қарсы ресми түрде қолданылатын сотты елестетіңіз. Ол жай ғана кез-келген сот емес, елдегі ең жоғарғы сот. Күәлік еткен адамдар Құдай халқының діни және саяси жетекшілері болды. Бұл ықпалды адамдардың сөзінде салмақ бар. Шынында, олар сот алдына келіп, ақиқатқа ұласатын бірде-бір сөз айтқан жоқ. Олар тек өтірік айтты, бірақ Иса айыптаушылардың алдында үндемеді және өзін қорғамады! «Пилат Оған тағы сауал қойып: Ешбір жауап бермейсің бе? Қарашы, Саған қаншама көп айып тағып тұр! – деді. Бірақ Иса бұған да еш жауап қайтармады, сондықтан Пилат қайран қалды» (Марқа 15:4-5).

Пилат елдегі ең жоғары билік орнына төреші болып отырды. Ол адамдардың сотталып жатқанын сан рет көрді. Олар жаза тартпау үшін әрдайым өздерін қорғап, айыптауға жауап беретін. Айыпталушы кінәлі деп танылса, түрмеге жабылып, не жер аударылып, не өлім жазасына кесілетін. Бұдан жоғары сатыдағы апелляциялық сот болған жоқ. Пилат айыпталушының үнсіз тұрғанын ешқашан көрмеген. Пилат басшылардың Исаны қызғаныштан сотқа бергенін білді. Олар ең ауыр жазаны, айқышқа шегелеу арқылы өлімді талап етеді. Пилат сондай-ақ Исаға тағылған айыптың өтірік екенін білді. Алайда Иса өзін қорғаудан бас тартты. Пилат Оның байсалдылығына таң қалды.

Иса неліктен Өзін қорғаған жоқ? Себебі, Исаға үкім шығаратын да, Оны қорғайтын да – Көктегі Әкесі. Петір: «Мәсіх Өзіне тіл тигізгендерге жаман сөз қайырмады, азап көрген кезде де оларды қорқытпады. Қайта, Ол ісін әділ Соттаушыға тапсырды» деп түсіндірген (1 Петір 2:23).

Өзімізді қорғаудан бас тартсақ, өзімізді Құдайдың соты мен рақымына қалдырамыз. Бұдан қауіпсіз жер жоқ. Киелі Жазба былай дейді: «Құдайдың таңдап алғандарына кім айып таға алады? Құдайдың Өзі оларды ақтайды» (Рим. 8:33).

Керісінше, өзін қорғайтындар айыптаушылардың шығаратын үкіміне бағынып, соның құзырына түседі. Осылайша олар Құдайдың араласуынан айырылады. Үстімнен қарайтын билік иесінің алдында өзімді ақтауға тырысқаным есімде. Содан кейін Құдай жүрегімде қысқаша аян көрсетті. Жаратқан Ие екі қолын артына салып қасымда тұр. Ол маған қажетті көмекті бере алмады. Мен өзімді ақтауды тоқтатқаннан кейін ғана, Ол мен үшін еңбек атқарды.

Иса өзінің шынайы Төрешісі Кім екенін ұмытқан емес. Мәсіх тағайындалған билік – жоғарғы діни соттың алдына келгенде де, ақтайтын да, жазаға кесетін де жалғыз Құдай екенін білді. Есіңізде болсын, патшаның жүрегі Жаратқан Иенің қолында. Өзін-өзі ақтаудан бас тартып, Иса сот бойы Құдайдың қорғауында болды. Сіз өзіңізді ақтап, қорғаған сәтте, судья ретінде айыптаушыға бағынасыз. Осылайшы рухани қорғаудан айырыласыз, өйткені айыптаушының сынына жауап бергенде, ол рухани әлемде сізден жоғары көтеріледі. Өз-өзіңізді қорғау арқылы сіз оның ықпалын күшейтесіз. Өзіңіздің кінәсіз екеніңізді дәлелдеуге тырысып, айыптаушының мейіріміне қаласыз. Осы себепті Иса бізге өсиет етті:

Біреу саған қарсы дау көтерсе, оған еріп сотқа бара жатқанда онымен тезірек татуласуға тырыс! Олай етпесең, қарсыласың сені сот алдына апарады, ал сот сақшыға ұстап беріп, сақшы сені түрмеге қамайды. Саған шындығын айтамын: сен берешегіңді соңғы тиынына дейін төлемейінше, сол жерден шыға алмайсың! (Матай 5:25–26)

Астарлы әңгімеге сәйкес, айыптаушының талап еткенін

өтеу керек. Сізге қарсы реніші неғұрлым көп болса, соғұрлым рақымы аз. Ол қарызыңыздың соңғы тиындарын оның көз алдында өтейді.

БАЛАНЫҢ СЕНІМІ

Үлкен ұлым Аддисон үшінші сыныпта оқып жүргенде, бір күні кешкі аста мектептегі қиындықтарын Лиза екеуімізге айтып бөлісті. Ұлым мұғалімдерінің бірі оған қиындық туғызғанын сезінді. Аддисон мұғалімнің оны ұнатпайтынын білді. Сыныпта балалар сөйлеп отырса, тәртіп бұзылса, ол кісі Аддисонды кінәлайды екен. Бұл біраз уақытқа созылды, мұғалім біздің үйге ұлымның тәртібі туралы ескертпелер жіберіп отырды. Бұл оқу ісінің меңгерушісіне жетіп, ол ұлымды есепке қойды. Аддисон өте саналы бала, сондықтан есепке кіруден қорқып қалды. Бізге осы әңгімені айтып отырып, көзіне жас алды.

Ұлыма ең алдымен «Саған сенеміз, уайымдама» дедік. Сосын бәрін басынан бастап тәптіштеп түсіндіріп беруін сұрадық. Ол жыларман болып, былай деді: «Мен бәріне кінәлі болып шығамын. Тіпті бірнеше бала шуласа да, мұғалім бәрібір жалғыз маған айып тағады. Жасамаған істерім үшін мені кінәлайды. Бүгін қасымдағы екі бала сабақта күліп отырды, ал мен тып-тыныш отырдым. Мұғалім бұрылып, маған қатты айқалап ұрысты». Әділетсіздікті ойлап, ұлым дірілдеп кетті. Тоғыз жасар бала үшін бұл шынымен де үмітсіз дағдарыс.

Аддисонның басқа мұғалімдері оның тәртібі өте жақсы деді, сондықтан біз бұл оқшауланған жағдай екенін білдік. Лиза ұлымды жұбатуға тырысып жатқанда, мен: «Бүгін мұғалім ұрысқанда, сен оған не дедің?» деп сұрадым.

Аддисонның көзіне от ойнап: «Былай дедім: “Сөйлеп отырған мен емес. Бұл мына екі бала!” деп жауап берді.

Мен: «Мұғалім ұрысқанда, әдетте осылай жауап бересің бе?» деп сұрадым.

Аддисон: «Иә, егер шынымен ештеңе бүлдірмесем, солай анық айтамын» деп жауап берді.

Мен оған қарап: «Ал, балам, мәселе осында жатыр. Биліктің алдында өзіңізді ақтап, қорғасаң, Құдай ештеңе істей алмайды».

Ұлыма осы тарауда келтірген аяттарымды айттым. Ол жақсырақ түсінсін деп соңғы тарауда айтылған қауымымыздың кеңсе менеджерімен болған сынақты да айтып бердім.

ЗИЯН КЕЛТІРУГЕ БЕЛ БАЙЛАҒАН БАСТЫҚ

Жастар қызметіне келетін бір жігіт болды. Мен қасиеттілік, дұға және билік туралы мықты хабар уағыздадым. Көптеген жастар Құдайдың сөзін естіп, өмірлерін өзгертті. Бір кезде бұл жігіт әйелім Лизаға жолығып, үйдегі жағдайдың қиын екенін айтып жылады. Отбасында масқара қылықтар болып жатқанда, қалай таза да киелі өмір сүруге болатынын сұрады. Сосын ол жағдайдың егжей-тегжейін айтқанда, әкесінің маған неге соншалық қарсы екенін түсіндім.

Бірнеше айдан кейін қызметіміздегі төрт жас ұл-қыздардан әр түрлі уақытта «Джон бағушы, қызметтен жақында кететініңізді естідік. Сізді қалай ғана жібереміз?» дегенді естідім. Менің қызметтен кетпек ойым жоқ. Бұл хабар әлгі жігіттен тараған екен. Одан сұрастырсам, ол мұны әкесінен естігенін айтты.

Жігіттің әкесімен кездестім. Ол менің кететінімді айтқанын мойындады. Бірақ аға бағушыны кінәлап, бастапқы жоспар – бағушыныкі деді. Арада бірнеше апта өтіп, жағдай ушыға түсті. Менің отбасым біздің қалатынымызды немесе кететінімзді білмей, үнемі шиеленіс үстінде болды. Біз үй сатып алдық, әйелім жүкті еді. Кетсек, ақшамыз да, барар жеріміз де жоқ. Резюме жіберіп, басқа жұмыс іздегім келмеді. Мені осында әкелген Құдай деп білдім және бұдан ештеңе шықпаса, басқа

іспен айналысып кететіндей менің жоспарым жоқ. Әйелім қобалжып, уайымдап, мені бірдеңе жасауға итерді: «Жаным, сені жұмыстан шығаратынын білемін. Барлығы маған осыны айтып жатыр».

Ол дұрыс айтты. Аға бағушы ақыры мені жұмыстан шығаратын болды. Жексенбі күні таңертеңгі қызметте ол жастар тобында үлкен өзгерістер болатынын хабарлады. Мен бағушымен әлі сөйлескен жоқпын. Онымен және менеджермен келесі күні кездесуді жоспарладым. Құдай маған «Өзімді ақтама» деді.

Келесі күні аға бағушының кеңсесіне кірсем, ол жалғыз отыр екен. Бағушы маған қарап: «Джон, сені осында Құдай жіберді. Мен сені қызметтен шығармаймын» деді. Ол ойын өзгерткен екен. Біраз жеңілдеп қалдым. Құдай мені соңғы сәтте қорғап шықты. Содан кейін бағушы: «Кеңсе менеджері неге сенің кетуіңді күтіп жүр?» деп сұрады. Одан хабарым жоқ. Бағушы менеджермен татуласуға қадам жасауымды өтінді. «Қолымнан келгеннің бәрін істемін» деп мен келістім.

Кездесуден кейін көп ұзамай менеджердің қабылдаған бір шешіміне жазбаша дәлел таптым. Осыған қараса, оның жаман ниеті әбден анық болады. Мен дәлелді аға бағушыға апаруға дайын болдым. Бағушы шынымен не болып жатқанын білу керек. Дегенмен, жүрегімде бір ыңғайсыз сезім болды. Оны жеңуге тырысып, қырық бес минут бойы мінәжат етіп, әрі-бері жүрдім. «Құдайым, менеджердікі барып тұрған арамдық! Оны әшкерелеу керек. Ол бұл қызметті жоятын зиянды күш. Аға бағушыға ол кісінің шын мәнінде қандай екенін айтуым керек!». Менеджерді әшкерелеймін деп, ниетімді одан әрі ақтадым: «Менің дәлелім – нақты құжатталған фактілер. Бұл эмоцияға беріліп жасалатын қате емес. Егер ол кісіні тоқтатпаса, оның бүлінген мінезі бүкіл қауымға жұғады».

Ақыры ашуланып: «Құдайым, оны әшкерелегенімді

қаламайсың ба?!» дедім. Осыны айтқанда жүрегімді Құдайдың тыныштығы басып кетті. Мен таңырқап басымды шайқадым. Құдайдың менің ештеңе істегенімді қаламайтынын білдім, сондықтан дәлелдерді лақтырып тастадым. Кейінірек жағдайға объективті түрде қарай алған кезде, ниетім – басқаларды емес, өзімді қорғап, кек алу болғанын түсіндім. Бірақ, ашудың қызуымен өз ниетім таза деп ойладым. Қолымдағы ақпаратым нақты болды, бірақ ниетім дұрыс болмады.

Уақыт өтті. Бір күні жұмыс басталмай тұрып, қауым алаңында сыртта дұға етіп жатқанымда, менеджер келді. Құдай оған жақындап, кішіпейіл болуды бұйырды. Мен бірден: «Жоқ, Ием, ол маған өзі келсін. Барлық проблеманы тудырушы ол» деп табан тіредім. Мінәжатымды жалғастырдым, бірақ Құдай үндемеді. Жиырма минуттан кейін Жаратқан Ие менен бірден оған баруды және онымен кішіпейіл болып сөйлесуді тағы да талап етті. Бұл шынымен Құдай даусы екенін білдім. Мен бұл кісіні шақырып, бірге кеңсеге бардым. Онымен Құдайдың бұйрығынсыз сөйлессем, мүлде басқаша сөз қозғар едім. Бірақ, Құдай талап еткендей, өзімді бағындырып, шын жүректен одан кешірім сұрадым. Оған сын көзбен қарап, істегенін іштей жақтырмағанымды айттым. Ол жұмсарып, біз біраз сөйлестік. Сол күннен бастап оның маған қарсы әрекеттері тоқтады.

Алты айдан кейін, мен басқа қалада жүргенде, аға бағушы оның барлық қателіктерін әшкереледі. Оның істеп жүргені мен білгеннен де жаман екен. Әрине, оны бірден жұмыстан шығарды. Үкім келді, бірақ менің қолымнан емес. Менеджердің маған жасағысы келгені өзіне тиді. Алайда, сол кезде мен қуандым дей алмаймын. Менеджерге және оның отбасына жаным ашыды. Мен оның қайғысын жақсы түсіндім. Оның арқасында тұра сол менің де басымнан өтті. Менеджермен қақтығысымды алты ай бұрын шешкен соң, оны жақсы көрдім және оған жамандық тілеген жоқпын.

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

Мен осы қауымда келесі он бір жыл бойы қызмет еттім. Жексенбілік жиналыста да жиі уағыз айттым. Менеджердің менің атыма келтірген ұяты жойылып, абыройым тазарды. Өткенге қарасам, сол қиыншылық кезінде рухани, жеке өскенімді түсінемін. Кейін Құдай мені көптеген жалған хабарларды естіген адамдардың алдында жоғарылатты. Әкесі Исаны мойынсұнғаны үшін және Өзін ақтаудан бас тартқаны үшін жоғары көтергені сияқты, Исаның үлгісіне еліктейтін перзенттерін де солай асқақтатады.

ЖЫЛ ОҚУШЫСЫ

Аддисонға осы әңгімені айтып, Киелі Жазбадан бірнеше үзінді келтіргеннен кейін, былай дедім: «Балам, сенің таңдауың бар. Өзіңізді қорғауды жалғастырып, мұғалімнің үкіміне тәуелді болып қалуыңа болады. Немесе оның айыптауына Құдай айтқандай істемегеніңді мойындай аласың. Сосын ұстазыңа барып, кішіпейіл болып, құрметтемегенің үшін және оның билігіне қарсы болғаның үшін кешірім сұрасаң болады, сонда Құдай араласады».

Аддисон: «Сонда істемеген нәрсем үшін маған айып тағылғанда не істеймін?» деп сұрады.

«Құдай сені қорғасын. Өзіңізді ақтап, кінәлі бала сен емес екеніңді айтып көрдің. Ол көмектесті ме?». Ұлым: «Жоқ, мен Құдайдың мені қорғағанын қалаймын», – деп жауап берді.

Балам ертесіне ұстазына барып, кішіпейіл түрде сөйлесті. Мұғалімнен оның ескертуін сыйламағаны үшін кешірім сұрады.

Мұғалім оны кешірді, ал келесі аптада Аддисон сыныпта аптаның үздік оқушысы атанды. Аддисонның осы мұғаліммен бұдан былай басқа қиындығы болған жоқ. Ол жылдың соңындағы марапаттау рәсімінде мақтау қағазын алды.

Егер тоғыз жасар бала өзін бағындырып, Құдай Сөзін дағдарыс кезінде дәлелдей алса, біз де солай істемейміз бе?

Менің ойымша, Исаның: «Кім Менің атымнан осындай бір сәбиді қабылдаса, соның Мені де қабылдағаны» (Мат. 18:4) – дегені дәл осы оқиғаны жақсы түсіндіреді.

ДӘУІТТІҢ САНАСЫЗ БИЛІКПЕН КЕЗДЕСУІ

Аддисон Есейдің ұлы Дәуіттің білгенін үйренді. Құдай әділ Төреші. Егер біз биліктен әділетсіздік көріп, бұл істі Құдайға тапсырсақ, Ол әрқашан әділ үкім шығарады. Дәуіт туралы айтсақ, Дәуітті Саул есімді қисынсыз және ақырында қатыгез басшының астына қойған – шайтан емес, Құдай екенін ұмытпайық.

Оқиға Дәуіт мен Саулдың кездесуінен әлдеқайда бұрын басталады. Әңгіме Израилдегі аға пайғамбар Самуил Дәуітті Құдай халқының келесі патшасы етіп майлағанда басталған. Дәуіт қатты қобалжыған болуы керек. Ол: «Қазіргі патшамыз Саулды майлаған пайғамбар ғой бұл. Мен де патша боламын!» деп ойлаған шығар.

Саул Құдайға бағынбағаннан, оны зұлым рух азаптады. Біреу арфада ойнағанда ғана Саулдың халі жеңілдеп қалатын. Оның қызметшілері патшаның қасында отырып, қызмет ете алатын жас жігітті іздей бастады. Сарай қызметшілерінің бірі Есей ұлы Дәуітке ұсыныс жасады. Саул патша Дәуітті шақырып алып, сарайға келуін, өзіне қызмет етуін бұйырды. Дәуіт: «Құдай пайғамбар арқылы берген уәдесін орындап жатыр» деп ойласа керек. «Мен осылай патша сарайына еніп, сосын таққа да жететін шығармын» деп ойлағаны да мүмкін.

Уақыт өте, әкесі філістірлермен соғысып жатқан ағаларына тамақ апаруды тапсырды. Шайқас шебіне жеткенде філістірлік алып жауынгер Ғолияттың Құдай әскерін келеке етіп, қырық күн бойы мазақ еткенін білді. «Кімде-кім алыпты жеңсе, патшаның қызын алады» деген марапаттың бар екенін де естіді. Дәуіт патшаның алдына барып, Ғолиятқа қарсы шығуға рұқсат сұрады. Сосын ол Ғолиятты өлтіріп, Саулдың қызына

үйленді. Ол Саулдың ықыласына ие болып, патшаның күйеу баласы болды.

Саулдың үлкен ұлы Жонатан Дәуітпен мәңгілік достық келісімін жасады. Саул Дәуітке не бұйрса да, Құдайдың қолы Дәуітті жетелеп, барлық жорықтардан аман-есен, жеңіспен қайтарып отырды. Патша оны өз ұлдарымен бірге дастархан басына отырғызды. Барлығы ойдағыдай жүріп келеді. Бұған Дәуіт қуанған шығар. Ол сарайда тұрды, патшаның дастарханынан тамақтанды, патшаның қызына үйленді, Жонатанмен дос болды және барлық жорықтарынан олжа алып келіп отырды. Оны халық та жақсы көрді. Самиулдің майлауы орындалып жатты. Саул Дәуітті басқа қызметшілерінен артық көріп, оны өзінің қару-жарақ ұстаушысы етті. Саул Дәуітке әкедей болды. Дәуіт Саулдың оған тәлім беріп, патша болуға дайындап, бір күні оны үлкен құрметпен таққа отырғызатынына сенімді болды. Дәуіт Құдайдың ізгілігі мен адалдығына қуанды.

КҮТПЕГЕН ӨЗГЕРІС

Бірақ аят астынан бәрі күрт өзгерді. Саул мен Дәуіт шайқастан бірге қайтып келе жатқанда, Исраилдің барлық қалаларында әйелдер би билеп: «Саул мыңдаған жауын жеңіп жойды, ал Дәуіттің жойғаны он мың болды!» деп қуана әндетті. Бұл Саулдың ашуын келтірді. Сол күннен бастап патша Дәуітті жек көрді. Дәуіт аспапта ойнап отырғанда, Саул оған найза лақтырып, өлтірмекші болды. Киелі кітапта Саулдың Дәуітті жек көретіні айтылған, өйткені ол Құдайдың Дәуітті жақтайтынын білетін. Саул Құдайдың Рухы өзінен кетіп қалғанын білді. Дәуіт өмірін сақтау үшін қашып құтылуға мәжбүр болды. Басқа барар жері жоқ шөл далаға жүгіреді. «Не болып жатыр,— деп ойлайды Дәуіт,— уәде орындалып жатқан еді, енді бәрі бұзылды. Менің тәлімгерім әрі басшым болған

адам менің көзімді құртпақшы. Мен не істей аламын? Саул – Құдайдың майланған қызметшісі. Оған қарсы тұрғанда менің қандай мүмкіндігім бар? Ол патша, Құдайдың халықтың үстінен қойған адамы. Құдай неге бұған жол беріп отыр?».

Енді Саул Дәуітті өлтіру үшін Исраилдің үш мың ең жақсы жауынгерлерімен бірге айдаладан шөлге, үңгірден үңгірге дейін қуып барады. Дәуіт аман қалу үшін Саул мен сарбаздарынан қашқан кезде уәденің орындалуынан үміт үзіп қалған болса керек. Дәуіт енді сарайда тұрмайтын, патшаның дастарханынан тамақ ішпейтін болды. Оның мекені дымқыл үңгірлер болды, ал шөл дала аңдарының қалдықтары асына айналды. Ол енді патшаның қасында жүрмеді. Бұрын Дәутке бағынған нөкерлер енді оның артынан қуды. Патша сарайындағы жылы төсек, Дәуітті бағатын қызметшілер, майда сөз – бәрі ғайып болды. Тіпті қалыңдығы да басқаға күйеуге шықты.

Құдай оны билікке бағындырып қойды. Енді сол билік Дәуітті қудалағаны қалай? Дәуіт ашу, қайғы және дәрменсіздікпен күрескен шығар. «Неліктен Құдай ештеңе істемейді? Ол маған қамқорлық жасайды ма? Жаратқанның уәделері орындалмайды ма? Неліктен Ол Өзінің халқын басқару үшін осындай қатыгез адамға билік берді?». Осы сияқты сұрақтар Дәуітке маза бермеген шығар.

Саул жас жігітті қалай болса да өлтіруге бекінгені сонша, оның ессіздігі күшейе түсті. Ноб қаласында Дәуітке баспана, тамақ және Ғолияттың семсерін берген діни қызметкерлер болды. Олар Дәуіттің Саулдан қашып кеткені туралы ештеңе білмеді және оны патшаға қызмет етіп жүр деп ойлады. Олар Дәуіт жайлы Жаратқан Иеден сұрап, қашқынды жолға шығарып салды.

Мұны білген Саул қатты ашуланды. Ол Жаратқан Иенің сексен бес діни қызметкерін жазықсыз өлтіріп, Ноб қаласын жермен жексен етті – еркекті де, әйелді де, баланы да, еметін

нәрестені де, малды да қырып жойды. Ол амалектіктерге арналған жазаны өзінің айыпсыз халқына шығарды. Осыны көріп, Құдайдың Саулды патша етіп неге таңдағанын түсіну мүмкін емес. Саул кісі өлтіруші еді. Құдай осы адамға қалайша Өз Рухын дарытты?

Саул – халықтың таңдауы, ал Дәуіт – Құдайдың таңдауы деген кең тараған пікір бар. Бұл қате. Оны Құдайдың қатал адамды басшы етіп қоятынын елестете алмайтын адамдар айтып, қауымды жаңылыстырады. Патша болғанын қалаған – халық, ол рас. Алайда Құдай Саул мен Дәуітті таңдады. Патшалықтар туралы бірінші жазбада Құдай: «Саулды патша етіп тағайындадым»,– деді (Пат. 1-ж. 15:11).

Бір кезде Саул Дәуіттің Ен-Геди шөлінде екенін біліп, үш мың жауынгерімен жолға шықты. Жолда олар Дәуіт жасырынып жатқан үңгірге тоқтады. Саул мен оның сарбаздары шомылу үшін қару-жарақтарын шешкенде, Дәуіттің адамдары оған былай дейді: «Жаратқан Иенің сізге: «Мен қас жауыңды қолыңа тапсырамын, оған қалағаныңды істе» дегені, міне, бүгін іске асып тұр!»

Сонда Дәуіт орнынан тұрып, Саулға жақындап барып, білдірмей шапанының бір шетін кесіп қана алды. Бұдан кейін мұнысына да ар-ұжданының алдында ұят сезінді. Дәуіт серіктеріне қайта оралып:

– Жаратқан Ие тағайындаған тақсыр иеме қарсы көтеріліп, оған қол жұмсаудан Құдай сақтасын! Бұл Жаратқан Ие тағайындаған патша ғой! – деп тыйым салып, олардың Саулға бас салуларына жол бермеді (Пат. 1-ж. 24:4–7). Оның ар-ұжданына қатысты King James аудармасында: «Дәуіттің жүрегі оған қатты соққы берді» делінген. Өміріне сонша қиыншылық әкелген басшыға Дәуіт әлі де мейірімді еді. Оның ашу, қорқыныш және дәрменсіздікке қарсы тұрып, мойынсұнғаны анық.

Дәуіт патша киімінің бір шетін кесіп алғандықтан, Саулға

өзінің кінәсіздігін дәлелдеу үшін оны пайдалануды жөн көрді. Алыстан Саулға: – Уа, патша ием! – деп айқайлады. Саул артына қараған кезде Дәуіт басын жерге дейін иіп тағзым етіп, Саулға: – Қараңызшы, әке, шапаныңыздың бір шеті, міне, менің қолымда! Оны жаңа ғана шапаныңыздан кесіп алдым, бірақ өзіңізді өлтірмедім. Содан менің сізге ешқандай қастық не бүлік жасамағанымды біліп алыңыз» деп дауыстады (Пат. 1-ж. 24:11).

Дәуіт Саулдың өзін бүлікшіл әрі зұлым деп есептейтініне алаңдады. Дәуіт өзінің жүрегін сынаса керек: «Мен қай жерде қателестім? Саул қалай сонша тез маған қарсы шықты?». Сондықтан ол: «Маған «Көзін құртыңыз!» деді... шапаныңыздың бір шеті, міне, менің қолымда, бірақ сізді өлтірген жоқпын. Менде қастық та, бүлік те жоқ екенін біліп алыңыз» деді. Ол Саулдың бұлай ойлайтынына сене алмады. Біреу оның санасын ұлаған болса керек. Дәуіт Саулға деген адалдығын дәлелдегісі келді. Сол қолынан келсе, Саул Дәуітті қайтадан сарайға шақырып, оған мейірімділік танытады және солайша Самуилдің айтқаны орындалады деп ойлады.

Әкесі немесе басшысы біреуден теріс қараса, әдетте ол барлық кінәні өзінен көреді. Оларды «Мен не істедім? Менің жүрегім таза емес пе еді?» деген ойлар тыныштық бермейді. Олар бар күштерімен басшыларына өздерінің кінәсіздігін дәлелдеуге тырысады. Өздерінің адалдығы мен құндылығын көрсете алса, билік қабылайды деп сенеді. Бірақ олар неғұрлым көп тырысса, соғұрлым өздерін ауыр сезінеді.

Саул Дәуіттің оны өлтіре алатынын, бірақ өлтірмегенін көргенде, Дәуіттің жаман ниеті жоқтығына көз жеткізді. Сөйтіп патша сарбаздарын алып кетіп қалды. Дәуіт: «Патша менің атағымды қалпына келтіреді» деп ойласа керек. «Енді пайғамбарлық сөз орындалады. Әрине, ол менің жүрегімді көріп тұр және қазір маған жақсы қарайды. Саул енді мейірімді, ақ пейілді басшы болады». О, бұл шындықтан өте алыс еді.

ОЛ МЕНІ ҚҰРТУҒА БЕЛ БАЙЛАДЫ

Біраз уақыттан кейін Саул Дәуіттің Һақила тауларында екенін білді. Саул тағы да сол үш мың сарбазымен оның соңынан аттанды. Саул тағы да Дәуіттің өлтіргісі іздеді. Саулдың үздіксіз қудалауы Дәуітті әбден қажытқанына сенімдімін. Бұл түсініспеушілік емес, патша оның өмірін қасақана, арандатусыз іздегенін енді Дәуіт түсінді.

Саул Дәуіттің бүлік шығармайтынын немесе жаман ниеті жоқ екенін білсе де, оған қарсы шықты. Дәуіт бұрыннан үміттенген нәрсесінің шындыққа жанаспайтынын түсінді. Қолында зор билігі бар Саул қатыгез басшы болып шықты. Қалайша Құдай мұндай адамды майлайды?

Дәуіт Жоғабтың інісі, қанішер жігіт Әбішаймен бірге Саулдың қосына жасырын кіріп келді. Құдай қосты тұтастай терең ұйқыға батырды. Екі адам бүкіл әскерді жасырын аралап, Саул жатқан жерге келді. Әбішай Дәуітке жалбарынып: «Бүгін Құдай жауыңызды қолыңызға түсіріп отыр. Оны сүңгімен жерге қадап тастауға рұқсат етіңіз. Мен бір ұрсам болды, екінші рет ұрып жатпаймын!» деді (Пат. 1-ж. 26:8).

Әбішайдың бұл өтінішіне жақсы себеп бар еді. Ең алдымен, Саул сексен бес жазықсыз діни қызметкерді, олардың әйелдері мен балаларын өлтірді! Осындай ессіз адамның басшылығы ұлтқа қауіп төндіріп тұр. Қазіргі уақытта көптеген адамдар, осылай ойлайды. Әсіресе қауым жетекшілері туралы бұл ой жиі естіледі. Тек қауым жетекшілері мұндай зұлымдыққа барған емес.

Екіншіден, Құдай Самуил арқылы бойынша Дәуітті Израилдің келесі патшасы етіп майлады. Дәуіт өз мұрасын талап ететін уақыт келді! Ол мерт болса, Құдайдың уәдесі қалай орындалады? Мен осыған ұқсас пайымдауды көңілі қалған қауым қызметкерлерінен бірнеше рет естідім.

Үшіншіден, Саул үш мыңдық әскерімен Дәуіт пен оның адамдарын өлтіруге аттанбады ма? Дәуіт Саулды өлтірмесе,

Саул Дәуітті өлтіреді. Әрине, бұл өзін-өзі қорғау. Әбішай кез келген сот олардың әрекетін қолдайтынын білді. Әрине, бұл тұжырым біздің заманда дау тудырмайды. Біз оны ойланбастан қабылдар едік.

Төртіншіден, халықты осындай зұлым көсемнен арылтуға мүмкіндік беріп, әскерді терең ұйқыға батырған Құдай емес пе? Бұл өте сирек мүмкіндік, оны жіберіп алуға болмайды. Ондай уақыт енді ешқашан келмеуі мүмкін. Құдайдың уәдесі орындалатын сәт келді! Қауым жетекшісі қызметтен кеткенде қанша қызметкерлер мен қауым мүшелері осылай ойлады? Олар: «Жетекшінің кететін уақыты келді. Құдай әдейі осындай жағдай туғызды» деп ойлайды. Бұл пікір олардың мойынсұнбаған жүректерін ғана әшкерелейді.

Осы себептердің барлығы жақсы естіледі. Олар ақылға қонымды болды және Дәуіт тағы бір адал нөкерінен қолдау алды. Сондықтан Дәуіттің жүрегінде аз да болса бүлік болса, ол көмекшісіне Саулға найза сұғып алуға рұқсат берер еді. Бұл өте дұрыс шешім болып көрінетін еді. Алайда Дәуіттің жауабына құлақ түріңіз: «Оны өлтіруші болма! Жаратқан Ие тағайындаған патшаға қол көтерген адам айыпсыз қалмайды» (Пат. 1-ж. 26:9). Бүгінгі заманның сөзімен айтқанда: «Оған сөзбен де, іспен де тиіспе. Басшысына шабуыл жасап, жазасыз қалатын кім?»

Саул жазықсыз адамдарды мыңдап қырса да, Дәуітті өлтіргісі келсе де, Дәуіт оның өмірін сақтап қалды. Дәуіт өзі үшін кек алмас еді. Болашақ патша оны Құдайдың қолына тапсырды. Дәл сол кезде Саулдың санасыз билігін тоқтату өте оңай болар еді. Ол Дәуіт үшін де, Израил халқы үшін де оңай, тиімді шешім емес пе? Дәуіт халықтың нағыз бақташысы жоқ, бытырап, адасып кеткен қой сияқты екенін білді. Зұлым адамның өз пайдакүнемдігі халықты зорлап жатқанын білді. Өзін-өзі ақтамау өте қиын болды. Ыңғайы келіп тұрғанда айыпсыз адамдарды есінен адасқан патшадан құтқармау одан қиын еді!

Саулдың жалғыз жұбанышы – Дәуіттің өлімі екені Дәуітке белгілі болса да, ол дұрыс шешім қабылдады. Дәуіт жүрегінің тазалығын Саулды бірінші рет аяған кезде дәлелдеген болатын. Екінші рет те ол патшаға қол көтермеді. Саул оның басшысы және Құдайдың майланған қызметшісі болды, сондықтан Дәуіт Саулға үкім шығаруды Құдайға қалдырды. Дәуіттің бұл шешімі әдеттегі ойға қайшы келсе де, дана болды.

«Құдай Өзінің қызметшісі Саулға қалай үкім шығарды?» – деп сұрауыңыз мүмкін. Жауабы: філістірлер арқылы. Қауымдағы жетекшілерге үкім шығару үшін Иеміз жиі құтқарылмаған адамдарды немесе зайырлы мекемелерді пайдаланады. Саул ұлдарымен бірге шайқаста қаза тапты. Алайда бұл хабар Дәуітке жеткенде, ол қуанып тойлаудың орнына, қайғырды!

Расында, Саулды өлтірдім деп өтірік хабар әкелген адамды Дәуіт мерт қылды. Хабарды әкелген адам бұл жаңалық Дәуітке сүйінші болады деп үміттенген, бірақ нәтиже керісінше болды. Дәуіт: «Сен қалайша шімірікпестен Жаратқан Иенің тағайындаған патшасына қол көтеріп өлімге қидың?!» – деп сұрады. Хабаршыны өлім жазасына кескеннен кейін Дәуіт оған былай деді: «Өз обалың өзіңе. Жаратқан Иенің тағайындаған патшасын өлтірдім деп өз аузыңмен айтып, үкіміңді өзің шығардың!» (Пат. 2-ж. 1:16).

Содан кейін Дәуіт Саул мен оның ұлдарына арнап жоқтау жазды. Жау қуанбас үшін, халыққа қаралы хабарды філістір қалаларында жарияламауды бұйырды. Ол Саул өлтірілген жерге жаңбыр жаумасын, егін өнім бермесін деп зарлады. Жоқтау жыры яһудалықтарға үйретілсін деп Дәуіт жарлық та шығарды. Бұл басшысын құрметтемейтін, кек іздеген адамның әрекеті ме? Жоқ, ондай адам: «Ол істерінің сауабын алды!» дер еді.

Дәуіт одан көп жасады. Ол Саул әулетінің қалған тұқымын өлтірмеді. Керісінше, оларға мейірімділік танытты. Оларға жер мен ас беріп, бір ұрпаққа патша дастарқанынан орын

берді. Дәуіт – басшысының Құдайдың қаһарына ұшығарғанына қуанған адам деуге болады ма? Жүрегі бүлікшілдер рухани жетекшілері құлағанда қуанады. Олар «Есесін алды» деп ойлайды. Жетекшілері қиналғанда, оларға жала жауып, ренжітетін сөз айтып, жағдайды одан сайын қиындатады. Оларда Дәуіт сияқты жүрек жоқ. Олардың Құдайға ұмтылатын жүректері жоқ.

БАТАҒА ИЕ БОЛЫҢЫЗ!

Билік тарапынан әділетсіздік көрсек, ондағы Құдай оны түпкі мақсаты – біздің игілігіміз үшін қолданатынын билейік. Жаратқан Ие ол жағдайды бізді батаға тарту үшін пайдаланады. Петір жазғанын тыңдаңыз: «Жамандыққа жамандықпен, қорлыққа қорлықпен емес, ақ батамен жауап беріңдер. Себебі Құдай сендерді *шақырғанда* Өзінің *ақ батасына ие болсын деп мақсат еткен еді*» (1 Петір 3:9).

Бата үйреншікті, өзіміз күткен нәрсе болмауы мүмкін. Кейде ол шынымен де солай. Бірақ көп жағдайда, жарылқау Мәсікке тән мінез, патшалықтың ілгерілеуі, биліктің жоғары деңгейі немесе мәңгілік марапаттар сияқты түрде келеді. Құдайдың билігіне мойынсұнсақ, рухани күйімізге ешқандай зиян тимейді. Петір: «Егер жақсылық жасауға ынталы болсаңдар, кім сендерге нұқсан келтірмек?» – деген. (1 Петір 3:13). Бұл мәлімдеменің толық мағынасы Исаның үлгісіне еліктеу болып табылады.

Мәсікке тән мінезге қатысты Петір былай деген: «Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнәларымызға бола біржола құрбан болды. Сонда Мәсіх тәнінде өлтірілді, ал рухани денемен қайта тірілді... Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап шегуге дайын) болыңдар! Осындай ой-ниет өздеріңді қорғайтын қалқан іспетті. Тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлі құмарлықтарына берілмейді» (1 Петір 3:18; 4:1).

Петір Мәсіхтің бастан өткерген азаптарына ұқсас қиындыққа дайындалып, қолымызға қару ұстауды бұйырды. Ол қандай қиындық? Билік тарапынан әділетсіз әрекет. Әскери адамдардың еш қару-жарақсыз шайқасқа шығатынын елестете аласыз ба? Ешқандай мылтық, оқ, пышақ, ештеңе жоқ! Адам күлетін жағдай емес пе?. Дегенмен, көптеген сенушілер әділетсіздіктен зардап шегуге дайын емес. Оған төтеп беретіндей оларды қаруы жоқ. Шабуылды көріп, олар не істерін білмей аң-таң болады. Олар Құдай Сөзінде билікке қатысты қағидаға сай *әрекет* етудің орнына, өз ақылдарына сүйеніп, қорытынды шығаруға кіріседі.

Сізге қару ұстаған біреудің тағы бір мысалын келтірейін. Әуе компаниясында ұшқыштарды оқытудың маңызды бөлігі ұшу тренажерларын пайдалану болып табылады. Бұл тренажерларда ұшқыштар кез-келген дерлік ұшу апатына тап болады. Осылайша олар қауіпсіздікте, тренажер арқылы қатер туған жағдайда не істеу керектігін үйренеді. Бұл дайындық оларды төтенше жағдайларға дайындайды. Егер нақты рейсте қауіп туса, ұшқыштар қорықпайды – олар не істеу керек екенін жатқа біледі. Алдыңғы дайындық оларға үлкен көмек. Жолаушылар қорқып, шок пен истерияға жол берсе де, ұшқыштар сабыр сақтап, байсалды түрде мәселені шешеді. Апат кезіндегі қара жәшік таспа жазбаларын қарайтын зерттеушілер әрдайым ұшқыштардың сабырлылығына таң қалды. Олардың дауыстарында тіпті соққы сәтіне дейін дүрбелең болмайды. Олардың қолында керек қару болды!

Бұл кітап ұшуға арналған оқу құралы ретінде сізге қызмет етсін. Осы хабардағы Құдай Сөзі сізді өмірдің билікке қатысты сынақтарына дайындайды. Егер сіз дұрыс әрекет ете білсеңіз, жарылқау аласыз. Петірдің сөзіне сәйкес, азап шегуде Мәсіхтің үлгісін ұстанатындар күнәдан азат. Не деген мықты сөз! Басшаша айтқанда, билік тарапынан жасалған әділетсіздікке

ӘДІЛЕТСІЗДІК

дұрыс жауап беретіндер рухани кемелденген, игілілігі мол жағдайға жетеді.

Бұдан да үлкен уәде бар. Пауылдың сөзі оған дәлел:

Мынау – дәл айтылған, шынайы сөз:

«Егер Мәсіхпен бірге өлген болсақ,

Онымен бірге өмір сүретін де боламыз.

Егер қиыншылықтарға төзе берсек,

Онымен бірге патшалық ететін де боламыз

(Тім. 2-х. 2:11–12)

Мәсіх сияқты азап шеккендерге рухани билік уәде етілген. Неғұрлым қиыншылыққа төтеп берсеңіз, соғұрлым Құдай сізге сеніп тапсыратын билік береді. Санасыз билікке тап болған кезде Құдайдың сізге бата беретінін тағы да көресіз. Мәселе мынада – дұрыс жауап беріп, жарылқау аласыз ба, әлде ренжіп, ашуланасыз ба? Таңдау сіздікі. Жеңіскердің жолы – өмір, соны таңдаңыз!

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ЖАЗАҒА ҰРЫНУ

*Билікті құрметтейтіндердің беделі
артады, ал қадір олардың соңынан ереді.*

Көбіміздің билікке деген көзқарасымыз Дәуіттікіндей емес. Көбінесе биліктегі кемшіліктерді көріп қуанамыз. Бұл бізге билікті құрметтемеуге құқық беретін сияқты. Бірақ басқалар, әсіресе жетекшілер сүрінген кезде біздің не істейтініміз рухани дамудың дәрежесін көрсетеді. Құдай биліктің қателіктері мен кемшіліктерін жүрегіміздің шынайы жағдайын әшкерелеу үшін жиі пайдаланады. Нұхтың ұлдары дәл осы жағдайда болды.

ДҰРЫС, БІРАҚ ҚАТЕ

Топан судан кейін Нұх жер өңдеуге кірісіп, жүзімдік отырғызды. Бір күні ол шарап ішіп, шатырына кетіп қалды да, мас күйінде киімін шешіп, жалаңаш жата кетті.

Кенже ұлы Хам Нұх жатқан шатырға кіріп, әкесінің жалаңаш кейпін көріп, сыртқа шығып, ағалары Шам мен Япшіге айтты. Ол бөтен ешкімге емес, туған «отбасына» айтты. Ол: «Жігіттер, әкеміз ішіп алып, шип-шикі мас болып, тыр жалаңаш жатыр!» деп, одан

да ерсі сөз айтқан болуы мүмкін. Бәлкім, ағаларын шақырып, ұялмай «Ақсақалдың жатысына қараңдар» деген де шығар.

Бұны естігенде, Шам мен Япші бір жамылғыны иықтарына іле салып, теріс қарап ішке кіріп, әкелерінің денесін жапты. Жүздерін басқа жаққа бұрғандықтан, олар Нұхты көрген жоқ. Нұх мастығынан айығып, оянғаннан кейін, кіші ұлының өзін келеке еткені туралы естіп, былай деді:

«Қанаханды қарғыс атсын!

Ол ағайындарының ең бейшара құлына айналсын!»

Содан соң ол:

«Шамның Құдай Иесі мадақталсын!

Ал Қанахан Шамның құлы болсын!

Құдай Япшінің өрісін кеңейтсін,

Ол Шамның шатырларында тұрсын!

Ал Қанахан оның құлы болсын!» – деді. (Жар. 9:25–27)

Кітаптың басында біз Құдайдың билігіне мойынсұнбаудың салдарын талқыладық. Әдейі бүлік шығаратындар қарғысқа ұшырайды. Хам бұның ақиқат екеніне көз жеткізді. Ол Құдайдың Нұхқа берген билігін қорлады. Осылайша Хамның ұрпақтары қарғысқа ұшырады. Бір қызығы, Хамның қылмысы оған ауыр зардап әкелді, ал Нұхтың мастығы ештеңеге әсер етпеді.

Нұхтың қателігі оның үш ұлына сынақ болып, әрқайсысының жүрегін ашты. Біреуі бүлікшіл және ақымақ, ал екеуі ізетті және мейірімді болды. Нұхтың мастығы жақсы үлгі болған жоқ, бірақ оның істегені ұлдарының емес, Құдайдың шешетін мәселесі болды. Осыны түсінген екі ұлы Нұхты құрметтей білді. Біреуі мәселені өз қолына алумен тек әкесін қорлап, ұятқа қалдырды. Хамның ойынша, әкесі істегенінің жағымсыз салдарын көру керек, бірақ қарғыс тек Хамның өзіне тиді.

Шам мен Япші әкелерінің қателігіне қараған жоқ. Басқалар (келіндер мен балалар) Нұхтың жағдайын көрмесін деп, оған

жамылғы жапты. Олар әкелерін құрметтеген соң, оның билігін және өз жүректерін қорғады. Алайда Хам әкесін келемеждеп, оның басқару қабілетіне нұқсан келтіруге тырысты. Бұл Хамға әкесінің тілін алмауға сылтау берді. Кез келген адамның жүрегінде мойынсұнбаушылық бар кезде осылай болады. Биліктің абыройын төгу арқылы ол бағынбауға құқық алғысы келеді. Жүрегінде ол ұстамдылықтан бас тартады.

Еврейлерге арналған хатта сенімнің ежелгі батырлары туралы айтылған (Евр. 11). Онда Нұхтың сенімі мен мойынсұнғыштығы туралы жазылған, бірақ Хам тізімде жоқ. Хам өтірік айтып па еді? Нұх мас әрі жалаңаш емес пе еді? Иә, Хамның айтқаны 100 пайыз дәл болды, бірақ оның ниеті теріс болды. Ақыл-парасатқа сүйенсек, оның әрекетін ақтауға болады. Ол тек көргенін айтты, жай ғана «шыншыл» болды. Алайда мойынсұну және құрмет көрсету қағидасы басқаша айтады. Шам мен Япші әкелерін құрметтеп, батасын алды.

Хам сияқты көптеген адамдардың басшылар туралы айтқаны – өтірік емес, рас. Бірақ олар Құдайдың талабы бойынша қателеседі. Олар басқаның абыройын түсіріп, солай жарылқаудан айырылады. Олар өз түсінігі мен пайымдауының ақымақтығына еріп өмір сүреді. Олардың жүректері Дәуіт, Шам және Япшінікіндей емес. Саул қаза тапқанда, Дәуіт қайғырып, былай деді:

*Ғат қаласына бұл хабарды айтпаңдар,
Ашқалон алаңында да жар салмаңдар,
Філістір қыздары қуанып жүрмесін,
Құдайсыз қыздар мәз боп билемесін!...
Саул, ұлы Жонатан екеуі де
Сүйікті, сүйкімді өмірлерінде,
Ажырамаған олар өлімде де.
Бүркіттен бетер зымырай шүйілді,
Арыстаннан бетер күшті күресті!*

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

*Уа, Израил қыздары, қайғырыңдар,
Сендерге ал қызыл көйлек кигізген,
Алтынмен киімдеріңді көмкерткен
Саул марқұмды зар жылап жоқтаңдар!
(Пат. 2-ж. 1:20, 23–24)*

Дәуіт осы көсемнің қолынан он төрт жыл бойы ауыр азап шекті. Адами түсінік пен пайымдау оны қуануға және жеңісті жариялауға итерер еді. Дәуіт тағы да тек өз ақылына сүйеніп емес, Құдайдың билік қағидасы бойынша өмір сүретінін дәлелдеді. Оның үлгісі мұны Дәуіттің қоластындағы адамдарға да жеткізді. Нәтижесінде ол ұлы патша болды. Билікті құрметтейтіндердің беделі артады, ал қадір олардың соңынан ереді. Олар Құдайдың батасын алды. Билікті қорлайтындар, билікке жеңіл-желпі қарайтындар құрметсіздіктің өнімін орып, жазасын алады.

ЖАЗАҒА ҰРЫНУ

Тағайындалған билікке қатысты негізгі аятымызға тағы да көз жүгіртейік:

Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар!
Себебі мемлекеттік биліктің бәрі негізінде Құдайдан;
қазіргі билікті де Құдай орнатқан. Сондықтан билікке қарсы
шыққандар Құдайдың орнатқан тәртібіне қарсы тұрады.
Мұндай қарсыласқандар *жазаларын тартатын болады*
(Рим. 13:1–2).

Билікке қарсы шыққандар өздеріне өздері үкім шығарып, жаза тартатын болады. Билікке қарсы шығу Құдайға қарсы шығумен тең. Өзіміздің Messenger International қызметімізді құрмақ бұрын, мен екі халықаралық қызметте жұмыс істедім. Билікке қарсылықтың нәтижесі қандай болатынын өз көзіммен көрдім. Жаза алуан түрде келді, бірақ ешқашан болмай қойған

жоқ. Бұл, әсіресе, қызметкерлер жұмыстан босатылған кезде айқын көрінді. Жетекші қаншалықты қисынсыз заттарды істесе де, жағдай қаншалықты нашар болса да, басшыны сынап, жамандағандар, ащы мысқыл айтқандар ақырында үлкен қиындықтарға тап болды. Кейбіреулері қаржы жағынан тарылды, басқалар жұмыста қиындық көрді, енді біреулердің денсаулығы нашарлады. Отбасында қақтығыстар басталды, балалары қиындық туғызды. Некеде түсініспеушілік болды. Тізім ұзақ, бірақ рухани басшыларын қадірлемеген әрбір адамның өмірінде ерекше қиындықтар пайда болды.

Биліктен әділетсіздік көрсе де, ұстамдық сақтаған көп жандардың үлгісін көрдім. Олар бұрынғы бастықтарын жамандаған емес, әрі бастықтарға тіл тигізген адамдарды тыңдаған емес. Қайта, ол тақырып көтерілген сайын батасын беріп, құрмет көрсетті. Өмірдің, бар игіліктің қайнар көзі – Құдай екенін олар білді. Өздерін қамтамасыз ететін, қамқорлық жасайтын, істерін оңға бастыратын да – Құдай деп сенді. Олардың бұрынғы лауазымға қарағанда жақсырақ орындарға кіргенін көрдім. Кейбіреулерін жылдар өткен соң кездестірдім. Олардың өмірінде әлі күнге дейін мол жарылқау бар.

Біз де қалай ұстамды болып, Құдайдың сөзіне сай әрекет етеміз? Бұның құпиясын Иса айтты: «Ал Мен сендерге айтамын: жауларыңды жақсы көріңдер! Өздеріңді қудалағандар үшін Жаратқан Иеге мінажат етіңдер!» (Мат. 5:44). Бізге өшпенділікпен қарайтындар, бізді қорлайтындар үшін дұға ету керек екен. Осылай істесек, жүрегіміз сауығып, сыни көзқарастан, қажудан аман болады.

ДАРЫНДЫЛЫҚ ПА, БИЛІК ПЕ?

Киелі Жазбадан да, жеке өмірлік тәжірибемнен де көргенім – билікке қарсы сөйлейтіндер өздеріне үкім шығарады. Мәриям мен Һаронды қарастырайық: «Мұса құштық әйелге

үйленген болатын. Бір күні Мәриям мен Һарон соған бола Мұсаны сынады» (Ру. сан. 12:1).

Алдымен, Мәриям мен Һаронның кім екенін еске түсірейік. Мәриям Мұсаның әпкесі болатын. Құдай Мәриямды пайғамбар деп атады (Мыс. ш. 15:20). Һарон Мұсаның ағасы әрі бас діни қызметкер болған. Сонымен, екеуі де қолдарында билігі бар, танымал адамдар.

Олар Мұсаны құштық әйелге үйленгені үшін сынады. Құштық кім десеңіз, ол – ежелгі Құш жерінің тумасы немесе тұрғыны. Құш жерін көптеген ғалымдар Африканың солтүстік-шығысындағы қазіргі Эфиопия дейді. Әйел Ыбырайымның ұрпағы емес еді. Ол Ыбырайымның Құдаймен жасаған келісімінен тыс еді.

Мәриям мен Һарон Мұса күнә жасады деген ойда болды. «Көшбасшы бола тұра, Мұса Африканың осы қызына неге үйленді? Бұл дұрыс емес» деген шығар олар. Олардың пікірі дұрыс болды ма? Заңның әрпімен жүретін болсақ, солай көрінеді. Құдай исаилдіктер бір-бірімен неке қисын деді. Жаратқан Ие шетелдік әйелдер халықтың жүрегін бөтен, жалған тәңірлерге тартатынын ескертті. Бұл бұйрық Заңды қайталау кітабында берілген. Мұсаның шетелдік әйелге үйленуі қайшылық болып көрінді. Мәриям мен Һарон осылай істеуге Мұсаның оның ықпалы тым күшті деп ойлаған шығар. (Ескертпе: Бүгін бізге берілген жалғыз нұсқау – сенбейтіндермен қоян-қолтық бірге жүрмеу. Бұл енді табиғи қандық мәселе емес, рухани мәселе. Ғалаттықтарға 3:28-ді қараңыз. Жаңа өсиет бойынша ұлты әртүрлі екі адамның неке қиюында еш күнә жоқ.)

Сонымен, Мәриям мен Һарон заңға сүйеніп, дұрыс баға берсе де, Хам сияқты қателесті! Мұса олардың басшысы болды. Оны сынап, үкім шығару орынсыз. Ағасы мен әпкесі болғандықтан, Мәриям мен Һарон мұны тек отбасылық мәселе ретінде талқылауларына болар еді. Бірақ арада өсек айту

немесе оның мінез-құлқын жұрттың алдында жамандау – күнә.

Көшбасшысына қарсы сөйлеуге оларға не түрткі болды? Жауабын келесі аяттан табамыз: «Олар тағы былай деді: «Жаратқан Ие тек Мұсаға ғана сөйлеп пе еді? Ол бізге де сөйледі емес пе?» (Рү. сан. 12:2).

Құдай оларға сөйлеп па еді? Әрине. Құдай һаронды Мұсаның атынан сөйлейтін пайғамбар ретінде тағайындады. һарон перғауынға Құдайдың хабарларын айтты. Құдай Мәриям арқылы әлі күнге дейін Жазбада сақталған пайғамбарлық жырды шығарды. Олардың рухани дарындары болғаны сөзсіз. Алайда, рухани дарынды немесе қабілетті биліктен жоғары қою қателік болды. Үшеуін де Құдай маңызды қызмет атқару үшін қолданды. Бірақ олар «Мұса күнә жасады, ал біз күнә жасаған жоқпыз. Ол бұдан былай біздің үстімізден билік ете алмайды» деп ойлады. Олар өздерінің рухани дарынын Құдайдың оларға берген билігінен жоғары қойды.

Жаңа өсиетке келетін болсақ, Пауыл: «Алуан түрлі дарындар бар, бірақ оларды сыйлайтын Киелі Рух Біреу-ақ» деген (Қор. 1-х. 12:4). Осы және басқа үзінділерге сәйкес, дарындарды басқаратын – Киелі Рух. Дарындарға мысал келтірсем, олар: жетекшілік, тәлім беру, қайырымдылық жасау, пайғамбарлық сөз сөйлеу, сауықтыру, рухтардың түрлерін ажырату, кереметтер жасау және т.б. (Қор. 1-х. 12:7–10; Рим. 12:6–8).

Пауыл сөзін былай жалғастырды: «Алуан түрлі дарындар бар, бірақ оларды сыйлайтын Киелі Рух Біреу-ақ. Түрлі қызметтер де бар, ал біздің қызмет ететін Тәңір Иеміз Біреу» (Қор. 1-х. 12:4–5). «Қызметтер» сөзі грекше «диакония» сөзінен шыққан. Тәйердің грек сөздігіне сәйкес, бұл «елшілердің және оның әкімшілігінің, пайғамбарлардың, уағыздаушылардың, жетекшілердің және т.б. қызметін» білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл сөз қауымдағы рухани биліктің бес түрін сипаттау үшін қолданылады. Бұл жазбадан Исаның осы

лауазымдардың үстінен қарайтыны білеміз. Мұны тағы бір үзінді растайды. Иса өлімнен қайта тірілгенде, Пауыл былай жазған: «Ол рухани дарындар сыйлап, сенушілердің біреулерін елші, біреулерін пайғамбар, тағы басқаларын Ізгі хабарды таратушы, енді біреулерін қауымның рухани бағушысы немесе тәлімгері етіп тағайындады. Олар Құдайдың халқын өз қызметтерін атқаруға дайындауға тиіс. Соның нәтижесінде Мәсіхтің рухани денесі өсіп, күшейе бермек» (Ефес. 4:11–12).

Патшалықтың билігі дарындар арқылы емес, қызмет арқылы тарайды, өйткені Исаға қайта тірілгеннен кейін, Әкесі Оған барлық билікті берген (Мат. 28:18). Иса өз кезегінде Ефестіктерге арналған үзіндідегідей бес түрлі қызметті орнатты. Сондықтан Оның билігі тағайындалған қызметтер арқылы жоғарыдан төмен ағады. Адам өзінің бағушысына қарағанда дарындырақ болуы мүмкін, бірақ билік орнында тұрған бағушы дарынды адамның үстінен қарайды. Осыны есте ұстайық.

Дарынды адам өзін-өзі жоғарылатса, ол әңгіменің соңы әрдайым қайғылы болатынын білемін. Мұны дәлелдейтін көптеген мысалдарым бар. Соның бірі уағыздау және тәлім беру дарыны бір қауым қызметкері еді. Ол аға бағушының көмекшісі болатын. Ол тәлім бергенде, әрдайым көп адам жиналатын. Құдайдың оған берген дарыны анық болды. Ол апта сайынғы мінәжат жиналысын да өткізетін. Мінәжатқа өте көп адам келетін.

Осы дарынды қызметкер танымал болған сайын, қауым ережелері мен аға бағушының шешімдерін сынауға еркін сезінетін. Ол аға бағушының саясаты Киелі Рухтың қозғалысын шектейтінін айтып, ойын айналадағылармен бөлісті. Қызметкердің сыни көзқарасын бағушының басқа көмекшісі қолдайтын болды. Біраз уақыттан кейін мінәжат кешін екеуі бірге жүргізетін болды. Бір күні аға бағушы мінәжат кезінде щалға кіріп, екі көмекшінің ғибадатты дәл бағушының тыйым

салғанындай жүргізіп жатқанын көрді. Қауым, қала және адасқан жандар үшін өтініш етудің орнына, олар адамдарды дұға етудің басқа түрлеріне тартты. Жиналғандар оны істегілері келмесе, көмекшілер оларға сөгіс айтты. Қауым не болып жатқанын түсінбей, абдырап қалды.

Екеуі де дарынды қызметшілер болды, бірақ олар қауымның билігіне бағынбады. Олардың қателігі ауыр болды. Жаратқан Иенің оларды Өз халқына сөйлеп, қызмет ету үшін пайдаланғаны болмаса, олар әп-сәтте ауыр жағдайға душар болушы еді.

ҮКІМНЕН МОЙЫНСҰНУДЫ ҮЙРЕНУ

Ал Мұса жер бетіндегі барлық адамдардың ең кішіпейілі болатын. Жаратқан Ие кенеттен Мұса, Нарон, Мәриямды: «Үшеуің кездесу шатырына келіңдер!» – деп шақырды. Үшеуі сонда барды (Сан. 12:3–4).

Осы үзіндіден Құдайдың көшбасшылардың мінезіне қоятын талаптарының бірін көреміз: кішіпейілділік. Мұса жер бетіндегі ең кішіпейіл адам болған. Бірақ Мәриям мен Нарон олай демес еді. Олар «Мұса тым паңданып кеткен» деп ойлайтын.

Жаратқан Ие үшеуін киелі шатырға шақырды. Басқа аудармаларда «кенеттен» сөзінің орнына бірден деп жазылған. Үкім жиі ескертусіз келеді. Үшеуі бара жатқанда, Мәриям Наронға басын изеп: «Дайын бол. Мұса бұл келімсек қызға үйленді. Сенің жүріс-тұрысың мінсіз болғандықтан, Құдай қазір Мұсаның орнына сені көшбасшы етеді» деуі ғажап емес. Билікке қарсы тұрып, өзімізді алдауға осал еткенде, осындай ойлар пайда болады.

Әрине, іс жүзінде оқиға мүлдем басқаша болды. Құдай Нарон мен Мәриямды алға шығарды. Жаратқан Ие бүкіл халқын Мұсаға сеніп тапсырғанын, онымен жұмбақтап емес, бетпе-бет тікелей сөйлесетінін еске салды. «Өз қызметшім

Мұсаға қарсы сөйлеуден сендер қалайша қорықпадыңдар?» – деп сұрады (8-аят). Билікті сынаған кезде біз Құдайды қастерлемей, Одан қорықпайтынымызды көрсетеміз. Әрі қарай не болғанын тыңдаңыз: «Жаратқан Иенің қаһары оларға қарсы лап етіп, Өзі қастарынан алшақтап кетті. Бұл киелі шатырдан жоғары көтеріліп кеткенде, Мәриямның бүкіл денесін қардай аппақ алапес басып кетті. Нарон Мәриямға қарай бұрылғанда, оның алапес екенін көрді» (Ру. сан. 12:9–10).

Билікке қарсы тұрып біз өзімізге үкім шығарамыз. Бұл үкім Құдайды бізден алыстатады және қандай да бір қайғы-қасіретті әкеледі. Алдыңғы әңгімедегі екі көмекшіге оралсам, қысқа мерзімде екеуі де қауымды тастап кетті. Біреуін аға бағушы қызметтен шығарды. Екіншісі биліктен жазасын күтпей, өзі еркімен кетіп қалды. Біреуі жақын жерде өз қауымын ашты. Онда адам саны жүзден аса алмай қойды. Көмекші болып жүрген кезінде, оның қарамағында алты жүзден астам адам болды. Кеткеннен кейін көп ұзамай ол отбасылық трагедияны бастан өткерді.

Басқа көмекші қаланы тастап, қысқа мерзімде қызметте біршама табысқа жетті. Оның қауымы бірнеше жүз мүшеге дейін өсті, бірақ ол оқшауланып, айналадағы ешбір адамға толықтай сене алмады. Жиырма жылдан астам уақытта қауымы бірнеше рет бөлініп, бірсыпыра адам бүлікті бастаған адамға еріп кетіп отырды. Оның жетекшілік стилі қауымды көп шатастырды. Ақыры ол қаладан кетіп, басқа жерге көшті. Бірнеше жыл бұрын ол біздің үлкен қауымда сөзге керемет шешен адам болатын. Сөзімен жұртты баурап алатын. Жиналысты шабыттандырып жіберетін. Көбіміз болашақта оның ұлтқа айтарлықтай әсер ететініне сендік. Өкінішке орай, оның қыңырлығы өмірін басқа бағытқа бұрды.

Үкім шыққан соң, нарон бірден жерге жығылып, өзі және Мәриям үшін тәубе етті. Құдай оларды кешірді. Бірақ Тәңір Иенің бұйрығымен Мәриям әлі де жеті күн бойы қауымнан

оқшаулануға мәжбүр болды. Неліктен алапес һаронға емес, Мәриямға жұққаны белгісіз. һаронға қарағанда, Мәриямның сөзі оқыс болғаны мүмкін. Қандай себеп болмасын, бұл оқиға Құдайдың билік мәселесіне салмақ беретінін көрсетеді.

Рухани билікке қарсылық үшін шығарылғын үкім көбінесе үйренуге және өсуге мүмкіндік береді. Билікке мойынсұнбағаннан жаза тартып, істеріне өкініп, шын жүріктен тәубе еткен адамдар жиі қауымдағы ең сенімді, ең адал адамдарға айналады. Қарсылық әрқашан зұлым жүректен туындамайды. Ол көбінесе білместіктен жасалады. Түсінгеннен кейін тәубе бірден келеді. Кейде бұл біраз уақыт алуы мүмкін, себебі кейбір адамдар өкше-темір қарсы теуіп көретін азаптарына төзімділігі жоғары.

Мәриям өзінің жазасын ешқашан ұмытпағаны анық. Ол қайталанбады, өйткені Мәриям қателігін қайта жасаған жоқ. Алайда екінің бірі Мәриям мен һарон сияқты үкімнен сабақ ала бермейді. Исраилдің ішінде Құдайдың қойған билігіне қарсы шыққан басқалар да болды. Олар тәубе етпеді. Олардың тартқан жазасы мәңгілік үкім болды.

НЕГЕ ӨЗДЕРІҢДІ ЖОҒАРЫ ҚОЯСЫҢДАР?

Исраил халқында Леу әулетінен шыққан Қорах пен Рубеннің ұрпақтары Датан мен Абирон атты үш адам болды. Олар Мұса мен һаронға қарсы 250 атақты рубасыларын жинап алып, былай деді: «Өздерің ғана емес, бүкіл қауым киелі! Жаратқан Ие біздің де арамызда ғой. Сендер неге өздеріңді Жаратқан Иенің халқынан жоғары қоясыңдар?!» (Рү. сан. 16:3).

Қарапайым сөзбен айтқанда, Мұса мен һаронның қоластында болған адамдар: «Ей, жігіттер, неге өздеріңді басшылар ретінде бізден жоғары қоясыңдар? Біз бәріміз Құдайдың халқымыз және сендер бізге бұйрық бермей-ақ Оған мойынсұна аламыз» деді. Сіз де мұны бұрын естідіңіз!

Дәл осы сөз болмаса да, бұл пікір әрекетте, сөздің астарында байқалып жатады. Мағынасы бір. Қауымда «Бәріміз бірдейміз», «Бәріміз бауырласпыз» немесе «Бәріміздің бойымызда Киелі Рух бар. Неге біз олардың басшылығына бағынуымыз керек?» деген сөзді естуіңіз мүмкін. Бұл адамдар Жаратқан Иенің даусын басқа кез-келген адам сияқты жақсы ести алатындарына сенімді.

1970 жылдары қауымда шәкірттік деп аталатын қозғалыс болды. Ол бақылаудан шығып, басшыларға деген мойынсұну бұзылып кетті. Адамдар бағушылардан демалысқа шығуға, белгілі бір көлікті немесе басқа да маңызды заттарды сатып алуға немесе белгілі бір адамға тұрмысқа шығуға рұқсат сұрады. Оны өз көзіммен көрген жоқпын, сондықтан оның қаншалықты шектен шыққанын білмеймін. Бірақ сол кезде қауымда болғандар мұның Жазбаға қайшы мінезге айналғанын айтты.

Бұл қозғалыс және басшылықтың тарапынан билікті дұрыс қолданбау қарама-қарсы бағыттағы қарсыластықты тудырды. Рухани билікке көзқарас дұрыс болмағандықтан, адамдар оны менсінбейтін болды. Олар өздері бағына алатындай мінсіз бағушыны таппағандықтан, шектен шығып, рухани қаңғыбастарға айналды. Олар қауымнан қауымға, діннен дінге көшіп, өздерінің мінәжат жиналыстарын өткізіп, өздерінің қауымдарын құрды. Бұл сана Пауыл ескерткен заңсыздықтың жасырын күшінің дамуына үлесін тигізді.

Мұсаға қарсы көтерілген адамдар перғауынның қиянат билігін көрді. Содан кейін Мұса келіп, олардың өмірін өзгертті. Адамдарға оның да билігі де шектен шыққан сияқты көрінді, бірақ басқа мағынада. Кейде Мұсаның басшылығы оларға перғауыннан көрген өмірден де қиын жағдайға әкелді. Бәлкім, олар «Мысырдан шықтық, перғауын енді жоқ, Мұса өз міндетін атқарды. Енді әркім өз бетінше болады» деп ойлаған шығар. Бұл адамдар билік туралы естігілері келмеді. Әр адам

өз бетінше қалағанын істесін. Олар Құдайдың халқы емес пе? Билік тек қиындық туғызады. Сондықтан олардың жиналып, Мұсаға қарсы бас көтерді.

Мен осыған ұқсас оқиғаларды саяхаттарымда жиі көрдім. Бизнесмендер, мінәжат топтары, кеңесшілер немесе қауым ішіндегі басқа топтар бірігіп, бағушыларды қыспақтағысы келеді. Олардың барлығы Құдайдың даусын естіген, ал бағушы оған саңырау. Олар қай рухтың жетегінде кеткенін білсе ғой.

РУХАНИ БИЛІК ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

Айтып өткенімдей, батыстықтар патшалық қағидаларын түсінуде жиі қиындықтарға тап болады. Біз еркін кәсіпкерліктің демократиялық қоғамында өмір сүреміз, ол патшалықтан айтарлықтай ерекшеленеді. Патшалықтың туа біткен құқығы бойынша патшасы және тағайындалған басшылығы бар. Демократия өз билеушілерін сайлайды. Бұл еркін жүйеде билік ақшасы, қабілеті, ықпалы немесе таланты бар белгілі тұлғаларға еркін қол жетімді. Бірақ бұл Құдай Патшалығының жолы емес, мұнда басшылар тек қана тағайындалады.

Иса қызмет түрлерін белгілейді. Адамды бұл билік орындарына Иемізден басқа ешкім қоя алмайды және Ол мұны Құдайдың Рухымен жасайды. Құдайдың тағайындауынсыз билікке ие боламыз десек, біз өзімізді тым жоғары қоямыз. Бұл сөз шақырылған, бірақ әлі тағайындалмағандарға да қатысты. Пауыл былай ескертті: «Иеміз маған берген рақымға сүйене отырып, әрбіреуіңе айтамын: өздерің туралы тиістісінен артық ойламаңдар! Қайта, Құдайдан сенім арқылы әрқайсыңның үлестеріңе қандай рухани дарындар тигенін ойлай отырып, өздеріңді саналы түрде бағалаңдар» (Рим. 12:3).

Еврейлерге арналған хаттың авторы рухани жетекшілік лауазымын өз қолымызбен алмаудың маңызын көрсетеді: «Бас діни қызметкер болу құрметін ешкім өз бетімен иемденбейді,

оны Құдай белгілейді». Алдыңғы аяттар оның тағайындалуы керектігін анық көрсетеді. Еврейлерге жазылған хатта автор былай жалғастырған: «Сондай-ақ Мәсіх те Бас діни қызметкер болу құрметін өз бетімен иемденген жоқ» (Евр. 5:4–5). Тіпті Исаның Өзі жетекшілік лауазымын Өзі алған жоқ. Оны Әкесі тағайындады.

Пауылдың өзі турады не дегенін тыңдаңыз: «Мәсіх мені елші болуға шақырып, Құдайдың Ізгі хабарын жариялауға бағыштап тағайындады» (Рим. 1:1). Шақыру, сосын барып бағыштап тағайындауды айтады. Пауыл дүние жаратылғаннан бері елші ретінде шақырылды, бірақ ол құтқарылған сәтте қызметке қойылмаған. Елші Антақиядағы қауым басшыларына бағынған кезде сынақтан өтті. Бұл сынақ бірнеше жылға созылды. Пауыл бағынудың не екенін жақсы біледі. Өз тәжірибесінен ол кейіннен басшыларға қатысты былай жазды: «Бұлар да алдымен сыналсын. Содан кейін, егер айыпсыз болса, міндеттеріне кіріссін» (Тім. 1-х. 3:10).

Пауылдың өмірі бүгінгі күннің үлгісін қалыптастырды. Пауыл көмек қызметіндегі адалдық сынағынан өткеннен кейін, ұстаздық қызметке көтерілді (Тім. 2-х. 1:11; Елшілердің істері 13:1). Иеміздің лауазымдар мен қызмет орындарының тәртібі Жазбада ашылған: «Құдай қауымда кейбіреулерді, біріншіден, елшілер, екіншіден, Өзінің хабарын жеткізушілер, үшіншіден тәлім берушілер етіп қойды. Ол сондай-ақ [...] көмек көрсететін [...] дарындар сыйлады» (Қор. 1-х. 12:28).

Пауыл тек көмек саласында ғана емес, тәлімгерлік қызметте де сыналды. Құдайдың қызметшілер арасында қойған тәртібі Пауыл ұстаздықтан елшіге дейін көтерілген кезде тағы да көрінеді: «Антақиядағы сенушілер қауымында бірнеше пайғамбарлар мен тәлім берушілер бар еді: Барнаба, Қара деп аталған Шимон, Күренеден шыққан Лұси, аймақ әкімі Ирод Антипаспен бірге тәрбиеленген Манаин және

Саул» (Елшілердің істері 13:1). Кейінірек Пауыл деп аталатын Саул Антақия қауымындағы ұстаздар мен пайғамбарлардың тізімінде. Тімөтеге 1-хат 2:11-ден оның пайғамбарлардың бірі емес, тәлімгер болғанын білеміз. Оқуды жалғасақ, Пауылдың елшілікке қойылғанын білеміз: «Олар Иемізге ғибадат етіп, ораза тұтып отырғанда Киелі Рух: «Мен арнайы шақырған іске Барнаба мен Саулды Өзіме бағыштап шығарып беріңдер!» – деді» (Елшілердің істері 13:2).

Киелі Рух: «Енді Өзіме арнап бөліп шығарыңдар», – деді. Уақыт келді. Жаратқан Ие уақытты да, бөлінетін адамдарды да алдын-ала белгіледі. Көптеген жылдар бойы Пауыл өзінің өмірінде елшілік шақырудың барын білді. Ол Дамаскіге барар жолда Исамен кездескеннен кейін үш күн өткенде, елшілікке шақырылғанын білді (Елшілердің істері 9:15). Енді Иса көп жыл бұрын шақырған адамын бөліп шығарып, бағыштап тағайындады. Пауыл өзі жоғарылауға тырыспай адал қызмет етті.

Тәңір Ие Пауыл адал еңбек еткен қауымның қалыптасқан басшылығын пайдаланды. Ақсақалдар да осындай тәртіппен тағайындалды. Әрі қарай не болғанын оқиық: «Сонда олар ораза тұтып мінажат етіп, екеуінің үстеріне қолдарын қойып баталарын берді де, жолға шығарып салды. Осылайша Киелі Рух жіберген екі елші Селеукия қаласына барып, сол жерден кемеге отырып, Кипр аралына жүріп кетті» (Елшілердің істері 13:3-4).

«Жолға шығарып салды» деп жазылғанына назар аударыңыз. Тағайындалған басшылық Пауыл мен Барнабаны жіберді. Содан кейін келесі аятты қараңыз: «Осылайша Киелі Рух жіберген екі елші». Иса тағайындаған басшылық арқылы Киелі Рух Пауыл мен Барнабаны таңдап, елшілікке бағыштады. Қорытындылай келе, Иса бәрін биліктің тиісті тізбегі арқылы жасағанын көріп отырмыз.

Иса Антақиядағы пайғамбарлық мінәжат тобын пайдаланбады, сондай-ақ Пауыл мен Барнабаны басқа

қаладағы бөтен қауымға пайғамбарлық кездесуге жібермеді. Ол қауымдағы рухани дарыны бар жеке адамды да пайдаланған жоқ.

Жаратқан Ие Антақиядағы қауым арқылы орнатқан билігін пайдаланды. Сондықтан Құдай: «Адамдардың үстеріне қол қойып батаңды беруде асығыстық жасама!»,– деп ескертті (Тім. 1-х. 5:22). Жетекшілер қауымда қызмет ететіндердің адалдығын байқайды, сондықтан Құдай олардың жүректеріне тағайындау туралы айтқан кезде, олар Иеміздің тағайындауы екеніне сенімді болады. Жаңа өсиет қауымында адамдарды басшылыққа тағайындау әдісі осындай.

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН

Мұса өзінің қызметке шақырылғанын өмірінің басында білді.

Мұса қырық жасқа келгенде, оның жүрегінде исраилдік ұлттастарыма барып, жағдайларын көрсем деген ниет туындады. Ол соларға барғанда біреуіне бір мысырлықтың қол жұмсап жатқанын байқайды. Мұса ұлттасына болысып, әділетсіздіктің есесін қайтарып мысырлық жігітті өлтіреді. Мұса Құдайдың менің қолым арқылы өздеріне азаттық алып беретінін ұлттас ағайындарым түсінер деп ойлайды. Бірақ олар мұны түсінген жоқ. Келесі күні екі исраилдіктің төбелесіп жатқанын көргенде Мұса оларды татуластырғысы келіп: «Жігіттер, сендер бауырлассыңдар ғой! Қойыңдар, бір-біріңді неге жәбірлейсіңдер?» – дейді. Бірақ елдесін жәбірлеуші жігіт Мұсаны итеріп жіберіп: «Кім сені бізге басшы әрі төреші етіп тағайындады?» дейді (Елшілердің істері 7:23–27).

Болашақта Мұсаның қоластында болатын адамдар оның билігін мойындамады. Біреуі кейінірек Қорах, Датан және Абирон айтқан дәл дерлік сөздерді айтты: «Кім сені бізге басшы әрі төреші етіп тағайындады?». Бірақ ол ешқандай

зардап шеккен жоқ, өйткені Мұса әлі тағайындалмаған еді. Қызметке шақыру оның жүрегіне енсе де, Құдайдың билігі әлі Мұсаға берілмеген еді.

Менің ойымша, кейінірек шөл далада халықтың Мұсаға соншалықты қатты қарсы тұруының бір себебі, олар Мұсадағы Құдайдың билігін көрді, бірақ оны ұнатпады. Құдай Исраилдың шынында Мұсаға емес, Жаратқан Иеге қарсы шыққанын айтқан. Бұл менің жорамалымды растайды. Бүгінгі таңда бәрі баяғыдай. Жұрт шын мәнінде Құдайдың билігі бар адамдармен жиі күреседі, өйткені шынымен Құдайдың билігін ұнатпайды.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҒАЙЫНДАУ – АЛДАМШЫ ЖӘНЕ ҚАУІПТІ

Қорах, Датан және Абирон Мұсаға қарсы шыққанда, Мұсаның қызметке кіріп, тағайындалғаны айқын еді. Оның билігі бәріне анық болды. Бірақ әлгі үшеуі өздерін тағайындаған, намысшыл адамдар еді. Олардың ойы бүлік шығарудың алдамшы және қауіпті түрі болды. Неге алдамшы десеңіз, олар бүлік шығару арқылы шынымен Құдайға қызмет етіп жатырмыз деп ойлады. 250 рубасы тек Мұса мен Һаронға қарсылық көрсетіп жатырмыз деп сенді. Қарсылықтары Құдайға да қатысты екені ойларына кіріп-шыққан да жоқ. Олар Жаратқан Иеге қызмет етуді қалады. Бір жерде олар адасып, Құдайдың Мұсаға берген билігін ұмытты. Осы жаңылыс оларды дұрыс жолдан тайдырып, басшыға қарсы көтерілуге себеп берді. Сонымен қатар бұл өте қауіпті болды, өйткені мұндай бүлік ең қатал үкіммен бірге жүреді. Сайып келгенде, бұл Люцифердің тәкаппарланып, көктен құлағанына өте ұқсас.

Сол кісілердің сөзін естіген Мұса олардағы рухты танып, бетімен жерге жығылады. Олармен дауласпады. Құдай тағайындағандардың жүрегінде Киелі Рухтың жетекшілігі бар. Олар өз лауазымын дәлелдеу үшін, беделін кірден тазарту үшін күреспейді. Мұса Құдайды жақыннан білді.

Мұсаның басшылығын Құдайдың Өзі растайтынын да білді.
Мұса былай тіл қатты:

Жаратқан Иенің киелі шатырында қызмет атқару, қауымның алдында тұрып, оларға қызмет етудің өзі – өте сыйлы міндет. Ал Исраилдің Құдайы Исраил халқының арасынан дәл өздеріңді осы міндетті атқаруға таңдап алғандығы сендерге аздық ете ме? Қорах, осылайша Жаратқан Ие саған және леуілік ағайындарыңның бәріне Өзінің алдына келіп қызмет етуге жол берген. Ал қазір сендер тағы діни қызметкер болуға да дәмеленіп жатырсыңдар. Өзің де, күллі жақтастарың да бұларыңмен Жаратқан Иеге қарсы шығып отырсыңдар (Рү. сан. 16:9–11).

Олар өздеріне тапсырылғаннан да көп нәрседен дәметті. Осылайша күтпеген жерден Жаратқанға қарсы шықты. Олар Құдай әлі бермеген билік деңгейіне ұмтылды. Мұса қайталап: «Жетер енді сендерге, леуіліктер!» – деді. (Рү. сан. 16:7). Бүлікшілер бетінен қайтпайтыны анық болғанда, Құдай Мұсаға: «қауымға: “Қорах, Датан және Абиронның қостарының жан-жағынан кері шегініңдер!” деп бұйыр» деді. Мұса орнынан тұрып, Датан мен Абиронға қарай беттеді. Исраилдің ақсақалдары оның соңынан ілесті. Мұса қауымға бұйрық беріп: «Мына зұлым адамдардың қостарынан аулақ шегініңдер! Әрі оларға қарасты ештеңеге де тиісуші болмаңдар! Әйтпесе олардың күллі күнәларына бола сендер де құрып кетесіңдер», – деді. Сонда халық Қорах, Датан мен Абиронның тұратын қостарының жан-жағынан кері шегінді. Ал Датан мен Абирон әйелдері, ұлдары және кішкентай сәбилерімен бірге қостарының кіреберісінде тұрды.

Мұса Исраилдің қауымына тағы былай деді: «Осы істердің барлығын өз ойыма сай емес, Жаратқан Иенің маған тапсыруымен істегеніме мынау арқылы көздерің жететін болады:

Егер бұлар барлық адамдар іспетті көз жұмып ақ өліммен өлетін болса, онда Жаратқан Иенің мені жібермегені. Ал егер Жаратқан Ие бұрын-соңды болмағанды жасап, жер аранын ашып, оларды барлық мал-мүлкімен бірге жұтып қойып, олар тірідей тұңғыыққа түсіп кетсе, онда сендер сол адамдардың Жаратқан Иені менсінбей қорлағанын білетін боласыңдар!»

Мұса осы сөздерді айтып бола салысымен, сол адамдардың аяқ астындағы жер қақ айырылды. Осылай жер аранын ашып, Қорахтың бүкіл тобын үй іштерімен бірге, барлық дүние-мүлкімен қоса жұтып қойды. Олар өздеріндегі барымен бірге тірідей тұңғыыққа түсіп кетті. Содан соң жер жабылып, олар жамағаттың арасынан біржола құрып жойылды. Айналасында тұрған бүкіл Исраил халқы олардың айқайын ести сала: «Ойбай, бізді де жер жұтып қоймасын!» – деп, жан-жаққа бас сауғалап қаша жөнелді. Ал Жаратқан Ие от жіберіп, өз беттерімен хош иісті заттарды түтетіп жатқан екі жүз елу адамды өртеп жіберді (Ру. сан. 16:24–35).

Бұл адамдарға қатысты қатаң үкім бізге екі ойландыратын фактіні қалдырады. Біріншіден, олар шын мәнінде Оған қарсылық танытқанда, әлі де Құдайға қызмет етіп жатқандарына шынымен сенді. Екіншіден, Жаңа өсиетте Яһуда соңғы күндерде қауымда осындай адамдар болады деп ескертті, олар «өз тәндерін масқаралап, ешбір билікті елемей, абыройлы билеушілерді балағаттап жүреді» (8-аят). Яһуда сосын былай дейді: «Бұлар қасіретке қалмақ! Ақырында олар Қорах сияқты қиқарлықпен (қауым жетекшілеріне қарсы) бас көтергендері үшін құртылмақ».

БҮЛІК – ЖҰҚПАЛЫ

Қорахтың бүлігі жазылған тарауда көтерілістің екінші бөлек оқиғасы бар. Ол келесі күні бүкіл қауым Мұса мен Һаронға қарсы көтерілгенде болды. Олар: «Сендер Жаратқан Иенің

халқын құрттыңдар!»,— деп күңкілдей бастады (Ру. сан. 16:41). Олар бір күн бұрын болған оқиғадан шошып, қатты үрейленіп қалғандары анық. Бірақ кейіп, Мұсаға айып таққандары қате болды. Қорах, Датан мен Абиронның көтерілісі халыққа қатты ықпал еткен болса керек. Жұрт өз көзімен жердің қақ айрылып, бүлікшілерді отбасыларымен бірге жұтып қойғанын көрсе де, көтерілістің ажалға әкелетінін әлі түсінген жоқ. Таң қалдыратын жайт, солай емес пе? Қазіргі таңда да басқалардың көтерілісі қалған қауым мүшелеріне осылай әсер ететінін көп көрдім.

Қауым Мұса мен Харонға қарсы шыққанда, Құдай қатты ашуланып, олардың бәрін жойғысы келді. Бірақ Мұса мен Харон халық үшін араша болды. Соның нәтижесінде ұлт құтқарылды. Сонда да Жаратқан Иенің қаһарынан 14 700 адамның өмірін қиған індет шықты! Бұл алдыңғы күннен әлдеқайда көп!

Құдай халқы, сендерге ескертейін: бүлік – жұқпалы және өлімге әкеледі. Киелі кітап Құдай бүлікті жай ғана ұнатпайды демейді. Жазбада Құдайдың оны жек көретіні анық айтылған. Жаратқан Иенің бүлікке көзқарасы ұнатпаудан гөрі әлдеқайда қатал. Люцифер бүлік шығарған кезде, оған ешкім сыпайы түрде «Ал енді, аспаннан кете ғой» деген жоқ. Эзәзіл найзағайша көктен құлап түсті (Лұқа 10:18). Бүлікшіл адаммен араласқан адам өзіне өлім тілейді. Осы себепті Пауылдың римдік қауымға айтқан соңғы сөздері мынадай:

Бауырластарым, сендерге өтіне айтарым: жік шығарып, өздеріңе үйреткен ілімге қарсы араздық туғызушылардан сақ болып, аулақ жүріңдер! Мұндайлар Иеміз Иса Мәсіхке қызмет етпейді, қайта, қарындарының ғана қамын ойлап, жағымпазданып, майда да сылдыр сөздерімен тәжірибесіздерді алдайды (Рим. 16:17–18)

Пауылдың соңғы сөзімен осы тарауды аяқтағым келеді. Мойындаймын, бұл хабар аса қуанышты болмауы мүмкін, бірақ ол сіздің өміріңізді сақтай алады. Бұл шындықтың екпесі сияқты. Жағымды емес, бірақ оның қорғанысы бастапқы қолайсыздықтан әлдеқайда басым. Осы хабардан Құдайдың сүйіспеншілігін көрсеңіз екен деп сиынамын. Жаратқан Ие сізді қорғау үшін Өзінің ескерту сөзін жеткізіп отыр.

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

БІРЛІК

*Билікке бағынып біріккен қауым
Құдайдың ұлылығын көрсетеді.*

Құдайдың билігіне бағынып өмір сүрудің осы уақытқа дейін талқылағанымыздан асқан мақсаты мен пайдасы бар ма? Ия, сөзсіз! Құдайдың Патшалығын әлемге таратамыз десек, билікке мойынсұну қажет.

Иса қауымға бір мақсат берді: *біртұтас болу!* Бұл мақсатқа жетудің үлкен пайдасы бар. Мәсіх былай сиынған:

«Мен бұлар үшін ғана емес, олардың айтқандары арқылы Маған сенетін барлық адамдар үшін де өтініп тұрмын. Әке, Мені Өзіңнің жібергендігіңе адамзаттың сенуі үшін, Сенің Менімен, Менің де Сенімен тығыз байланыста тұрғанымыздай, сенушілер де Екеуімізбен тығыз байланыста тұрып, бәрі біртұтас болсын деп өтінемін. Солар да Біз сияқты біртұтас болсын деп, Өзің Маған сыйлаған *ұлылықты* Мен оларға да бердім» (Жохан 17:20–22).

Бізге арналған *ұлылық* бар екен, бірақ ол бірлікпен тығыз байланысты. Ұлылық дегеніміз күнде айтылатын сөз емес.

Merriam-Webster сөздігі оған «керемет сұлулық пен салтанат, сәулеттілік» деп анықтама береді. Грек тіліндегі «докса» сөзі де осыған ұқсас мағынаға ие. Дегенмен, «Complete Word Study Dictionary» сөздігінде: «Құдайдың ұлылығы – Оның болмысы» делінген.

«Докса» сөзінің Ескі өсиеттегі еврейше баламасы – «кабод». Ол сөздің бірнеше мағынасы бар, олардың кейбірі: салтанат, байлық, құдірет, молшылық, құрмет, ұлылық және ауырлық. Бір сәт кідіріп, осы сөздің ауқымы туралы ойланып көріңіз. Киелі кітап Құдайдың *ұлылығы* туралы айтқанда, оның керемет салтанатын, оның көз жеткізгісіз байлығын, құдіреттілігін, шексіз тұлғасын, түпсіз абыройын және болмысының асқан даңқын білдіреді. Соңғы ауырлық сөзі бұл қасиеттердің мол екенін, қасиеттердің толық күші бар екенін көрсетеді. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл *Құдайдың ұлылығының салмағы*.

Иса – адам ретінде ашылған Құдай. Біз оның: «Кім Мені көрсе, соның Әкені де көргені» деген маңызды сөздерін әрқашан есте ұстауымыз керек (Жохан 14:9). Жохан елші әу бастан Сөздің Құдай екенін айтқан. Сосын ол былай жазды: «Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді. Сонда біз Әкенің жалғыз рухани Ұлының асқан *ұлылығын* көрдік: Ол рақымдылық пен шындыққа толы еді» (Жохан 1:14). Оның ұлылығы көптеген жолдармен, бірақ ең бастысы Оның құдіреті арқылы көрінді. Мұны суреттейтін көптеген аяттардың бірі Жохан 2:11: «Осылай Иса кереметтерінің алғашқысын Ғалилеядағы Қана қаласында жасап, Өзінің ұлылығын көрсетті». Иса жерде жүргенде *Құдайдың ұлылығының салмағын* көрсетті.

Кетер алдында Ол бізге: «Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін» деді (Жохан 20:21). Осы орасан зор тапсырманы орындау үшін Иса *Өз ұлылығының салмағы* бізге берілсін деп дұға

етті. Жоғарыда айтылғандай, бұл уәде біздің бірлігімізбен, біртұтастығымызбен тығыз байланысты.

«Бауырлардың ынтымақта тұрғандары
Қандай тамаша да жарасымды!
... Сонда Иеміз өз жарылқауы – шын өмірді
Мәңгі бақи *сыйлауға* ұйғарған еді» (Заб. 133:1–3).

Қандай керемет шумақ. Құдайдың ұлылығын көруден, Оның керемет құзырын сезінуден артық жарылқау жоқ. Оны бөлінген қауым көре алмайды. Тек біртұтас, ынтымақ сақтайтын қауым Құдайдың ұлылығын паш ете алады.

КЕРЕМЕТ ҮЛГІ

Бұл шындық алғашқы қауымның өмірінен жақсы көрінеді. Иса көкке көтерілгенде, шәкірттеріне «Иерусалимнен кетпеңдер» деп бұйырған еді. Мәсіхтің адал ізбасарлары бұйрыққа бағынып, бір жерде жоғарғы бөлмеде жиналып отырды (Елшілердің істері 1:4). Қайта тірілгеннен кейін қырық күннің ішінде Исаны кем дегенде 500 адам көрді (Қор. 1-хат 15:6). Бірақ Иса көкке кеткеннен он күннен өткенде Иерусалимде тек 120 адам қалды. Қалған жүздеген адам қайда болды? Олардың қайда, немен айналысқандарын білмейміз, тек Исаның «Әкенің өз уәдесін орындауын тосыңдар» деген бұйрығына бағынбағанын білеміз.

Жоғарғы бөлмедегі ерлер мен әйелдер Исаның сөзіне, яғни Оның тікелей билігіне бағынып бірікті. Олар Исаның тікелей емес, тағайындаған билігіне бағынар ма еді?

Кетер алдында Иса Петірге басшылық етуді тапсырды. Петір басқа шәкірттердің арасында ерекше болды. Ол Құдайдың жолдарын білуге зор құлшыныс танытты. Петір Құдайдың Патшалығы турады басқалар білмейтін заттарды білді. Сонымен қатар, оның басқа шәкірттерге ықпалы болды. Петірдің

өмірінде басшылық ету дарыны болғаны сөзсіз. Алайда ол жиі өз қалағанын істеп, Құдайдың еркінен мүлт кететін. Ол Исаның Мәсіх екенін, тірі Құдайдың рухани Ұлы екенін батыл айтқан кезде, Иса Петірдің түсінігін мақтап «Сен бақыттысың [...] саған мұны адам баласы емес, көктегі Әкем білдірді!» деді. Алайда бірнеше минуттан кейін Петірге «Менен аулақ кет, әзәзіл! Маған тұзақ құрып жатырсың: сен Құдайдың емес, адамның қалауын ойлап тұрсың, – деп тыйым салды» (Мат. 16:23).

Басқа бір оқиғада Петір су бетімен жүрді, ал басқа шәкірттер қайықта қалып, жай ғана бақылап отырды. Ол тағы да тамаша сенім танытып, кереметке тұңғыш жол салды. Мүмкін басқа шәкірттер мұны көріп, Петірге ілесіп, судың бетімен жүрер ме еді? Ол болмай тұрып, Петір суға бата бастады. «Иса дереу қолын созып, демеп жіберіп: – Әй, сенімі азым-ай! Неліктен (Менің құдіретіме) күдіктендің? – деді» (Мат. 14:31).

Тағы бір оқиғада Иса Петірді Жохан мен Жақыппен бірге тауға ертіп апарды. Таудың басына шыққанда Исаның кейпі өзгеріп салды: бет-әлпеті күндей жарқырап, киімдері нұрланып аппақ сәуле шашты. Кенеттен Мұса мен Илияс пайғамбар пайда болып, Исамен сөйлесті. Үш шәкірт үшін осы керемет оқиғаны көру керемет мәртебе болды. Алайда бұл тамаша көрініс аяқталмай тұрып Петір үш киелі шатыр салуды ұсынды, олардың екеуі Илияс пен Мұсаныкі болушы еді. Тағы да, Петірдің көшбасшылық қасиетін көріп отырмыз. Бірақ ұлылықты өз көзімен көрсе де, оның ниеті Құдайдыкімен үндеспеді.

Петірдің Исадан бас тартуы есіңізде ме? Осы үлкен сәтсіздігі де шәкірттердің есінде қалды. Иса қайта тірілгеннен кейін, қабір басында отырған періште үш әйелге мынадай тапсырма берді: «Енді барып, Оның шәкірттеріне және Петірге мынаны жеткізіңдер: Иеміз сендерден бұрын Ғалияға барады. Сендерге Өзі айтқандай, сол жерден Оны көресіңдер» (Марқа 16:7). Петірді бөлек атап өтуге тура келді. Бұл әйелдер де,

басқа шәкірттер де енді Петір Исаға сенбейді деп ойласа керек.

Сонымен, негізгі сұрағымызға оралайық: енді-енді қалыптасып жатқан қауым осындай тұрақсыздық танытқан адамға бағынуға және мойынсұнуға қабілетті ме? Оның қызба мінезі, хабарды дұрыс түсінуі, пайымдауы және шешім қабылдауы мінсіз емес, ол жиі қателеседі. Петір аумалы-төкпелі кезеңде жас қауымды басқара алатын ең мықты жетекші емес еді.

Осыны ескере отырып, Петірдің алғашқы қауымының жетекшісі ретіндегі бірінші шешімін қарастырайық. Бірнеше күн өтті. Петір Забур кітабынан Яһуданың Исаға опасыздық жасағанына тікелей қатысты пайғамбарлық сөз тапты. Оны жоғарғы бөлмеде жиналған кішігірім қауымға оқып берді: «Ал Забур жырларында мына тәрізді сөздер жазылған: “Міндетін оның басқа біреу алсын!”» (Елшілердің істері 1:20). Петір тағы да басқалардың көрмегенін көрді. Ол бұл білімді дұрыс қолдана алар ма екен?

Менің айтқалы тұрғанымды дәлелі жоқ сөз деуге болады, бірақ ойымды Киелі жазбаға негіздеп көрсетпекпін. Мен Петрдің шешім қабылдауы Құдаймен үндеспегеніне сенімдімін. Бұған негізгі себеп – Яһуданың орнын кім басатынын көру үшін, Петір «Исамен бірге басынан бастап жүрген шәкірттердің бәрін жинап, жеребе тастайық» деді.

Жаңа өсиеттің ешбір жерінде Құдайдың «жеребе тастау» (лотерея жүйесі) арқылы елші таңдаған емес! Иса бұл адамдарға үш жарым жыл бойы Құдайдың жолдарын көрсетті және шешім қабылдауда үлгі қалдырды: Ол он екі алғашқы елшісін таңдамас бұрын түні бойы дұға етіп, Құдайдан жауап сұрады (Лұқа 6:12-13). Петір Исаның үлгісіне ерсе, жақсы болар еді. Бірнеше жылдан кейін Антақиядағы қауымда пайғамбарлар мен ұстаздар Пауыл елші болып тағайындалмас бұрын ораза ұстап, дұға етті. Олар Исадан үлгі

алды (Елшілердің істері 13:1–4). Петір де неге солай істемеді? Петірдікі асығыс шешім болғанын осыдан көріп отырмыз.

120 адамның арасында екі үміткер табылды: Жүсіп пен Матия. Петірдің ұсынысы келесідей нәтиже берді. Матия жеребе тастап, ұтты. Ол 12 шәкірттің арасына кірді (Елшілердің істері 1:23–26), бірақ Матияның есімі Жаңа өсиетте басқа еш жерде кездеспейді. Неліктен? Өйткені Яһуданың орнына Құдай Матияны емес, Саулды (Пауылды) таңдағысы келді. Сондықтан Пауыл былай деп жазды:

Содан кейін Мәсіх Жақыпқа, сондай-ақ барлық елшілеріне көрінді. Бәрінен кейін, *дер кезінде жаңа өмірге дайын болмаған мен* де Мәсіхті өз көзіммен көрдім. Елшілердің ішіндегі ең лайықсызымын, елші деп аталуға да тұрмаймын, себебі мен Құдайдың қауымын қуғындадым (Қор. 1-хат 15:7–9).

Пауыл өзін дер кезінде жаңа өмірге дайын болмағанын айтты. Басқаша айтқанда, ол бастапқы он екінің бірі болу үшін тым жас болса керек. Зерттеу барысында әр түрлі дереккөздерден Пауылдың дүниеге келген уақыты туралы әртүрлі пікірлер таптым. Ең ерте және ең кеш дегендегі болжамдардың арасында 14 жыл айырмашылық бар. Сондықтан оның жасын білу үшін Жаңа өсиеттің хронологиясына назар аударайық. Көптеген деректер бойынша Стефанның шейіт болуы Иса қайта тірілгеннен кейін төрт жыл өткенде орын алды. Тас ату кезінде Жазбада Саул (Пауыл) «жас жігіт» деп аталады (Елшілердің істері 7:58). Жаңа өсиеттің грек-ағылшын лексиконына сәйкес «жас жігіт» деген грек сөзі жыныстық жетілуден кейінгі адамға қатысты қолданылады. Пауыл алғашқы он екі шәкірттің бірі болуға тым жас десек қателеспейміз.

Пауылды Құдай таңдағанына күмәнім жоқ. Матияға қарағанда Паулдың елшілікке сәйкес жемісц пен билігі

болғаны анық. Сонымен, айтайын дегенім, менің ойымша, Петір Құдайдың жоспарына сәйкес келмейтін тым шұғыл шешім қабылдады. Егер қазіргі заманғы қауымда осындай шешім қабылданса, оның кесірінен қауымның екіге бөлінуі ғажап емес. «Лотерея бойынша елші таңдауға қарсы» топ бөлініп шығып, «лотерея бойынша елші таңдауды дұрыс санайтын» топ қалатын еді. Осы оқиғадан кейін Жазбадағы келесі сөзді тыңдаңыз:

Алғашқы өнім мейрамы келгенде, сенушілердің *бәрі бірге* болды (Елшілердің істері 2:1)

«Бәрі бірге» сөздері шын мәнінде түпнұсқада бір грекше сөз, ол «хомотумадон». «Complete Word Study Dictionary» бұл сөзге былай анықтама берген: «Бір ой, бірауыздан келісім, біртұтастық, бірлік». Бұл анықтамадан ой не әрекет бойынша бөлірудің жоқ екенін көруге болады. Олардың мақсаты, ақыл-ойы, жүрегі және рухы бір болды.

Бұл терең бірлік қандай нәтиже берді? Құдай өзінің ұлылығын басқа жерде болған 380-ге емес, жүрегі, санасы және мінез-құлқы *бір* 120 адамға көрсетті. Осы Мәсіхтің ізбасарлары Құдайдың ұлылығын көргеніктен, Иерусалим қаласы ешқашан бұрынғыдай болмайды.

Жоғарғы бөлмедегі ерлер мен әйелдер Петірдің нұсқауына бағынды. Ол қиынға соқпады. Оған екі себеп бар. Біріншіден, Құдайдың еркіне үйлеспесе де, жеребе тастап елші таңдау күнә емес еді. Екіншіден, олар Құдай тағайындаған басшыға толығымен бағынды.

Құдайдың тікелей және тағайындаған билігі арасындағы байланыс өте маңызды. Киелі кітаптан осы ақиқатты тағы да көріп отырмыз. «Мен Құдайға мойынсұндым» дейтін, бірақ сонымен бірге Оның тағайындаған басшыларына қарсы тұратын адамдар бар. Олар алданып жүр. Егер біз шынымен Құдайға

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

мойынсұнсақ, екі себепке байланысты басшыларымызға бағынамыз. Біріншіден, Құдайдың тікелей билігі үстімізден қойылған басшыларға бағынуды бұйырады. Екіншіден, олардың үстінен қарайтын Құдайдың билігін мойындағандықтан бағынамыз. Ендеше, тағайындалған билік бізге күнә жасауды бұйырмайынша, басшыларымызға мойынсұну Құдайға ұнамды және пайдалы. Осылай істесек, Құдайдың ұлылығына есік ашылады және Патшалық жерге тезірек тарайды.

ҚАТТЫ ШЫНДЫҚ

Өзімізге келесі күрделі сұрақтарды қояйық.

- Қауым билігіне мойынсұнбаудың кесірінен Құдайдың ұлылығының көрінуіне кедергі жасап жүрген жоқпыз ба?
- Мойынсұнуымыз билікпен келіскен-келіспегенімізге байланысты ма?
- Қауым ішіндегі бөлінуге үлес қосып жүрген жоқпыз ба?

Жоғарғы бөлмеде Петірге қарағанда басқаша шешім қабылдағысы келген шәкірттер болған шығар. Бөлмедегі біреуді таңдамас бұрын, Исаның үлгісіне еліктеп, алдымен Құдайды іздеу дұрысырақ болғаны сөзсіз. Асығып жеребе тартып, Құдай шақырмаған адамды елші қызметіне тағайындаудан гөрі, ол әлдеқайда саналы қадам болар еді.

Шешім мінсіз болмаса да, сол бөлмедегі адамдар басшыға бағынып, *бірлік* сақтауды маңыздырақ көрді. Әрқайсысы Петірмен толықтай келіскендей әрекет етті. Қызмет ету әдісін таңдай алмай, өте ақымақ, маңызсыз келіспеушілікке бола қаншалықты жиі бөлінеміз? Қызмет әдісіне емес, Киелі кітапқа байланысты жікке бөлінуіміз ше? Мысалы, Иса ақырзаманғы азапқа дейін, азаптың ортасында немесе азаптан кейін қайтып келеді ме деген сұрақ бар. Бұл арамызға жік салатындай маңызды мәселе ме? Бізге бағушының костюм кимей, джинсы кигені ұнамайды. Бізге ғибадат кезінде арнайы

әсерлер жасайтын түтін мен жарық машиналары ұнамайды. Бағушының тым ұзақ немесе тым қысқа сөйлейтіні ұнамайды. Мінәжат тым қысқа болды немесе мінәжат кезінде белгілі бір мәселе туралы дұға етпедік. Шынымды айтсам, осындай тақырыптар шексіз. Қорытындылай келе, қаншалықты оңай бөлінетінімізді көрсем, жүрегім ауырады. Бір алаңдатарлық факт бар: барлық бөліну оңай таныла бермейді. Жаңа өсиет бірлігіміздің негізі тек іс-әрекет емес, одан да үлкен нәрсе болсын дейді. Оны келесі үзінділерден көріп отырмыз:

Пікірлес, бір-біріңді тең сүйетін, ынтымақтас әрі ниеттес болыңдар (Філіп. 2:2).

Сонымен, қымбатты бауырластар, қош-сау болыңдар! Түзеле беріңдер, жігерленіңдер, *бір ниеттес*, тату болыңдар! Сонда сүйіспеншілік пен тыныштықтың бастауы – Құдай сендерге жар болады (Қор. 2-х. 13:11).

Қандай жағдай болмасын, тек Мәсіх жайлы Ізгі хабарға сай өмір сүріңдер! ...сендер туралы *«бірдей ниетпен* табанды тұрады, Ізгі хабарға деген сенімдері үшін бір кісідей жұмылып, жан аямай күреседі, қарсыластарынан еш қорықпайды» дегенді естігім келеді (Філіп. 1:27).

Бөліну тек қарама-қарсы сөздермен немесе әрекеттермен шектелмейді. Бөліну тереңірек – ақылға, жүрекке және рухқа түседі. Сырт көзге арамызда бірлік бардай көрінсе де, іштей ниеттеріміз бен ойларымыз басқаша болуы мүмкін. Менің анам мен әкем Флориданың шығыс жағалауындағы Веро Бич деп аталатын қалада бірнеше жыл тұрды. Веро Бичтен солтүстікке қарай шамамен он үш миль жерде Себастьян айлағы деп аталатын жер бар. Ол жергілікті тұрғындарға судың тереңде өте күшті ағатынымен танымал. Тереңдегі ағыс – жай көзге байқалмайтын құбылыс. Мұхит бетіндегі барлық су

біртұтас болып ағып, жағажайға қарай жылжып бара жатқан сияқты. Дегенмен, су бетінің астында қарама-қарсы бағытта жылдам қозғалатын қауіпті ағыстар бар. Оған түскен адамның тірі қалуы екіталай. Су алып әкетіп, тереңге батырады.

Қауымдарымызда Құдайдың ұлылығының көрінуіне кедергі келтіретін жасырын ағыстар бар ма? Біріккен шәкірттердің арқасында бүкіл Иерусалим Исаның қайта тірілгені туралы естіді. Оның құзыры мен құдіретінің ұлылығы бәрін аң-таң қылды. Ойланып көріңізші, жиналыстарды жариялау үшін теледидар, радио немесе басқа бұқаралық ақпарат құралдары болмады, бірақ аяқ астынан басталып кеткен жиналыстарда мыңдаған адам Құдайға бет бұрып, құтқарылды.

Тағы бір маңызды сұрағым бар. Құдайдың сотына келіп, қаншамыз таң қалып тұрамыз? Иса көзіне жас алып, Киелі Рухтың жұмысына кедергі жасағанымызды айтады ма екен? Біздің келіспеушілігіміз көптеген адамдардың құтқарылуға кедергі жасаған жасырын ағыс болғанын білсек не істейміз? Басшыларымызбен жүрегімізде, ойымызда немесе іс-әрекетімізде келіспедік. Иә, біздікі дұрыс та болған шығар. Жақсырақ, Киелі кітапқа көбірек сәйкес келетін стратегиялар мен әдістер болған шығар. Бірақ қайсысы жақсы: біздікі дұрыс болғаны ма, Құдайдың ұлылығын көру ме? Дұрыс сөз айту ма, әлде көп адамның Құдай Патшалығына келгенін көру ме?

ӘРТҮРЛІ ӘДІСТЕР

Бұл құпия емес. Басшылардыкі Құдайдың жоспары мен стратегияларына ұласпауы мүмкін. Осыны жазып отырып, өзімнің қанша рет жетекші ретінде дұрыс шешім қабылдамағанымды ойлаймын. Әрине, ол кездерге өкінемін. Дегенмен, Құдай Өз мақсаттарын бәрібір жүзеге асырады. Оның әдісі көп. Бастысы, біздің бірлік сақтауымыз. Мұны не үшін айтып отырмын? Бұл қызметке бейжай қарап, Оның еркін

іздеуде немқұрайлы болу үшін сылтау емес. Бұл сөзім мен сияқты қателіктер жіберген басшылар үшін жұбаныш болсын.

Енді қауым ретінде біртұтас болуымызға кедергі келтіретін тағы бір нәрсені айтқым келеді. Бұл қауымда болып жатқаннан бейхабар болу. Патшалықты ілгерілетудің әртүрлі жолдары бар. Пауыл қорынттықтарға қауымда әртүрлі дарындан мен лауазымдар бар екенін айтты, бірақ содан кейін ол былай жазды: «*Әрекеттер де алуан түрлі*, бірақ олар арқылы сендердің барлығыңда әрекет ететін Құдай Біреу» (Қор. 1-х. 12:6). Алуан түрлі әрекеттер бар. Басқаша айтқанда, біздің қызметтер әртүрлі әдістерді қолдана отырып, сәтті жұмыс істейді.

Пауыл Елші қауымға нұсқау беру үшін әскери сөздерді жиі қолданды. Бұл жай ғана теңеу емес, өйткені біз шынында да Құдайдың жердегі әскеріміз. Мен қызметтердің әртүрлі әрекеттерін сипаттағанда Пауылға еліктеймін. Біздің Америка Құрама Штаттарының әскері әртүрлі бөлімдерден тұрады. Бізде армия, флот, әуе күштері, теңіз жаяу әскері және жағалау күзеті бар. Бұлардың мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін әртүрлі әдістері бар. Бұл әдістер көбінесе әрбір бөлімшенің ерекшеліктеріне сәйкес. Бірақ, олардың барлық ұлтымызды қорғауға, қызмет етуге келгенде бір жақта.

Әуе күштерінің курсанттары Америка Құрама Штаттарының әуе күштерінің мүшесі ретінде арнайы дайындалады. Оқудың көп бөлігі әуе-тактикалық операцияларға қатысты болады, өйткені қызмет саласы бойынша әуе күштері негізінен аспанда жұмыс істейді. Курсант армияға қайта тағайындалса, ол жаңа дайындықты қажет етеді. Әрине, екі бөлімді да біріктіретін әртүрлі әдістер бар. Дегенмен, армия негізінен жерде әрекет етеді, сондықтан әуе күштерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Сол себепті, әуе күштерінің бұрынғы мүшесі көптеген жаңа тактикалық маневрлер мен әскери стратегияларды үйренуі керек.

Осы мысалды есте сақтап, Пауылдың қорынттық қауымға

айтқан сөздеріне назар аударайық:

Енді: «Менен үлгі алыңдар!» – деп өтінемін (Қор.1-х. 4:16).

Пауыл қауымға өзіне еліктеуді бұйырды. Кейіннен ол: «Менің Мәсіхтен үлгі алғанымдай, сендер де менен үлгі алыңдар!» деді, бірақ қазір тек өзінен үлгі алуды жазып отыр (Қор. 1-х. 11:1). Осы тұста неліктен дәл Пауылдың үлгісі маңызды? Келесі сөздені себебін табамыз:

«Енді: «Менен үлгі алыңдар!» – деп өтінемін. Сол үшін Тимотені жіберіп отырмын, ол – Иемізге берілген сүйікті де қымбатты рухани ұлым. Менің Мәсіх *Исаның жолымен қалай жүріп жатқанымды* Тимоте естеріңе түсіретін болады» (Қор. 1-хат 4:16–17)

Қорынттық қауымның негізін қалаған Пауылдың өзі. Ол қауымға өзіне еліктеуді бұйырып, «Сол үшін Тимотені жіберіп отырмын», – дейді. Тимотені неге жіберу керек? Тимоте оларға Пауылдың Мәсіх жолымен қалай жүріп жатқанын еске түсіру үшін. Пауыл: «Тимоте Жақыптың Мәсіх жолымен қалай жүргенін айтып береді» деген жоқ. Жақып қауымның елшісі болды ма? Иә, әрине! Ол құдайшыл басшы болды ма? Иә! Жақып Пауылға қарағанда ұзағырақ елші болды ма? Тағы да, иә. Оның жолдары, әдістері немесе әрекеттері Пауылдікінен өзгеше болды ма? Жауап тағы да, иә. Пауылдың нұсқаулары Жақыптың Мәсіх жолымен жүруін сынады ма? Мүлдем жоқ! Алайда Жақыптың жолы Пауыл құрған Қорынт қауымына сәйкес келмеді. Әуе күштерінің көптеген жолдары флотта жұмыс істемейтіні сияқты, мұнда да тура солай. Кейбір қайталанатын әдістер бар, бірақ айырмашылық көп.

Мұны толығырақ қарастырайық. Пауыл Тимоте қауымға Петірдің, Яһуданың немесе Жоханның Мәсіх Исаның жолымен

қалай жүріп жатқанын түсіндіреді деген жоқ. Пауыл осы қауымды құрып, онда өзінің көшбасшылық мәдениетін дамытуды жалғастырды. Оның әдістері басқа елшілердікінен ерекше болса да, барлығы Мәсіхтің негізгі іліміне сай болды. Алғашқы қауымның барлық басшыларының негізгі сенімі мен ілімдері бірдей болды. Бірақ олардың әрқайсысында шәкірт дайындаудың әртүрлі әдістері болды.

Өз қауымыңызға қатысты осылай ойлап көріңіз. Жетекші бағушыларыңыздың есімдері Джим және Лиза Смит делік. Олар қарамағындағы қызметкерлер тобымен бірге Құдайдың рақымымен қауымды бір жарым мың мүшеге дейін өсірді. Олардың жұмысында Джим мен Лиза Смиттің көшбасшылық стиліне тән мәдениет пен әдістер бар. Қауымыңыз мол жеміс әкеліп, қоғамға айтарлықтай ықпал етті. Қала тұрғындары қауым туралы біледі және оның тамаша әсерін мойындайды. Болды. Басқа ешқандай керемет зат жоқ.

Дегенмен, басқа жерде халықаралық беделі бар өте танымал қауым бар делік. Оның жетекші бағушылары – Даг және Хэзер Джонс. Олар өз қызметінде жаңаша тактикаларды қолданады. Олардың әдістерін басқа қауымдар да үйреніп, білгісі келеді. Осы үлкен қауым не істесе, басқалар да тура соны істейді. Даг және Хэзер Джонс сіздің бағушыларыңызға қарағанда әлдеқайда көп адамдарға әсер етеді. Сіз кімнің жолымен жүресіз, Джонстардың ба, (өз бағушыларыңыз) Смиттердің бе? Өз басшыларыңызды танымал жаһандық бағушылардың жолын ұстанып, олардың әдістерін бейімдеуге итергіңіз келеді, солай емес пе? Қорынттықтар сияқты сіз де, бірлік пен ұлылық үшін өз жетекшілеріңіздің жолын біліп, соны ұстануға ұмтылуыңыз керек. Шындығында, үстіңізден қарайтын Джонстар емес, Смиттер.

АУҚЫМДЫ КӨЗҚАРАС

Мен отыз жылдан астам апта сайын бүкіл әлем бойынша саяхаттап келемін. Қырық тоғыз штат пен алпыстан астам елде мыңнан астам конференциялар мен қауымдарда болу мен үшін үлкен мәртебе. Көптеген қауымдарда әртүрлі әрекеттерді көргеніме қуаныштымын. Қонақ ретінде шақырылғанда, басты мақсаттарымның бірі – қауымның мәдениетін үйрену.

Менің үйіме қонақ болып келсеңіз, «Үйіңді олай басқарма, былай басқар» деп ақыл айтпас едіңіз. Біздің үйдің тәртібімен жүре беретін едіңіз. Қонақ болған соң, қашан ас ішетінімізді және не жейтінімізді сіз басқармас едіңіз. Жоқ, керісінше: «Кешкі ас нешеде?» деп бізден сұрар едіңіз. Сосын кешкі асқа бізбен бірге отырып, біз не жесек, соны жейтін едіңіз.

Қонақ ретінде мен қауым жетекшілерінен: «Сахнаға шыққанда не кигенім дұрыс?» деп сұраймын. Содан кейін олар айтқандай киім киюге тырысамын. Бір жолы конференцияға барғаным есімде. Уағыз айтқанда джинсы мен түймелі көйлек киемін деп, осы киімді дайындадым. Әуежайда бізді қалай күтіп алғанын көрсеңіз. Екі ақ лимузин келіп, одан смокинг киген төрт адам шықты. Олар бізді қонақүйге және қызмет көрсетуге апару үшін сыртта күтіп тұрды. Егер мен қонақ күтсем, басқаша қарсы алар едім. Күнделікті киім киген ұлдарымның бірін немесе сенімді қызметкерлерімнің бірін жақсы, таза көлікке мінгізіп жіберетін едім. Бір-екі көлікпен қонақтарды күтіп алатын едім. Бірақ бұл біздің қауымдағы конференция емес. Бұл қауымда сырттай құрмет көрсету өте маңызды болды. Өзім дайындап қойған киіміммен сахнаға шықсам, не бағушыны, не қауымды сыйламайтынымды көрсетер едім. Олардың мәдениеті мен әдістері басқа. Сондықтан бірден тиісті костюм дайындадым.

Қонақ ретінде: «Қашанға дейін сөйлегенімді қалайсыз?» деп бағушыдан сұраймын. Сосын берілген уақыт шектеуінен

аспауға тырысамын. Бірақ, мұны әрдайым істеген жоқпын. Мен Томми Барнетт есімді тамаша қызметкерді үлгі тұтамын. Оның қауымында он бес жылдан астам қонақ ретінде уағыз айтып келемін. (Оның қауымы бұрын «Phoenix First Assembly» деп аталды, қазіргі атауы «Phoenix Dream Center». Досым Томмидің орнына аға бағушы болып ұлы Люк келді.) Оның қауымында бірінші рет жексенбі күні таңертеңгі жиналыста сөз сөйледім. Томми менің қызметіме қырық минут берді. Сахнада тұрып, қанша минут қалғанын көруге болады екен. Оған арнайы сағат бар. Мен берілген уақыттан он минут асып кеттім.

Қызметтен кейін ол маған тіл қатпастан залдан шығып кетті. Досымның ренжігенін білдім. Түстен кейін қателігіме қатты өкініп, не істерімді білмедім. Кешкі қызметке дейін біз бағушының кеңсесінде екеуіміз ғана қалдық. Томмиден таңертеңгі қызметте менен көңілі қалды ма деп сұрадым.

Ол «Иә» деп басын изеді.

Мен: «Тым ұзақ сөйлегендіктен бе?» деп сұрадым.

Ол: «Иә» деді.

Томми біраз кідіріп, былай деді: «Джон, сені досымдай көремін, сондықтан неге көңілім қалғанын айтайын. Бізде уақыт кестесін қатал сақтап жұмыс істейтін көптеген адамдар бар. Балалар қызметінің арнайы жоспарланған оқу уақыты бар. Ол біздің негізгі қызметке ілесіп отырады. Сен он минут асып кетсең, бүкіл күннің жоспары жылдып кетеді. Жағдайлары жоқ адамдарды жиналыстан кейін үйлеріне апаратын отыз шақты автобусымыз бар. Олар қызметтің біткенін күтіп, моторларын қосып дайын отырады. Жиналыс ұзап кетсе, олар не істеу керек?»

Тізім жалғаса берді.

Сосын Томми былай деп аяқтады: «Біз орнатқан тәртіпке мән берместен сонша қосымша он минут сөйлегің келді ме?»

Мен есімді жия қойдым. Ереженің маңызын түсініп, қателігімнен сабақ алдым.

Қонақ ретінде жетекшілерден былай да сұраймын: «Адамдарды тәубе етуге шақырсам, олар алға шықсын ба, орындарында тұрсын ба немесе жай ғана қолдарын көтерсін бе?». Бағушының жауабын мұқият тыңдаймын және олардың мәдениетін сақтаймын. Бұл сценарийлердің кез келгенінде біреу шынымен құтқарыла алатынына сенімдімін.

Бұл мен қоятын сұрақтардың кейбірі ғана. Кейде менің жоспарым олардың мәдениетінен өзгеше болады. Сонда менікі тиімді жұмыс істеуі мүмкін деп ойласам, жетекші бағушыдан басқаша әрекет етуге рұқсат сұраймын. Әдетте бағушылар менің рұқсат сұрағаныма риза болып, әрқашан дерлік қалағанымдай істеуге ерік береді.

Келтіре алатын басқа да көптеген мысалдарым бар. Басты айтқым келгені, қауым жетекшісінің орнатқан тәртібіне сай әрекет ету өте маңызды. Ол «Мәсіхтің жолымен қалай жүрсе», солай істеген дұрыс. Алайда, егер жетекші: «Біз құтқарылуға шақырмаймыз, өйткені Иса – Құдайға апаратын көп жолдың бірі ғана деп санаймыз. Мәңгілік өмірге апаратын басқа әртүрлі жолдар бар», – десе, мен ол айтқандай істемес едім. Мұнда мәселе қызмет әдісінде емес, мәсіхшіліктің негізін қалайтын ақиқатта. Иргелі заттарға қарсы шығу жалған тәлім болар еді.

Көп жыл бойы мәсіхтің қауымын ірі ауқымды тұрғыдан бақылап келемін. Қауымның мәдениеті мен әдістерін түсінбеуден туындаған қайғылы оқиғаларға жиі куәгер болдым. Бір қауымда туып өсіп, сосын мәдениеті тіпті басқа ірілеу қауымға барып, жетекшілікті үйреніп немесе Киелі кітап мектептерінде оқып келетін адамдар бар. Көбінесе бұл мектептер жалпы бағыт беретін үлкен қауымға тәуелді. Осылайша, студенттер қауымның мәдениетін мектепте де, демалыс күндері ғибадат кезінде де көреді.

Оқуды бітіргеннен кейін олар үйлеріне үлкен құлшыныспен оралып, үйдегі қауымының мәдениетін өзгертуге күш

сала бастайды. Олар үйренген тәсілдер маңыздырақ және тиімдірек болуы мүмкін. Бірақ тым көп күш салып жіберсе, олардың әрекеті тереңдегі жасырын ағысқа айналады. Олардың ұсынған әдістерінен қауым бас тартса, олар дұға етіп, Құдайдан басқа қауымға көшу керек пе немесе өз жетекшісінің әдістеріне шын жүректен бағыну керек пе деп сұрағаны ең дұрыс шешім болар еді.

Жастар бағушысы ретіндегі алғашқы күндерімде қызметтің әртүрлі әрекеттері, әдістері мен тәсілдерінен бейхабар болғаннан мені бағушыма қатты қарсы тұрдым. Луизианадағы қауымға барып, өте тиімді әдісті байқадым. Луизианалық қауымның жетістігіне ғашық болғаным сонша, тереңірек үңіліп, бұл біздің қауым мәдениетіне сәйкес келе ме деген сұрақ қойған емеспін. Енді өткенге бұрылып қарасам, қатем бақырайып көрініп тұр. Менің ұсынысым бағушымының «Мәсіхтің жолымен қалай жүргеніне» сәйкес келмегенін қазір көріп отырмын. Луизиана қауымының бас жетекшісі менің аға бағушыманнан мүлдем басқаша болды. Екеуінің де әлем бойынша ынталы ізбасарлары болды, екеуі де тиімді қызмет етті, екеуі де көптеген адамдарды Құдай Патшалығына бағыттады, бірақ олардың әдістері әртүрлі болды.

Тарихтағы басқа кезеңдермен салыстырғанда біз қазір өте мобильді қоғамбыз. Көбіміз өмірімізде кем дегенде бір рет, тіпті бірнеше рет басқа қауымға көшетін шығармыз. Мәдениетті меңгеру жаңа серіктестікке кіру үшін өте маңызды. Мұны әдейі істеуіміз керек. Олардың мәсіхтегі жолдарына неғұрлым тезірек бейімделе алсақ, ол бізді жеке өмірімізде және жалпы дененің бір бөлігі ретінде соғұрлым күшті етеді.

ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ҰСАҚ-ТҮЙЕКТЕР

*Біз шынымен құтқарылып, Құдайдың
еркін іздесек, қауымдағы заңды билікті
мойындаймыз.*

Алдыңғы тарауларда қауымдағы рухани билікке және қоғамдағы азаматтық билікке көп назар аудардық. Дегенмен, бұрын айтып кеткенімдей, қағидалардың көпшілігі биліктің барлық санаттарын қамтиды. Бұл тарауда біз Құдай Сөзінде әртүрлі билік салаларына, әсіресе отбасына қатысты берілген нақты нұсқауларды талқылаймыз. Бұлардың көпшілігі тек өз тиісті саласына сәйкес келеді, сондықтан оларды бөлек қарастыру керек. Мұнда айтылатын нәрселер туралы бөлек кітап жазу оңай болар еді. Дегенмен, алдында айтылған негізгі қағидаларды қолдансақ, оларды осы тарауда жазылған нәрселерге дейін кеңейтуге болады. Сондай-ақ осы тарауда кейбір жалпы нұсқауларды қарастырамыз. Оларға бөлек кітап керек емес. Сол себептен мен бұл тарауды «Ұсақ-түйектер» деп атадым.

ОТБАСЫ

Қауым, азаматтық үкімет немесе әлеуметтік билік болғанға дейін отбасы болды. Оның атқаратын рөлі ең маңызды, өйткені қалған үшеуі соған байланысты. Тағайындалған биліктің басқа салаларында кемшіліктер болса да, отбасы тәуелсіз түрде берік болып қала алады. Бірақ отбасылық тәртіп бұзылса, басқаның бәрі де күйрейді. Отбасы биліктің басқа түрлерінің негізін құрайтын іргетас болып табылады.

Отбасына қатысты Құдайдың берген тәртібін Киелі Жазбадан көреміз:

Балалар, барлық жағдайда да ата-аналарыңның тілін алыңдар, өйткені Иемізге осы ұнайды! (Қол. 3:20)

Өйткені Мәсіхтің сенушілер қауымының Басы болғаны сияқты, еркек – әйелдің «басы»... Қауымның Мәсіхке мойынсұнғанындай, әйелдер де барлық істе күйеулеріне мойынсұнуға тиіс. (Ефес. 5:23–24)

Жаңа өсиеттің басқа жерлерінде де кездесетін бұл бұйрықтар Құдайдың үй ішінде орнатқан билік құрылымын белгілейді. Балалар ата-аналарына өмірдің *барлық* салаларында бағуны керек. Барлық сала дегеніміз шынымен де барлық мәселені қамтиды. Әрине, ата-ана балаларына өздерімен жыныстық қатынасқа түсуді, өтірік айтуды, ұрлық жасауды немесе ата-ананың біреуін таңдауды сұраса, бағыну керек емес. Құдай Сөзіне қайшы келетін әрекеттерді істеуге бұйырса, ата-ананың билігі күшін жоғалтады..

Бұл ерекшеліктің жақсы мысалы менің отбасымда болды. Пурдюо университетінде механикалық инженерия факультетінде оқып жүргенде, өмірімді Иса Мәсіхке арнадым. Көп ұзамай Құдайдың мені Ізгі хабарды уағыздауға шақырғанын білдім. Университетте семестр аралық демалыста

үйге қайттым. Менің ата-анам, діндар католик кісілер болатын. Оларға инженерлік оқуымды бітіріп, Киелі кітап колледжіне түсетінімді айттым. Ата-анам бұл жаңалыққа риза болмады. Олар менің шешімімді тым асығыс, ақымақ деп ойлады. Анам тіпті: «Мен өліп қалайын, бірақ сені Киелі кітап колледжіне жібермеймін!» – деген еді.

Мен кішіпейілділікпен және құрметпен жауап бердім: «Анашым, сізді жақсы көремін және мен үшін жасаған барлық істеріңізге ризамын, бірақ мен Құдайға мойынсұнуым керек». Анама бұл сөздер жұбаныш болған жоқ. Ол жоспарымды қаты ұнатпады. Менің сөзім оны одан сайын ренжіткен сияқты болды.

Иса бізге былай деді: «Кім әке-шешесін не ұл-қызын Менен артық көрсе, сол Менікі болуға лайықты емес» (Мат. 10:37). Осы және Інжілдегі осыған ұқсас көптеген сөзден жігер алып, қатты жақсы көретін анам мен әкемді немесе Исаның қызмет етуге шақыруын таңдауым керек екенін білдім. Ненің дұрыс екенін нақты білдім. Шешіміме бір сәт күмәнданған жоқпын.

Бірнеше жыл бойы жағдай өте ыңғайсыз болды. Қызметті бастағаннан бері мен ата-анамды бұрынғыдан да қатты жақсы көріп, бұрынғыдан қатты құрметтедім, өйткені жүрегіме Құдай өз рақымын берді. Біраз уақыттан кейін олар Исаның менің өмірімді қалай жарылқағанын көрді. Он сегіз жылдан кейін, әкем жетпіс тоғыз жаста болғанда, мен екі анам мен әкем үшін олармен бірге мінәжат етті. Олар Исаны Иеміз деп қабылдап, құтқарылды. Құдайға мың алғыс! Осыдан кейін олар Лиза екеуіміздің кітаптарымызды оқып, видео сабақтарымызды көріп, достарына берді. Біздің қарым-қатынасымыз өте жақсы.

Иса да осыған ұқсас жағдайға тап болды. Оның ата-анасына мойынсұнғанын білеміз. «Иса Назарет қаласына бірге оралып, оларға мойынсұнып жүрді» (Лұқа 2:51). Алайда қызмет басталғаннан кейін, Шимон Исаның сәби кезінде айтқандай, ата-анасының жүрек түкпіндегі ой-ниеттері білініп қалды, ал

Мәриямның жүрегі қылышпен тілгілегендей қатты ауырды (Лұқа 2:35). Исаның уағыздары көптеген адамдарға, соның ішінде оның отбасына ыңғайсыздық туғызып, ашуландырды. Олардың ызаланғандары соншалық, анасы туған ұлына қарсы шықты.

Мұны естіген Оның (туыстарының) мүшелері: «Исаның туыстары бұны естіп: «Ақылынан адасқан шығар», – деп ойлап, Оны ұстап алуға шықты.

... Исаның шешесі мен туған бауырлары келіп, сыртта тұрып, Оған кісі жіберіп шақыртты. Сол кезде Исаны айналдыра көп халық отырған еді. Біреу Оған:

– Сыртта шешеңіз, бауырларыңыз және қарындастарыңыз келіп, Сізді шақырып тұр, – деді. Алайда Иса:

– Менің шешем мен бауырларымның кім екенін айтайын ба? – деп, айналасында отырғандарға қарап тұрып:

– Міне, Менің «шешем» мен «бауырларым»! Себебі Құдайдың еркін орындайтындар Маған бауыр, қарындас, шеше іспетті жақын! – деп жауап берді (Марқа 3:21, 31–35).

Иса ата-анасына мойынсұнып жүрді. Бірақ, олардың еркі көктегі Әкесінің бұйрығына қайшы келгенде, Иса Құдайға бағынды. Бір жақсысы, Исаның туған бауырлары бірнеше жылдан кейін басқалармен бірге Киелі Рухтың дарынын жоғарғы бөлмеде қабылдады. Уақыты келгенде, олар Мәсіхтің ізбасарларына айналды.

ИГІЛІКТІ ӨМІР

Бұл өсиеттен тыс ерекшелік болды, енді қалыпты жағдайға оралайық. Балаларға ата-аналарын құрметтеу және оларға мойынсұну туралы бұйрық уәдемен бірге жүреді: игілікте де ұзақ өмір (Ефес. 6:2–3; Қол. 3:20). Бұл Құдайдың уәдемен байланыстырып берген алғашқы өсиеті.

Бұл өсиетті сақтамаудың салдарын өз басымнан өткіздім.

Пурдью университетін бітіргеннен кейін мен Rockwell International компаниясына жұмысқа тұрдым. Қауымға баратын болдым. Екінші рет барғанда қызметтен кейін өзім құрдастарыммен бірге тамақ ішуге шықтым. Бойдақ жастардың тобын басқаратын адаммен таныстым. Оған баспана керек екен. Мен болсам, қалаға жаңадан көшіп келдім. Біраз сөйлескеннен кейін пәтерді бірге жалдағанымыз жақсы болар деп ойладық. Колледжді жаңа бітірген түлекпін, ақша жоқтың қасы. Осы жігітпен бірге тұрып, біраз ақша үнемдеймін деп мәзбін.

Келесі күні әкеме телефон соғып, жақсы жаңалығымды айттым. Ай сайын бірнеше жүз доллар үнемдейтініме ол да риза болады десем, әкемнің көңілі басқаша. Ол: «Балам, мұның маған ұнамай тұр. Олай істемей-ақ қой. Сен бұл адамды танымайсың ғой» деді. Ол жігіттің қауымда бойдақ жастар тобында қызмет ететін айтып, әкемді көндіруге тырыстым, бірақ ол өз кеңесінен бас тартпады.

Телефон тұтқасын қоя бергенде, «Әкем өзі сенуші болмағандықтан, бұл нәрселерді түсінбейді» деп ойладым. Жаңа досымның қауым басшылығына қатысы бар. Оған сенуге болады. Әкемнің сөзіне мән бермедім. Келесі күні біз бірге пәтер тауып, жалдау келісіміне қол қойдық. Біз жүк көлігін жалдауға барғанымызда, жаңа пәтерлесім чек кітапшасын ұмытып кеткенін айтып, жүк көлігіне менің төлеуімді сұрады. Пәтердің депозитін төлеуге барғанымызда да солай істеді. Оның бұл мінезі осымен біткен жоқ. Ақыры пәтерді екі айға жалдау ақысын толығымен мен төледім. Коммуналдық қызметке де, бұл жігіттің ұзақ қалааралық телефон қоңырауларына (ол кезде бір қаладан басқа қалаға қоңырау шалу өте қымбат болатын) да ақша шығарған мен болдым.

Оның өз көлігі болмағандықтан, ол кейде менікін мінді. Ол мінген сайын, келесі күнін таңертең көлігімнің іші түтін

саситын. Ол жігіт көлікті мұқтаж адамдарға көмектесу үшін қолданғанын айтатын. Бір күні таңертең көлігімнің бүйірінен үлкен ойық таптым. Жігітке қатты ашуландым, бірақ ызамды көрсетпедім. Тағы бір күні таңғы сағат төртте бөлмемнен шықсам, қонақ бөлмеде қолында сыра мен темекісі бар мүлде бейтаныс адам отыр. Ол маған «Сен кімсің?» дегендей қарады.

Өз үйімде қиналып жүрдім. Бірақ жаңа сенуші болған соң «Жүрегімде Құдайдың сүйіспеншілігі болу керек. Ашулануға, үкім шығаруға болмайды» деп ойладым. Сондықтан барып тұрған бейберекеттікті тоқтатуға тырыспадым. Бұл менің ол жігітпен күнделікті күресімнің бір парасы ғана.

Бірнеше қиын аптадан кейін мен пәтерлесімнің гомосексуалист екенін білдім. Одан бірден кетуін талап еттім. Ол кеткісі келмеді. Бұл жігіт өзін тежемей, күнә жасап жатқанда мен бәрін төледім. Шамамен сол уақытта жастар қызметінің бағушысы ол жігіттің қалай өмір сүргенін біліп, оны жетекшіліктен алып тастады. Оның бұзылған өмір салты жайлы мен соңғы болып білген екенмін. Мойынсұнбағаным мені жақсы мен жаманды көре алмайтындай соқыр етті.

Әкемнің кеңесін елемегендіктен, өз басымның тыныштығын айтпағанда, жүздеген долларды босқа шығардым. Сол екі айдың ішінде әбден қажып кеттім. Өмірімдегі ең қиын кезең сол болды. Бәрі біткен кезде «Ием, бұл неге болды? Сен маған тура жолды көрсетесің деп Саған сеніп едім» деп Құдайға жалбарындым.

Жаратқан Ие маған дұрыс жолды көрсеткенін, бірақ мен одан бас тартқанымды айтты. Мен таң қалып: «Маған қалай жол көрсеттің?» деп сұрадым.

Ол: «Әкең арқылы, бірақ сен тыңдамадың» деді.

«Бірақ менің әкем қайта туылған жоқ, ол Исаға сенбейді», – дедім мен.

Жаратқан Ие Киелі кітапта не жазылғанын есіме түсірді.

Құдайдың Сөзі «Балалар, ата-аналарың қайта туылғанда *ғана*, оларға бағыныңдар» демейді. Құдай «Сен менің баламсың; сондықтан сені жетелеп, қорғау үшін, Мен даналығым мен нұсқауымды ата-анаңның жүрегіне саламын» деді.

Мен: «Бірақ қазір мен ата-анамнан бөлек шығып, жалғыз тұрамын ғой. Әкем мың мильден астам жерде тұрады. Менің шығынымды ол төлемейді» деп жауап бердім.

Жаратқан Ие былай деді: «Сен шоттарыңды өзің төлеп, ата-анаң мың миль қашықтықта болса, менің оларға мойынсұну туралы бұйрығым енді керек емес деуге болмайды». Оның бұйрығына сәйкес, егер біз мойынсұнатын болсақ, өміріміз игілікті болады. Жаратқан Иенің уәдесі осындай. Оны растай аламын. Мен бағынбағанда, өмірім игілікті *болған жоқ!*

Құдай адамның қай кезде әкесі мен шешесінің билігінен босатылатынын көрсетті. Тәңір Ие әу бастан-ақ былай деп тәртіп орнатқан: «Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне берік қосылады, сөйтіп екеуі біртұтас болады» (Жар. 2:24).

Ата-ананың баласына беретін соңғы нұсқауы – неке қиюға беретін батасы. Осы тұста қосымша ойым бар. Лизаның әкесі маған үйленуге батасын бергеннен кейін, Лиза қатты таң қалғанын айтты. «Неге?» десем, ол: «Себебі әкем сені мәсіхші болғандықтан ұнатпайтынын айтты», – деді. Бұл жайт патшаның (біздің үстіміздегі билігі барлардың) жүрегі Құдайдың қолында екенін растады.

Құдайдың бұйрығына қайта оралсақ, ер мен әйел неке қиғанда, жаңа билік тәртібі орнайды. Құдай ата-анасын кім тастайды деді? Әйел емес, еркек. Яғни, жаңа отбасының тәртібін орнататын әйел емес, еркек. Отбасына қамқор болып, отбасында билік жүргізетін – еркек.

Балалар үйленгеннен кейін ата-анасына мойынсұнудың орнына, оларды құрметтеу келеді. Бірде ата-анамнан біздің қиындыққа қарай жылжып бара жатқанымызды көрсе де,

Лиза екеуімізге неге кеңес бермегенін сұрадым. Олар: «Сендер бізден кеңес сұраған жоқсыңдар ғой. Біз араласпадық» деді. Олардыкі өте дұрыс болды! Ата-аналар балаларына нұсқау беріп отыруға үйреніп қалады. Балалары үйленгенде де сол әдеттерін тастамайды. Бірақ ол жаңа отбасыға зиян келтіретінін көрдім. Олар балаларын ересек өмірге жібермейтіндіктен, реніш пен түсініспеушілік туады.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Бірнеше жыл жастар қызметінің бағушысы болып еңбек еткеннен кейін көптеген жастардың қандай қауіпті жолдарға аяқ басатынын көрдім. Құдай Сөзінен ата-ананы құрметтеудің маңыздылығы туралы айтатын кейбір нақты кеңестерді келтіріміз келеді. Мұны оқыған жастар осынау жұқпалы да ажалды күнә ашытқысынан аулақ болады деп үміттенемін. Жазбада былай делінген: «Әке-шешесін менсінбей қорлағанды қарғыс атады!» Соған бүкіл халық: «Аумин!» деңдер (Заң. қ. 27:16).

Бір жолы жалғызбасты ана мен оның жасөспірім ұлымен кездестім. Жігіт анасына құрмет танытпады. Бейшара әйелді ақымақ, өзінен төмен санап, оған қайта-қайта менсінбей сөйледі. Мен оны бірнеше рет түзеттім. Кездесу барысында «Жас жігіт, егер сен анаңа деген көзқарасың мен мінезің үшін тәубе етпесең, түрмеге жабыласың», – дедім. Олай айтайын дегенім жоқ. Сөзіме өзім таң қалдым. Жас жігіт сенуші еді әрі біздің жастар қызметіне келіп тұратын. Ол қалай түрмеге түседі?

Алты жылдай уақыт өткен соң (енді мен жастар бағушысы емес, саяхаттап жүрген уағызшы едім), жексенбі күні баланың анасы мені көріп, қызметтен кейін жолықты. Ол: «Джон бағушы, менің ұлыма айтқаныңыз есіңізде ме? Анаңды сыйламасаң, түрмеге түсесің деп едіңіз. Ұлымның түрмеде отырғанына екі жыл болды» деді.

Ол жайтты ұмытқан екенмін, бірақ әйелдің сөзі бәрін есіме

түсiрдi. «Баласының қамалғанын айтып, қалай қуанады?» деп ойладым. Неге екенiн бiлдiм. Әйел сөзiн жалғастырып: «Қазiр баламның жүрегi Құдай деп соғады. Ол басқа тұтқындарға Иса туралы куәлiк етуде. Түрмеде өтетiн қызметтерге атсалысып жүр. Сiздiң кiтаптарыңызды оқып, көп нәрсе үйренуде» дедi.

Құдайдың үкiмi жiгiттiң өмiрiн қалай күрт өзгерткенiне қалдым. Ол түрмеге дейiн бармай, жылдар бұрын айтылған сөзге құлақ асса, жақсы болар едi. Бiрақ ең бастысы, оның Құдайға деген құлшынысы жүрегiнде жанып тұрды.

Балалар ата-аналарына дәрекi сөз айтса, қол көтерсе, ауыр жаза тартатын болады. Оны Көне өсиетте көре аламыз: «Ата-анасын ұратын өлтірілсін» (Мыс. ш. 21:15) және «Ата-анасын қарғайтын өлтірілсін» (Мыс. ш. 21:17). Иса Көне өсиеттегi заңды қайталап былай дейдi: «Құдай: «Ата-анаңды сыйла!» және «Егер бiреу әкесiн не шешесiн жамандайтын болса, ол өлтірілсін!» деп бұйырған едi ғой» (Мат. 15:4).

Мұса ата-анасының тiлiн алмайтын баламен не iстеу керектiгiн айтқан:

Егер бiреудiң баласы әке-шешесiне мойынсұнбайтын қиқар болып, жөнге салғанмен оларды мүлдем тыңдамайтын болса, онда әке-шешесi оны ұстап, ақсақалдардың алдына алып келсiн. Оларға былай десiн: «Мына баламыз бiзге мойынсұнбайтын қиқар, былапыттап iшiп-жеп, айтқанымызды тыңдамайды». Сонда қаланың барлық адамдары оны таспен атқылап өлтіруге тиiс. Зұлымдықты араларыңнан осылайша аластатыңдар! Бүкiл Исраил халқы мұны естiп, (жамандық iстеуден) қорқатын болады (Заң. қ. 21:18–21).

Егер осы заң бүгiн қолданылса, қауымдарымызда үнеми өлiм жазасына кесiлген жастар болар едi. Бұл жаза ендi жоқ болса да, Құдайдың бүлiкшiл мiнезге деген көзқарасы әлi де анық және қатал екенiн бiлеiмiз. Жаза түрi өзгергендiктен

ғана Жаратқанның ойы өзгерген жоқ. Жүрегімізде бүлікке жол бермейік, өйткені ол адамды өлімге апарды.

Өз балаларыма кез келген бүліктен сақ болуды ескерттім. Бүліктің ең алдамшы, білінбейтін түрі – шағымдану. Шағымдана беретін адамдар өздерінің қауіпті халде екенін байқамайды. Шағымданудың астарында мынадай мағына жатыр: «Сенің маған басшылық жасағаның ұнамайды. Сенің орнында болсам, басқаша істейтін едім». Бұл билікті қорлайды. Израилдіктер қырық жыл бойы уәде етілген жерге жете алмады. Бұған шағымданудың қандай үлес қосқанын түсінесіз бе? Олардың Мұсаға көңілдері толмаса да, ол Құдайға деген қарсыластықты білдірді. Шынында олар «Құдайдыкі қате, біз басқаша жетекшілік жасайтын едік» деді.

Ата-анамызды құрметтеу игілікті де ұзақ өмір сүруге керемет уәде береді. Мен үкімнен гөрі өмірді таңдаймын. Бұл біздің жүрегімізде сақталсын.

НЕКЕ

Құдайдың некеде орнатқан тәртібіне назар аударайық. Жазбада әйелдер күйеулеріне «барлық істе» мойынсұнулары керек делінген (Ефес. 5:24). Бұл бұйрық тек рухани нәрселерге ғана емес, өмірдің кәдімгі салаларына да қатысты. Пауыл: «Өз күйеулеріне»,– деді. Басқа еркектер әйелге билік жүргізе алмайды, тек өз күйеуі ғана. Басқалар сияқты әйел рухани салада бағушыға, жұмыста бастығына, қоғамда азаматтық билікке бағынады. Бірақ отбасында әйел күйеуіне бағынады.

1980 жылдардың ортасында әйелім екеуіміз қате ілімнің ықпалына түстік. Ол қате ілімге сәйкес, Жаңа өсиетті әйелдерді жек көретін шовинист еркектер жазған, сондықтан ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа келгенде олардың сөздерін ұстанбау керек. Иса барлығын бірдей құтқарды

деп айтылды. Бұнымен келісемін, оған сөз жоқ, бірақ ақтау билікті жоққа шығармайды. Жылдар бойы үйімізде тыныштық болмады. Басшылық үшін үнемі бір-бірімізбен күресте болдық.

Жылдар бойғы аласапыраннан кейін бір күні әйеліме: «Құдай мені осы үйдің басшысы етті. Сен артымнан ерсең де, ермесең да, мен басқарамын» дедім. Мәселені мен түсініп, өмірімде жақсы өзгеріс көре бастасам да, әйелім мұны бастапқыда қолдай қойған жоқ. Басшылар қол астындағы адамдарын өздеріне еруге мәжбүр етпейді. Жаратқан Ие маған осыны көрсетті. Иса ешкімді мәжбүрлемейді. Біздің қол астындағылар бағынбаса, өздері зардап шегеді.

Жүрегімде Құдайдың тыныштығы мен бейбіті орнады. Дегенмен, Лиза үйдегі қиындықтың бәрін арқалап жүре берді. Ол менің жауапкершілігі жоқ басшы екеніме сенімді болды. Мен жас едім және көптеген кемшіліктерім болды, сондықтан оның уайымын менің бұрынғы қателіктеріме қарап әбден түсінуге болатын. Кейде әйелімнің қорқынышы шектен шыққаны сонша, ол түн ортасында мені оятып, маған тиісті жүкті көтермейтінімді айтып, өзінің өз үлесінен әлдеқайда көп нәрсені істеп жүргенін еске салатын. Мен жай ғана уайымның бәрін Құдайдың қолына тапсыруды ұсындым. Ол ең жаманынан қорқып, жанымда ояу жатқанда, мен алаңдамай ұйықтай беретінмін.

Лизаға түскен жүк артты. Уайымнан үнемі мазасы кететін. Оның ойы ешқашан тынышталмады. Санасы отбасымыз тап бола алатын барлық дағдарысты ойлап, қатты алаңдайтын.

Біраз уақыттан кейін ол көтерген жүк төзгісіз болды. Кішкене болсын тыныштану үшін әйеліме ұзақ душ немесе ванна қабылдауға тура келді. Бір күні ол душқа түсіп, Құдайға мен туралы шағымданып жатқанда, Жаратқан Ие оған тіл қатты: «Лиза, Джон жақсы көшбасшы деп ойлайсың ба?»

Ол тез жауап берді: «Жоқ, жоқ! Мен оған сенбеймін!»

«Лиза, Джонға сенудің қажеті жоқ», – деп жауап берді Құдай. «Тек Маған сенсең жеткілікті. Джон отаудың басы ретінде рөлін жақсы атқарып жүрген жоқ деп ойлайсың, оны білемін. Сен ол жұмысты Джоннан жақсы істей аламын деп ойлайсың, оны да білемін. Сен сезетін шиеленіс пен мазасыздық – бұл үйдің басшысы болудың салмағы мен қысымы. Бұл саған қамыт, ал күйеуің үшін сыйлы мантия. Оны мойыңа алма».

Лизаның бірден көзі ашылды. Оған күйеуіне мойынсұнуды айтқан билікқұмар адам емес, Құдайдың Өзі. Біздің үйге басшылық жасау оған үлкен жүк болды, өйткені бұл оның міндеті емес. Үй ішін басқаруды Құдай күйеуге артты. Әйелімнің ол жауапкершілікті көтеруге Құдайдың майлауы немесе рақымы болмады. Сондықтан, ол оған ауыр жүк болды. Ол дүш шыққанда, жылап кешірім сұрады. Ол бірнеше ай бұрын менің жүрегімде пайда болған тыныштық пен бейбіт сезіміне ие болды, ал біздің үйге жылдар бойы болмаған шынайы бірлік пен ынтымақ келді.

Құдай «Күйеуінің таңдауы немесе шешімі ұнаса ғана, әйелі оған бағынсын» деген жоқ. Сол күні Киелі Рух Лизаға осыны түсінуге көмектесті. Егер ол Құдайдың бұйрығына мойынсұнса, өміріне Құдайдың қорғанышы келетінін түсінді. Содан бері мен қателіктер жасадым ба? Әрине. Көп рет қателестім. Дегенмен, Құдай менің қателеріме қарамастан, Лизаны қорғап, оған тыныштық берді. Лиза бағынған кезде, күйеуі қандай ақылсыз шешім қабылдаса да, Құдай Лизаны қорғайды.

СНАСЫЗ НЕМЕСЕ ҚҰТҚАРЫЛМАҒАН КҮЙЕУЛЕР

Күйеулеріне мойынсұну туралы өсиет сенуші адамға тұрмысқа шыққан әйелдерге ғана берілмеген. Петір былай жазды: «Сол сияқты сендер, әйелдер, күйеулеріңе мойынсұныңдар. Осылайша, олардың кейбіреулері Құдайдың сөзіне құлақ аспаса да, өздеріңнің айтқан сөздеріңмен емес,

игілікті мінез-құлықтарыңмен оларды баурап алып, Мәсіхтің иелігіне айналдырыңдар» (1 Петір 3:1).

Алдымен «Сол сияқты сендер, әйелдер» деген сөзге көңіл бөлейік. Бұл жерде Петір әділетсіз билік туралы айтып болып, некеге көшті (біз ол туралы он үшінші тарауда сөз қозғадық). Осыдан кейін ол күйеулеріне қатысты әйелдерге ұқсас нұсқауларды берді. Мұның бәрін бірге оқысақ, былай болады:

Сендер, басыбайлы қызметшілер, қожайындарыңа мойынсұныңдар; тек мейірімді де ақпейіл болғандарға ғана емес, сондай-ақ, өздеріңді жәбірлеп жүргендерге де толық құрмет көрсетіңдер! Кейбіреулерің әділетсіз қиналғанда, Құдайдың еркінің солай екенін білгендіктен азапқа төзе берсеңдер, Ол соған риза. Сол сияқты сендер, әйелдер, күйеулеріңе мойынсұныңдар. Осылайша, олардың кейбіреулері Құдайдың сөзіне құлақ аспаса да, өздеріңнің айтқан сөздеріңмен емес, игілікті мінез-құлықтарыңмен оларды баурап алып, Мәсіхтің иелігіне айналдырыңдар (Петірдің 1-х. 2:18-19, 3:1)

Бұл өкінішті, бірақ шындық. Сенбейтіндерге қарағанда басшылар ретінде шектен тыс қатал болатын кейбір «сенуші» күйеулерді кездестірдім. Дегенмен, жалпы алғанда, құтқарылмаған күйеулерге мойынсұну – ең қиыны. Тағы да атап өткім келеді, күйеуі әйеліне Құдай Сөзіне қайшы нәрсені істеуге бұйырса, ол күйеудің нұсқауына бағынбау керек. Бірақ сонда да жүрегінде мойынсұнған көзқарасын сақтауы өте маңызды.

Петір сөзін жалғастырып, бұл мойынсұнушылық күйеу үшін уағыздан да қуатты куәлік болатынын айтты. Күйеуі сенуші болмаған әйелді білемін. Көптеген жылдар бойы ол күйеуіне Құдайдың Сөзін айтты. Жұмыс үстеліне трактаттарды, төсегінің және әдетте отыратын жерлерінің жанына Киелі кітапты және кофе үстеліне мәсіхшілік журналдарды қойып отырды. Ол

үйіне қонақ шақырғанда, әрдайым күйеуі мықты сенуші болған ерлі-зайыптарды шақырды. Осылайша сенімі берік еркектер оның күйеуін Құдайға тартады деп үміттенді.

Бір күні Құдай оған: «Күйеуіңнің құтқарылуына қашанға дейін кедергі жасайсың?» деді.

Ол шошып: «Мен күйеуімнің құтқарылуына қалай кедергі жасап жатырмын?» деп сұрады.

Әйел күйеуіне уағыз айтып, жағдайды өзі қалағандай бұруға тырысқанда, Құдайдың өсиетін орындамаған екен. Жаратқан Ие оған осыны көрсетті. Тәңір Ие оны Петірдің 1-хатындағы үзіндіге жетелеп, былай бұйырды: «Трактаттарды, журналдар мен Киелі кітапты алып таста әрі әдейі сенуші жұптарды кешкі асқа шақыруды доғар».

Кейіннен әйел маған: «Джон, мен жай ғана күйеуімді жақсы көріп, оған бағынатын болдым. Бір-екі айдың ішінде күйеуім өмірін Исаға бағыштады», – деді. Мен олардың үйінде қонаққа бардым. Күйеудің Иса Мәсіхті қатты жақсы көретінін білемін.

Егер біз жай ғана сеніп, Құдай Сөзінде айтылғандарға мойынсұнатын болсақ, үйлерімізде кереметтерді көріп, адами санадан тыс тыныштықты сезінер едік. Киелі кітаптағы бағыну жайлы нұсқаулар – адамды басқарғысы келетін, айла-тәсіл ойлап табатын, билікке құштар басшылардың сөзі емес, әлемді жаратқан Құдайдың өсиеттері. Осыны қайталаудан жалықпаймын. Тәңір Ие оларды бізді қамтамасыз ету және қорғау үшін айтты. Бұны қысқаша келесі тарауда қарастырамыз. Қиындықтың арасында жүріп, Құдайдың келесі уәдесіне сене аламыз: «Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар, – деп нық айтады Жаратқан Ие» (Ер. 29:11).

ӘЛЕУМЕТТІК БИЛІК

Жұмыс пен оқу орындарына қатысты да Жаңа өсиетте нақты нұсқаулар берілген. Пауыл былай деді:

Басыбайлы қызметшілер қожайындарына барлық істе де мойынсұнып, көңілдерінен шығуға ұмтылсын. Оларға қарсы сөйлемей, ұрлық жасамай, әрдайым шын көңілмен адал болулары керек; осылайша Құтқарушымыз Құдайдың ілімін көркейтсін (Титке 2:9–10)

Сенушілер Иса туралы уағыздамай-ақ мықты куәлік ете алады. Компанияның бастықтары (Құдайға сенбейтін адамдар) сенуші жұмыскерлері арқылы Исаны көргенін айтқанда қатты қуанамын. Қиын жағдайларда сенушілер адалдық, сабырлық, сыпайылық танытқанда, мықты еңбек этикасын көрсеткенде, Құдай туралы уағыздан да жақсырақ сөйлейді. Сенбейтін бастықтар сенуші жұмыскерлер туралы маған: «Олар ешқашан дауласпайды, шағымданбайды, маған дөрекі жауап бермейді», «Олар басқа қызметкерлерге қарағанда көбірек жұмыс істейді» немесе «Олар мен көрген ең адал және сенімді жұмыскерлер» дейді. Сенушілердің іс жүзінде Исаның мінезін паш ететінін көрген бастықтар Құдай туралы не айтатынымызды ден қойып тыңдауға дайын.

Алайда, керісінше жағдайды да көрдім. Үлкен қалада өте ірі такси желісіне иелік ететін адамның қасына ұшақта отырдым. Ол менің қауым қызметкері екенімді білгенше көңілді әңгіме-дүкен құрдық. Содан кейін ол өзін тежеп, менімен еркін сөйлеспеді. Алдында өте жақсы қарым-қатынас орнатқандықтан, оның көңілі неге өзгергенін сұрау маған оңай болды.

Ол: «Жарайды, саған айтайын. Менің компаниямызда жұмыс істейтін бір әйел бар еді. Ол «қайтадан туылған мәсіхшілердің» бірі болды. Ол кеңседегілердің бәріне уағыздап, өзінің және басқалардың жұмысына кедергі болды.

Ол менің компаниямнан кетіп қалғанда, өз заттарымен қоса компанияға тиесілі нәрселерді алып кетті. Оған қоса, жұмыс кезінде ол Германияда тұратын ұлымен өте көп сөйлескен екен. Халықаралық телефон шоты сегіз мың доллар болды. Оны өз қалтамнан төлеуге тура келді».

Осы әңгіме жүрегіме тиіп кетті. Ол әйелдің жұмыста бәріне кедергі болғанынан, ұрлағанынан кейін әріптестеріне Құдай Сөзін есту қиынға соғады. Осы себепті Пауыл: «сөйлемей, ұрлық жасамай, әрдайым шын көңілмен адал болулары керек»,– деді. Жұмыс берушілер мен мектептердің ережелері мен заңдарына мойынсұнғанда, жақсы жұмыс істегенде, біз Иеміз Иса Мәсіхтің рақымын көрсетеміз.

Пауыл басқа жерде былай деді:

Басыбайлы қызметшілер, барлық жағдайда да бұл дүниелік қожайындарыңның тілін алыңдар! Көңілдерінен шығу үшін тек олар бақылап тұрғанда ғана емес, ұдайы шын жүректен мойынсұныңдар! Осылай Құдай Иемізді терең қастерлеңдер! Қандай жұмыс болса да, оны адам баласы үшін ғана емес, Иеміз үшін істеп жүргендей жан-тәндеріңмен атқарыңдар! (Қол. 3:22–23)

«Барлық жағдайда да тілін алыңдар» деген сөзге назар аударыңыз. Сіздің бастығыңыз немесе мұғаліміңіздің мінезі ақылға қонымсыз болып көрінетіні маңызды емес. Оған мойынсұну арқылы шын мәнінде Иемізге мойынсұнасыз.

Пауыл әрі қарай былай деді: «Себебі осының ақысы ретінде сендер Иемізден [адамнан емес] шынайы мұраларыңды қабылдайтындарыңды білесіңдер [толығымен сенімдісіңдер]. Қызмет ететін Қожайындарың – Мәсіхтің Өзі ғой» (Қол. 3:24, АМР аудармасы). Егер бұл әйел шынымен Құдайдан ұрлық жасап жатқанын білсе, оған ешқашан дәті бармас еді. Оған

ақыл мен Жаратқан Иенің қастерлеу жетіспеді.

Пауыл келесі тармақта былай деп жалғастырды: «Ал жамандық жасайтын әркім соның лайықты жазасын тартады. Мәсіх ешкімнің бет-жүзіне қарамай әділ үкім шығармақ». The Message нұсқасында бұл аят былай аударылған: «Өтірік жұмыс істеген жабырқаңқы қызметші жауапкершілікке тартылады. Мәсіхші болу жаман жұмысты ақтамайды».

Әйел такси желісінің иесі немесе азаматтық үкімет тарапынан жауапкершілікке тартылмауы мүмкін. Керісінше, ол Иеміздің алдында жауап береді және Мәсіхтің төрелік тағының алдында есеп беретін болады: «Сондықтан әлі де осы тәнімізде болайық немесе одан тыс (Иеміздің қасында) болайық, бәрібір бар ынтамен Оған ұнауға тырысамыз. Барлығымыз Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз» (Қор. 2-х. 5:9–10).

ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Көптеген адамдар уағыздағанына сәйкес өмір сүрмейтін жетекшілерді тыңдамайтындарын айтады. Дегенмен, бұл ұстаным мойынсұнудан ба, әлде адами санадан туындайды ма? Киелі жазбадан алынған мына үзіндіні оқиық: «Содан кейін Иса жиналған көпшілікке және Өзінің шәкірттеріне былай деді:

– Дін мұғалімдері мен парызшылдар Мұса пайғамбардың орнын басты. Сондықтан олардың айтқандарын түгелдей орындаңдар, бірақ істегендеріндей істемендер! Себебі сол айтқандарын олардың өздері іс жүзінде орындамайды» (Мат. 23:1–3).

Иса тіпті уағыздағанына сәйкес өмір сүрмейтін азғын басшыларға да бағынуды бұйырды. Ол дін мұғалімдері мен парызшылдардың жеке өміріне емес, олардың Құдай берген

билігіне нұсқады. Уотчман Ни былай деген:

Құдай билік тағайындауда қандай тәуекелге барды! Егер Ол тағайындаған билік Құдайға тиісінше өкіл бола алмаса, Құдай қандай шығынға ұшырайды! Дегенмен, Тәңір Ие қауіпсіз билікті орнатты. Билікке қорықпай мойынсұну оны орнатудан әлдеқайда оңай. Біздің жұмысымыз Құдайдыкінен әлдеқайда оңай. Құдайдың Өзі билікті адамдарға сеніп тапсырудан қорықпаса, біз оларға еш қорықпай мойынсұна алмаймыз ба? Құдай билікті батыл орнатқан сияқты, біз де оларға батыл мойынсұнайық. Егер әлдене дұрыс болмаса, айып бізден емес, биліктен, өйткені Жаратқан Ие: «Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар!» (Рим. 13:1) деді.

Бағыныңқы тек бағыну керек; Жаратқан Ие қате мойынсұнғанымыз үшін бізді жауапқа тарпайды, қайта тағайындалған билікті қате әрекеті үшін жазалайды. Алайда бағынбау бүлік болып табылады және ол үшін биліктің қоластындағылар Құдайдың алдында жауап беруі керек. («Spiritual Authority», 69–71 беттер)

Мұны билік тарапынан көп әділетсіздік көрген адам жазған. 1930 және 1940 жылдары Уотчман Ни Қытайда шетелдік миссионерлік ұйымдардан толығымен тәуелсіз жергілікті қауымдарды құруға көмектесті. Ол көптеген адамдарды Құдай Патшалығына тартуда маңызды рөл атқарды. Оның әрекеті билікті қатты ашуландырды және ол 1952 жылы тұтқындалды. Уотчман бауырымызға көптеген жалған айыптар тағылды, солайша ол кінәлі деп танылды. Ол 1972 жылы қайтыс болғанға дейін түрмеде болды. Дегенмен оның Иемізді терең қастерлеуі түрмеде отырған көптеген адамдар үшін Құдай жайлы қуатты күәлік болды. Көптеген адамдар оның түрмедегі қызметі

арқылы құтқарылды. Көп жыл өтсе де, оның жазып қалдырғаны әлі күнге дейін миллиондаған адамға ақиқатты ашады.

БИЛІКТІ ТАНУ

Осы кезге дейін тағайындалған билікті қалай тануға болатынын көрсеттім, бірақ осы тарауды аяқтай келе, айтылғандарды қайталау орынды болар еді. Азаматтық және әлеуметтік салаларда заңды билікті тану қиын емес. Петір елшінің хатында былай делінген: «Сонымен, сендер Жаратқан Иенің меншігі болғандықтан, Ол тағайындаған әрбір билік иесіне мойынсұныңдар!» (Петірдің 1-хаты 2:13). Біз мемлекеттік шенеуніктерді елге қызмет етуге ант бергендер немесе мемлекеттік қызметкер ретінде қабылданғандар деп танимыз. Одан кейін компания басшылары, мұғалімдер немесе оқу орындарының директорлары бар. Олардың беделі шынайы екенін білеміз.

Үйдегі билікті оңай тануға болады. Әйел еркекке күйеуге шықса, оның билігінде, қорғауында және қамқорлығында болады. Бала отбасында дүниеге келгенде, ата-анасының билігінде болады. Баланы асырап алса, ол ата-анасын туған әке-шешесіндей сыйлауы керек. Балалар үйіндегі немесе патронаттық тәрбиедегі бала басшыларды өзінің билігі ретінде құрметтеуге тиіс.

Қауымда заңды билікті анықтау біршама күрделірек. Жазбалар қауымнан табылған жалған елшілер, пайғамбарлар және жетекшілер туралы ескертеді; біз оларға бағынбауымыз керек. Пауыл айтқандай: «Алайда біз оларға бір сәтке де көніп, бағынған емеспіз» (Ғал. 2:5). Жалған жетекшілер екі жолмен көрінуі мүмкін. Біріншіден, олар Киелі Жазбаға сәйкес келмейтін тәлім береді. Пауыл жоғарыда айтқан сөзінен сәл бұрынырақ былай жазды: «Егер біздер немесе тіпті «көктен түскен періште» сендерге бұрын уағыздағандарымызға

қайшы өзге бір «ізгі хабарды» уағыздайтын болсақ, онда солай істегенімізді Құдайдың қарғысы атпақ» (Ғал. 1:8). Сол себепті Пауыл жалған басшыларға мойынсұнбай, оларды құрметтемеді.

Екіншіден, жалған жетекшілер қауымда өзін-өзі тағайындау арқылы пайда болады. Құдайдың тағайындауы Киелі Рухтың бастамасымен және үміткердің өмірін бақылаған қазіргі билеуші ақсақалдармен расталады. Көне өсиетте бұл Ешуа тағайындалғанда сипатталған. Құдай Мұсаға былай деді:

Бойында Менің Рухым бар адам – Нұн ұлы Ешуаны қасыңа ал да, оның үстіне қолыңды қойып бата бер. Ешуаны діни қызметкер Елазардың және бүкіл жамағаттың алдына тұрғызып, олардың көз алдында оған міндетін өсиеттеп тапсыр. Өзіңнің билігіңнің біразын Ешуаға табыста! Осылай Исраилдің үрім-бұтағының бүкіл қауымы оған бағынатын болсын (Ру. сан. 27:18–20).

Құдай Ешуаны таңдады, бірақ сол кездегі билік – Мұса мен Елазар арқылы Өзінің таңдауын растады. Мұса мен Елазар Ешуаны кішкентай кезінен көрген. Бұл үлгі Жаңа өсиетте де кездеседі (Елшілердің істері 13:1–4).

Пауыл: «Ендеше өзін-өзі мақтаған емес, тек Иеміз мақтаған ғана шынымен қадірленуге лайық» деген (Қор. 2-х. 10:18). Өзін өзі билікке қойға адамға бағыну қауіпті. Құдай әрқашан үміткерлер адал қызмет еткен қауым алдында тағайындауды растайды. Иса Тиятирдегі сенушілерді өзін-өзі тағайындаған Езабел есімді пайғамбар әйелдің тәліміне және жалған билігіне мойынсұнғаны үшін сөкті (Аян 2:20–25). Мен өзін-өзі тағайындаған қызметшілерді қалай тануға болатыны туралы «Thus Saith the Lord?» деп аталатын кітап жаздым. Онда рухани билікті теріс пайдалану, сондай-ақ жалғандық туралы сөз қозғалған.

Шынымен құтқарылсақ, Құдайдың еркін іздейтін болсақ,

қауымдағы заңды билікті мойындаймыз. Иса былай деді: «[Көктегі Әкемнің] еркін орындағысы келген әркім осы ілім Құдайдан ба, әлде Мен өз бетіммен сөйлеп тұрмын ба, соны білетін болады» (Жохан 7:17). «[Көктегі Әкемнің] еркін орындағысы келген әркім» деген сөзге ерекше көңіл бөліңіз. Құдайды іздейтін жүрегіміз болса, Ол бізге Киелі Рух арқылы ажыратып тану қабілетін береді. Жохан жазғандай: «Киелі Құдай сендерге Өзінің Рухын қондырғандықтан барлығын ажырата білесіңдер» (Жоханның 1-хаты 2:20).

Уотчман Ни былай жазды: «Егер біз шынымен Құдайға мойынсұнуды үйренсек, Құдайдың билігі кімге берілгенін білу қиынға соқпайды» («Spiritual Authority», 62-бет). Құдайды мойындау дегініміз билікті мойындау, өйткені Құдай мен Оның билігі бір-бірінен ажырамайды.

Құдай Өзін іздеп, мойынсұнғандарды марапаттайды. Билікке мойынсұнудың артықшылығы мол. Келесі тарауда біз соның кейбірін талқылаймыз.

ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ҮЛКЕН СЕНІМ

*Мойынсұну деңгейіміз жоғары болған
сайын сеніміміз де нығаяды.*

Осы соңғы тарауда біз «ауруға қарсы екпе» алудың артықшылықтарына, басқаша айтқанда, Құдайдың қорғанысына ие болғандарға тиесілі орасан зор марапаттар мен жарылқауларға тоқталамыз. Бұның пайдасын түсіндіру үшін томдап кітап жазуға болады. Біз тек бірнешеуін ғана қарастырсақ та, сіз өзіңіздің жеке зерттеуіңіз бен Мәсіхпен бетпе-бет кездесуіңіз арқылы бұдан әлдеқайда көп біле аласыз.

ИЕМІЗ ИСА, СЕНІМІМІЗДІ АРТТЫРА ГӨР

Бірнеше жыл бұрын мен әдеттегідей мінәжат ету үшін таңғы сағат 5:30-да кеңсеме келдім. Бастамас бұрын Киелі Рухтың нұсқауын естідім: «Лұқа жазған Ізгі хабардың 17-тарауын ашып, 5-аяттан оқи баста».

Қуанышпен Киелі кітапты ашсам, өзім жақсы білетін үзінді екен. Бұған дейін осы аятқа негізделіп, көп рет сахнадан уағыз айтқан едім. Бірақ ол менің ынтамды азайтпады. Тәжірибемнен білдім, егер Құдай маған белгілі бір аятты оқы

десе, мен міндетті түрде бұрын білмеген нәрсені үйренемін. Үзіндіні бірге қарастырайық.

Елшілер Иеміз Исадан: «Сенімімізді арттыра көріңіз»,– деп өтінді (Лұқа 17:5). Сол күні Құдайдың маған не көрсеткенін айтпас бұрын, шәкірттер сенімдері арту үшін неге өтінгендерін көрсетейін. Иса дәл осының алдында не істеді? Өлген адамды тірілтті ме? Бес мыңды аз ғана нан мен балықпен тойдырды ма? Әлде теңізге бұйрық беріп, дауылды тыныштандырды ма? Жоқ! Иса оларға жаңа ғана: «Сондықтан сақтаныңдар! Егер бауырласың күнә жасаса, оған ескерт. Егер де өкініп, теріс жолдан қайтса, кешірім ет! Ол тіпті күніне жеті рет саған қарсы күнә жасап, жеті рет келіп, «өкініп, теріс жолдан қайттым» десе, кешірім ет!» деді (3-4-аяттар).

Көрнекті, әсер қалдыратын ғажайыптар оларды Исадан «Сенімімізді арттыра көріңіз» деп жалбарынатын күйге апарған жоқ. Зұлымдық жасағандарды кешіру туралы өсиетті естігенде, олар сенімнің жетпейтінін сезді. Олар заң астында өмір сүріп, көзге – көз, тіске – тіс алуға дағдыланған. Иса оларға мүлдем қисынсыз болып көрінетін жолмен жүруге бұйрық берді. Құдайдың мінезіндегі әрекет бұйырығы оларды қорқытты. Олар мұндай қиын бұйрыққа қалай бағына алады? Жауабы – сенім ұлғайса ғана. Елшілер мойынсұну пен сенімнің арасында тікелей байланыс бар екенін білді. Құдай маған осы үзіндіні оқы дегенде мен оны жаңа қырынан көре бастадым.

Олардың сенімдерін арттыру туралы зарын естігенде, Иса мына астарлы әңгімені айтты: «Сендердің тарының түйіріндей ғана сенімдерің болса, мына тұт ағашына: «Жерден тамырыңмен қопарылып, теңізге отырғызыл!» десеңдер, ол айтқандарыңды орындар еді» (6-аят). Мен бұл мәселені жақсы түсінемін деп ойлады. Сенім туралы сан рет уағыз айттым. Исаның сенім туралы үйреткенін игерген едім. Тауға орнынан қозғалып, теңізге лақтырылғанын бұйырсақ және жүрегімізде

істің еске асатынына еш күмәнданбай сенсек, ол өтініш орындалатынын да білдім (Марқа 11:22–24). Бұл да осылай емес пе? Иса жай ғана таудың орнына тұт ағашын мысалға келтірген.

Сондай-ақ бұл сөздерде сенімнің әрбір мәсіхшіге қыша дәніндей берілгендігі айтылған. Бұл Құдай патшалығындағы егін қағидасы: «Құдайдың Патшалығы мынаған ұқсас: біреу егіндікке тұқым сеуіпті» (Марқа 4:26). Құтқарылған кезде бізге белгілі бір дәрежеде сенім берілді (Рим. 12:3). Сенімді тұқым түрінде алдық, енді оны өсіп-жетілуі -- біздің міндетіміз. Ол қалай өседі? Жауабы алда.

ҚЫЗМЕТШІНІҢ ІШІП-ЖЕЙТІН УАҚЫТЫ ҚАШАН?

Жазбаны әрі қарай мұқият оқып шықтым, өйткені келесі төрт аят мені үнемі таң қалдырды. Иса шәкірттеріне сенімдерін қалай арттыруға болатыны туралы жай ғана формулалар берген жоқ. Оқырып отырып, дәл осыны түсіндім. Иса оларды билікке мойынсұнатын өмірге бағыттамақ болды. Мәсіхтің астарлы әңгімесін тыңдаңыз:

Араларыңдағы біреудің жер жыртып не мал бағып жүрген малайы бар дейік. Малай даладан қайтып келгенде, қожайыны оған: «Тез келіп, дастарқанға отыра ғой!» дей ме? Керісінше: «Кешкі тамағымды дайында! Мен ішіп-жеп болғанша, алжапқышыңды байлап алып, маған қызмет ет, содан кейін өзің ішіп-жерсің!» деп бұйырмай ма? Ал бұйрықтарын орындағаны үшін қожайын малайына алғыс айта ма? (Лұқа 17:7–9)

Мен әрқашан Иеміз Иса неге бір тақырыптан басқасына көшіп кетті деп ойлайтынмын. Ол ағаштарды жұлатын сенімнен қызметшіге арналған ережеге көшті. Бұл маған ұзақ уақыт бойы түсініксіз болды, бірақ сол күні таңертең оның мағынасы ашылды.

Үзіндіні қайтадан баяу оқып шығып, Құдайдың жүрегіме салған сөзін іздедім. Кенеттен: «Егістікте жұмыс істейтін қызметшінің басты мақсаты қандай? Отар баққан қызметшінің басты мақсаты қандай? Соңғы нәтиже қандай?» деген сұрақтарды естідім.

Бір сәт ойландым. Содан кейін жауап келді: басты мақсат пен нәтиже – дастарханға тамақ қою. Исаның не айтып жатқанын түсіндім. Егер қызметшінің түпкі мақсаты қожайынның дастарханындағы тамақ болса, қызметші қожайынына ас бермес бұрын неге тамақтанады? Ол алдымен жұмысын аяқтамай ма? Әрине солай істейді! Аяқталмаған жұмыс басталмаған жұмыстан артық болмауы мүмкін. Астық түспесе, егістік жерді не үшін жыртасың? Терісі мен жүнін алып, етіп мен сүтін ішіп-жемесе, қойды не үшін бағасың?

Мұны түсінгенде, Исаның келесі сөзін оқыдым: «Сендер де солай, Құдайдың өздеріңе *бұйырғандарының бәрін орындағаннан* кейін: «Біз небәрі түкке тұрғысыз малаймыз, жай міндетімізді ғана атқардық» деңдер!» (Лұқа 17:10).

Мысалдан бізге арналған нұсқау шықты. Оқығанымда, «бұйырғандарының бәрін орындау» деген сөз кітаптың бетін секіріп шыққандай болды. Иса бұл қызметшінің қожайынына мойынсұнуын біздің Құдайға мойынсұнуымызбен байланыстырды. Осылайша ол сенімнің артуына байланысты үш маңызды ойды айтты:

1. Сенім мен билікке бағынудың арасында тікелей байланыс бар.
2. Бұйырылғанның бәрін толық орындағанда ғана сенім артады.
3. Шынайы кішіпейілділік өте маңызды.

Мұндағы әрбір ойды бөлек талқылайық.

СЕҢІМ МЕН БИЛІККЕ МОЙЫНСҰНУ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Бірінші тұжырым, сенім мен мойынсұнушылық арасындағы тікелей байланыс, Інжілде Исаның римдік жүзбасымен кездесуінен көрінеді. Иса Қапарнаумға кіргенде, оны жүзбасы шеніндегі римдік сарбаз іздеп жолықты. Ол Исадан сал болып, азап шеккен қызметшісін сауықтыруын өтінді. Иса: «Жарайды, барып сауықтырайын», – деп жауап берді (Мат. 8:7).

Жүзбасы: «Мырза, мен Сіздің шаңырағымның астына келуіңізге лайық емеспін. Тек бір сөз айтсаңыз болды, қызметшім сауығып кетеді» деді (Мат. 8:8).

Иса оның үйіне барғысы келді және дайын болды, бірақ жүзбасы өзін лайықсыз сезініп, Исаның бармауын өтінді. Иса тұрған жерінде бұйрық берсе, қызметшісі сауығып кетеді. Жүзбасы өз ойын былай түсіндірді: «Мұны білемін, себебі мен де біреудің қол астындамын, өзіме бағынышты жасақшыларым да бар. Біреуіне: «Бар!» десем, барады, басқасына: «Кел!» десем, келеді, қызметшіме: «Мынаны істе!» дегенімде, ол соны орындайды, – деді (Мат. 8:9).

Жүзбасының ұстанымын талқылайық. Рим легионында алты мың сарбаз болды. Легионның ішінде легион командиріне есеп беретін алпыс жүзбасы болды. Әр жүзбасшының қарамағында бір жүз сарбаз болды.

Римдік офицер өзінің қолбасшысына мойынсұнғандықтан, оның сарбаздары да өзіне құрметі көрсетіп, мойынсұнды. Сондықтан жүзбасының билігін қолбасшысы қолдайды, ал қолбасшының билігін Рим императоры қолдайды. Қарапайым тілмен айтқанда, ол былай дейді: «Мен де биліктің қол астындамын; сондықтан менің билігім бар. Маған тек бір ауыз сөз айтсам, менің қол астымдағылар бұйрығымды бірден іске асырады».

Ол: «Мен де...» деді. Ол Исаның Құдайдың билігіне бағынатын Құдайдың қызметшісі екенін мойындады; сондықтан жауынгер әскери әлемде билікке ие болғаны

сияқты, Исаның рухани дүниені басқаратын билігі бар екенін білді. Ол бұйрық бергенде қол астындағылар атып тұрып, айтқанын істейтіні сияқты, аурулар да Исаған бағыну керек екенін жүзбасы жақсы түсінді.

Иса қалай жауап берді? «Мұны естіген Иса қайран қалып, соңынан еріп келе жатқан халыққа қарап: – Шын айтамын, Маған осындай сенім артқан кісі Исраил халқынан ешқашан кездескен емес!» (Мат. 8:10).

Исаның жер бетінде өткізген отыз жылдан астам уақыттың ішінде кездестірген ең үлкен сенімі шомылдыру рәсімін жасаушы Жақия немесе анасы Мәриямдікі емес еді. Емделген, кереметтер көрген Исраил ұрпақтарының ешқайсысында да осынау үлкен болған жоқ. Он екі шәкірттің арасынан да ондай сенім табылмады. Ең үлкен сенімді Рим азаматы, сарбаз, Исраилді жаулап алушылардың бірі көрсетті. Оның сенімін соншалықты арттырған не? *Оның билікті түсініп, билікке бағынуы.*

Сенімді арттырудың амалы осындай екен. Біздің рухани билігіміз үстіміздегі билікке бағынуымызға тікелей пропорционал. *Мойынсұну деңгейіміз жоғары болған сайын сеніміміз де артады.* Енді мұны Исаның сенімін арттырғысы келген шәкірттеріне айтқанымен байланыстырыңыз: «Сендердің тарының түйіріндей ғана сенімдерің болса, мына тұт ағашына: «Жерден тамырыңмен қопарылып, теңізге отырғызыл!» десеңдер, ол айтқандарыңды орындар еді» (Лұқа 17:6). Иса тек бір сөз айту керек, сонда ағаш сізге бағынады деді! Тұт ағашы кімге бағынады? «Қожайынының бұйрықтарын орындаған малайға?» (Лұқа 17:9).

АЯҒЫНА ДЕЙІН МОЙЫНСҰНУ

Иса айтқан екінші маңызды мәселе – біз бұйырған нәрсені толық орындағанда сенім артады. Мәсіхтің дәл сөздері: «Құдайдың өздеріңе *бұйырғандарының бәрін орындағаннан*

кейін». Қызметші қожайынының бұйрығын жартылай емес, толықтай орындауға міндетті. Көбіміз бір істі бастап, оны ешқашан аяқтамаймыз, себебі қызығушылық жоғалады немесе еңбек пен қиындық көбейіп кетеді. Нағыз және адал қызметші қиындыққа, кедергілерге қарамастан жобаны аяқтайды. Егістікпен айналысады, қожайынына еңбегінің жемісін береді, ас әзірлейді. Оның әрекеттері шынайы мойынсұнушылықтан туады.

Ыбырайым сеніміміздің әкесі деп аталады (Рим. 4:11–12). Ыбырайым баласыз еді. Құдай оған жетпіс бес жасында ашылды және Ыбырайымның ұлы болатынын, одан көптеген халық тарайтынын айтып уәде берді. Көптеген жылдар бойы күткен және мойынсұнған соң, Ыбырайым жүз жасында уәде етілген ұлының туғанын көрді.

Құдай Ыбырайымға Ысқақты қатты жақсы көруге уақыт берді. Әкесінің ұлына деген сүйіспеншілігі күшті болған соң, Құдай Ыбырайымға аяулы ұлын Мориа жеріне апарып, оны құрбандыққа шалуды бұйырды. Ыбырайым үшін бұл ауыр сынақ болғаны сөзсіз. Киелі Жазба былай дейді «Ыбырайым таңертең ерте тұрып... Құдай өзіне айтқан жерге қарай жолға шықты» (Жар. 22:3). Оның бірден мойынсұнғанына назар аударыңыз. Кейбір адамдар күндер, апталар, айлар, кейде тіпті жылдар бойы Құдайдың айтқанын істеу керек пе деп ойланып жүреді. Оларда Құдайды қастерлеу жоқ, сондықтан берік сенім де жоқ. Құдайдың айтқанын білгеннен кейін, біз дереу іске кірісіміз керек. Егер бұл өмірге күрт өзгеріс әкелетін зат болса, үстімізден қарайтын биліктен кеңес алған абзал.

Ыбырайы Морияға жету үшін үш күн қажет болды. Үш күндік жол оған көп ойлануға уақыт берді. Егер Ыбырайым кері бұрылатын болса, оны дәл осы жолда істейтін еді. Бірақ ойын өзретпеді. Ыбырайым жолдан қайтпай, таудың басына шығып, Ысқақпен бірге құрбандық үстелін тұрғызып, жалғыз

ұлын байлады. Жаратқан Иенің періштесі Ыбырайымды тоқтатқанда, ол Ысқақты өлтіру үшін пышағын сілтеген еді: «Балаңа қол көтерме, оған тиіспе! (Құдай былай дейді:) енді сенің Өзімді терең қастерлейтіңіңе көзім жетті. Себебі Менен өзіңнің жалғыз ұлықды да аямадың» (Жар. 22:12).

Ыбырайым соңына дейін мойынсұнды! Ол өміріндегі ең маңызды нәрсені, мұрагері, үміті, Құдайдан берген уәдесі Ысқақтан бас тарт дегенде де тоқтап қалмады. Ысқақтың өлімі өз өмірінен бас тартуды білдіреді. Ыбырайым мойынсұнуға деген құмарлығы уәделерге деген құштарлығынан асып түсетінін дәлелдеді. Бұл шешім біздің де жүрегімізде болуы керек. Уа, Раббым, қазіргі ұрпақтан осындай ерлер мен әйелдерді көтер!

Нәтижесінде Құдай Ыбырайымға тіл қатты:

«Жаратқан Ие мынаны айтады: сен осылайша істеп, жалғыз ұлықды Менен аямағаның үшін өз атыммен ант етемін: саған ақ батамды шүбәсіз үйіп-төгіп бере отырып, аспандағы жұлдыздар мен теңіз жағалауындағы құм қиыршықтары қаншалықты көп болса, Мен сенің ұрпақтарыңды да соншалықты сансыз етіп көбейтемін. Олар жауларын жеңіп, қалаларын басып алатын болады. Сенің ұрпағың арқылы жер бетіндегі барлық ұлттарға ақ батам қонатын болады. Себебі сен Менің тілімді алып жүрдің» (Жар. 22:16–18).

Ыбырайым толық мойынсұнғаны үшін өзіне және оның ұрпақтарына не уәде етілгенін қараңызшы! «Ұрпақтарың жауларын жеңіп, қалаларын басып алатын болады». Қалай ойлайсыз, неліктен Иса: «Қауымды өлімнің күштері де жеңе алмайтын болады» деді? Ыбырайымның мойынсұнуы Исаға қауымды қорғаныспен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сенім батыры Ыбырайымның ісі әлі күнге дейін сөйлейді.

Еврейлер кітабын жазған автордың Ыбырайымның мойынсұнғаны туралы не айтқанын мұқият оқып шығыңыз:

«Әрқайсыларыңның үміттеріңді *соңына дейін* [аяғына дейін] берік ұстануларың үшін де осындай ынта-жігер танытқандарыңды аңсап тілейміз. Сонда сендер жігерсіз болмайсыңдар. Керісінше, *сенім мен шыдамдылық көрсетіп, уәде етілген игіліктерді иемденгендерден үлгі аласыңдар*. Мысалы, Құдай Ыбырайымға уәде берді. Өзінен жоғары ешкім тұрмағандықтан, Құдай Өзінің атымен ант етіп былай деді: «Саған ақ батамды шүбәсіз үйіп-төгіп бере отырып, сенің ұрпақтарыңды сансыз көбейтемін». Осылай Ыбырайым шыдамдылықпен күтіп, Құдайдың уәде еткендеріне ие болды» (Евр. 6:11–15).

Ыбырайым соңына дейін жігерлі болды. Ол аяғына дейін мойынсұнды – шыдамдылықпен күтті. Оның мойынсұну әрекетін алдыңғы тарауда талқыланған Саул патшаның мінез-құлқымен салыстырыңыз. Саул соғысқа баруға ынталы болып, өзіне берілген тапсырманы 99 пайызға орындады. Ол ең жақсы малдың бір бөлігін ғана аяды, оның өзі Жаратқан Иеге құрбандық үшін болды. Қорытынды: Саул Құдайдың оған бұйырғанын аяқтамады. Сырттай ол аяқтауға жақын болды, бірақ патшаның мойынсұнбауы өте қымбатқа түсті. Ол «Қожайынының дастарханына» тамақ қоюға өте жақын болды, бірақ оның жүрек ниеті жасырған нәрсесінде анықталды. Ол бұйрықты қызмет ететін Иесін құрметтеуден гөрі өзіне пайдалы нәрсеге айналдырды.

Саул сияқты қаншама адамдар бір істі ынтамен бастап, содан кейін жағдай ыңғайсыз, қиын болса, нәтиже күткендей тез болмаса, аяғына дейін бармайды. Немесе олар биліктің нұсқауларынан сәл ауытқып, өздеріне пайда табу мүмкіндігін көреді. Саул Жаратқан Иенің сөзі бойынша жойылуы тиіс қойларды аяған кездегідей, олар істегендерін діни мақсатпен ақтайды. Мойынсұну толық болмаса, сенім артпайды, керісінше азаяды!

Ыбырайым уәделерді шынайы сенім мен шыдамдылық арқылы алды, бұл соңына дейін мойынсұнуды білдіреді. Оның сенімі мен мойынсұнғыштығы бір-бірінен ажырамады. Жақыптың Ыбырайым туралы жазғанын оқып шығайық (осы үзіндіде мен әрекет деген сөзді мойынсұнғыш іс деген сөзге алмастырлым):

Қандай ақымақтық! Ей, пенде, *мойынсұнғыш іссіз* сенімнің пайдасыз екенін ұқпайсың ба? Түп атамыз Ыбырайым баласы Ысқақты құрбандыққа ұсынғанда сол *мойынсұнғыш ісі* арқылы Құдай алдында ақталды емес пе? Байқайсың ба: Ыбырайым Құдайға сенді, сондай-ақ Оның айтқаны бойынша *мойынсұнғыш іс* жасады да. Осылайша сол істегендері арқылы Ыбырайымның сенімі кемеліне жетті. Сонда Киелі жазбадағы мына сөздер жүзеге асты: «Ыбырайым Құдайға сенді, сондықтан Оның алдында ақталды». Содан Ыбырайым тіпті «Құдайдың досы» деген атаққа да ие болды. Өздерің көріп отырғандай, Тәңір Иенің алдында адамды тек оның сенімі ғана емес, *мойынсұнғыш істері* де ақтайды. Демек, жансыз тәннің өлі екеніндей, *мойынсұнғыш іссіз* сенім де өлі (2:20–24, 26).

Соңғы аятта сенім мен мойынсұнғыш іс адамның тәні мен жанымен салыстырылады. Оның мысалында сенімнің тәнмен, ал мойынсұнғыш істер адамның жанымен салыстырылатынын көресіз. Бұл әлемде өзін көрсету үшін екеуі бір-біріне сай болуы керек. Егер жан тәннен кетсе, тән өледі. Жан кеткеннен кейін, Елазардағыдай жан қайтып келмейінше, тірілу мүмкін емес. Осылайша, Жақып өз мысалынан сенімнің мойынсұнғыш істерге қалай байланысты екенін көрсетті. Сондықтан ол: «Мүмкін кейбіреу: «Мойынсұнғыш істер тудырмайтын сеніміңнің шынайылығына көзімді жеткізші, ал мен жасаған мойынсұнғыш істерім арқылы сенімімді дәлелдеймін» деді (Жақып 2:18).

Мойынсұну болмаса, шынайы сенім жоқ. Кателеспеңіз. Жазбада «Мойынсұнғыш іс арқылы сенім толық болады» деп анық айтылған.

Елшілер: «Иеміз, сенімімізді арттыра гөр», – деп жалынды. Оған жауап ретінде Иса соңына дейін мойынсұнғыш әрекеттер туралы айтты! О, сүйікті бауырласым, енді кітаптың басында бұл хабардың асқан өзектілігі мен маңыздылығы туралы неліктен жазғанымды түсенсіз бе? Заңсыздық күшейіп жатқан қазіргі уақытта бұл сөзге бәріміз құлақ асуымыз керек.

Сіз: «Мен сенім есту және сену арқылы келеді деп ойладым» дейтін шығарсыз. Иә, бұл рас, бірақ сенімнің дәлелі – Исаның құрбандығы мен билігін мойындаумен бірге жүретін істер. Осы себепті, егер біз сөзді естіп, бағынбасақ, алданып жүрміз деген сөз. Сонда біздің сеніміміз шынайы емес, жалған.

СЕНІМДЕГІ ҮЛКЕН БАТЫЛДЫҚ

Батыл сенім Пауыл елші қауымда қызмет ететіндерді сипаттаған кезде тағы да көрінеді: «[Қауым қызметшілері] де алдымен сыналсын. Содан кейін, егер айыпсыз болса, міндеттеріне кіріссін» (Тім. 1-х. 3:10). Қауым қызметшісі – жетекші емес, басқа біреудің бұйрығын орындайтын адам. Яғни, басқа біреудің қоластындағы адам. Қауым қызметшілері адал қызмет еткенде, олардың мойынсұнушылығы келесідей жағдайға апарады: «Міндеттерін жақсы атқаратындар зор беделге және Мәсіх Исаға деген сенімде үлкен батылдыққа ие болады» (Тім. 1-х. 3:13).

Алғашқы астарлы әңгімемізде Иса сипаттаған қызметшілерге екі нәрсе уәде етілген: 1) рухани ілгерілеуді қамтитын жақсы лауазым (Заб. 74:7); (2) толық мойынсұнатындар үшін мықты сенім. Сенім мен мойынсұнғыш істер Жазбада ажырамас және бір-біріне тәуелді деп қарастырылады. Киелі кітапта оған көптеген мысалдар бар:

ҚҰДАЙДЫҢ ПАНАСЫ

- Әбілдің сенімі оның мойынсұнғыштығы арқылы ашылды және оның сеніммен істегені әлі де үлгі болып келеді (Евр. 11:4)
- Мойынсұну арқылы көрініс тапқан Енохтың сенімі оның Құдаймен бірге жүруіне, содан кейін өлімнен құтылып, көкке көтерілгеніне себеп болды.
- Нұхтың сенімі оның мойынсұнуымен дәлелденді. Күнәға толы дүние жазасын тартқанда, оның отбасы аман қалды.
- Ыбырайымның мойынсұнумен дәлелденген сенімі оны көптеген халықтардың әкесі етті.
- Жүсіптің мойынсұнуында көрініс тапқан сенімі оның отбасын құтқарды.
- Ешуа мен Халеп сенім мен мойынсұнудың арқасында уәде етілген жерге кірді. Ешуа Мұсаға адал қызмет етіп, оның мұрагері болды. Ол келесі ұрпақты уәде етілген ағы мен балы мол жерге апарды.
- Жеңіл жүрісті әйел болған Рахаб «Құдайға сеніп барлаушыларды үйіне түсіріп, басқа жолмен қашып құтылуларына жағдай жасады. Рахаб осы ісі арқылы ақталды» (Жақып 2:25). Оның мойынсұнуы үй ішін сақтап қалды. Бұл шынайы сенімнің дәлелі болды.
- Ханнаның дәрекі діни қызметкерге мойынсұнғаны ұлтты жаңғыруға апарған пайғамбардың туылуына әкелді.
- Дәуіттің басшысына шабуыл жасаудан бас тартып, билікке мойынсұнуы оны Құдайды іздейтін ұлы патша етті.
- Даниял, Шадырақ, Мисақ пен Әбдінего мойынсұнудың арқасында Құдай мен патшаның үлкен ықыласына ие болды.

Тағы не айтайын? Геден, Барақ, Самсон, Ефтах, Дәуіт, Самуил және басқа пайғамбарлар туралы әңгімелеуге уақытым жетпес те еді. Олар Құдайға сенгендіктен

патшаларды жеңіп шығып, әділдік орнатып, уәде етілгенге ие болды. Кейбіреулері арыстандардың аузын жауып, жалын шашқан өртті сөндіріп, семсер жүзінен аман қалды. Олар әлсірегенде Құдайдан күш алып, ұрыс-шайқаста нығайып, жау жасақтарын қуып шықты. Кейбір әйелдер өлгендері қайта тіріліп, олармен қайтадан қауышты. Ал қиналып өлтірілген басқалар да болды. Олар сатқындықпен бостандық алудан бас тартып, өздерінің әлдеқайда жақсы өмірге қайта тірілулерін көздеді. Өзге кейбіреулері мазаққа ұшырап, соққыға жығылып, шынжырмен құрсауланып, түрмеге жабылды. Біреулері таспен атқыланып, арамен кесіліп, семсермен шабылып өлтірілді. Басқалары қой-ешкінің терісін жамылып, жоқшылық көріп, азапталып жәбірленді. Күнәкар дүние сондай ержүрек адамдарға лайықсыз еді! Олар айдалада таулы-тасты жерлерде қаңғып жүріп, үңгірлер мен апандарда жасырынып өмір сүрді. Бұлардың барлығы сенімдерінің арқасында Тәңір Иенің ризашылығына ие болды (Евр. 11:32–39).

Еврейлерге арналған хаттың авторы сенім мен мойынсұнғыш істерді бір-біріне тәуелді етіп сипаттады. Олар бір-бірінен ажырамас. Егер сенім тек ғажайыптар алу үшін берілген болса, неге ол шөл мен тауда қаңғып, қиналып, азап шеккендерді айтады? Бұл ерлер мен әйелдер мәреге жетті. Олар аяғына дейін мойынсұнды. Бұл шынайы сенім.

Егер үлкен сенімге ие болғыңыз келсе, Құдайдың тікелей немесе тағайындаған билігіне толықтай бағыныңыз. Сеніміңіз қаншалықты мойынсұнғаныңызға тікелей пропорционалды!

КІШІПЕЙІЛДІЛІКТІҢ ҚОРҒАНЫСЫ

Исаның шәкірттеріне айтқан соңғы ойы – кішіпейілділік таныту болды. Ол былай деді: «Сендер де солай, Құдайдың

өздеріңе бұйырғандарының бәрін орындағаннан кейін: *«Біз небәрі түкке тұрғысыз малаймыз, жай міндетімізді ғана атқардық» деңдер!»*. Жүрегімізде осындай ниет болса, біз Қожайынымздан келетін сыйды ала аламыз. Өздерін жоғары қойғандар төмендейді. Алайда, өз көзінше төмен болғандарды Иеміз жоғары қояды. Жақып: «Жаратқан Иенің алдында бой ұсыныңдар, сонда Ол сендерді жоғарылатпақ» деді (4:10).

Жүректе кішіпейіл болу – мойынсұнудың сауабын алу. Ал «мойынсұнған мен қандай кереметпін, бәрінен артықпын» деп менменсу мойынсұнуға қарамастан, өзіңізді құлдырауға апару. Бұл сіз ұстанған барлық нәрсені бұзуы мүмкін. Бұл кітаптағы Құдайдың кеңесін қатаң сақтасаңыз да, бағыну арқылы жинаған марапатыңыздан мақтаныштың кесірінен айрылып қалуға болады.

Әзәзіл майланған періште болды, солай емес пе? Ол Құдайдың алдында тұрған кемел жаратылыс болды. Ол асқан дана да әсем еді. Оны Құдайдың Өзі тағайындап, қасиетті тауына тұрғызды. Әзәзілдің бойында мақтаныш пайда болғанша, ол мінсіз жолмен жүрді. Сосын ол аспаннан найзағайдай құлап түсті. Пауыл «Басқарушы сенім жолына жуықта ғана түскен біреу болмауға тиіс» деді. «Әйтпесе ол әзәзіл шайтан іспетті мақтаныштан кеудесін көтеріп, Құдайдың үкіміне ұшырауы мүмкін» (Тім. 1-х. 3:6).

Пауыл Құдайдың шақыруына мойынсұну арқылы көп нәрсеге қол жеткізді. Бірақ ол өмірінің барысында кішіпейілдігін арттырып отырды. Ол төрт миссионерлік саяхат жасады. Үшінші сапарында ол Қорынт қаласында қауым ашты. Біздің заманымыздың 56-жылында Пауыл іргесін салған Қорынт қауымына хат жазды. Пауыл он-он бір жылдан кейін дүние салады. Хат жазған кезінде ол Исаға қызмет етуде тәжірибелі ардагер болды. Сонда да ол не жазғанын тыңдаңыз: «Елшілердің ішіндегі ең лайықсызымын, елші

деп аталуға да тұрмаймын, себебі мен Құдайдың қауымын қуғындадым» (Қор. 1-х. 15:9).

Пауылдың сөзінен кішіпейілділікті көріп тұрсыз ба? Ол тіпті өзін «елші» деген атқа лайық санамады. Атап өткім келеді: бұл жалған кішіпейілділік емес. Жалған кішіпейілділік кішіпейіл болып көріну үшін саяси дұрыс сөздерді қалай қолдану керектігін біледі, бірақ жүрек пен ақылдың кішіпейілдігі жоқ. Бұл алдамшы, жалған. Бірақ Киелі Рухтың жетелеуімен Киелі кітапты жазғанда, адам өтірік айта алмайды! Сондықтан Пауыл өзін елшілердің ең лайықсызы деген кезде, онысы өтірік майда сөз емес. Ол нағыз кішіпейілділік танытты.

Енді Пауылдың келесі сөзін қараңыз: «Бірақ та Құдайдың рақымымен қазір қандай болсам, сондай болдым. Оның рақымы бойымда бекер болған да емес. Қайта, басқалардың барлығынан көп еңбек еттім, ал шын мәнісінде мен өзім емес, маған жар болған Құдайдың рақымы еңбектенді» (Қор. 1-х. 15:10). «Мен басқа елшілерге қарағанда көп еңбек еттім» дейді! Күте тұрыңыз, Пауыл мақтанып отыр ма? Бұл пікір өркөкірек болып көрінеді, бірақ шын мәнінде олай емес. Пауылдың тағы да өзінің Құдайға тәуелділігі туралы жазудың алдында осы сөзді айтты. Ол өзін елшілердің ең кішісі деп бағалағандықтан, жасаған барлық істері тек Құдайдың рақымымен жүзеге асқанын мойындады. Ол рухани жетістіктің бәрі Құдайдың берген қабілетінен туындайтынын толық түсінді.

Пауыл өзін «елшілердің ең лайықсызы» дегенде, онымен келісу қиын. Өз уақытына және бүкіл қауым тарихына қарасақ, ол – ең ұлы елшілердің бірі. Енді Пауыл қаза тапқанша төрт-бес жыл қалғанда, б.з. 62 жылында Ефестіктерге не айтқанын қарастырайық. Қорынттықтарға 1-хатты жазғаннан бері ол өмірінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда өте көп нәрсеге қол жеткізді. Елші өз жайлы былай дейді: «Оның адамдарының ең лайықсызы болсам да, Құдайдың рақымымен Мәсіхтің

шексіз зор рухани байлығы туралы басқа халықтарға уағыздау үлесіме тиді» (Ефес. 3:8).

Бірнеше жыл бұрын ол өзін ең лайықсыз елші деді, ал қазір барлық сенушілердің ең лайықсызы дейді! Не болып бара жатыр? Егер кімде-кім өзінің мәсіхшілігімен және көшбасшылығымен мақтана алатын болса, бұл сөзсіз Пауыл болды. Алайда ол Иемізге неғұрлым ұзақ қызмет етсе, соғұрлым өзін кішірейтті. Оның кішіпейілділігі бірте-бірте өсті. Паулдың өміріндегі Құдай рақымының өсуіне дәл осы себеп болғаны мүмкін бе? Құдай өз жолдарын Пауылға соншалықты жақын ашып, тіпті елші Петірді де таң қалдырғаны (Петірдің 2-хаты 3:15–16) осыған байланысты болуы мүмкін бе? Забур жыршысы: «Кішіпейілді әділдікке бағыттайды, әрі тура жолын оған нұсқайды»,– деді (Заб. 24:9). Осыны ескерсек, Мұса Құдайды неге өте жақын білгені анық – себебі ол «жер бетіндегі адамдардың ең кішіпейіл» болды (Ру. сан. 12:3). Бәлкім, Пауыл мен Мұса басқалардың білмейтін үлкен сенімге ие болу құпиясын білген шығар.

Пауыл өмірінің соңында, шамамен 64-66 жылдар аралығында Тимотеге екі хат жолдап, онда өзін былай сипаттады: «Мәсіх Иса осы дүниеге келді құтқару үшін күнәкар кісілерді!» Бұл – дәл айтылған шынайы сөз, оны түгелдей қабылдау қажет. Күнәкарлардың ішіндегі нағыз күнәкар мен едім» (Тім. 1-х. 1:15). Ол өзін «нағыз күнәкар» деп атады! деген жоқ.

Көптеген жылдар бойы үлкен жетістіктерге жеткеннен кейін, ол: «Патшалыққа бәрінен көп жеміс әкеліп, барлық елшілерден озған мен болдым» деген жоқ. «Мен көп жұмыс жасадым, енді менің еңбегім тиісінше құрметтелсін» деген де жоқ. Ол тіпті бұрынғыдай: «Мен елшілердің ең лайықсызымын» деп жазбады немесе «Мен Құдай таңдаған қасиеттілердің ең кішісімін» демеді. Ол: «Күнәкарлардың ішіндегі нағыз күнәкар

менмін» деді. Пауыл Мәсіхтің құрбандығы арқылы Құдайдың алдында ақталғанын білсе де (Қор. 2-х. 5:21), Құдайдың рақымы мен мейірімін ешқашан ұмытқан емес. Шын мәнінде, ол жылдан жылға Құдайдың рақымына көбірек тәуелді бола берді. Оның іштей ұстанымы: «Небәрі түкке тұрғысыз малаймын, жай міндетімді ғана атқардым» болып қала берді.

Осыны білсек, Пауылдың дүние салар алдында жазғанын түсінеміз: «Бауырластарым, мен бұл мақсатқа жеттім деп санамаймын. Істеп жүргенім бір-ақ нәрсе: өткен нәрселерді ескермей, алдымдағы бәйгеге қарай жан сала жүгіріп келемін. Құдайдың сыйына – Оның Мәсіх Иса арқылы шақырған көктегі өміріне ие болу үшін көздеген мақсатты қуып жүрмін» (Філіп. 3:13–14). Елшінің сөзінен асқан кішіпейілділікті көріп отырсыз ба? «Құдай көздегендей жетілген жоқпын. Жетістіктерімнің барлығын жердегі өмірімде тастап қалдырып кетемін». Иса Мәсіхті толық тануға ұмтылуымен салыстырғанда, Пауыл өзінің жетістіктерін «ештеңе» деді. Құдай өзін кішіпейілдерге ашатынын есте сақтаңыз! Пауыл: «Алдымдағы бәйгеге қарай жан сала жүгіріп келемін»,– деді. Жан сала жүгіріп па едіңіз? Елші қиындық, қарсыластыққа қарамай, бар күш-жігерін аямай алға ұмтылды. Құдайдан келген шақыруға ең үлкен кедергі болатын – тәкаппарлық.

Исаның өмірін зерттей отырып, Оның ешқашан мақтауды қабылдамай, бар дәріптеуді тек Көктегі Әкесіне бергенін көреміз. Адамдарды сауықтырғанда Иса оларға не болғанын көпшілікке айтпай, тек Құдайды мадақтауды бұйырды.

Бір бай жас көсем Исаға: «Ізгі Ұстаз»,– деді. Алайда Иса Құдайдан басқа игілікті ешкім жоқ деп тез жауап берді. Мәсіх Құдайдың Ұлы емес пе еді? Ол ізгі емес пе еді? Әрине! Алайда Ол адамның мақтауын қабылдамады. Ол даңқтың бәрі тек Құдайдыкі деп сенді. Алайда Оның мақтан тұтатын қасиеті кішіпейілділік болды. Исаның келесі сөзі есіңізде

болар: «Қамытымды бірге киісіп, үйреніңдер Өзімнен, өйткені жуас, *кішіпейілмін шын жүректен*, тыныштық табады сонда көңілдерің» (Мат. 11:29).

Құдайға деген сүйіспеншілік нағыз кішіпейілділікті тудырады.

«Сүйіспеншілік шыдамды да қайырымды, еш қызғанбайды, мақтанбайды, паңданбайды» деп жазылған ғой (Қор. 1-х. 13:4). Тәкаппарлық тек өз пайдасын іздейді. Сүйіспеншілік өз олжасын көздемейді. Тәкаппарлық өзін қойған мақсатына жеткізбейтін кез келген істі жек көреді. Сүйіспеншілік өзі қызмет ететін Құдайдың даңқын іздейді. Біз сүйетіндіктен бағынамыз. Құдайдың даңқын паш еткіміз келгендіктен, жетістікке ұмтыламыз. Жаратқан Иенің ұлылығын көргіміз келеді. Осы себептен Пауыл былай деген шығар: «Тау қозғайтындай сенімге кенелсем, бірақ егер сүйіспеншілігім болмаса, түкке де тұрмаймын мен онда» (Қор. 1-х. 13:2).

ТАҒДЫРЫҢЫЗДЫ ОРЫНДАҢЫЗ

Құдай бізді рухани жемісті болуға және құлшына қызмет етуге шақырды. Жаратқан Иенің жолымен жүргенде ғана Оның ғажайып есімін шынымен құрметтей аламыз. Бұл өз игілігіңіз үшін де, Тәңір Иенің даңқы үшін де керек. Жаратқанның Сөзін ұстану ақылға қонымсыз болып көрінуі мүмкін, бірақ «Құдай осы дүние ақымақтық деп есептейтін уағызымыз арқылы соған сенетіндерді құтқаруды лайық көрді» (Қор. 1-х. 1:21) емес пе? Екінші жағынан, бізге былай делінген: «Адамдар «ақымақтық» дейтін Құдайдың құтқару жолы пенденің даналығынан әлдеқайда жоғары және Құдайдың «әлсіздігі» (яғни Мәсіхтің айқышта жанын қиюы) пенденің күш-қуатынан әлдеқайда күшті» (Қор. 1-хат 1:25). Естеріңізге сала кетейін, біз «адамдардың Құдайды тануларына бөгет болатын тәкаппарлық атаулыны құртып, күллі ой-пікірлерін Мәсіхке бағындырамыз» (Қор. 2-х. 10:5).

Бағынуға қайшы келетін ой-пікір – тәкаппарлық. Ол Құдайдың жоспарына қарсы тұрады. Тәкаппарлық Құдай Сөзін ең жоғарғы билік ретінде мойындамайды. Осы кітаптан көргеніміздей, бұл өте қауіпті. Құдайдың үлкен сеніммен, билікпен және батылдықпен жүретін халқы көтеретін болады. Осылар туралы Пауыл былай деген «Өздерің Оған толық мойынсұнғаннан кейін (араларыңдағы қиқарлардың) бүкіл бағынбаушылықтарын жазалауға дайын боламыз» (Қор. 2-х. 10:6).

Уақыт аз, сондықтан тиімді әрекет етейік. Бағыну бізді тиімді етеді. Мен Құдайға бет бұрып, рухани қайта туылғанымда, өте белсенді қауым мүшесі болдым. Бірақ маған мойынсұну жетіспеді. Менің қызметім тиімсіз болды, ал кейде тіпті Патшалыққа зиян келтірді. Рухани өсе келе, мойынсұну тартымды болып көрінбесе де, соңында Құдайға ұнамды нәтижеге жеткізетін дәл сол екенін түсіндім.

Құдайдың сізге арнап дайындаған тағдыры алдыңызда. Мойынсұнуды таңдағанда, сіз сол тағдырды орындауды таңдайсыз. Сізді ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды. Көптеген жылдар бойы Дәуіт, Жүсіп, Мұса, Ешуа, Ханна, Нұх, Естер сияқтылардың болашағы күңгірт көрінді. Бірақ есіңізде болсын, өз тағдырын орындағандарды Құдай марапаттайтын болады. Осы соңғы күндерде Құдай Мәсіхтің төрелік тағының алдында сый алатын адамдарды іздейді. Сіз бен біз өздеріне аманат қылып тапсырылғанды орындап, Жаратқан Иемізді дәріптейтіндердің қатарында болайық деп сиынамын.

ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ

*Құдайдың қорғанысында жүріп жейтін
жемісіміз бізді Оның мейрам дастарханына
апарады. Міне, сонда Жаратқанның
молшылығынан дәм татамыз.*

Кітапты алғашқы ерлі-зайыптылар – Адам ата мен Хауа ананың қайғылы шешімін қарастырудан бастадық. Бұлар Тәңір Иенің қорғанысы мен қамқорлығынан шығып, Құдайдан тыс дұрыс пен бұрысты ажыратудың амалын тапты. Олар Жаратқанның билігін жоққа шығарды. Адам ата мен Хауа анадан, әрі кейінгілерден біздің үйренеріміз көп.

Қорытындылай келе, басқа жақ – Құдай Тағаланың панасында қалғандардың сыйын айтайық.

*Саясында оның отыра берсем екен,
Жемісі тәтті, ләззат табамын мен.
Тойханаға алып барды ол мені,
Бәріне айқын өзімді сүйетіні (Таңдаулы ән 2:3–4)*

Құдайдың саясында өмір ағашы бар. Оның жемісі әрдайым тәтті. Адам мен Хауа жеген жеміс ақылдың көзі сияқты жақсы

көрінді, бірақ соңында ол өлім әкелді. Бұл адами санамен таңдап жейтін жемістердің бәріне қатысты. Құдайдың панасында жүріп жейтін жемісіміз бізді Оның дастарханына апараты. Осылайша, біз Оның молшылығынан дәм татамыз.

Бұл кітапты оқып отырып, сіз кей кезде әшкерелеу естіген шығарсыз. Бұл ыңғайсыздық, негізінен, жақсы нәрсе. Біріншіден, бұл ар-ұжданыңыздың нәзік және Киелі Рухқа сезімтал екенін көрсетеді. Екіншіден, одан құтылудың жолы бар, ол – тәубе. Әшкерелеу мен мәңгі үкім естудің арасында үлкен айырмашылық бар. Екеуі де жанды ауыртады, бірақ біреуінен шығу жолы бар, ал екіншісінен мүлде жоқ. Тәубе ету – ой мен іс-әрекеттің өзгеруіне әкелетін жүректегі өзгеріс. Асылында сіз: «Ием, осы кезге дейін өз білгенімше жасап, ол әрекеттің пайдасы жоқ екенін түсіндім. Енді Сенің жолыңмен жүруді таңдаймын» дейсіз. Бұл жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштан туған адами жолды тастап, мойынсұнушылық жолына қайта оралу таңдауы.

Мінәжат және Киелі кітапты оқу арқылы жүрегіңізді ашыңыз және Киелі Рухқа өміріңіздің мойынсұнбау бар аймақтарын көрсетуге мүмкіндік беріңіз. Қажет болса, жағдайыңызға сәйкес келетін тарауларды қарап шығыңыз. Құдай сөзінің өміріңізді бастан-аяқ тексеруіне мүмкіндік беріңіз. Жаратқанның нұры мойынсұнбаушылық аймақтарын көрсетеді. Құдайдың тікелей билігіне немесе тағайындалған билікке қарсы шығуға қарсыластық мүмкін. Оларды бөлек қағазға жазып алыңыз. Мұны істегеннен кейін кешірім сұрап, Құдайдан жүрегіңізді қалпына келтіруін сұраңыз. Бірге дұға етейік.

Көктегі Әке, мойынсұнбағаным және бағынбағаным үшін мені кешіре гөр. Мен өз сана-сезіміме ғана сүйеніп, Сенің бұйрығыңды елемей өмір сүрдім. Осының салдарынан келесі салаларда бүлік шығардым.

Келесідей қателер жібердім: [тізіміңіздегі Құдайдың

билігіне қатысты жасаған әрбір күнәніңізді мойындаңыз. Оған тікелей билік те, тайғайындалған билік те жатады]. Осы ойлар мен істерімнің әрқайсысына өкінемін. Мені кешіріп, Ием Исаның қанымен тазартуыңды сұраймын. Бұдан былай Сенің билігіңе бағынатын боламын. Осылайша өмірімде Сен орнатқан отбасылық, азаматтық, қауымдық және әлеуметтік билікке мойынсұнамын. Осыны тек қалауға ғана емес, Сені риза қылатындай жүзеге асыруға рақымыңды бере гөр. Жүрегім мойынсұну мен бағынудан ләззат тапсын. Өмірімді Ием Иса Мәсіхке арнаймын және бүлік атаулыдан бас тартамын. Өз есіміңді дәріптеу үшін мені не істеуге шақырсаң да, қуана мойынсұнамын. Аумин.

Қажет болса, тізімде жазған билік иелеріне барып немесе хат жазып, кешірім сұраңыз. Бұл басқаға айып тағып, өзіңізді ақтайтын кез емес. Бұл қиын жағдайда өз жауапкершілігіңізді өз мойныңызға алу мүмкіндігі. Құдайдың қолы сіздің атыңыздан қозғалатынын көретін боласыз.

Осы дүниенің бағытына қарама-қарсы жолды таңдағаныңыз үшін рахмет. Мойынсұну арқылы біз керемет Патшамыздың мақсаттарын тезірек орындауға үлес қосамыз. Мойынсұнудың сыйы зор болады.

Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онікі! Аумин.

– Яһуданың хаты 24-25

Есіңізде болсын:

Құдайдың панасында болыңыз!

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

Егер сіз бұл кітапты «Құдайдың панасында» сериясындағы бейнесабақтармен бірге оқып жатсаңыз (бұл тамаша идея!), әр аптаның бейнесабағын көріп, топ болып талқылау сұрақтарын қолдануды ұсынамын. Бейне сабақтар осы кітаптың негізгі тақырыптарын қайталайды және кеңейтеді. Сондықтан сабақтарды да көріп, кітапты да оқысаңыз өте ыңғайлы.

Ал, кірісейік!

1-САБАҚ

1, 2 тараулардағы тақырыптар.

1. Билік деген сөзді естігенде, алғашқы ойыңыз қандай? Сіз оны дауыл кезінде шатыр астында қорғану сияқты жақсы нәрсемен байланыстырасыз ба? Әлде өміріңізді құртатын бастық сияқты жағымсыз нәрсе туралы ойлайсыз ба?
2. Өткенге көз жүгіртсек, «Құдайдың панасында» болмаудың салдарынан зардап шеккен кездеріңіз болды ма?
3. Демократиялық көзқараспен патшалық қағидаларын түсіну қиын. Демократиялық сана арқылы Құдайдың билігіне қалай қарайсыз? Бұл сіздің басшылармен қарым-қатынасыңызға қалай әсер етті?
4. Шағын топтық кештерге қатысты Құдай маған бағушымның басшылығына бағынбау – бүлік екенін көрсетті. Бұл сізді таң қалдырды ма? Осы сабаққа дейін «Джон бағушыныкі дұрыс» деуші ме едіңіз?

2-САБАҚ

3, 4, 5, 6 және 7 тараулардағы тақырыптар.

1. Сабақтың басында мен тыңдаушылардан «күнә» деген сөзді естігенде ойларына бірінші не келгенін сұрадым. Сіздің ойыңыз қандай болды? Ойыңыз қалай өзгерді?
2. Дүние-мүлік, жұмыс, қарым-қатынас және тағы басқа салаларды Құдайдың істе дегенінен жоғары қойған кезіңіз болды ма? Осылардың бірін Құдайға мойынсұнудан жоғары қойғанда не болды?
3. Жартылай бағыну – бағыну емес. Бұл бүлік. Аяғына дейін мойынсұнған кезіңіз туралы топқа айтып беріңіз. Содан кейін жартылай ғана мойынсұнған кезіңіз туралы бөлісіңіз. Негізгі айырмашылықтар қандай болды? Олар сізге қалай әсер етті?
4. Киелі кітап бүлік – сәуегейлік дейді (Пат. 1-ж. 15:23). Сәуегейліктің түпкі мақсаты қандай? Бұл сіздің бүлікке деген көзқарасыңызды қалай өзгертті?
5. Шайтандық кітаптағы бірінші өсиет: «Қалай қаласаң, солай істе». Бұл Исаның: «Мен Өз еркімді емес, Мені жіберген Әкемнің еркін орындаймын» (Жохан 5:30) дегеніне түбегейлі қарама-қайшы. Өз еркіңізді Құдайдыкінен жоғары қойғанда, не болып еді? Ол сізге қалай әсер етті? Көктегі Әкеңіздің еркін өз еркіңізден жоғары қойып, оны белсенді түрде іздеу және мойынсұну үшін не істей аласыз?

3-САБАҚ

8, 9 және 10 тараулардағы тақырыптар.

1. Римдіктерге 13:1–2-де тағайындалған билікке қарсы тұру – Құдайдың бұйрығына қарсы тұру екенін көреміз. Егер Иса сізден жұмыста, үйде немесе қоғамдық ортада бірдеңе

істеуді сұраса, қалай жауап берер едіңіз? Енді бастық, жаттықтырушы, полиция қызметкері немесе басқа да билік иесі тұлға дәл осылай істеуді сұраса ше? Оларға Исаға жауап бергендей жауап бересіз бе?

2. Киелі кітап былай дейді: «Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар!» (Рим. 13:1–2). Мұндағы мойынсұну деп аударылған түпнұсқадағы грекше сөз әскери және әскери емес мағынада қолданыла алады. Әскери емес мағынада ол өзін биліктің астына қоюға дайын және ерікті қатынасты білдіреді. Жазбадағы бұл өсиет сіздің тағайындалған билікке деген көзқарасыңызды қалай өзгертеді?
3. 1992 жылы президенттік сайлаудан кейін өмірімде қиын кезең басталды. Депрессиямен күрестім. Жаратқан Ие маған кімнің билікке келетініне ешқашан таң қалмайтынын еске салды. Құдайдың білімінсіз билік ешкімнің қолына түспейді. Саяси нәтиже көңіліңізді қалдырған кез болды ма? Менің әңгімем сайланған депутаттар мен министрлерге деген көзқарасыңызға қалай әсер етеді?
4. Ишая 1:19-да Құдай: «Егер Маған мойынсұнып, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар» деген. Мойынсұнып, бағынбауға болады, бағынып, мойынсұнбауға да болады. Мойынсұнбай, бағынған кезіңіз туралы бөлісіңіз. Бұл жайтты мойынсұнып, бағынған кезіңізбен салыстырыңыз.
5. Киелі кітап сөзсіз бағынуға емес, сөзсіз мойынсұнуға шақырады. Басшыларымыз бізге Құдай Сөзіне қайшы келетін нәрсені істеуді бұйырса, оларға бағынбау керек. Билік сізге Құдай Сөзіне қайшы келетін нәрсені бұйырған кез болды ма? Не істедіңіз? Нәтиже қандай болды?

4-САБАҚ

11 және 12 тараулардағы тақырыптар.

1. Киелі кітапта мемлекеттік билік – Құдайдың қызметшілері делінген. Құдайдың қызметшілеріне деген көзқарас қандай болу керек? Сіз азаматтық билікке қалай қарайсыз?
2. Шайтан жала жабуға шебер, бірақ Иса біз үшін адалдықпен араша болады. Азаматтық басшыларға келетін болсақ, сіз оларға көбінесе айып тағасыз ба, әлде олар үшін Құдайға өтініп, араша боласыз ба? Билік басындағылар туралы әзіл айтылса, күлесіз бе? Біреу әлеуметтік желілерде билікті жамандап жатса, мұңаясыз ба?
3. Әлеуметтік басшыларды, бастықтарды, мұғалімдерді, жаттықтырушыларды және басқа да билік иелерін Құдайдың өкілдері ретінде құрметтеп, оларға бағынуымыз қажет. Бастығыңыз Иса Мәсіх болса, қалай жұмыс істер едіңіз? Жұмысқа уақытында келер ме едіңіз? Жобаларды тез-тез, апыл-ғұпыл істер ме едіңіз? Әлеуметтік басшыларыңызға деген көзқарасыңыз қалай өзгерді?
4. Жазбада анық отбасы құрылымы анық сипатталған. Сіздің ойыңызша, үйдегі билікке қатысты Құдайдың еркін орындауға бізге не кедергі? Құдайға сенім арту отбасында салауатты қарым-қатынас құруға қалай көмектеседі?

5-САБАҚ

13 және 14 тараулардағы тақырыптар.

1. Киелі кітапта Исаның қауымдағы басшылықты өзі тағайындағаны айтылады (Ефес. 4:11–12). Сізге қатысы жоқ мәселелерге араласасыз ба? Қалай ойлайсыз, Иса Өзінің қауымында орнатқан басшылыққа қалай қарайды?

2. Ханна балалы болу үшін жылдар бойы дұға етті. Неліктен ол дәрекі діни қызметкерге құрмет көрсеткенде, Құдай оның дұғасына жауап берді деп ойлайсыз?
3. Жетекшіні жамандасақ, біз Құдайдың даналығынан тыс шығамыз, демек, Оның қорғауынан айырылып қаламыз. Мәриям Мұсаны құштық әйелге үйленді деп әділетсіз сынаған кезде бірден жазаланды. Құдайдың даналығы мен қорғауынан шығып кеткеніңіз үшін қиындық көрдіңіз бе? Нәтиже қандай болды?
4. Жетекшіңіз ақылсыз болып көрінетін шешім қабылдаған жағдайға тап болдыңыз ба? Жетекшіңіз маңызды ақпаратты білмеген шығар. Нәтиже қандай болды? Енді жағдайды басқаша шеше алар ма едіңіз? Не үйрендіңіз?
5. Саул есінен танып, Дәуітті өлтірмекші болғанымен, Дәуіттің патшаға деген көзқарасы ізетті әрі мойынсұнғыш болды. Дәуіт осы қиын кезеңде Құдайдан ризық-несібе, тыныштық және қорғау алды. Басшылыққа деген көзқарасыңызда дәл осындай құрмет пен мойынсұнушылықты қалай дамыта аласыз?


6-САБАҚ

15, 16, 17 және 18 тараулардағы тақырыптар.

1. Қауым біртұтас болған кезде көрінетін ұлылық бар. Иса жер бетінде жүргенде Құдайдың ұлылығын ашты. Ұлылық деген сөзді естігенде ойыңызға не келеді? Құдайдың құзырын керемет деңгейде сезуге болатынына сенесіз бе?
2. Алғашқы өнім мейрамы келгенде, жоғарғы бөлмедегі 120 адам бірлікте болды. Олардың ойы, жүрегі, рухы бір еді. Қазіргі таңда қауымдарымызда бұл бірлік қалай көрініс табуы мүмкін?

3. Америка Құрама Штаттарының бес әскери бөлімі бар – бұл бір армия, бірақ әрекеттері өте әртүрлі. Қауымда да әртүрлі әрекеттер бар. Құдайдың бізге берген әрекеі аясында жұмыс істеуіміз керек. Бұл қазіргі қауымыңызға деген көзқарасты қалай өзгертеді? Сіз баратын қауымыңыздың жалпы мақсаты мен бағдарына ортақ болу үшін не істей аласыз?
4. Құдай халқы Ол көздегендей бірлік мен ынтымақтастық сақтағанда, біз айналадағы қоғамға, аймаққа және ұлтқа қандай әсер ететінімізді елестетіп көріңіз. Достарыңыздың арасындағы бірлікті қалай арттыруға болады? Қауымда ше? Қоғамда ше?

ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ



Бірде-бір мәсіхші Құдайды шектеуді қаламайды. Дегенмен, көбіміз өте маңызды рухани қағиданы – құрмет қағидасын елемей арқылы өміріміздегі Құдайдың жарылқауын шектеп жүрміз.

Ізет – мәдениетімізден мүлде жоғалуға жақын қалған ұғым; алайда, ізеттілік өміріміздің әрбір саласында Құдай Патшалығының салтанат құруына негіз бола алады, кітапты оқи отырып, осыған көзіңіз жетеді.

«Ізетті болудың сауабы» кітабында бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер ізетті болуды үйренсеңіз, Құдай Патшалығындағы құндылықтар жүйесін қабылдап, Жаратқан Иенің өзіңізге арнаған игіліктеріне қол жеткізетініңізді айтады.

Киелі Кітаптағы терең рухани ақиқаттарды өмірден алынған әсерлі мысалдармен көркемдей отырып, бұл кітап, ізет атты ұмыт болған қасиетке деген жаңа көзқарас қалыптастырады әрі, ең маңыздысы, оны өміріңіздің әр саласында қолдануға құлшыныс тудырады.


MessengerX.com



сайтында қолжетімді

ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАУ

Құдаймен жақын қарым-қатынастағы өмір




Құдай бізбен жақын қарым-қатынаста болуды қалайды, бұл жайында Киелі Жазба қайта-қайта айтады. Құдайға жақындағанымызда, Киелі Рухтың құзырында болудың өміріміздегі ең тамаша, жігер беруші, жаңартушы тәжірибе екенін түсінеміз. Әлдененің бар екенін білмесең, оған ұмтылуың да мүмкін емес. Өкінішке орай, көпшілігіміз Құдаймен арадағы жақындықтың керемет тәжірибесінен құр қалып, ой-сана деңгейіндегі дінге қанағаттанамыз. Біз Құдайдың киелі екенін елемейміз, өмірімізді тазартпай-ақ, Киелі Рухқа кенелеміз деп ойлаймыз. Алайда, біз Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болу үшін жаратылғанбыз. Бұл ғаламды Жаратушының керемет шақыруы – Оған алыстан, сөздер мен рәсімдер арқылы ғибадат ету емес, терең әрі жақын қарым-қатынаста болу, сонда сіз Оның жүрегін, ал Ол сіздің жүрегіңізді танитын болады.

MessengerX.com  сайтында қолжетімді

X MessengerX

Кез келген жерде, кез келген адам Исаның шәкірті бола алады




- 125-дан астам тілдегі тегін материалдар
- Қосымша түрінде және онлайн қолжетімді
- Сіздің рухани өсуіңізге септігін тигізетін материалдар
- Шәкіртшілік жолындағы қадамдарыңызды көре аласыз



Шәкіртшілікке арналған ресурстардың толық жинағын алыңыз. Messenger кітапханасы – электронды кітаптар, бейнежазбалар, аудио-тәлім, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Барлық құрылғыңыздан көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз.

MessengerX.com



App Store немесе Google Play-ден жүктеп алуыңызға болады.

Бастықпен, билік басындағылармен келіспесеңіз, қалай жауап беру керектігін білесіз бе? «Билікке неге бағынуым керек?» деп ойлап па едіңіз?



Жаңартылып, кеңейтілген осы басылымда бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер Құдайдың билік арқылы қамтамасыз ететін қорғанысын түсіндіреді. Джон шайтанның билік аясындағы бізге қарсы аяласын көрсетеді. Құдайдың тікелей және тағайындаған билігін елемей, Жаратқан Иенің бізге берген аманатын орындау мүмкін емес. Джон билікпен қалай дұрыс қарым-қатынас жасау керектігін үйретіп, билікке мойынсұну бізді қалай жарылқайтынын көрсетеді. Құдайдың панасында болсақ, Ол керегімізді беріп, қорғап, болашаққа деген үміт бермек.

«Құдайдың панасы» кітабы сонымен қатар келесі тақырыптарды қозғайды:

- Ойымыз толығымен дұрыс болса да, қателесіп жүруге болады екен. Одан қалай аулақ боламыз?
- Билік тарапынан әділетсіздік көрсек, оған деген дұрыс көзқарас қандай? Киелі кітап оны қалай жеңуге болады дейді?

Осы басылымға жаңа тарау мен талқылау сұрақтары қосылған. «Құдайдың панасы» — Жаратқан Иенің билігіне мойынсұнудың маңызын көрсететін және басшыларымызға дұрыс көзқарас қандай болу керек екенін түсіндіретін практикалық, өмірді өзгертетін кітап.



Джон Бивер — халықаралық спикер және Құдай Сөзіне деген батыл және ымырасыз көзқарасымен танымал автор. Ол бірнеше бестселлер кітап жазды. Джон және әйелі Лиза «Messenger International» қызметінің іргесін қалады. «Messenger International» қызметі Мәсіхтің әлемді өзгерте алатын батыл шәкірттерін дайындайды. Джон отбасымен бірге Колорадода тұрады. Үйде ол төрт ұлымен көңілді уақыт өткізіп, әйелі Лизаны гольфпен айналысуға көндіруге тырысады.



Тегін ресурстарды жүктеп алу үшін және бейне сабақтарды көру үшін [MessengerX.com](https://messengerx.com) сайтына кіріңіз



Бұл кітап — автордың сыйлығы.
САТУҒА АРНАЛМАҒАН.

Көбірек біліңіз келсе,
кодты сканерлеңіз:

